

ISSN 1563-0307
Индекс 75875; 25875

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия философия. Серия культурология. Серия политология

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

Philosophy series. Cultural science series. Political science series

№1 (59)

Алматы
«Қазақ университеті»
2017



ХАБАРШЫ

ФИЛОСОФИЯ СЕРИЯСЫ. МӘДЕНИЕТТАНУ
СЕРИЯСЫ. САЯСАТТАНУ СЕРИЯСЫ. №1 (59)



25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Қуәлік №956-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Журнал философия, мәдениеттану және саясаттану ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғары Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізіміне кіреді // ЖАК бюллетені, №3, 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК-нің төрағасының бұйрығы 26.06.2003, №433-3 ж. // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК. – Алматы, 2003

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Борбасова Қ.М.,

филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Телефон: +7701 168 0292

E-mail: karlygash_bm@mail.ru, bm.karlygash@gmail.com

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Масалимова А.Р., филос.ғ.д., профессор – ғылыми редактор (Қазақстан)

Насимова Г.О., саяси ғ.д., профессор – ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Абдығалиева Г.К., филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

Алтаев Ж.А., филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

Асунсьон Лопез-Варела, профессор, Комплутенс университеті (Испания)

Ғабитов Т.Х., филос.ғ.д. профессор (Қазақстан)

Жолдубаева А.К., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Исмағамбетова З.Н., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Каплан С., профессор, Калифорния университеті (АҚШ)

Карабаева А.Г., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Кэтлин Адамс, профессор, Лойола университеті (АҚШ)

Нұрышева Г.Ж., филос.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Петрик Дж., профессор, Огайо университеті (АҚШ)

Сенгирбай М.Ж., PhD докторы, аға оқытушы (Қазақстан)

Федотов А.В., профессор, София университеті (Болгария)

Финке П., профессор, Цюрих университеті (Швейцария)



ҚАЗАҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
Б А С П А У Й І

Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +77017242911

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева, Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

Жазылу мен таратуды үйлестіруші

Мөлдір Өміртайқызы

Телефон: +7(727)377-34-11

E-mail: Moldir.Omirtaikyzy@kaznu.kz

ИБ № 10804

Басуға 12.03.2017 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 27.6 б.т. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Тапсырыс № 1814. Таралымы 500 дана.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

1-бөлім
ФИЛОСОФИЯ

Раздел 1
ФИЛОСОФИЯ

Section 1
PHILOSOPHY

Абжалов С.У.,
Мырзабеков М.М.
**Ясауи іліміндегі таным
мәселесі**

Бұл мақалада ұлы бабамыз Ахмет Ясауидің дүниетанымы қарастырылады. Ахмет Ясауидің басқа ғалымдар мен философтардан өзгешелігі – бар зейінін ішкі танымға (мағрифат) бағыттаған тұлға. Ясауи ілімі бойынша, ішкі танымға қол жеткізу үшін жүрек тазалығына айрықша мән беру шарт. Өйткені, жүрек – ғайып әлем мен осы дүниенің арасын жалғап тұрған көпір. Осы көпірмен рухани тазару арқылы өтуге, яғни, жүректі кірден аршып, мистикалық кемелдікке қол жеткізуге болады. Сопылықтағы рухани кемелдікке бағыт алған бұл рухани сүрлеуді «сайрус сулук» деп атайды. Жүректің көзі ашылған сәтте сопылар Ясауи ілімінде көрсетілгендей хәлдерге қол жеткізген. Бұл рухани процесті кашф, мушахада, вуслат, фана мен бақа, уажд, истиграк, сакр және т.б. терминдермен берген. Ясауи ілімі бойынша негізгі мақсат Алланы тану, Алламен тұтасып, сүйіктісімен қауышу болып саналады. Ясауише, бұл рухани кемелдік сатысы танымдардың ішіндегі ең мәртебе биігі, сонымен қатар ең негізгі бақыт та осы.

Түйін сөздер: Ахмет Ясауи, мағрифат, хәл, сайр сулук, фана, бақа, сакр, кашф, мушахада.

Abzhalov S.U.,
Myrzabekov M.M.
**The problem of knowledge in the
teaching of the Yasawi**

This article deals with the knowledge questions of the doctrine of the great ancestor Ahmet Yassawi. In difference from writers and philosophers Ahmet Yassawi has soiled special attention to internal knowledge (Maghrifat). For achievement of internal knowledge according to Yassawi's doctrine it is necessary to pay attention to heart purity. Because heart, is the binding bridge of this and other world. It is possible to pass on this bridge by spiritual clarification of the person, clarification from heart dirt, enlightenment, mystical eminences, i.e. on Sufism by Sayr Suluk. In the course of disclosure of heart, people got to some states and even cases which are considered in Yasawi's doctrines. They in turn are explained by the following terms: Kashf, Mushakhada, Vuslat, Fana and Baqa, Uazhd, Istighraq, Sakr, etc. According to Yassawi's doctrine a main goal of internal knowledge is God knowledge, to meet him and to be with him uniform. According to Yassawi's doctrine this level among knowledge is the greatest and real happiness.

Key words: Ahmet Yassawi, Maghrifat, Khal, Sayr Suluk, Fana, Baqa, Sakhr, Makhu, Kashf, Mushakhada.

Абжалов С.У.,
Мырзабеков М.М.
**Проблема познания
в учении Яссави**

В данной статье рассматриваются вопросы познания учения великого предка Ахмета Яссави. В отличие от писателей и философов, Ахмед Яссави уделил особое внимание внутреннему познанию (мағрифат). Для достижения внутреннего познания, по учению Яссави, необходимо уделить внимание чистоте сердца. Потому что сердце является связующим мостом этого и иного миров. Пройти по этому мосту можно путем духовного очищения человека, очищения от грязи сердца, прозрением, мистическими возвышениями, т.е по суффизму путем сайр сулука. В процессе раскрытия сердца люди попадали в некоторые состояния и даже случаи, которые рассматриваются в учениях Яссави. Они, в свою очередь, объясняются следующими терминами: кашф, мушахада, вуслат, фана мен бака, уажд и истиграк, сакр и др. По учению Яссави, главной целью внутреннего познания является познание Бога, встретиться с ним и быть с ним единым. По учению Яссави, этот уровень среди познаний является самым великим и настоящим счастьем.

Ключевые слова: Ахмед Яссави, мағрифат, хал, сайр сулук, фана, бака, сахр, маху, кашф, мушахада.

ЯСАУИ ІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Кіріспе

Исламдық ой-санада таным «ілім» және «мағрифат» терминдерімен түсіндіріледі. Аталған екі термин бірі келесісінің орнына қолданыла беретін бір мағына болғанымен, кейбір ойшылдар мен суфилер олардың арасына айырым қойған. Олардың пікірі бойынша ілім объективті танымды (білімді) білдірсе, мағрифат көбінесе субъективті танымға қолданылады. Мұсылман философтары мен каламшылары ілімнің мәнін әртүрлі түсіндіргенімен жалпылама «адам ақылына тақырып болған барлық нәрсе – таным» [1, 194 б.], – деп анықтама жасап, сезім мүшелерін, ақылды және ақиқат хабарды білім бастауы ретінде қарастырды. Адамның танымы, түсінігі, дүниеге деген көзқарасы бес сезім мүшесінен алынған мәліметтермен басталса, оларға тұжырым жасау, ұғыну және қорытынды жасау, жекелеген мәліметтердің аясында жалпылама түсінікті қалыптастыру ақыл арқылы жүзеге аспақ. Уахи арқылы жеткен ғайып хабарларды, қасиетті жазбалардан алынған мәліметтерді меңгеру де адамның ақылымен болатыны сөзсіз. Соңғысы исламдық ой-санада ең сенімді, ақиқат мәлімет ретінде қабылданады.

Бұл мақалада авторлар исламдағы сопылық ілімнің, соның ішінде Ясауилік ілімдегі таным жолдары туралы қарастырады. Авторлар Ясауидің ислам философиясы мен теологиясындағы қалыптасқан таным жолдарын жоққа шығармағандығын оның хикметтеріне талдау жасау барысында айқындады. Бұл мәселе исламдағы мистикалық бағыт саналатын сопылықты зерттеуші ғалымдар тарапынан ішінара қарастырылғанымен [2-8] Ясауидің мұрасындағы таным мәселесі алғаш рет зерттеліп отыр.

Негізгі бөлім

Діни ілімнен шариғат дүниеге келеді. Бұл қасиетті жазбаларға сәйкес адамның жүріс-тұрысын, амал-әрекеттерін реттеуді әмірлер мен тыйымдарды орындауды көздейді. Сондықтан ұлы бабамыз Ахмет Ясауи хикметтерінде:

«Ақылың болса жарандарға қызмет қылғыл,
Әмір Мағруф тұтқандарға ізет қылғыл,
Нәһи мәңқар ұстағанға құрмет қылғыл
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге» [9,23 б.], –

деп философтар мен каламшылардың және мұсылман құқықшыларының ортаға қойған таным түрін жоққа шығармады. Оның көзқарасы бойынша да сезім мүшелері, ақыл және қасиетті жазбалар аясында пайда болған ілім – бүкіл танымның түп қазығы. Ахмет Ясауидің таным мен шарифаттың ең сенімді бастауы ретінде Құран мен Мұхаммет Пайғамбардың сүннетіне де берік болғандығы Хикметтеріндегі көптеген өлең жолдарынан кездестіре аламыз. Басқаша айтар болсақ, адам шарифатты толық меңгермей, шала білімімен одан ары рухани өрлеуі мүмкін емес.

Шарифатсыз қадам қоймас тариқатқа,
Тариқатсыз қадам қоймас хақиқатқа,
Бұл жолдардың негізі бар шарифатта
Бәрін оның шарифаттан білмек керек. [10, 125 б.]

Алайда, Ясауидің көзқарасы бойынша таным іліммен, шарифатпен ғана шектелмейді. Мұндай таным түрі – қатардағы адамдар мен шарифат иелерінің танымы. Басқаша айтар болсақ саналық таным көрініп тұрған мына әлеммен ғана шектеледі. Негізінде көрініп тұрған мына әлемнен басқа ғайып әлемі де бар. Ең шынайы таным – көрініп тұрған мен ғайып әлемді бірдей тану. Осы дүниелік таным шарифат танымы болса, ғайып әлемінің танымы – мағрифат.

Мағрифат – суфилердің пікірі бойынша адам бас көзімен емес, жүрек көзімен көріп, ақиқаттың дәмін тату арқылы қол жеткізілетін таным. Бұл – таным адамның ішкі әлеміне терең еніп, өзінің нысанасы болып табылатын Жаратқан иемен қауышу, ақиқаттарды өзімен емес Алламен білу деген сөз. Сондықтан шынайы таным мағрифат деп есептеп, Ахмет Ясауи мағрифаттан басқа таным түрлерін сенімсіз деп білген:

Мағрифат дүр білім нәрін алса дәруіш,
Өзге жолдар сенімсіз білсе дәруіш [9,99 б.].

Мағрифаттың алғашқы бастамасы – илмал-яқин. Мұны көңілдегі күмәндерді тамырымен қопарып, ғайып әлеміне тән ерекшеліктер айқындала бастаған айна-л-яқин жалғастырады. Ал соңғы мәртебе бүкіл перделер ашылып және тажалли нұрлары (құдайдың көрінісі) жүрекке

құйылатын хаққа-л-яқин болып табылады. Мұны ұлы бабамыз еңбектерінде былай жеткізген:

«Құл Қожа Ахмет Хақ сөзін сөйлеп өтті,
«Ғайнул-л-иақин» тариқатта боздап өтті.
«Ғилму-л-яқин» шарифатты көздеп өтті,
«Хаққу-л-иақин» хақиқаттан айтым міне». [9,42 б.]

Ұлы бабамыздың сөзімен айтар болсақ, илмал-яқин – шарифат, айна-л-яқин – тариқат, хаққа-л-яқин – ақиқат. Шынайы ақиқатқа, ең жоғарғы танымға осы ақиқат деңгейлерінен өтіп, соңғы деңгейінде ғана қол жеткізуге болады. Соңғысы «мағрифат» деген атаулармен қатар, «ирфан» терминдерімен де түсіндіріледі.

Суфидің мағрифаттық танымға қол жеткізуінде жүректің алар орны ерекше. Себебі, адам әлемнің темір қазығы болса, жүрек адамның, оның материалдық, рухани әлемінің өзегі болып табылады. Тіпті суфилердің түсіндіруі бойынша жүрек материалдық әлем мен рухани, ғайып әлемінің көпірі қызметін атқарады. Сондықтан сопылық жолға кірген адам өзінің ішкі әлеміндегі ақиқатты табу үшін жүрек көзін жапқан, тұмшаланып қалған кірлерден арылу қажет.

Ясауи ілімінде алға қойылған басты мақсат – рухани кірлерден арылған жүрек көзімен Алланы тану және жүрек арқылы оған қауышу. Міне, бұл – танымдардың ішіндегі ең ұлысы, мағрифаттың өзегі. «Жүректерімен сезінбей ме?» (әл-Хаж 22/46) – деген Құран аяты танымның негізі жүректе екендігіне дәлел бола алады. Демек, жүрек – шынайы мағрифаттың, мистикалық танымның өзегі.

Сопылық ілімде Алланы тану жолының алғашқы баспалдағы адам өзін танудан басталады. «Өзін таныған раббысын таниды» деген Пайғамбардың хадисіне сәйкес [11, 136-137 бб.] шынайы құдайлық танымның кілті басқа жерде емес, адамның өзінде жатыр. Демек, адам құдайды басқа жерден емес, өзінен, өзінің ішкі мәнінен іздеген жөн. Өйткені, адамның жан дүниесі терең мағыналарға, алуан түрлі мәндерге толы. Сопылардың түсіндіруі бойынша осы мағыналармен мәндерді адам өз әдісімен тани алса болды, ақиқаттар бірінен соң бірі кезегімен таныла түседі. Соңында ұлы Жаратушының мәні, көріністері айқындала түседі. Сопылық ілімде осы айқындық соңында адамның Жаратқан иемен бірігуімен аяқталады. Баязит Бистами мен әл-Халлаж сияқты ортағасырлық мұсылман суфилері ортаға қойып, кейіннен Ахмет Ясауи философиясында өз жемісін бер-

ген «таухид» (бірлік) ілімі осы ішкі танымның жемісі болып табылады: адам өзіндік мәнде жоқ болып, Алламен бірлеседі, онымен бір бүтін болады. Құдайдың бірлігімен бірігу ілімі Ясауиден кейін де түркі халықтарынан шыққан суфийшылдардың ілімінде ғасырлар бойы қолдау тапқаны анық. Диуани Хикметте де осы бірлік былай түсіндіріледі:

««Құлһу Аллаһу Субхан Аллаһу» құлшылық қылдым,
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!
Бастан-ақ қасіретінде күйіп жандым,
Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе?!» [9, 31 б.]

«Мен жындар мен адамдарды тек маған ғана құлшылық етсін деп жараттым (Құран: 51/50)» – деген Құран аятына суфилері «тек мені ғана танысын деп жараттым», – деп түсіндірген. Себебі, құлшылық – Аллаға алып баратын көлік. Сопылықтағы құлшылық намаз, ораза сияқты практикалық әрекеттермен қатар, құдайдан қорқудан, оның рақымынан үміт үзбеуден (хауф пен ража), Алланы ешуақытта естен, көңілден шығармаудан, зікір салудан, қылу ет жасаудан және сопылықта белгілеп қойған мақамдардан өтуден, өзін-өзі рухани шынықтырудан (риязат) құралады. Бұлар құдайға жасалатын ғибадат болғанымен, түпкі мәнінде Алланы тануға жетелейді. Ардақты Пайғамбардың сөзімен айтар болсақ, «мені қалаған мені табады, мені тапқан мені біледі, мені білген мені сүйеді, мені сүйген маған ғашық болады» [12, 188 б.], – дегендегі мән айқындала түседі. Яғни Алланы тануға ниеттену (құлшылық), оны тану, онымен қауышу, оған ғашық болу, сайып келгенде барлығы мағрифаттың (ішкі таным) ішіндегі даму процестері болып табылады.

Ясауи ілімінде шынайы таныммен құдайға қауышуға рухани кемелдік қажет. Ал адамның кемелденуінде және рухани ілгері басуында «сайру сулуктың» маңызы зор. «Сулук» – жолға түсу, ал «салик» – жолаушы деген сөз. Мұны Диуани Хикметтегі мынандай өлең жолдарымен түсіндірсек болады:

«Жапа тартып, жаратқанға келгені анық,
Ғаріп болып ауыр жолды бастым міне» [9, 17 б.]

Ясауи іліміне сәйкес сулук Аллаға қауышуға (вуслат) қабілетті болу үшін ғаріптік [10, 8 б.], ықылас [10, 15 б.], ғайбат сөзден аулақ болу [10, 23 б.], ғашықтық [10, 24 б.], құлшылық [10, 30 б.], зікір [10, 31 б.], тақуалық [10, 33 б.], тәубе [10, 36 б.], хая (ұялу) [10, 50 б.], адамды сүю [10,

53 б.], зухд [10, 61 б.], сабыр [10, 83 б.], риза болу [10, 83 б.] сияқты т.б. көркем моральдық қасиетке ие болуға талпынудан тұрады. Кашанидің сулукті Алланың көркемдігін көру үшін жүрек көзін кірлерден тазалау» деп түсіндіргендегісі [13, 318 б.] Ясауи ілімімен толық үйлесім тауып тұр.

Сайру сулук – муридтің дәруіштікке аяқ басуынан сүйіктісімен табысқанға, вуслатқа қол жеткізгенге, сопылық сапарды аяқтағанға дейін жасаған рухани, сезімдік әрекеттері. Рухани жолға шыққан дәруіш «сайр илаллах», «сайр филлах», «сайр мааллах» және «сайр аниллах» деңгейлерінен өтеді. Тариқат дариясына сүңгітін «сайр илаллах» – нәпсіден шынайы болмысқа сапарға шығу деген сөз. Сайр илаллах ілімі аясында қарапайым шарифат ілімінен анағұрлым жоғары және мәнді ілімге, одан соң «уахдат әл-вужуд» іліміне қол жеткізіледі. Бұл ілім мүмкін болмыстар (мумкинат) жайындағы ілім саликтің көңілінен толықтай ажырағаннан соң туындайды, бұл халді «фана филлах» деп атасақ та болады. Сайр илаллахтың аяғын келесі мәртебе – сайр филлах (Аллада сапар шегу) жалғастырады. Сайр филлахтың жемісі ретінде ғайып әлемінің перделері ашылуын және саликке ладунни ілімнің мәні айқындалуын жатқызуға болады. Сайр филлах «жазба» мақамына жатады. Бұл рухани сапарды «бақа биллах» деп те атайды.

Рухани жолаушы әрбір деңгейде Алламен серіктес болып сапар шегуі (сайр мааллах) де түркі сопылығында басты концепциялардың бірі ретінде орын алады. Аталмыш деңгейде күмәндердің барлық түрі күшін жоғалтады. Дәруіш көптіктен (касрат) бірлік (ахадият) мақамына қол жеткізеді. Одан соң бірліктен көптікке қайта оралу процесі жүзеге асады (сайр аниллах). Осы сапарда рухани кеменгер басқаларға ақиқат жолды көрсету мүмкіндігіне қол жеткізеді [14, s. 260-262]. Ясауи бабамыз Диуани Хикметте ұзаққа созылатын мистикалық таным процестерінің көріністерін былай баяндайды:

««Ли маға Аллаһи» мақамына салмағанша,
«Ан тамату» сарайына бармағанша,
«Фана филлаһи» дариясына шомбағанша,
«Бақа биллаһи» гәуһарынан алып болмас» [9, 115 б.]

Ясауи ілімінде шынайы танымға қол жеткізудің бір түрі, сайру сулуктан өтудің басты мақсаты – жоғарыда айтылғандай сүйіктімен, құдаймен қауышу. Сопылық ілім бойынша бастапқыда барлық рухтар Алламен бірге болатын. Кейіннен рухтар денелерге кіргізілгенде олар бұрын-

ғы жағдайын аңсап, жаратушысын сағынады. Оған қайта қауышуды аңсаған рухтардың сағынышы Жаратушыға деген махаббатқа, ғашықтық сезіміне ұласады. Ясауи ілімінде осы оқиға «мисақ» (әлімсақ) терминімен түсіндіріледі. Мисақ ілімі бойынша әуелі баста бүкіл рухтар «аласту бираббикум?» (мен сендердің жаратушыларың емеспін бе?), – деген Жаратушының сұрағына «бала» (әрине, сен біздің иемізсің), деп жауап беріп, Алланы жаратушы ие ретінде мойындаған. Мұны Ахмет Ясауи:

«Әуелде «Аласту би раббикум» деді құдай,
«Қалу бала» деп аруақтар қылды әуез» [9, 113 б.], –

деп түсіндіреді.

Жоғарыда баяндалғандай рухтар материалдық тәнге кіріп, сүйіктісінен ажырап қалған. Алладан жырақ қалудың сағынышы ғашықтарға үлкен қайғы-қасірет ала келді. Міне, сопылық танымның басты мақсаты – аталған алшақтықтан жақындап, жатсынудан бауырласып әуелгі кездегі пәктікпен Аллаға қауышу.

Сүйіктісіне деген сағынышын білдіріп, бұл дүниенің тірлік-тіршілігіне көңілі толмаған, көңілі мұңды, көңілі жасты Ахмет Ясауи шығармасында былай дейді:

Құл Қожа Ахмет, надандықпен өмірің өтті,
Қасіретпен тізе, көзден қуат кетті.
Қайғыменен өкініштің уақыты өтті.
Амалым жоқ, керуен болып көштім міне [9,20 б.].

Ұлы бабамыздың осы ойын ұлы суфи-ойшыл Маулана одан ары жалғастырып, алдамшы бұл өмірге көңілі толмағандығын былай жырлаған:

Қамыс сыбызғының мұңын тыңда,
өскен жерінен қалай жырақ қалғанын айтады,
Мені қамыстан кескеннен бері мұңды әуенімнен
қаншама әйел мен ер тұнжырады.
Адасқаннан тілім-тілім болған жүрек ынтық болған
зарын шақпақ
Шалғайда жырақ қалған адам өз ұясына қайтуды
аңсайды [15, 1 б.].

Ясауи ілімінде ажырап қалған сүйіктімен қайта табысуды аңсау кемел адам болудың және Алланы танудың кілті екендігі даусыз. Себебі, қасірет, ғашықтық дерт адамға рухани лаззат (заук) тарту етеді. Шынайы махаббаттың, ғашықтық сезімінің мәні – өмір жолын сүйіктісі жолында құрбандыққа атау, іштей күйіп-жану, көңілі мұңды, көзі жасты болу. Демек, шынайы

махаббат адамның жанын «жананы» (сүйіктісі) жолына құрбан етумен жүзеге асады. Ал жанын құрбан етпесе, ол адамда кемістік бар деген сөз. Махаббат отына күйде көңілде Алладан басқа нәрсе, Алладан басқа дерт қалмайды. Жан дүниенің махаббат шоғына күйі бос әурешілік емес, керісінше маху (жоқ болу) дәрежесіне қол жеткізу, бірақ, маху жоқ болып кетуге жатпайды, ол құдайдың бірлік болмысына қауышу деген сөз. Ғашықтық сезімді Ахмет Ясауи былай сипаттайды:

Ғашық болсаң күйдіреді жан мен тәнді,
Ғашық болсаң ойран қылар дүние малды.
Ғашық болмай таным болмас Алла сені,
Не қылсаң да ғашық қылғыл Пәруардігер [9, 60 б.].

Аллаға деген ғашықтықтың бір көрінісі «өлместен бұрын өлуде» (муту қабла ан тамуту) жатыр. Өлместен бұрын өлу – адам ғашықтық жолында өзінің материалдық қажеттіліктерінен, нәпсілік қалауларынан бас тарту, өзінің пенділік қасиеттерін өлтіру деген сөз. Ахмет Ясауидің Диуани Хикметіндегі өлең жолдары осы мәнді айқындай түседі:

«Муту Қабла ан тамутуға» амал қылғыл,
Бұл хадисті есіме алып тұрмын міне. [9,51 б.]

Ясауи ілімінде танымға қол жеткізудің келесі түрлері «кашф» пен «мушахада» деп аталады. Суфилер кашф терминін перде артында, адам ақылы жетпейтін ғайып әлемді тану және осы перденің ашылуымен Алланың көріністерін тамашалау деп түсіндірген. Екі нәрсенің арасындағы перденің алынуы және әлгі екі нәрсенің бір-бірін анық көруі деген мағынаны білдіретін мукашафа термині де сопылық әдебиеттерде көбінесе кашф мағынасында қолданылған. Мағрифаттық таным кәміл болса, болмыстардағы құдайлық ақиқаттар кашф пен мушахаданың нәтижесінде адамға анық көрінеді. Негізінде құдай адамдардың жүрек көзімен тамашалауды (мушахада) талап етіп, жүрек көзімен көре алмайтындарды соқыр деп кінәлаған: «соқырлар ақиқатты көре алмаса сен оларды тура жолға саласың ба? (Юнус 10/43). Осы Құран аяттарын басшылыққа ала отырып, жан дүниелерінен бастау алатын кашф, мушахада танымдарын Ахмет Ясауи бабамыз сопылық ілімге сәйкес «дидар көру» терминімен түсіндірген:

«Инна фатахнаны» оқып мағына білдім,
Нұрын төкті: естен танып дидар көрдім» [9, 19 б.].

Ясауи ілімінде адамның жан дүниесінен бастау алатын танымдардың бірі «фатих» және осы танымның күрделенуі «файз» деп аталады. Бұлар – бірінің орнын келесісі толықтыратын сопылықтағы қос таным түрі. Мына өмірде бас көзімен көру, ақылмен тану мүмкін емес құпияларды перделердің ашылуымен көру фатихпен болса, одан керегінше нәр алу файз арқылы жүзеге асады. Бұл сопылық танымның биік белестердің бірі болғандықтан Ясауи бабамыз осы деңгейге жетуге талпынысын былай түсіндірген: «*Фаиз уа фатух алурмин деб цукуруиб иурман (Файз бен фатихты аламын деп жүгіріп жүрмін)*» [9, 188 б.]

Дәруіштің сайру сулук кезеңінде тап болатын кейбір халдер Ясауи ілімінде мағрифат танымның жемістері ретінде саналады. Осындай халдердің бірі және бастысы – фана мен бақа. Фана халін алғаш мәрте атақты суфи Әбу Язид әл-Бистамидің сопылық мұраларынан айқын байқауға болады. Оның транс кезінде «мақтау тек маған ғана лайық», «мен ұлымын», «менің әлемім Мұхаммед пайғамбардан да ұлы» деген сөздері сол дәуірдің құқықшылары мен каламшыларын таң қалдырды. Әл-Бистами арқылы ортаға қойылған осы ілім сопылықтың бағдаттық мектебі арқылы жаңа белеске көтеріліп, Жунайд әл-Бағдади адамның ішкі жан тазалығы адамдар тарапынан көрсетілетін ілтипатпен, о дүние бақытын аңсаумен емес, құдай жолында өзін-өзі ұмытып, оны ессіз сүю арқылы жүзеге аспақ деп түсіндірді. Құдайдың бірлігі турасында медитацияны толық тереңдегенде өзіндік, адамдық «мен» жоғалады, тек құдайдың өзі ғана қалады [16, 502-503 бб.]. Ал бақа – құдаймен бірге қалу деген сөз. Осы жерде жоқ пен бар халдерін адам өзінің болмысында жоқ болу, құдайдың болмысымен бар болу деп түсінген жөн. Ұлы бабамыздың Диуани Хикметінде осы екі хал бірінің орнын келесісі басын, бір-бірінен елестету мүмкін емес мағрифаттың көріністері ретінде баяндалады:

«Фана филлаһи» дариясына шомбағанша,
«Бақа биллаһи» гәуһарынан алып болмас» [9, 115 б.]

Сопылық философияда фана мен бақа танымынан басқа, бірақ, осы екі категориямен байланысты бір-біріне қайшы, алайда, бір-бірін толықтырып отыратын қос категориялар бар. Солардың бірі – «сакр мен саху» (мас болу мен есін жинау). Бұлар – ішкі танымның сыртқы көріністері. Мұны есінен танып, Алламен бірге болу (жам), қайта есін жинау (фарқ) деп те түсіндірсек

болады. Суфидің сакр мен жам халдерінде жар салған жалынды сөздері «шатхия» деп аталады. Суфилердің транс кезінде айтқан шатхиялардың шарифатқа теріс сияқты көрінуі олардың басынан өткерген халдің жалпы көпшілікке түсініксіз болуына байланысты. Диуани Хикметтегі ислам діні бойынша тыйым салынған «шарап ішу» [10, 13 б.], «мас болу» [10, 36 б.] деген сөздер осының айғағы. Сайру сулукта адамның рухани деңгейлерден сатылап биіктеген кезде кездесетін уажд пен истиғрақ халдеріндегі шатхияларды Диуани Хикметте ішкі танымның ең биік белесін бағындырған Шибли, Баязит Бистами [10, 90 б.], Зуннун Мысири [10, 91 б.], Адхам [10, 93 б.], Хакім ата [10, 96 б.] сынды классикалық дәуір суфилерінен кездестіре аламыз. Сонымен қатар шатхия оқиғасын Ахмет Ясауи Халлаж Мансур оқиғасымен түсіндіреді. Оның пікірі бойынша жазба халінде Халлаж Мансур адамдық шектеуден ары асып, құдайға деген шексіз махаббатының әсерінен өзін құрбандыққа шалды. Фананың түбіне жеткен суфи сүйіктісінің көркем келбетінің алдында онда өзін көрген және «ана-л-хак» (мен құдаймын) деп есінен адасады. Суфидің басына келетін осы хал Диуани Хикметте былай сипатталады:

«Алланың мақамы ғажап мақам дүр,
Ол мақамда ғашықтар серуен қылар.
Көңілге құдіреттің нұры түссе,
Естен таным өзін білмей жалғыз қалар» [9, 19 б.]

Ясауи ілімінде Халлаж Мансур шынайы таным, терең ілім, Жаратқан иенің дидары жолында барлық бәлекетке кеудесін тосудың, естен адасудың және құрбан болудың символы ретінде орын алады. Мансур ақиқатқа жеткен адам ретінде суреттеледі, алайда, ақиқат құпия сыр ретінде қалуы тиіс болса да ол мұны жария етті.

Мұны Диуани Хикметте былай суреттеп береді:

Ғашық Мансур «ана әл-Хақты» зарлап айтты,
Жебейіл келіп «ана әл-Хақты» бірге айтты.
Мансұр келгенше дар иіліп өзі алды,
Көңіл көзі ашықтар қайран қалды. [9, 39 б.]

Ұлы бабамыз мағрифаттық танымға қол жеткізген меңгерген адамды ариф деп атаған. Диуани Хикметте арифтікке де орын берілген:

«Тән сөйлемес, жан сөйлемес, иман сөйлер,
Жаннан кешкен шын ғашықтар Хақты көздер,
Арифтарға қызмет қылып, жолын түзер,
Ол ғашықты Халайыққа сұлтан қылар» [10, 87 б.]

Демек, ариф – данағой, мағрифат дариясына терең сүгіп, оның түбіндегі гаухарларына иелік еткен, өзінің ішкі танымы арқылы Алламен дидарласқан, әулиелік мәртебесіне қол жеткізген адам деген сөз. Ахмет Ясауидің «*мағрифаттың білімін ішке салған, жүрсе-тұрса дүр гаухарын шашар, достар*» [9, 80 б.], – деген өлең жолдары осы мәнді білдірсе керек.

Ясауи ілімінде, тіпті түркі суфилерінде элем айнасының кішкентай ғана көрінісі болып табылатын арифтіктің, яғни инсан камилдің келбетін белгілеуде Мұхаммед пайғамбар үлгі ретінде алынады [9, 57-58 бб.]. Инсан камил – сайру сулуктың аяқтаған және кемелдік деңгейіне қол жеткізген адам деген сөз. Ол – «уажд», «истиғрак» халдерінде вуслат тапқанда, өткен мақамдарының терең «хаз» бен «жазба» халдерінде өзін ұстай білген және салик ретінде шыққан сапарынан муршид ретінде қайта оралған адам. Үнемі көңілі жай тауып, барлық істің түпкі мәнін аңдау, дүниенің ақиқатын меңгеру, ифрат пен тафриттен (шектен асып кетпеуден немесе шекке жетпей қалудан аулақ болу) сақтану, ісімен және сөзімен турашыл болу инсан камилдің сипаттарына жатады. Инсан камилдік, арифтік деңгейінде адамға беймәлім, ғайып барлық перделер ашылады, Алламен дидарласу және онымен шынайы достар тәрізді сұхбат құрылады. Бұл саналық қабілетпен емес ішкі таныммен, жүрек көзімен болатыны белгілі [17, 523-524 бб.]. Ясауи ілімінде құдаймен дидарласу, онымен сұхбат құру бақыттың асқар шыңы ретінде суреттеледі.

Хақиқаттың мәнісіне жеткен кісі,
Естен танып, күйіп-жанар іші-тысы.
Қан боп саулар көзінен аққан жасы,
Көз жасымды көл қылып бардым міне [9, 43 б.].

Қорытынды

Қорытындылай келе, ұлы бабамыз өзіне дейінгі философия, фикх және қалам ілімдері бойынша танымның мәні және оған қол жеткізу мүмкіндіктері жайында өз пікірін білдірген Әбу Ханифа, әл-Фараби, ибн Сина, әл-Матуриди сияқты ғұламалардың ілімдерін қал ілімі деп, таным тек қалмен шектелмейтіндігін, шынайы ақиқат жүректің түбінде жатқандығын, жүректің көзін ашу арқылы хал ілімімен құдайдың дидарын тамашалауға болатынын ортаға тастады.

Осы және басқа да діни-философиялық, теологиялық тақырыптарда мәселелерге ұтымды шешім жасап, Ахмет Ясауи өзі өмір сүрген заманда Түркістан аймағында бір-бірімен бетпе-бет келген исламдық ой-сана мен түркілік дәстүрді үндестіріп, ислам мәдениетінің орталықтарында дамыған сопылық мәдениетті отырықшыл-көшпелі түркі халықтарына түсінікті тілде ұсынды. Өзі өмір сүрген уақыт пен кеңістік шарттары мен мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланудың арқасында Ясауи ілімі мұсылмандық түркі мәдениетінің асқар шыңына жетті. Оның жайған ілім сыпырасынан көптеген шәкірттер рухани нәр алды. Оның ілімі кешегі күнге дейін түбі бір түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының рухани өмірінде өзінің мәнін жоғалтқан жоқ.

Әдебиеттер

- 1 İslâm düşüncesinde ilmin kaynağı, imkanı ve sınırları// Muş Alparlan üniversitesi sosyal bilimler dergisi c.1 №2 12.2013
- 2 Annemarie Schimmel. Mystical Dimensions of Islam. – The University of North Carolina Press, 1975. – 512 p.
- 3 Bennigsen, Alexandre, Lemerrier, Quequeljay Chantal „Sufi ve Komiser Rusya’da İslam Tarikatları, çev.Osman Türer, Akçağ Yayinevi. – Ankara,1988.
- 4 Eraydın, Selçuk, TasavvufveTarikatlar. – İstanbul,1994.
- 5 Köprülü, Mehmed Fuad, TürkEdebiyatında İlk Mutasavvıflar. – Ankara, 1993.
- 6 Köprülü, Mehmed Fuad., “Ahmed Yesevi”, İslam Ansiklopedisi. – C. I. – İstanbul, 1940.
- 7 Serrâc, Ebû Nasr, El-Lüma’ İslam Tasavvufu. Kamil Yılmaz. – Ankara, 1996.
- 8 Кныш А.Д. Мусульманский мистицизм. Краткая история. – Москва-Санкт-Петербург, 2004. – 740 с.
- 9 Иасауи Қ.А. Диуани Хикмет (ақыл кітабы)/ ауд. М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи.– Алматы, 1993.
- 10 Иассауи Қ.А. Хикметтер / ауд. Ә.М. Ибатов, З. Жандарбек, Нұрманова А.Ш. – Алматы, 2000.
- 11 Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Түркістан: Тұран, 2004.
- 12 Tenik A., Göktaş V., Tasavvuf bilgisi: Alla’ı Allah’la bilmek ilmине giriş // Kelâm araştırma dergisi. – 2016. №1. – S. 177-202.
- 13 Eraydın S. Tasavvuf ve Tarikatlar. – İstanbul: Emre matbaası basimevi, 1997.
- 14 Aynî M.A. Tasavvuf tarihi – İstanbul, 2000
- 15 Mevlânâ. Mesnevî. çev. İzbudak V. – İstanbul: M.E.B. Yayınları, 1988.
- 16 Бертельс Е. Из очерка «происхождение суфизма и зарождение суфийской литературы // Суфии: восхождение к истине. – М.: Издательство Эксмо, 2003.
- 17 Ateş S. İslâm tasavvufu. – İstanbul, 1992.

References

- 1 İslâm düşüncesinde ilmin kaynağı, imkanı ve sınırları// Muş Alparlan üniversitesi sosyal bilimler dergisi c.1 №2 12.2013
- 2 AnnemarieSchimmel. Mystical Dimensions of Islam. – The University of North Carolina Press, 1975. – 512 p.
- 3 Bennigsen, Alexandre, Lemerrier, Quequeljay Chantal ,Sufi ve Komiser Rusya’da İslam Tarikatları, çev.Osman Türer, Akçağ Yayınevi. – Ankara, 1988.
- 4 Eraydın, Selçuk, TasavvufveTarikatlar. – İstanbul, 1994.
- 5 Köprülü, Mehmed Fuad, TürkEdebiyatında İlk Mutasavvıflar. – Ankara, 1993.
- 6 Köprülü, Mehmed Fuad., “Ahmed Yesevi”, İslam Ansiklopedisi, – C. I. – İstanbul, 1940.
- 7 Serrâc, Ebû Nasr, El-Lüma’ İslam Tasavvufu. Kamil Yılmaz. – Ankara, 1996.
- 8 Knish A.D. Musulmanskiymisticizm. Kratkayaistoriya. – Moskva-Sankt Peterburg, 2004. – 740 s.
- 9 İasauı K.A. Aud. Zharmuhameduli M., Dauituli S., Shafigi M. Diuani Hikmet (akıl kitabı). – Almati, 1993.
- 10 İassauı K.A. aud. İbatov A.M., Zhandarbek Z., Nurmanova A.Sh. Hikmetter. – Almati, 2000.
- 11 Kenjetay D. Koja Ahmet Yasauı duniетanımı. – Turkistan: Turan, 2004.
- 12 Tenik A., Göktaş V., Tasavvuf bilgisi: Alla’ı Allah’la bilmek ilmine giriş // Kelâm araştırma dergisi. – 2016. №1. –S. 177-202.
- 13 Eraydın S. Tasavvuf ve Tarikatlar. – İstanbul: Emre matbaası basımevi, 1997.
- 14 Aynı M.A. Tasavvuf tarihi – İstanbul, 2000
- 15 Mevlânâ. Mesnevi. çev. İzbudak V. – İstanbul: M.E.B. Yayınları, 1988.
- 16 BertelsE. Izocherka«proishojdeniesufizma I zarojdeniyesufiyskoi literature //Sufii: voshojdeniye k istine. – M.: izdatelst-voEksmo, 2003.
- 17 Ateş S. İslâm tasavvufu, – İstanbul, 1992.

Абдрасилов Т.Қ., Қалдыбай Қ.Қ.

Діни философия тарихындағы адам мәселесі

Діни философия тарихындағы адам мәселесі алғышарты болып саналатын теология мен еркін-ой сана тым көне тарихтан бастау алады. Әрине, олардың түпбастамасында мифологиялық сюжеттер, ондағы тұлғаға ерекше көңіл аудару сияқты идеялар басымдыққа ие болды. Кейіннен, Антика дәуірінде, көне Грекияда политеизмнің өркендеп тұрғанына қарамастан, қазіргі дін философиясының мәселелеріне жуықтайтын, адамға қатыстырыла айтылған діннің пайда болуы мен оның қоғамдық өмірдегі орны туралы көзқарастар да кездесіп отырды. Діни философия тарихындағы адам мәселесі зерттеу алаңына шығарылды. Ол үшін алдымен мәселені зерттеудің теориялық-әдіснамалық бағдары анықталады. Сонымен қатар көне дәуірлердегі діни философиядағы адам мәселесіне шолу жасалып, әлемдік діндердегі адам туралы толғаныстар талданды. Қазақстан жағдайындағы діни ахуалға сараптамалар жасалып, ол келесі кезекте, қойылып отырған мәселені зерттеудің болашақтағы көкейтесті түйткілді тұстарын пайымдаумен тиянақталды.

Түйін сөздер: философия, дін, адам, руханият, моральдық қасиеттер.

Abdrassilov T.K., Kaldybay K.K.

The problem of man in the history of religious philosophy

Fundamentals of the human problem in the history of religious philosophy take their roots from ancient mythological eras, religious beliefs in the east of the religion of the Ancient Age and the religious philosophy of the Middle Ages. After that, the differences between religious philosophy and the philosophy of religion were determined, as well as the directions of research relating to man. The case study required us first of all to determine the versatile formulation of the problem of man in philosophy, after this continuation in elucidating the directions in religion relating to man, then systematizing the doctrines of faith and theological teachings and at the point of their contact clarifying the directions of research on the human problem in the philosophy of religion. The problem of philosophical comprehension of one's being always occupied man. Questions about what a person is, what are its nature and essence, place and purpose in the world, have great ideological, philosophical and practical significance, since they touch upon the fundamental aspects of human existence, the meaning and purpose of life. That is why a person's problem can be classified as a philosophical problem that has never been removed and can not be removed from the agenda, for the process of knowing man and the world is infinite and will never be completed. This problem is updated with the course of history, as the person himself, as well as the set of conditions and the content of his life, his goals, ideals and prospects constantly changes. The human problem is always topical in the sense that in every epoch it retains its fundamental meaning and, entering into the content of all significant philosophical systems, means not just the continuation of a certain tradition, but first of all – the identification of the aspects changing with each epoch and the historical perspectives of the human Being.

Key words: Philosophy, religion, human, spirituality, moral qualities.

Абдрасилов Т.Қ., Қалдыбай Қ.Қ.

Проблема человека в истории религиозной философии

Основы проблемы человека в истории религиозной философии берут свои корни от древних мифологических эпох, религиозных верований на востоке от религии Античной эпохи и религиозной философии средневековья. После этого определились отличия между религиозной философией и философией религии, а также направления исследований, касающихся человека. Тематическое исследование потребовало от нас, в первую очередь, определения разносторонней постановки проблемы человека в философии, после этого продолжения в выяснении направлений в религии, касающихся человека, затем систематизации учений о веропознании и теологических учений и в месте их соприкосновения уточнения направлений исследований проблемы человека в философии религии. Проблема философского осмысления своего бытия всегда занимала человека. Вопросы о том, что такое человек, каковы его природа и сущность, место и назначение в мире, имеют большое идейно-мировоззренческое и практическое значение, поскольку затрагивают коренные аспекты человеческого существования, смысла и цели жизни.

Ключевые слова: философия, религия, человек, духовность, моральные качества.

**ДІНИ ФИЛОСОФИЯ
ТАРИХЫНДАҒЫ
АДАМ МӘСЕЛЕСІ****Кіріспе**

Дінді философиялық тұрғыдан пайымдайтын бастапқы көзқарастар мен ондағы адам мәселесіне келіп ойысатын идеялар жаңа заманда, атап айтқанда, оның бастапқы кезеңінде-ақ қалыптасты. Б. Спиноза өзінің пантеизмінде, адам мәселесіне азды-көпті шолу жасаса, Ф. Бэкон схоластикалық адасулардан арылып, орта ғасырда «Философияның діннің қызметшісі болып кеткендігін» сыни тұрғыдан атап өтіп, адамның танымы мәселесіне көбірек көңіл аударды, Т. Гоббс діннің бұқара халықты ұстап тұру қажеттігі үшін керек екендігі туралы пікірін тиянақтады, Д. Юм дін философиясына қарай бет бұрып, табиғи дін туралы, ондағы адам мәселесі хақында азды-көпті пікірлер білдірген болатын. Одан соң, Чербери, Толанд, Тиндаль т.б. деистік көзқарастары арқылы дін философиясына қарай бет бұрды.

«Дін философиясының» арнайы термин ретінде қалыптасып, кәсіби деңгейде өркендей түсуі XVIII ғасырдың соңына сәйкес келеді. Классикалық неміс философиясының өкілдері ретінде, И. Кант оны арнайы сала ретінде қарастыруға болатын ілім екендігін негіздесе, Г.Ф. Гегель дін философиясы мен діни философия арнасында өзіндік байыпты пікірлерін ұсынған болатын, ал Л. Фейербах дін философиясынан гөрі атеизмге көбірек көңіл аударып, діннің пайда болуын адамға қатысты тұрғыда қарастырып, өзінің антропологиялық тұжырымдамасын жариялады.

XVIII ғасырдағы француз ағартушылары дінді философиялық тұрғыдан саралап, кейбірі еркін-ой санаға қарай бетбұрыс жасады, діннің идеологиялық сипатының орнына ағартушылықты ұсынды.

XIX ғасырдағы әлеуметтанудың дамуы, сәйкесінше, бұл ғылымның қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитындығына байланысты дін әлеуметтануы ілімінің қалыптасуына алып келді. О. Конт пен Г. Спенсер дінге әлеуметтанулық тұрғыдан келудің негіздерін салса, Э. Дюркгейм діннің пайда болуының әлеуметтанулық қағидасын ұсынған. Ал М. Вебер діннің қоғам дамуындағы ролін көрсетті.

XIX-XX ғасыр басындағы марксизм-ленинизмнің негізін қалаушылар мен ізін жалғастырушылар дін философиясымен тереңірек шұғылданбай, тек атеизмді «шыңына» жеткізді. Бұнда, әрине, адам мәселесі қарастырылмай қалған жоқ.

XIX ғасырдағы классикалық емес философияның өкілдері, атап айтқанда, Ф. Ницше, А. Шопенгауэр т.б. дін философиясына келіп саятын пікірлерін ұсынды. Бұл кезеңдегі Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин т.б. ойшылдар және XX ғасыр басындағы Ш. Құдайбердиев, Ғ. Қарашынды қазақ ағартушылары дін философиясы туралы пікірлерін жүйелі түрде ұсына бастады.

Сондай-ақ, дін философиясымен арнайы шұғылданбаса да, дінге деген сыни көзқарастар, діннің қоғамдағы орны, оны қалай пайдалану қажеттігі т.б. мәселелер XX ғасырда өркендеген: философиялық антропология, экзистенциализм, прагматизм, психоанализ, франкфурт мектебі, лингвистикалық философия сияқты бағыттарда қозғалды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі

Зерттеу нәтижелерін алу барысында ретроспективтік және компаративистік тұрғыдан талдау мен құрылымдық-функционалдық әдістер қолданылды. Сондай-ақ, диалектикалық және салыстыру, жалпылау, ұқсату, жүйелеу, модельдеу, құрылымдау т.б. формальді логикалық операциялар, каузальділік пен генетикалық тұрғы, типологиялық жүйелеу, феноменология, герменевтика, психоанализдік түсіндірмелер пайдаланылды. Тағы бір қолданылған ерекше тәсіл осы әдіснамаларға сүйенілген зерттеулерге сол тұрғыларды пайдаланып қайта таразылау жүргізілді.

Дерек көздерге шолу

XIX ғасырдың соңынан бастап, XX ғасырдың аяғына дейін дінтану, дінтанудың әдіснамасы, дін феноменологиясы, диалектикалық теология т.б. дін философиясымен келіп тоғысатын көптеген салалар өркендей бастады. Атап айтқанда, діннің эпистемологиялық тұрғыдан зерттелу мәселесінде: Дональд Уйби, Джон Кинг-Фарлоу (Кингарлоу), Уильям Кристенсен, Е. Эдамс, Д. Виби, В. Кристенс, Д. Витейкер, Я. Барбур, Д. Стейнсби, Е. Шен, П. Донован, В. Юст, Ричард Свинберн, Клод Леви-Стросс өз үлестерін қосты.

Діннің философиялық функционалды анализі турасында: Кросби, Э. Жильсон, Ж. Маритен, А. Сертийанж, В. Вруггер, А. Демпф, И. Лоц,

М. Грабман, И. де Фриз, Д. Мерсье, А. Дондейн, Л. де Реймекер, Ф. ван Стенберген, У. Падовани, Ф. Ольджати, К. Фабро т.б. өз пікірлерін түйіндей келе, жалпы діннің қоғамдағы орны мәселесін де назардан тыс қалдырмады.

«Діни тәжірибе» ұғымының философиялық діни түсініктемесімен шұғылданғандар: Маурус Хейнрикс, Джерри Джил, В. Пелль, Х. Зунден, У. Джемс, Э. Старбэк, Дж. Леуба, Ч.С. Пирс т.б. болатын. Олар діни салттар мен дәстүрлерге баса назар аударып, әсіресе, қоғамдағы діннің танымдық-тәжірибелік қырларына көңіл бөлген еді.

Дін феноменологиясының өкілдері: Пьер Даниэль Шантепи де ла Соссе, Рудольф Отто, Герерда ван дер Леу, Ричард Шеффлер, Клаас Юко Блеккер, Гео Виденгрэн, Оке. Хульткранц, Мирча Элиаде, У.Б. Кристенсен, Гарольд Бицайс, Ван Баарен, Ц. Вербловский, Жаак Ваарденбург, Урсула Кинг т.б. діннің қазіргі кездегі санадағы көрінісін, дінді қалай түсініп, қалай қабылдайтындығымызды, сөйтіп оның динамикасының қалай өрбитіндігін зерттеуге көңіл аударды.

Қазақстанда дін философиясы айтарлықтай деңгейде дамымаған деп айта аламыз, дегенмен, дінді рационалды-ғылыми тұрғыдан негіздеген отандық ғалымдар, ондағы адам мәселесі туралы азды-көпті пікірлерін білдіріп отырды: Қ. Шүлембаев, М. Орынбеков, С. Оспанов, Н. Байтенова, Ш. Рысбекова, Ғ. Есім, Д. Кенжетай, З. Мұташқызы, Н. Аюпов, Қ. Затов, А. Құрманғалиева, А.Д. Құрманалиева, З.Н. Исмаганбетова, И.А. Артьемев, А. Косиченко, Б. Сатершинов, Л. Сейтахметова, С. Нұрмұратов, Н. Бурова т.б.

Сондай-ақ, ресейлік зерттеушілер: Л.А. Чухина, Е.В. Мариничева, В.Д. Шадриков, Ф.И. Щербатской, Е.Ю. Харьков, Г.Д. Цыбинов, Т.В. Ермакова, В.И. Корнев, А.Н. Кочетов, Н.В. Абаев т.б. атап өтуге болады. Оның ішінде, Л.А. Чухина «Діни философиядағы адам мәселесі» деген тақырыпта докторлық диссертация жазған болатын.

Антикалық дәуірдегі адам мәселесі

Антикалық дәуірдегі діни философия мен ондағы адам мәселесінің қозғалуын мынадай бағыттарға жіктеп беруімізге болады. Жердегі құдайды асқақтандыратын – ғарыштандыратын космоцентризм, бұл мифологиялық жерлік антропоморфты құдайлардың беделін көтермелеу мен сакральдандыру, қасиеттендіру шарттары бойынша пайда болған деп айта аламыз. Бірақ бұнда адам бейнесі тысқарырақ, екінші жоспарға қалып отырады. Шындығында да,

қарапайым логика бойынша, құдай көп болса, ол адам кейіпте, адам өмірі сияқты тіршілік ететін болса, онда олардың беделі құдайға сәйкестенетіндей жоғары бола алмайды. Құдай бейнесін іздеу барысындағы пантеистік тәсіл. Бұл көпқұдайшылдықты жоққа шығарғаннан кейін, Құдайдың асқақ болуы қажеттігін түйсінгеннен кейін, оның болмысын анықтаудың қиыншылығына байланысты туған [Daniel J. McKaughan 2016, pp 3-4]. Шындығында да, құдай болмысын анықтауға деген ұмтылыстың өзі, оны тым абстракцияламай, нақтыландыру қиыншылықтары бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан ой машығы деуімізге болады. Құдаймен бейтарап қатынас орнататын еркін-ой желісі. Діни сенім тек жеке адамның өмірлік жағдайларға жауап беруі мен оларды еңсеруді қамтамасыз етуде ғана маңызды рөл атқарады. Жоғары санаттағы діни немесе діни мәдениет құзырындағы адам, яғни өмірінде дін маңыздылыққа ие адам себептердің барлығын діни себептерге телиді, мәселен, Құдайдың жазасы және діни ғұламалардан көмек сұрау және т.б. [Sood, E.D., J.L. Mendez and P.C. Kendall 2012, pp.201-202]. Құдай ықпалынан, ондағы жазмыштан, оның жазалауларынан азат болғысы келген сана, түптеп келгенде, діни философияны адам болмысына қарай бұрды да, дін философиясы арнасындағы ойларға қарай ұмтылды. Бұл беталыс, Қайта өрлеу дәуіріндегі діннен өз еркіндігін жеңіп алуға ұмтылған бағыттарға сәйкес келеді. Осыдан, пантеизм ғана емес, дінге деген реформациялық бағыттар, еретиктік деп атауға болатындай көзқарастар, скептикалық ұстанымдар, тіпті атеистік көзқарастар да пайда бола бастады. Христиандыққа қарсылықтан туған консерватизм. Бұл мыңдаған жылдар бойғы жалғасын тауып келе жатқан көпқұдайшылдық мифология, одан кейінгі ғарыштанған құдай бейнесі, қасиетінен айнытпауға тырысқан пантеистік сенімге деген қалыптасып қалған таптаурындардың жаңадан пайда болып келе жатқан христиан дініне деген қарсылығы, оның адамды тумысынан күнәлі деп есептейтіндігі сияқты еркіндікті шектейтін ұстанымдарынан т.б. құтылудың өзіндік бір тәсілі болған сыңайлы. Діни сенімдерде, сондай-ақ, көптеген өзге мифологиялық сенімдерде жоғарғы шынайы күштер бар екені белгілі, яғни барлығынан қорғаушы немесе жазалаушы күштерді жіберетін, біртұтастықты қамтушы және күдіретті Құдай идеясы жатқаны белгілі. Жалпы айтқанда, барлық діндер үшін «біздің барлығымыз белгілі бір деңгейде қайғылы да қасіретті өмір сүруіміз қажет

және сол әрекеттер арқылы әлдеқайда жоғары саналы өмірге қол жеткізетінімізді жеткізеді. Сондай-ақ, біздің көп жағдайда бетпе-бет қақтығысып қалатын жамандық пен зұлымдықтың шектеулі және шегі бар болса, Құдай мейірімі мен шапағатының ешбір шегі жоқ [P.A. Varghese 2000, pp 45-46].

Яғни, түптеп келгенде, антика дәуіріндегі діни философияның жалпы бағыттары «құдай беделін сақтай отырып, адам еркіндігін қалай қамтасыз ете аламыз немесе дін адам өміріне қандай нақты пайдалы-игілікті қырларымен таныла алады, оның шынайы болмысын қалай философиялық жолмен анықтай аламыз» деген сауалдың жауабын іздеуге, мүмкін тауып алуға келіп тірелген сыңайлы. Демек, Үнді мен Қытайдың дін философиясындағы сияқты адамға басымдылық берумен тағайындалмаса да, осындай бағдарға деген ұмтылыстың лебін сезуге болады [Libertarian Quotes]. Антика дәуірінен кейінгі христиандық теология үстемдік еткен дәуір орта ғасыр философиясы болатын. Бұл кезең діни философияның нағыз өркендеген дәуірі болғандықтан, теоцентрлік мазмұн қанат жайып, адам мәселесінен гөрі құдайтанымдық, теологиялық, теософиялық ілімдер өркендей түсті. Бұл бағыттардың қарыштап дамығандығы соншалық дін мен философия ғылымын құрал ретінде пайдалана отырып, адамның өмірмәнділік мағынасын тысқарылай келе, схоластикалық, спекуляциялық, абстракциялық сияқты қоғамдық өмірден тым алшақ философиялау үрдістері белең алып кетті [Chantrill, C 2011, pp. 2-3]. Діни философия адам болмысынан гөрі құдай болмысына көбірек үнілді де, философия діннің қызметшісі болумен қатар, діни философтар кей сәттерде софистикамен, ақыл-ой қабілеттерін «мағынасыз тереңдіктерге сүңгітумен» шұғылданып кетті деуге де болады. Мысалы, рационалды, әрі барынша терең болғандығына қарамастан: тринитариилер мен антитринитариилер, катафатикалық теология мен апофатикалық теология, ариандықтар мен афанасьефшілдер, монофизитшілдік пен монофелиттік, номинализм мен реализм, теологиялық рационализм мен исихазм арасындағы күрес көп жағдайда шындық өмірден алшақтап, спекуляциялық сипат алды.

Дегенмен, орта ғасырдағы философияның ұзақ кезеңді қамтитындығына, бірнеше мектептер мен бағыттардың қалыптасуына, теоцентрлік сипатына байланысты, біз, бұл кезеңдегі діни философиядағы дін философиясына жуықтайтын және оның ішінде адам мәселесін толғайт-

ын ойшылдардың пікірлерін сараптап өтеміз. Ол адам еркіндігі мен жауапкершілігі, тұлғаның рухани жетілуі, зұлымдық пен ізгілік, тағдыр, өлім мен өмір т.б. мәселелерге келіп тоғысады [Sei Maslen 2015, pp.7-8].

Патристиканың өкілі Флавий Юстин өзінің діни философиясында антикалық философия мен христиандық мифологияны бітістіруге, екеуінің арасынан ұқсастықтар табуға ұмтылады. Христиандық пен платоншылдар, стоиктер арасындағы ұқсастықтарды: әлемнің отпен жойылатындығы, азғын адамдар жазаланатындығы, жақсы адамдар рахат күй кешетіндігі т.б. мысалға алады. Сондықтан ол құдайдың әлемді жоқтан жаратқандығы туралы идеяны толықтай мойындамай, платоншылдық түсініктегі Құдай-Демиург идеясын қолдайды да, адам мәселесіне келгенде, оның жоғары мақсаты өзінің жанын құтқару деп түсіндірді. Теодицеялық көзқарастарында адамдар зұлымдыққа немесе ізгілікке негізделген тағдырға белгіленген жоқ, ол өзінің еркі арқылы ізгілікті қаласа, оны құдайлық мадақтау, ал зұлымдықты қаласа, құдайлық жазалау күтіп тұр деген тұжырымға келеді. Яғни, зұлымдық үшін құдай кінәлі емес, күнәні таңдаған үшін оған адамның өзі кінәлі болып шығады дегенге келіп саяды [Peterson M 2003, pp.45-46].

Жанның мәңгілігі туралы көзқарастарында ол адамдардың тәні өледі, бірақ тек қана құдайлық рухпен біріккен жан ғана өлмейді, ал ақиқатты білмейтін жан өледі, бірақ мәңгілікке із-түзсіз жоғалмайды, әлем өзінің өмір сүруін аяқтаған сәтте осындай жандар қайта тіріліп, шексіз жазалау арқылы түпкілікті өлімді қабылдайды деген өзгелерден күрделірек мистикаға келіп тірелді.

Сонымен қатар, оның тағы дін философиясына жуықтайтын идеясы: христиандық мифтерді сөзбе-сөз сол мағынасында түсінбей, оларды аллегория, астарлау ретінде ұғыну керектігін айтуы [A. Edel, E. Flower 1989, pp.400-401].

Бірақ Тертуллиан әлемдегі зұлымдықтың тууын ақтап ала алмады, құдай мен жанды тәндік деп білетін теологиялық материализмді қуаттады. Адамға байланысты өлім мен өмір мәселесін толғаған ойшыл, мынадай төлтума ойларын паш етеді: «Егер сенде өлімнен кейін азап шегу болмайтын болса, егер ешқандай сезім сақталмаса, егер, ақырында, тәнінді қалдырып, өзің Ештеңеге айналатын болсаң, онда өлімнен кейін сезінуге болатындығын тұжырымдай отырып, өзіңді неге алдайсың? Егер өлімнен қорқатын түк те жоқ болса, сен өлімнен

неге қорқасың, өйткені одан кейін азапқа түсу болмайды ғой?» [Тертуллиан О. 1994, сс. 77-78].

Григориинисский адамның құдайға қатынасы мен пайда болуы туралы толғаныстарын негіздеген болатын:

Бұндағы адамның пайда болуының гуманистенген тәсілі құдайдың игілігіне (мейірімі) келіп тоғыстырылады. Бұл жердегі Игілік құдайлық тылсымдықтан туындап, адамдықпен тоғысатын негізгі Мәнге айналған десе де болады. Адамның Игілікпен Жаратылуы тұжырымдамасын ұсынғандай болған Г. нисский адам болмысының тумысына үңіледі.

Аврелий Августиннің философия-теологиялық жүйесіндегі адам мәселесі

Діни философиялық ойларын кей сәттерде дін философиясына қарай бұрып, адам мәселесіне көбірек тоқталған ойшылдардың бірі – Августиннің ұстанымы рационалдық білім мен сенімнің арақатынасы: христиандық сенім мен антикалық рационализмнің бірлігін негіздеуге, діни мәтіндерді түсіндірудегі қателіктерді түзетуге қарай жетеледі. Оның онтологиясы «Кемелденген Болмыс» түріндегі Құдай туралы ілім ретінде белгіленді, ал адамға қатысты тұрғы – адам ойлауының өзіндік дәйектілігінен құдай болмысын абсолютті болмыс ретінде тануы болып табылады [Helm P 2000, pp. 55-56].

Бұл мақалада автор Ясауи іліміндегі пайғамбарлық мәселесіне дінтанулық талдау жасайды. Пайғамбар Алланың аянын адамзатқа жеткізуші елші. Сондықтан, пайғамбарлық тақырыбы, әсіресе Мұхаммед пайғамбардың тұлғасы теологиялық ілімдерде негізгі тақырыптардың бірі болды. Ахмет Ясауидің Диуани Хикметінде пайғамбарлық мәртебе мен Мұхаммед пайғамбардың бейнесі ең кемел тұлға ретінде әспеттеледі. Хикметтерде пайғамбардың үлгілі қасиеттері адамзаттың рухани кемелденуінің негізгі өлшемі, өрнегі ретінде баяндалған. Құран мен Пайғамбар сүннетінен алынған моральдық-этикалық категориялар Ясауи ілімінде «мақамдарды», яғни, рухани кемелдіктің өлшемдерін көрсетеді. Сопылықтағы сабырлық, барға қанағат, аскеттік, зухд, шынайылық, тақуалық, әдептілік, зұлымдыққа жақсылықпен жауап беру, әділдік, ар-ұят, адамсүйгіштік, иман сынды этикалық категориялар Диуани Хикметте пайғамбардан қалған рухани мирас ретінде жырға қосылған. Сонымен қатар, әлемнің пайда болуы жайлы сопылық философияға тән Нур-и Мухаммед концепциясы да хикметтерде маңызды тақырыптардың бірі ретінде көрініс табады.

Түйін сөздер: Пайғамбар, ислам, мақам, фақр, мұғжиза, миғраж, фана, қанағат, зухд.

Myrzabekov M.M.
**The image of prophecy in
Sufism Yasawi**

In this article, the author makes a theological analysis of the issue of prophecy in the teaching of Yasawi. The prophet is a messenger for transfer of Allah revelations to mankind. Therefore prophets, especially the prophet Muhammad was one of the main subjects of religious doctrines. In Diwani Hikmet (Divine Wisdom) of Ahmet Yassawi a prophecy, prophet Muhammad is described in an image of the wisest person. In the Hikmet approximate qualities of the prophet are perceived as the guide of spiritual perfection of the person. The moral and ethical categories taken from the Koran and the Prophet's Sunnites are presented in doctrines of Yassawias "makam" – indicators in spiritual development of the person. unpretentiousness, indiscriminateness, humility (musamakh), asceticism, Zuhd (asceticism), sincerity, an abstemiousness, an inab to respond with good to the evil, justice, shame (haya), love to the person, Iman in Diwani Hikmet are considered as heritage of the prophet Muhammad and as his personal qualities. Also bases of emergence of the world of peculiar Sufi philosophy Muhammad Nur in a Hikmet is a special subject.

Key words: Prophet, islam, maqam, faqr, mu'jiza, mi'raj, fana', qana'at, zuhd.

Мырзабеков М.М.
**Образ пророчества
в суфизме Ясауи**

В данной статье автор делает религиозоведческий анализ на проблему пророчества в учении Яссави. Пророк – посланник для передачи откровений Аллаха человечеству. Поэтому пророки, особенно пророк Мухаммед, являются одной из главных тем религиозных учений. В Диуани Хикмете Ахмеда Яссави пророчество, пророк Мухаммед описывается в образе самого мудрого человека. В хикметах примерные качества пророка воспринимаются как путеводитель духовного совершенства человека. Морально-этические категории, взятые из корана и суннетов пророка, в учениях Яссави представляются как «макамы» – показатели в духовном развитии человека. А именно такие этические категории в суфизме, как: непритязательность, нетребовательность, смирение (мусамаха), аскетизм, зухд (аскетизм), искренность, воздержанность, инаба, отвечать добром на зло, справедливость, стыд (хая), любовь к человеку, иман в Диуани Хикмете, рассматриваются как наследие пророка Мухаммеда и как его личные качества. Также возникновение мира, свойственное суфийской философии Нур-и Мухаммад в хикмете, является особенной темой.

Ключевые слова: Пророк, ислам, макам, фақр, мужиза, мираж, фана, канаат, зухд.

ЯСАУИДІҢ СОПЫЛЫҚ ТАҢЫМЫНДАҒЫ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Кіріспе

Ислам теологиясында пайғамбар – адамзат баласына Алланың үндеулерін алып келуші елші деген сөз. Алланың жіберген елшісі адамзат баласына жақсы мен жаманның ара жігін ашу, дұрыс жолды таңдай білу, құдайды тану, оған құлшылық жасау жолдары мен әдістерін үйретеді. Осы жағынан пайғамбар адамзат баласына үлгі болып есептеледі.

Ислам діні бойынша тарих бойында әр аймаққа пайғамбарлар келіп тұрды, олар Алланың әмірлері мен ескертулерін сол заманда өмір сүрген адамның дүниетанымына, өмір сүру формасына, тұрмыс-тіршілік деңгейіне қарай жеткізіп отырды. Ислам сенімі бойынша құдайдың жіберген елшілері ішіндегі ең соңғысы – Мұхаммед пайғамбар. Мұхаммед пайғамбардың алып келген Құран аяттарына және оларға түсініктеме жасаған өз хадистеріне, құдайдың тілегеніне сәйкес жүзеге асырған әрекеттеріне (сүннет) нану ислам сенім негіздерінің бірі ретінде орын алады. Өйткені Алланың жіберген елшілеріне иман келтірместен адамның дінді қабылдауы мүмкін емес дүние. Осыған орай, исламдық ілімдердің барлығы Мұхаммед пайғамбардың сөздерін, әрекеттерін, мінез-құлқын басшылыққа алған.

Зерттеу әдістері. Мақалада түркілік сопылықтың негізін қалаған Қ.А. Ясауидің пайғамбарлыққа қатысты ой танымдары ислам теологиясы және қазіргі ислам философиясы аясында талқыланып, талдау жасалады. Сонымен қатар гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылатын мәтіндік талдау, яғни герменевтикалық әдіс кеңінен қолданылды. Нақтылап айтсақ аталған әдіс Ясауидің хикметтерін талдау барысында қолданылды.

Дереккөздерді шолу. Мұсылмандық түркі мәдениетіндегі алғашқы туындылардың бірі болып табылатын Ахмет Ясауидің Диуани Хикметінде де пайғамбарлыққа ерекше мән беріледі. Өйткені, жоғарыда баяндалып өткені сияқты өзге діни ілімдермен қатар сопылық ілімде де Мұхаммед пайғамбар басты үлгі ретінде алынады. Ахмет Ясауи мұсылмандық түркі сопылығының алғашқы жаршысы екендігін ескерсек, оның хикметтері мен басқа да шығармаларында пайғамбарлыққа орын беруі табиғи құбылыс. Дегенмен Ясауидің сопылық танымдарындағы пайғамбарлық бейнесі осы кезге дейін нақты зерттеу нысанына

алынған жоқ. Сопылық мәселесін қарастыру барысында жалпы аталып өткені болмаса бұл мәселе шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде де кездеспейді. Неждет Тосун өз еңбегінде Ясауидің алғашқы кезеңдеріне тән «Көңілдің айнасы» атты трактатындағы сопылық көзқарастарына талдау жасайды (Tosun Necdet., 1997: 41-85). Девин Де Вис (Devin De Weese, 1999) Ясауилік ордендер туралы қарастырса, Хайрани Алтынташ жалпы сопылық туралы қарастыра келе, Ясауилікке тоқталып өтеді (Hayrani Altuntaş, 1986). Ал Гүнгөр Ерол ислам сопылығының өзекті мәселелері атты еңбегінде Ясауиліктің әлі де толық зерттелмегеніне назар аударады (Güngör Ero1, 1996.). Харди Джордж (Hardy George, 1984), Массиньон Луи (Massignon Louis, 1974.), Ожак Ахмет (Ocak Ahmet, 2002), Рой Оливер (Roy Olivier, 2000.), Арнольд Т.В. (Arnold, T.W., 1971), Bennigsen Alexandre сынды ғалымдар исламдағы мистикалық бағыт саналатын сопылық туралы іргелі зерттеулер жасағанымен, біз қарастырып отырған пайғамбарлық мәселесі аталған ғалымдардың зерттеу нысанынан тыс қалған.

Бұл мақалада сопылықтың түркілік тамыры саналатын Ясауи іліміндегі пайғамбарлық және оның сипаттары қарастырылады. Бұл мақалада автор сопылықты зерттеп жүрген басқа ғалымдардан ерекшелігі сол – Ясауидің сопылық танымындағы пайғамбарлық мәселесіне алғаш рет дінтанулық талдау жасайды.

Негізгі бөлім

Ортағасырлық діни білім беру орындарында ислам діні туралы мәліметтер алдымен сияр, сирату-н-набауия ілімін үйретумен басталатындығы белгілі. Мұнда ислам дінін алып келген Алла елшісінің шыққан жері, ата-тегі, балалық шағы, үйленуі, бала-шағасы, құдайдан хабардың келуі, жаңа дінді насихаттауы, ислам дінінің тарату жолындағы әрекеттері, дүниеден озуы сияқты тақырыптар қамтылады. Ахмет Ясауи Диуани Хикметінде исламдағы білім беру дәстүрін басшылыққа ала отырып, елу жетінші хикметінде ардақты Пайғамбарымыздың шыққан жері, Әмина, Әбділла атты ата-анасы, Қасым, Әбдіманап сияқты бабалары, ата-анасынан ерте айрылып, Әбу Тәліптің қолында тәрбиеленгендігі, Хадишамен үйленгендігі, Алладан хабар келгендігі, соңында барлық қиындықтарды жеңіп ислам дінін әлемге паш еткендігі, артынан сахабалары ілесіп, оның жолын берік ұстағандығы (Иассауи Қ.А. 2000: 73-74) жайында шәкірттеріне мәліметтер берген. Осылай ол кейінгі

дәуірлердегі пайғамбар өмірін баяндайтын, оның өнегелі қасиеттерін дәріптейтін мұсылмандық түркі діни әдебиетінің негізін қалады. Мысалы, пайғамбар өмірін жырлайтын қазақтың діни сарындағы әдебиеттері Ясауи дәстүрінің жалғасы екендігі анық.

Диуани Хикметте Пайғамбардың өмір жолымен қатар, оған деген сүйіспеншілікке де басымдық берілген. Құранның «егер құдайды сүйсеңдер, маған еріндер, (сонда) сендерді ол да сүйіп, күнәларыңды кешіреді де» (Али Имран 3/31), – деген аяты пайғамбарға деген сүйіспеншіліктің сопылық философияда күн тәртібіне қойылуына арқау болса керек. Ислам мистицизмі тарихында алғаш мәрте «Алланы сүйе» идеясын паш етіп, сүйіспеншілік категориясын алдыңғы қатарға шығарған Рабияту-л-Адауия болатын. Жаратқан иенің Мұхаммед пайғамбарға деген сүйіспеншілігі болмағанда ешнәрсенің жаратылмайтынын қуаттаған суфи-ойшылдар «сен болмағанда әлемді жаратпас едім», – деген құдси хадиске ерекше көңіл аударып, Аллаға деген сүйіспеншілікпен қатар Пайғамбарға деген махаббатты ортаға тастады. Ахмет Ясауидің Пайғамбарға деген сүйіспеншілігіне байланысты пайғамбар жас – 63 жасында жер астына түскендігі баршамызға белгілі. Сонымен қатар, Хикметтердегі «сүйем сені, өлтір, өрте, махшарда, Берсен жаза қанша маған Мұхаммед» (Иассауи Қ.А. 2000: 37) – деген өлең жолдары оның Пайғамбарға деген сүйіспеншілікті білдірсе керек.

Пайғамбарға деген сүйіспеншілік тек оны сүюмен шектелмейді. Пайғамбарға деген сүйіспеншілік оның жолын берік ұстап, оның өнегелі қасиеттерін, сүннеттерін қалтқысыз орындаудан тұрады. Пайғамбардың надандық дәуіріндегі ахлақсыздыққа қайшы түрде, адамзат баласына паш еткен адамды сүйе, адамдарды дініне қарап алмау принциптерін басшылыққа алған Ясауи дін өкілдерін бөліп қарамай, барша елді сүйіспеншілікке, бірлікке шақырған және мұны Пайғамбардың сүннеті деп білді:

Сүннет емес кәпір болса, берме азар,
Көңілі қатты, тілі азардан құдай безер.
Алла атынан ондай құлға тозақ даяр,
Бұл сөзді даналардан естіп айттым міне.
(Иассауи Қ.А. 2000: 9).

Ясауи ілімінде сүйіспеншілік барлық өнегелі қасиеттердің өзегін құрайтыны, сүйіспеншіліктің түп негізінде Жаратушысын, оның жіберген елшісін сүйе жатқандығы баяндалып өтті. Ұлы жаратушы мен оның елшісін сүйе білген

адам, барша адамды сүйе біледі. Ұлы бабамыз адамды сүюдің ең жоғары үлгісі Мұхаммед пайғамбар деп білді. Құран Кәрімде “Алладан басқаға құлшылық қылмаңдар, әке-шешеге жақсылық істеңдер, жақындарға жетімдерге, міскіндерге қамқорлық жасаңдар” (Бақара 2/177), – деген Алланың бұйрығына сәйкес, мұсылмандық моральдық қағидаларындағы әке-шешем, балалармен, көршілермен, туғантуыстармен жақсы қарым-қатынас жасау, үлкендерді құрметтеп, кішілерді сыйлау, әлсіздер мен мұқтаждарға көмектесу, жетімдерге пана болу сияқты негіздер адам сүйіспеншілігіне жатады. Пайғамбардың: «адамдардың ең қайырлысы – адамдарға пайдасы тигендер» немесе «қайырымды болғандарға Алла да қайырымдылық жасайды» – деген сөздеріне қарай отырып, Пайғамбардың адам сүйіспеншілігіне ерекше мән бергендігін байқауға болады. Сондықтан Ясауи адамды сүю Пайғамбардың жолы екендігін Диуани Хикметтің бір жерінде *«Ақылды болсаң ғаріптердің көңілін аула, Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый»* (Иассауи Қ.А. 2000: 7), – деп жазса, енді бірінде *«ғаріптерге рақым қылмақ Елші ісі, ғаріптерді көрген жерде ағар жасасы»* (Иассауи Қ.А. 2000: 95), – деп ғаріп, кедей, жетім сияқты әлсіз жандарға қол ұшын беруге шақырады.

Адамдардың бір-бірін сүюі қоғамдағы ауыз-бірлікке байланысты. Ұлы бабамыз бірлікті де Пайғамбардың басты ұстанымы деп есептеген. Себебі, қоғамда бірлік сақталса, бейбітшілік болады, бейбітшілік бар жерде даму да, құт-береке де, өнегелік те, бақыт та орнайды. Сондықтан Пайғамбар адамдарды алауыз ететін барлық әрекет (фитна) түрлеріне тыйым салып, үмметтерінің бірлігіне маңыз берген. Ойшыл шығармасында былай дейді:

«Өмір сүр, – Мұстафа айтты, – бауырласып,
Үмбеттер, бірге тұрың қауымдасып!»
(Иассауи Қ.А. 2000: 53).

Хикметтерде Пайғамбарымыздың өнегелі қасиеттері адамның рухани кемелденуіне жолбасшы ретінде қабылданған. Құраннан және Пайғамбарымыздың Сүннетінен алынған моральдық-этикалық категориялар Ясауи ілімінде адамның рухани өрлеуіндегі көрсеткіштер – мақамдар ретінде алынады. Атап өтер болсақ, ғаріптік, пақырлық, мусамха, кезбелік, зухд, шыншылдық, қанағатшылдық, инаба, жамандыққа жақсылық жасау, әділдік, хая (ұят), адамды сүю, иман сияқты сопылықтағы этикалық категориялар Диуани Хикметте

Мұхаммед пайғамбардан қалған мұра, оның жеке қасиеттері ретінде қарастырылады.

Пайғамбардан қалған қасиеттердің бірі – пақырлық. Пақырлық (міскіндік) – адамның өз болмыс-бітімінен арылып, құдайдың алдында жоқ болу деген сөз. Яғни пақырлық арқылы жүректегі мал-мүлікке деген махаббат жойылады. Себебі, дүниеге деген махаббат ашкөздік, тойымсыздық, сараңдық сияқты моральдық кемістіктерге жол бастайды. Ал бұл адамның рухани кемелденуіне қайшы қасиеттер.

«Пақырлық – менің мақтанышым» деген пайғамбар хадисіне сәйкес мұндай қасиет адамды менмендік сезімінен арылтады және кішіпейілдік пен қанағатшылдық сияқты өнегелік қасиетке бастайды. Пақырлық деңгейіне қол жеткізген адам дүние-мүлік пен байлықтың құлдығы мен шырмауынан азат бақытты өмір кешпек. Себебі, өмірдегі барлық бақытсыздық, мал қайғы мен ашкөздіктен, дүниеге деген қызғаншақтықтан туындайды. Сондықтан кемелденудегі маңызды категориялардың бірі болып табылатын пақырлық Ясауи ілімінде Пайғамбардың жеке қасиеті ретінде жырланады:

Міскін Мұстафа айтқанды-ды: «Пақырлыққа түсіндер,
Көңіл бөлмей дүниеге, арамдықтан күсіндер!»
(Иассауи Қ.А. 2000: 70).

Ясауи ілімі бойынша пақырлықтың толық түрде жүзеге асуы сопылықтағы «қанағат» категориясымен тығыз байланысты. Қазақ мақалдарындағы «қанағат – қарын тойдырар» деген қанатты сөз ұстамдылық пен сабырлыққа шақыратын аталған категория төңірегінде бүкіл береке мен бірліктің жинақталатынын білдірсе керек. Осы мақалдың мәнісін Сухраурдидің ойларынан да кездестіре аламыз: «үнемді, көңілі бай және тоқ көзді болу, тойымсыз, ашкөз болмау (Uludağ S. 1996: 300). Бұл моральдық тұрғыда адамның кемелденуін қамтамасыз етеді. Яғни, құдайдың бергеніне сабырлық етіп, ризалығын білдіру қанағаттың шырайын кіргізеді. Осы тақырып жайлы Мұхаммед пайғамбардың бір хадисінде: «қанағат – таусылмайтын дүние, сарқылмайтын қазына», – деген жолдар да осы ойымызды одан ары қуаттандыра түседі. Қанағат адамды қолда барына көңілі толуға, өзгенің байлығына көз тікпеуге, қызғаншақтықтан аулақ болуға тәрбиелеу жағынан маңызы зор. Сондықтан, ар ілімі ретінде саналатын Ясауи ілімінде қанағат категориясына да ерекше мән беріліп, Пайғамбардың өнегелік қасиеті ретінде орын берілген:

Жалбарынып, сәждеге бас қойып өткен Мұхаммед Қанағатқа, қабыл болып, тойып өткен Мұхаммед. (Иассауи Қ.А. 2000: 39).

Пайғамбардан қалған өнегелік құндылық ретінде Диуани Хикметте зухд (аскеттік) категориясына да мән беріледі. Суфилердің пікірлері бойынша зухд дүниеден жиреніп, о дүниелік өмірді аңсау дегенді білдіреді. Себебі, жоғарыда баяндалғаны сияқты байлық, материалдық игіліктер азғындық пен ашкөздіктің басты кілті болып табылады. Дүниені сүю, оны ойлау және алтын-күміс жолында алаңдау, қайғыру – құдайды ұмыту деген сөз. Дүние-мүлік пен байлықтың жанында нәпсі құмарлық пен жаман жолға түсу орын алады. Ал одан құтқаратын жол және кемелдену одан бас тарту арқылы ғана жүзеге асады. Сопылық ілімде байлықтан, дүние-мүліктен бас тарту, құдайды ғана ойлау зухд деп аталған. Сопылық ілімнің басты өкілдерінің бірі – Жунайд әл-Бағдади аскеттікті қолда дүниенің, жүректе мүлік иесі болу тілегінің болмауы деп түсіндірсе, Яхя бин Муаз оны қажетті болған нәрседен бас тарту деп суреттеген (Kelâbâzî 1992: 142-143). Ал Ахмет Ясауи аскеттік өмір пайғамбардың жеке қасиеті ретінде жырлаған.

Ақиқатта арам дүр, бір құдайдан өзгесі,
Олай болмай ғашықтар, дидар көрем демесін.
Ондай Расул Мұстафа дүние малын сүймейді,
Үммет болған Расулға дүние малды сүймесін.
(Иассауи Қ.А. 2000: 39).

Өз мекенінен шалғай, жат елге қалған, көмекке зәру ғаріптік де Ясауи Хикметтерінде көп қолданылатын термин болып табылады. Меккеден Мединеге сапар шегіп, құдайдың ризалығы үшін өз елінен, жерінен шалғайда қалған Пайғамбар ғаріптіктің қиындықтарын басынан өткергендігін Ясауи былай суреттейді:

Мәдинеге Расул барып, болды ғаріп,
Ғаріп болып, Хаққа жақын болды ақыр.
(Иассауи Қ.А. 2000: 95)

Рухани кемелдену жолында ұятты болудың да өзіндік орны бар. Сопылық терминологияда ұят «хая» терминімен түсіндіріледі. Осы турасында пайғамбардың «хая үнемі жақсылық алып келеді», – деген хадисі аталған сопылық категорияның мәнін ашады. Ол – жанның бір нәрсені жүзеге асырудан немесе жүзеге асырмаудан ұялуы деген сөз. Ұятты болу инабаттылық-

тың белгісі екендігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Ұятты бар адам – әділетке жаны құмар адам деген сөз. Демек, хая мен әділеттілік аспанға самғаған құстың қос қанаты тәрізді. Түркі сопылығында хая екі түрлі болып келеді. Оның бірі ұятты жерлердің ашылып қалуынан ұялу болып табылатын әдеттегі хая болса, келесісі – құдайдан қорқатын адамның күнә істеуден ұялуы болып есептелетін діни хая (Uludağ S. 1996: 229). «Хая – иманнан», деген пайғамбар хадисінің мәні жаман, күнә істерді орындауға дәті шыдамау деген сөз, сондықтан, ұятты бардың – иманы бар, құдайға сенетін, одан қорқатын адамның ғана әдепсіздік әрекеттерден ұялатыны қуатталады. Мүміннің алдымен Алладан ұялуы тиіс деп баяндалады сопылық еңбектерде. Ол үшін ғибадаттарды шынайы ықыласымен жүзеге асыруы қажет (Bin Emrullah A. 1994: 38). Ясауи бабамыз жоғарыда Пайғамбардың хадистерін қуаттап имандылық хаямен байланысты екендігіне тоқталған:

Расул: «Иман жаны – ұят», – депті
Аздырды арсыз қауым ақыр, достар.
(Иассауи Қ.А. 2000: 50).

Пайғамбардың хадисіне сәйкес ұятты иманның жаны мен мәні деп түсіндірген Ясауи ілімінде адамның моральдық-этикалық сапасын айқындайтын имандылық категориясы басты орында тұрады. Иман – Аллаға және оның бұйырғандарына жүрекпен сену және оны жариялау деген сөз (Aydın A.A. 1994: 129). Сонымен қатар жамандыққа аяқ басуға ұялу, құдайдан қорқу, жақсы мен жаманды айыра білу және оны іс жүзінде орындау имандылықтың негізгі көрсеткішіне жатады. Иmandылық – мұсылмандықтың алғашқы баспалдағы әрі моральдық-этикалық кемелдіктің кілті. Ал имандылықтың ішкі мәніне келер болсақ, ол – Алланың барлығы мен бірлігіне, Мұхаммедтің оның құлы екендігіне шын жүрекпен сену. Мұсылмандық этикалық құндылық осы құдайдың бірлігінен, Мұхаммедтің оны елшісі екендігінен бастау алады. Себебі, Алланың кітабы Құран мен пайғамбар сүннеттері моральдық-этикалық қасиеттерге тұнып тұр деп қуатталады. Иман алты доғмаға негізделген: Аллаға, періштелеріне, пайғамбарларына, кітаптарына, ахирет күніне, тағдырға иман. Аталмыш мұсылмандық доғмалар мораль мәселесімен байланысты барлық салаларда негізгі идеялық жетекшілік атқарады. Демек, өнегелі ахлақ жүректегі иманның мәнін айшықтайды және ол Жаратқан иенің сыйы, Пайғамбарға се-

ну де имандылық екендігін Ясауи Хикметтерінде былай жырлап өткен:

Алла бізге иман сыйлық жеткізді,
Ол Мұстафа Хақ Расулы деп білді,
Бекем қылар мадақ айтсаң бек дінді,
Басқа ісінді көтермейді аят-ар
(Иассауи Қ.А. 2000: 78).

Иманның мәні мен маңызы, діни сенімдегі алар орны, оның ішінде пайғамбарлыққа иман Ясауи ілімінің жолбасшылары – Әбу Ханифа мен әл-Матуриди және әл-Фараби ілімінде жан-жақты зерделеніп, Ясауидің пайғамбарлық, Мұхаммед пайғамбар жайындағы көзқарастарының қалыптасуына белгілі бір деңгейде әсер еткен.

Өзіне дейінгі теологиялық шығармалардағы тәрізді Ахмет Ясауи шығармасында пайғамбарлыққа тән сипаттардың кейбіріне орын берілген. Осы сипаттар пайғамбарлықтың басты ерекшеліктері болып табылады. Солардың бірі – сыдқ. Сыдқ – шыншылдық деген сөз. Пайғамбарлар – тура сөзді, олардың өтірік айтуы әсте мүмкін емес және өтірікті мүлдем ұнатпайды. Ахмет Ясауи жолбасшыларының іліміне сәйкес Пайғамбардың сыдқ сипатына басымдық беріп, Мұхаммед пайғамбардың өтірікшілерді мүлдем ұнатпағандығын былай жырлайды:

«Кэзаптар емес үмметім», – дейді білің Мұхаммед,
Алдамшылар қауымы үмбетім демес Мұхаммед.
Тура жүріп, Хақ іздеген кісіні,
Үмбетім деуге, асылы тоймас,
Мұхаммед. (Иассауи Қ.А. 2000: 38)

Матуридилік теологиясына сәйкес пайғамбарлықтың келесі сипаты – аманат, ол сенімді болу мағынасын білдіреді. Пайғамбарлар – адамдар ішіндегі ең сенімдісі. Олар сенімсіздік тудыратын нәрселер істемейді. Пайғамбарлар аманатқа ерекше мән беріп, қиянаттан үнемі аулақ болған. Себебі, сенімді болмаған адам сөзінде тұрмайтындықтан, ондай адам пайғамбарлық міндетті атқара алмайды. Мұны ойшыл былай түсіндірген:

Пайғамбар бәріне де жақсы ұнады,
Жандарын қызметіне тапсырады
(Иассауи Қ.А. 2000: 74).

Пайғамбардың әу баста күнәлардан сақтандырылғандығы, ізгілік жолында адамзат баласына

үлгі бола білгендігі, үлгі болуда оның матуридилік теологиясына сәйкес ақылды, құдайлық жіберген әмірлері мен тыйымдарын адамдарға жеткізгендігі, дін жолында халыққа үгіт-насихат (таблиғ) жасағандығы, өзінің тапқырлығымен, уағыз насихатымен, көркем мінезімен дүйім жұртты артынан ілестіре алғандығы, осылай өзіне міндеттелген істі атқарғандығы (Иассауи Қ.А. 2000: 74) Диуани Хикметте баяндалады.

Пайғамбарлық тақырыбы бойынша теологиялық кітаптарда ерекше екіпін берілетін мәселе – мұғжиза. Діни шығарма ретінде Ахмет Ясауидің Диуани Хикметінде де мұғжизаға (Иассауи Қ.А. 2000: 74) орын берілген. Мұғжиза – жіберген пайғамдарының пайғамбарлығын дәлелдеу мақсатында Алланың жаратқан және адамның оған ұқсасын жасай алмайтын ғажайып оқиға деген сөз. Ондағы мақсат – Алланың дінін алып келген адамның шынайы пайғамбар екендігін адамдардың көзін жеткізу. Диуани Хикметте Пайғамбардың миғраж мұғжизасы көп орын алады. Миғраж – Пайғамбардың көкке Алланың құзырына жоғарылауы деген сөз. Диуани Хикметтің бір жерінде «*Сол түні Миғраж шығып дидар көрді*» (Иассауи Қ.А. 2000: 7), – десе, енді бірінде «*Миғраж асып дидар көрген Мұхаммед*» (Иассауи Қ.А. 2000: 39), – деп миғраж оқиғасын түсіндірген.

Әл-Матуриди каламын одан ары дамыта отырып, сопылық философиямен ұштастырған Ахмет Ясауи сопылық философиядағы рухани миғраж ілімін ортаға қойды. Сопылық тарихында рухани миғраж ілімін алғаш мәлімдеген Баязит Бистами болатын. Ибн Араби шығармаларында да рухани миғраж оқиғасы баяндалады. Ойшыл шығармасында рухани миғраж оқиғасын былай жырлаған:

Дидар көріп рухым ұшып Ғарышқа қонды,
Мұса сынды барлық мүшем күйіп-жанды.
Мәжнүн сипат дос туыстан қашып тынды,
Мұстафаға аса тұтып кірдім міне.
(Иассауи Қ.А. 2000: 18).

Сопылық философиясы тарихында Әбу Саид әл-Харраз бен Сахл ат-Тустари Пайғамбарды «нұрмен» символдай бастады. Одан соң Халлаж Мансур нұр терминіне ерекше көңіл бөліп, «Нұру Мухаммади» тезисін одан ары дамытты. Осы тезиске қарағанда Алла ең алдымен Мұхаммед пайғамбардың нұрын, осы нұрдан өзге жаратылыстарды жаратқан. Осы тезис «Хақиқати Мухаммадия» деп те аталады. Хақиқат Мухаммадия іліміне ерекше мән беріп, осы тақырыпта

көлемді еңбек жазған ибн Араби екендігі сопылық зерттеулерде белгілі. Мұхаммед нұры терминін Ахмет Ясауи де қолданып, әлемнің түп негізі осы нұрдан тұратынын былай түсіндіреді:

Бұл жиһанға Мұхаммед нұры толды,
Ол нұрмен екі дүние жарық болады екен.
(Иассауи Қ.А. 2000: 104).

Ясауи ілімінде Пайғамбар шапағатының да маңызы зор. Құран аяттары мен Пайғамбар хадистеріне сәйкес мұсылман ғұламалары шапағатты ахиретте мүміндердің күнәсі кешірілуін, ал тақуа мүміндердің жұмақтағы дәрежелерін одан ары көтеру мақсатымен Пайғамбардың Алладан сұрауы деп түсіндірген. Хикметтерінде Ясауи Пайғамбардың шапағатына орын береді:

Пендеңмін деп ол құлы, Пайғамбар ісін қолдаса,
Шапағат күні мақұрым қалдырмас Мұхаммед.
(Иассауи Қ.А. 2000: 38).

Фана термині сопылық философияда Аллаға қатысты қолданылатын категория болғанымен (фана филлах), Пайғамбарға қатысты қолдану да әдетке айналған (фана фи-р-расул). Фана – өзін жоқ деп есептеу, яғни сопылық дариясына терең сүңгіген дәруіш Алланың алдында өзінің мәнін жоғалтып жоқ болады деген сөз. Суфилердің пікірі бойынша Пайғамбардың алдында өзін ешкім санамау, жоқ болу Алланың алдында жоқ

болудың бастамасы болып табылады. Бұл Алла жолында оның дінін алып келген Пайғамбардың алдында адам өзінің пенделік қалау-тілектерін, күйбең тіршілікті, дүниелік ниеттер мен ойларды жоқ ету, тек Пайғамбардың ұсынған жолын берік ұстау дегенді білдіреді. Фана категориясының мәнін Ясауи Хикметтерінен көптеп кездестіруге болады. Ол Пайғамбардың жолында топырақ сипат, жоқ болуды хикметтерінде жиі жырлаған.

Есіме түсіп, жанымдай сүйген Мұхаммед,
Сенің жолыңда пида болам, Мұхаммед
(Иассауи Қ.А. 2000: 53).

Қорытынды

Қорытындылай келе, сопылық шығармаларда жиі кездесетін керемет Пайғамбардың жолын ұстаудың жемісі ретінде қабылданады. Оның дүние салуымен уахи тоқталды, бірақ, түс, илхам арқылы ғайыптан хабарлар алу үзілген емес. Суфилер өздерін Пайғамбардың мұрагері деп санаудың себебі пайғамбардың жүзеге асырған рухани өмірді жалғастыруына байланысты болса керек. Суфизмдегі осы дәстүр Ясауи ілімінде де сақталған. Халық аңызы мен Хикметтердегі Пайғамбардан аманат ретінде жеткен құрма Пайғамбардан қалған рухани жолдың Ахмет Ясауиге мұра болғандығын білдірсе керек. Бұл халық арасындағы Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет деген сөзбен түсіндіріледі.

Әдебиеттер

- 1 Tosun, Necdet. Yeseviliğin ilk dönemine ait bir risâle: Mir'atu'l-kulub // İLAM Araştırma Dergisi, sy. 2. 1997, s.41-85;
- 2 Devin De Weese. *The Yasavi Order and Persian Hagiography in Seventeenth-Century Central Asia: AlimShaykh of Aliyabad and his "Lamahat min nafahatal-quds"* // *The Heritage of Sufism*, Vol. III. – Oxford, 1999
- 3 HayraniAltuntaş. *Tasavvuf Tarihi*. – Ankara, 1986.
- 4 Güngör, Erol, *İslam TasavvufununMeseleleri*. – İstanbul, 1996.
- 5 Hardy,George, *TasavvufunRusya'dakiMücadelesi*, çev. ÖmerKaraman, Mayen,Sayı: 92-95(Temmuz-Ekim 1984).
- 6 Massignon, Louis, "Tasavvuf", *İslam Ansiklopedisi*. – C. XII. – İstanbul, 1974.
- 7 Ocak, Ahmet Yaşar,*TürkSufiliğineBakışlar*. – İstanbul, 2002.
- 8 Arnold,T.W., *İntişar-ı İslam Tarihi, I-III, Hasan Gündüzler, Akçağ Yayınevi*. – Ankara, 1971.
- 9 Иассауи Қ.А. ауд. Ибатов Ә.М., Жандарбек З., Нұрманова А.Ш. *Хикметтер*. – Алматы, 2000
- 10 Uludağ S. *Tasavvuf terimleri sözlüğü*. – İstanbul: Marifet yayınları, 1996. – 608 s.
- 11 Kelâbâzî. *Doğuş Devrinde Tasavvuf Ta'arruf*. çev. Uludağ S. – İstanbul: Dergah yayınları, 1992. – 328 s.
- 12 Bin Emrullah A. Hamidi M. *İslâm ahlâkı*. – İstanbul: Hakikat yayıncılık, 1994. – 560 s.
- 13 Aydın A.A. *İslâm inançları ve felsefesi*. Ankara: Diyanet işleri Başkanlığı yayınlari, 1994. – 338 s.
- 14 Roy, Olivier, *YeniOrtaAsyaya da UluslarınİmalEdilişi*, çev. Mehmet Moralı. – İstanbul, 2000.
- 15 Bennigsen, Alexandre, Lemercier, QuequelJayChantal, *SufiveKomiserRusya'da İslam Tarikatları*, çev. OsmanTürer, Akçağ Yayınevi. – Ankara,1988.

References

- 1 Tosun, Necdet. Yeseviliğin ilk dönemine ait bir risâle: Mir'atu'l-kulub // İLAM Araştırma Dergisi, sy. 2. 1997, s.41-85;
- 2 Devin De Weese. The Yasavi Order and Persian Hagiography in Seventeenth-Century Central Asia: AlimShaykh of Aliyabad and his "Lamahat min nafahatal-quds" // The Heritage of Sufism, Vol. III. – Oxford, 1999
- 3 HayraniAltuntaş. Tasavvuf Tarihi. – Ankara, 1986.
- 4 Güngör, Erol, İslam TasavvufununMeseleleri. – İstanbul, 1996.
- 5 Hardy,George, TasavvufunRusya'dakiMücadelesi, çev. ÖmerKaraman, Mayen,Sayı: 92-95(Temmuz-Ekim 1984).
- 6 Massignon, Louis, "Tasavvuf". İslam Ansiklopedisi, – C. XII. – İstanbul, 1974.
- 7 Ocak, Ahmet Yaşar,TürkSufiliğineBakışlar. – İstanbul, 2002.
- 8 Arnold,T.W., İntişar-ı İslam Tarihi, I-III, Hasan Gündüzler, Akçağ Yayınevi. – Ankara, 1971.
- 9 Iassauı K.A. aud. İbatov A.M., Zhandarbek Z., Nurmanova A. Sh.Hikmetter. – Almaty, 2000.
- 10 Uludağ S. Tasavvuf terimleri sözlüğü. – İstanbul: Marifet yayınları, 1996. – 608 s.
- 11 Kelâbâzî. Doğuş Devrinde Tasavvuf Ta'arruf. çev. Uludağ S. – İstanbul: Dergah yayınları, 1992. – 328 s.
- 12 Bin Emrullah A. Hamidi M. İslâm ahlâkı. – İstanbul: Hakikat yayıncılık, 1994. – 560 s.
- 13 Aydın A.A. İslâm inançları ve felsefesi. Ankara: Diyanet işleri Başkanlığı yayınları, 1994. – 338 s.
- 14 Roy, Olivier, YeniOrtaAsyaya da UluslarınİmalEdilişi, çev. Mehmet Moralı, – İstanbul, 2000.
- 15 Bennigsen, Alexandre, Lemercier, QuequeljayChantal ,SufiveKomiserRusya'da İslam Tarikatları, çev.OsmanTürer, AkçağYayınevi. – Ankara,1988.

Нурманбетова Д.Н.,
Нурышева Г.Ж., Азербайев А.Д.

**Аль-Фараби и мусульманская
реформация: традиции и
новаторства**

Многогранное наследие основоположника восточного перипатетизма аль-Фараби синтезировало в себе исламскую духовность и античный рационализм. В связи с чем можно сказать, что аль-Фараби определил сущность и значимость исламской рациональности. Наследие философа из Отрара стало востребованным в XIX веке. К идеям Аристотеля Востока обратились деятели исламской реформации, предпринимавшие попытки вывести из отсталого состояния мусульманское общество, при этом оптимально сбалансировать ислам с научными, социально-культурными, техническими достижениями Запада. Основной целью исследования является выявление сформулированной аль-Фараби концепции равноценности веры и разума, религии и философии в творчестве мусульманских реформаторов. Основу методологии проведенного историко-философского исследования составил генетический метод, выявленный русским философом, психологом, последователем российского неокантианства А.И. Введенским. Научной новизной исследования является выявление и обозначение идей аль-Фараби в творчестве мусульманских реформаторов из Индии, Египта и Афганистана и в наследии татарских реформаторов. Результаты исследования могут применяться в разработке теоретической базы по преодолению проблем адаптации мусульман Ближнего и Среднего Востока в новой социально-культурной среде и их интеграции в мировое сообщество при сохранении внутренней исламской духовности. Кроме того, основные выводы по итогам исследования могут быть использованы при составлении концептуальных основ программ по борьбе с деструктивными организациями, имеющими внешний религиозный окрас.

Ключевые слова: аль-Фараби, мусульманская реформация, традиция, новаторства.

Nurmanbetova J.N.,
Nuryшева G.Z., Azerbayev A.D.

**Al-Farabi and Muslim
reformation: traditions and
innovations**

Al-Farabi is the founder of eastern peripatetism. His multifaceted heritage synthesized in itself Islamic spirituality and antique rationalism. In this connection, we can say that al-Farabi defined the essence and importance of Islamic rationality. The legacy of the philosopher from Otrar was become popular in the XIXth century. Leaders of Islamic reformation used al-Farabi's ideas. They attempted withdraw from backward Muslim community and create optimal balance between Islam and European scientific, socio-cultural, technological achievements. The main objective of the research is to identify concept of equivalence between faith and mind, religion and philosophy formulated by al-Farabi in the works of Muslim reformers. The basis of methodology in this research was genetic method revealed by Russian philosopher, psychologist, and follower of Russian Neokantianism A.I. Vvedensky. Scientific novelty of the research is the identification and designation al-Farabi's ideas in the works of Muslim reformers from India, Egypt, and Afghanistan and in the heritage of Tatar reformers.

Key words: al-Farabi, Muslim Reformation, Tradition, Innovation.

Нурманбетова Ж.Н.,
Нурышева Г.Ж., Азербайев А.Д.

**Әл-Фараби және мұсылман
реформациясы: дәстүр мен
жаңарту**

Шығыс перипатетизмінің негізін қалаушысы әл-Фарабидің сан қырлы мұрасы ислам руханияты мен антикалық рационализмді тоғыстырды. Сондықтан әл-Фараби ислам рационализмінің мәні мен маңызын анықтады деп айтуға болады. Отырарда дүниеге келген ойшылдың мұрасы XIX ғасырда қажетті болды. Шығыс Аристотелінің идеяларын ислам реформациясының қайраткерлері қолдады, олар ислам дінін Батыстың ғылыми, әлеуметтік-мәдени, техникалық жетістіктерімен оңтайлы үйлестіре отырып, мұсылман қоғамын артта қалғандықтан шығаруға тырысты. Әл-Фараби тұжырымдаған дін мен ақылдың, дін мен философияның тең құндылығы концепцияларын мұсылман реформаторларының шығармашылығында айқындау зерттеудің негізгі мақсаты болып табылады. Тарихи-философиялық зерттеу әдіснамасының негізі – орыс философы, психолог, ресей неокантшылдығының ізбасары А.И. Введенский тұжырымдаған генетикалық әдіс. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Үндістан, Мысыр, Ауғанстанның мұсылман реформаторларының шығармашылығындағы және татар реформаторларының мұрасындағы әл-Фарабидің идеяларын анықтау.

Түйін сөздер: әл-Фараби, мұсылмандық реформация, дәстүр, жаңашылдық.

АЛЬ-ФАРАБИ И МУСУЛЬМАНСКАЯ РЕФОРМАЦИЯ: ТРАДИЦИИ И НОВАТОРСТВА

Введение

На сегодняшний день территория Ближнего и Среднего Востока представляет «горячую точку» в мировой геополитике. «Колыбель» авраамических религий раздираема противоборством политических интересов, что создает напряженную ситуацию. Коренное мусульманское население находится в зоне военных действий. В связи с этим Европа в последние годы заполняется беженцами иной культуры, которые не всегда могут адаптироваться в европейских условиях. Это создает социальную напряженность, обусловленную соприкосновением двух мировых культур, европейской и арабо-мусульманской. Тем самым, поиск оптимального пути духовного, социально-культурного развития мусульман в настоящее время особо актуален.

Кроме того, следует напомнить, что в последнее десятилетие в некоторых республиках СНГ сталкиваются интересы последователей «местного» традиционного ислама и салафизма, ваххабизма, привнесенного из Саудовской Аравии. Полемика о «чистоте ислама» принимает обостренное состояние. Как известно, салафия призывает следовать строго «написанному», всячески избегать каких-либо новшеств извне. В противовес последователям подобных течений следует сказать, что фальсафа как философское направление также возникло в лоне исламской культуры, ориентировано на вселенскую гармонию и высшей ценностью его провозглашен человек. Восточные перипатетики также осмысливали содержание священного писания мусульман только посредством аристотелевской логики, что было наиболее полезным и значительным новшеством, заимствованным из наследия античных греков. Тем самым, идеи восточных перипатетиков также могут быть учтены для формулирования концепций и теорий адаптации мусульман в новых условиях и их интеграции в мировое сообщество.

Многогранное наследие Абу Насра аль-Фараби как основателя восточного перипатетизма оказало влияние на становление мировоззрения философов и ученых последующих эпох. Мыслитель разработал основы исламской рациональности, учитывающей равноценность веры и разума, религии и фило-

софии. Данный концепт стал ключевым в оптимальном соотношении традиционной исламской духовности и мировых новаторств Нового времени. Идеи аль-Фараби были актуальны и на рубеже XIX-XX вв. Рациональное толкование Корана позволяло избавиться от отживших суеверий и предрассудков, которые создавали преграды к культурному, социальному и техническому прогрессам. Философское учение аль-Фараби представлялось особо значимым и востребованным с целью осторожного, безболезненного реформирования жизненного уклада мусульманского населения XIX века, поскольку содержит в себе античный рационализм, ориентированный для осмысления основ ислама. Индийский философ и общественный деятель Сайид Ахмад-хан (1817-1898), идеолог панисламизма, уроженец Афганистана Джемаль ад-Дин аль-Афгани (1839-1897), египетский общественный и религиозный деятель Мухаммад Абдо (1849-1905), индийский поэт, философ и общественный деятель Мухаммад Икбал (1877-1938) известны всему миру как реформаторы ислама. Главной их целью было выведение мусульман из отсталого состояния, в связи с чем реформаторы обращались к трудам арабоязычных перипатетиков.

В пределах Российской империи проживало немалое число мусульман, находящихся так же, как и мусульмане Ближнего и Среднего Востока, Индии, Северной Африки, в колониальной зависимости. Казань, кроме того, что была центром российского ислама, в XIX веке уже представляла собой научный, культурный и образовательный центр. Среди татар выделились деятели, глубоко задумывавшиеся над исторической ролью мусульман Российской империи, их будущностью. Среди татарских реформаторов необходимо выделить А. Утыз-Имяни (1754–1834), А. Курсави (1776-1812), Ш. Марджани (1818-1889), Р. Фахретдина (1859-1936), М. Биги (1875-1949) и З. Камали (1873-1942). Следует отметить, что историками прослеживаются взаимодействия и даже взаимовлияния деятелей татарской реформации и выше упомянутых реформаторов из Индии, Афганистана и Египта. При этом нельзя не подчеркнуть, что в той или иной степени общим идейным основанием мусульманской реформации было наследие восточных перипатетиков, в частности, философия аль-Фараби.

На протяжении полувека наследие аль-Фараби изучалось в Казахстане, Узбекистане, Таджикистане, Турции, арабских странах, в Европе. Деятельность и творчество Сайида Ахмад-

хана, Джемаль ад-Дина аль-Афгани, Мухаммада Абдо, Мухаммада Икбала изучается по сей день в странах Юго-Восточной Азии, Ближнего и Среднего Востока, Европы и др. Деятельность татарских реформаторов активно исследуется в Российской Федерации. Однако историко-философский анализ идейных истоков татарских реформаторов следует больше дополнить сегментом философии арабоязычных перипатетиков, а точнее наследием аль-Фараби. В связи с этим целью данной статьи является выявление сформулированных аль-Фараби концепции равноценности веры и разума в творчестве мусульманских реформаторов. С учетом того, что объектом исследования является философия аль-Фараби и наследие мусульманских реформаторов, предметом исследования определена сформулированная мусульманскими реформаторами концепция выведения из духовного кризиса, состояния отсталости мусульманского населения на рубеже XIX-XX вв., основывающаяся на идеях аль-Фараби.

Методология и методы исследования

В проведенном историко-философском исследовании применялся принцип М. Хайдеггера «мыслить вслед за философом дальше, чем он сам» (Фалёв 2014: 194), что проявилось в обозначении под призмой современности концептов, доводов на основе анализа трактатов аль-Фараби.

никак нельзя было обойтись без генетического метода, выявленного русским философом, психологом, последователем российского неокантианства А.И. Введенским. Данный метод позволяет рассмотреть «причинную связь явлений», определить «исходные пункты» той или иной философии, «которые определяют ход ее развития» (Малинов 2006: 195). История философии определяет факторы, побудившие историческую личность к философскому исследованию, предшествующий опыт философского осмысления той или иной проблемы, траекторию развития философского течения (Малинов 2006: 194). В исследовании сделан акцент на предпосылках становления мировоззрения мусульманских реформаторов, составивших основу их творчества и деятельности, и на причинах, побудивших их обратиться к философии аль-Фараби. Важнейший аспект истории философии – это определение «преимущественности мышления» (Малинов 2006: 196), выявление в творчестве мыслителей разных исторических

эпох одной философской традиции, философской культуры. Тем самым, проведенное исследование заключается в выявлении исламской рациональности, концепции равноценности веры и разума, религии и философии, сформулированных аль-Фараби, в творчестве мусульманских реформаторов.

Обзор литературы. Несмотря на большую изученность наследия аль-Фараби, выявление концептов его философии в творчестве мусульманских, тюркских философов, общественно-политических, религиозных деятелей представляет широкое поле для исследований и в перспективе может выделиться в отдельное направление фарабиеведения.

Касательно проведенного исследования следует выделить несколько работ зарубежных авторов. Профессор **Dallas Университета Joshua Parens** в монографии «An Islamic philosophy of virtuous religions. Introducing Alfarabi» утверждает, что аль-Фараби отстаивал срединный путь **между воздержанностью и гедонизмом (Parens 2006: 69)**, что составляет суть добродетельной религии как мусульманской духовности.

Профессор **Xavier Университета Michael J. Sweeney** в статье «Philosophy and «Jihād:» Al-Fārābī on Compulsion to Happiness», напротив, отводит религии роль «препятствия» в деле распространения и убеждения в истинности нравственных предписаний, имеющих философское основание. Поскольку аль-Фараби призывает к «принуждению к добродетели», под которой подразумеваются не только нравственные, но и политические, гражданские основания (Sweeney 2007).

Acmad Toquero Macarimbang в статье «Envisioning A Perfect City: on introduction to Al Farabi political philosophy», рассматривая проблемы политической философии аль-Фараби, утверждает о нереальном характере «совершенного правителя», но данный посыл может быть вдохновляющим современные мусульманские общины в стремлении к подлинному счастью (Macarimbang 2013).

Коллективная статья пакистанских исследователей **Muhammad Rauf, Mushtaq Ahmad, Zafar Iqbal** «Al-Farabi's philosophy of education» содержит разъяснения проекта «идеального общества» аль-Фараби посредством образования (Rauf, Ahmad, Iqbal 2013). Образование, подразумевающее приобретение знаний, навыков, восприятие ценностей, приводит к счастливой жизни. В связи с этим правящие элиты должны продемонстрировать образованность и воспитанность.

Авторы утверждают о последовательности процесса обучения, начиная с логики, семи форм математики, естественных наук, гуманитарных наук, юриспруденции и академического богословия.

В работах индийских исследователей **Filza Waseem (Waseem 2014), Tauseef Ahmad Parray (Parray 2015), Kaleem Kawaja (Kawaja 2014), Peer Naseer Ahamad (Ahamad 2014)** повествуется о деятельности и взглядах Сайида Ахмад-хана в контексте «модернизма» как движения примиряющего ислам с европейскими ценностями XIX века.

В работах **Abba Idris Adam (Adam 2014), Hafiz Zakariya (Zakariya 2011), Ibrahim Abu Bakar (Abu Bakar 2012), Zubair Hamid (Hamid 2014), Aasia Yusuf (Yusuf 2012), Ahmad N. Amir, Abdi O. Shuriye, Ahmad F. Ismail (Amir, Shuriye, Ismail 2012)** рассмотрено творчество и деятельность Мухаммада Абдо как основоположника исламского «модернизма». Исследователи рассматривают историческое явление исламского «модернизма» как ответ на гегемонию Запада. Поскольку в XIX веке мусульмане Африки, Азии и Юго-Восточной Азии, потеряв суверенитет, попали в колониальную зависимость от европейцев. В связи с этим Мухаммад Абдо обозначил в исламской духовности рациональные основания. И тем самым, ислам был совместим с науками и прогрессом. С целью спасения исламской цивилизации Мухаммад Абдо предлагал отказаться от догматизма и суеверий, реформатором предлагалась иная интерпретация ислама, ориентировавшая мусульман на оптимальное балансирование с западной культурой и ценностями. Всецело соглашаясь с доводами исследователей, следует сказать, что, возможно, если бы реформация коснулась всех без исключения слоев мусульманского общества, история исламского мира имела совсем иную траекторию. В коллективной статье **Ahmad N. Amir, Abdi O. Shuriye, Ahmad F.** «Muhammad Abduh's scientific views in the Qur'an» выявлены научные методы анализа текста Корана, которые позволяют рационально и аналитически осмыслить текст священного писания (Amir, Shuriye, Ahmad 2012). Мухаммад Абдо посредством научной экзегезы рассматривал Коран как руководство для человечества во всех аспектах жизни и отстаивал актуальность священного писания в соответствии с изменяющимися условиями и потребностями времени (Mohd, Husin, Wan Abdullah 2014: 238).

Пакистанский исследователь **Malik Mohamad Tariq** в статье «Jamal Ad-Din Afghani: A Pioneer of Islamic Modernism», повествуя о деятельности Джамал ад-Дина ал-Афгани, также акцентирует внимание на вторжении Запада в периферийные мусульманские государства. Как утверждает профессор, Джамал ад-Дин аль-Афгани, будучи одним из основоположников исламского «модернизма», не принимал в чистом виде традиционализма и отвергал некритическое отношение к Западу. Выдвигал важность прагматических ценностей, таких как политическая активность, рациональный подход ко всем проблемам и аспектам человеческой жизни, политическое и военное укрепление исламских государств (Tariq 2011).

Из обзора зарубежной литературы прослеживается, что исследователи отождествляли модернизм и реформаторство. В то время как советский и российский философ, историк философии Степанянц М.Т. выделяет главных 4 типа религиозного сознания, а именно, ортодоксию, модернизм, реформаторство, возрожденчество (Степанянц 1982: 7). Как замечает исследователь, «наблюдается терминологический и идейный разнобой, препятствующий более глубокому пониманию идеологических процессов, проходящих в общественной жизни мусульманских стран» (Степанянц 1982: 8). Тем самым, Степанянц М.Т. строго разделяет модернизм и реформаторство. Модернизм получает вовсе иное толкование. Российский философ в качестве основных движущих сил модернизма определяет «компрадорскую буржуазию и часть интеллигенции, получившую западное образование» (Степанянц 1982: 10). Как утверждает исследователь, главная идея модернизма заключалась в заимствовании стандартов западного «общества потребления», в связи с этим, насаждался курс «догоняющего развития», что создавало общество «зависимого капитализма». В целом, концепты модернизма способствовали еще большему социальному, имущественному расслоению, увеличивая разрыв между «элитой и массами» (Степанянц 1982: 10). Тогда как мусульманские реформаторы названы противниками модернистов. Если реформаторы считали, что каноны ислама необходимо приспособить к изменяющимся условиям, то модернисты придерживались мнения, что «ислам не содействует прогрессу, более того, его предписания служат тормозом развития общества, поэтому мусульманам надлежит обратиться к ценностям западного буржуазного мира, ко-

торые одни могут обеспечить процветание» (Степанянц 1982: 9). Тем самым, можно сделать вывод, что зарубежные авторы рассмотренных работ не учитывают принципиальных различий среди ответвлений общего интеллектуального, социально-культурного, политического «обновленческого» движения мусульман.

Исламская рациональность и образ мусульманина в философии аль-Фараби и творчестве мусульманских реформаторов

Деятели мусульманской Реформации Сайид Ахмад-хан, Джемаль ад-Дин аль-Афгани, Мухаммад Абдо, Мухаммад Икбал отчасти руководствовались наследием арабоязычных перипатетиков. Они считали, что необходимо «реформировать» жизненный уклад мусульман, что возможно было только при пересмотре сложившейся на тот период религиозной ситуации. Следует воздержаться от словосочетания «пересмотра религии», поскольку, во-первых, под исламом следует понимать и религию, и философскую систему. Во-вторых, можно считать ошибочным заявлением современных радикальных религиозных течений, утверждающих, что якобы «чистый ислам» не может быть совмещен с благами современной цивилизации. В онтологическом осмыслении идеи реформаторов сближаются с учением аль-Фараби в том плане, что человек ответственен за свое положение. Фатализм не имеет какого-либо значения. Второй Учитель считал, что добродетель приобретается человеком самостоятельно, аналогично человек достигает и счастья. Сайид Ахмад-хан также утверждал, что человек не может полагаться на сверхъестественные силы, индийские мусульмане должны завладеть «духом независимости», ощутить себя социальной силой (Степанянц 1982: 55).

Бог в онтологии аль-Фараби и индийского реформатора Сайид Ахмад-хана представлен как Первопричина мира. Бог – творец мира и установитель естественных законов. Наиболее примечательным в определении сущности божества является утверждение о невмешательстве бога в жизнь человека, так как законы природы и морали уже установлены (Степанянц 1982: 54). Бог как в наследии аль-Фараби, так и идеях Сайид Ахмад-хана предоставил человеку свободу познания, выбора и деятельности. Божество как Первопричина является началом мира, совершенством, однако ответственность за выбор между добром и злом, добродетелью и невежеством возлагается не на бога, а на человека.

Наиболее важным общим постулатом фило-

софии аль-Фараби и положений мусульманской реформации является рациональное понимание религии и действительности. Следует отметить, что в исламской культуре рациональность занимает первенствующее положение. Соглашаясь с мнением Г.К. Курмангалиевой о том, что «философская мысль более склоняется в концептуальном отношении к многообразию форм рациональности, их исторической обусловленности, определяемой в значительной мере личностью мыслителя, системой ценностей и особенностью эпохи» (Курмангалиева 2014: 28), можно выделить рациональность исламской философии, отличающуюся от европейской научной рациональности Нового времени. Г.К. Курмангалиева, отстаивая позицию варьирования типов рациональности, делает вывод, что под типом рациональности «подразумевается определенный каркас философско-мировоззренческих оснований, познавательных норм и ценностных установок, определяющий целостность человеческой жизнедеятельности, на котором она строится и в русле которого она протекает» (Курмангалиева 2014: 34).

Аль-Фараби заложил основы исламской рациональности, содержащей «органическое единство знания и веры» (Соловьева, Курмангалиева, Сейтахметова, Мансурова, Байдаров, Жанабаева 2014: 17). Рациональность имеет и гносеологическое, и онтологическое значение, как «способ, каким человек вписывается в мир, изначально сотворенный Всевышним». Аль-Фараби выделяет два подхода в постижении веры. Первый предназначен для «просвещенных, мудрецов или философов», основывается на разуме, доказательстве и логике. Второй подход – для народных масс, содержит «воображение, символы, образы». Мыслитель рационально доказывает бытие Бога (Соловьева, Курмангалиева, Сейтахметова, Мансурова, Байдаров, Жанабаева 2014: 18).

Әбу Мансур әл-Матуридидің жоғарыдағы тәпсір-тәуілді ажыратып оған берген анықтамаларына байланысты құран тәпсіршілеріне жеңілдік әкелді және өзінен кейінгі ислам ғалымдарының аяттарға еркін түсіндірме жасауларына жол ашты. Имам Матуридидің, Хз. Пайғамбардың және сахабалардың құран аяттарының түсіндірмелерін тек тәпсір деп атауы және бұның нақтылықты білдіретіндігін, ал олардан басқа кісілердің түсіндірмелері нақтылықты білдірмегендіктен тәуіл деп атауы, сондай-ақ тәпсірде Алланың атымен үкім берілетіндігі, ал тәуілде ықтималдылықты білдіретіндігі сияқты тұжырымы тәпсір тарихында да, ислам сенім жүйесінде де өте маңызды жаңалық деп айтуға болады. Демек имам Матуриди бір жақтан құран аяттарын әр кімнің өз әуестігіне және қалауына сай тәпсір жасауына қарсы пікір білдірсе, екінші жақтан ақылға сай шарифат шеңберіндегі аяттарға тәуіл жасауға қарсы шықпаған. Имам Матуридидің ұстанымы ақылға сүйенгенде де шарифатшеңберінен шығып кетпеуболған [Шағырбаев А, 2015, 266 б].

Матуридидің тәпсір-тәуіл мәселесі туралы тұжырымы өзінен кейін өмір сүрген ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапты. Матуридиден кейін өмір сүрген Рағиб әл-Исфехани, «тәпсір көбінесе сөздердің, ал тәуіл сөйлемдердің түсіндірмесін зерттейтін әдіс»- деп тілге тиек етеді. Зеркеши осы көзқарасты қолдай отырып оған өзінің мына анықтамасын қосады [Ahmet Ak, 2008, s. 8]. Зеркешидің ойынша тілдік мағынаға сай нақыл жасаған кісіге муфассир, өз ижтихадына сүйене отырып үкім шығарушыға мүәуил деп атайды. Сондықтан да, оның ойынша бірден көп мағынаны білдіретін сөздің мағынасын анықтау және оны түсіндіру тек қана ғалымдардың ижтихады арқылы ғана мүмкін. Бұндай ізденіске түскен ғалым тек ақылды ғана емес дәлелдермен әрекет ету керек. Имам Матуридиден кейін келген ғалымдар тақырыпқа қатысты бүкіл көзқарасты саралай келе тәуілге қатысты мынадай қортындыға келген:

1) Тәуіл, тек әртүрлі ықтималды мағынасы бар сөздерде ғана болады.

2) Ықтималды мағыналардың ішінен біреуін таңдау үшін себеп пен дәлелдің болуы.

3) Таңдалған ықтималды мағына дәлелге негізделген болса да, бұдан шығарылған қорытынды нақтылықты білдірмейді.

Негізінде тәпсір мен тәуіл екеуі бірін-бірі толықтыратын ұғымдар. Тәпсір, әсбабун нузул, аяттардың Меккелік және Мадиналық болуы, насих-мансух сияқты риуаяттарға негізделеді. Сол себептен тәпсір, тәуілге дайындайтын, тақырыпқа қатысты бүкіл мағлұматтарды жинақтайтын ілім болып табылады. Тәпсірде нақыл және риуаят басым болса тәуілде истинбат басым. Алайда тәпсірсіз тәуіл болмайды, тәпсірге негізделмеген тәуіл жарамсыз болып есептеледі [Талип Өздеш, 2003 бб. 11-12].

«Тәуилатул құран» тәпсірінің ерекшеліктері

Сүнниттік сенім жүйесінің күшеюімен жайылуына имам Матуридидің атақты тәпсірі «тәуилатул құран»ның үлесі мол. Бұл еңбектің бір неше атауы бар. Кейде *Тәуилат*, *Тәуилатул Құран*, *Тәуилату Әһлис Сунна*, *Тәуилату Әһлис Сунна фи Баяни Усули Сунна уә Усулит Таухит* деп те аталады. Имам Матуридиден екі ғасыр кейін өмір сүрген Әбу Бәкір Алаәддин әс-Самарқанди (ө. 1144) «Шарху Тәуилату Матуриди» деген атпен оның еңбегіне түсіндірме жасаған [Muhsin Demirci, 2012, s. 200].

Имам Матуридидің бұл еңбегі дираят тәпсірлерінің алғашқыларынан болып, өзінен кейін жазылған «Кәшшаф», «Мефатихул ғайб» сияқты тәпсірлерге үлгі болған. «Тәуилатул құран»ның ерекшеліктеріне қысқаша тоқталар болсақ, муфассир құрандағы бүкіл сүре және аяттарды орналасу тәртібіне қарай басынан соңына дейін тәпсір жасаған. Өзінен бұрынғы жазылған тәпсірлерден айырмашылығы, құран аяттарын тәпсірлеу барысында ақыл мен нақылдың сабақтастығына қатты көңіл бөліп, ақыл иесінің қабылдай алмайтын кейбір риуаяттарды тәпсіріне алмаған. Тәуіл, оның ойынша тек қана сахих хадис пен хабарларға емес, сондай-ақ аяттардың тәфәккурға (ой жүгірту) негізделген түсіндірмелерін де өз ішіне қамтиды [Muhittin Akgül, 2001, s. 60-61]. Ол құран аяттарын тәпсірлеу барысында аяттарды рационалды түрде түсіндіруге мән берген және құран аяттарын біртұтас алып оларға мағына беруге тырысқан. Матуридидің тәпсірі, құран

аяттарының орналасу кезегіне қарай тәпсір етілуі, құран аяттарының сөздік мағынасына мән беріп қарағат ерекшеліктеріне тоқталуы, аяттардың нузул себептеріне мән беруі және аяттарды хадис және хабарлармен, сондай-ақ сахаба, табиғин, тәбәут табиғиндердің сөздерімен құаттандыруы сияқты ерекшеліктерімен өзінен бұрынғы жазылған тәпсірлерді еске түсіреді. Сол кезеңнің сенімдік мәселелеріне, ғалымдар арасындағы келіспеушілік туғызған тақырыптарға қатысты мәселелерге көңіл бөлуі, осы мәселелерге қатысты құран аяттарының түсіндірмелеріне талдау жасап, дәйексіз және негізсіз дәлелдерді сынға алуы, мәселелерді құранның тұтастығы шеңберінде қарастыруы сияқты өзіндік ерекшеліктерімен басқа тәпсірлерден ажыралып тұрады [Ali Karataş, İmam Matüridi'de Kur'an'ı Kur'an'la Te'vil, Uluslararası İmam matüridi Sem-rozuumu, 2014, s.]. Құран аяттарын тәпсірлеу барысында әуелі аяттардағы сөздердің сөздік мағыналарына мән берген. Көбінесе Әбу Аусеже, Ибн Кутейбе, Әбу Убейде, Кисаи сияқты тіл мамандардың еңбектерін қолданған. Кейде арабтардың ескі өлеңдері мен халық арасында кең таралған сөздерге жүгінгені де байқалады.

Құран аяттарын тәпсірлеу барысында мұх-кем-мутешабих, насих-мансұх, умум-хусус, мутлақ-мұқаййат, мүжмәл-мұбаййан сияқты тәпсір ілімдеріне қатысты мәселелерге де тоқталады. Имам Матуриди кейде аятқа қатысты көзқарастар мен пікірлерді берумен шектеліп соңында «Аллаһу а'лам» яғни *ең дұрысын Алла біледі* сияқты сөйлеммен аяқтайды. Кейде басқа көзқарастарды қатты сынға алмай өзінің таңдауын көрсетеді. Аяттардың түсіндірмелеріне қатысты әр түрлі көзқарастарды айта отырып, «бұл көзқарастардың барлығы бір-біріне жақын» -деп аятқа қатысты айтылған көзқарастардың барлығы ықтималды көзқарас екендігін тілге тиек етеді. Тәпсірінің кейбір тұстарында сүрелер арасындағы байланысты айта отырып олардың хикметтері мен даналықтарына тоқталады. Тәпсірінде қабыл етпеген көзқарасы болса «хаза баид» *бұл алыс көзқарас*, «хазихи тәуілату куллуһум заифатун» *бұл тәуілдердің барлығы әлсіз*, «лакин хаза ла йахтамилу» *аяттың бұндай ықтималды мағынасы болуы мүмкін емес* сияқты қолданыстарды көруге болады [Mehmet Ünal, 2014,s.107]. Имам Матуриди құран аяттарын тәпсір жасауда, сөздерге семантикалық тұрғыдан талдау жасайды. Құран аяттары мен хадистерді түсіндіру барысында психологиялық және әлеуметтік факторларға да аса мән берген.

Қорытынды

Қорытындылай келе имам Матуридидің тәпсір-тәуіл туралы анықтамасының біздің заманымыз үшін де маңызы зор екендігін айтуға болады. Өткен ғасырларда қалайша құран аяттарына түсіндірме жасалса, қазіргі таңда да құран аяттарына мағына беріліп жатыр. Құран кітабы әр ғасырдағы өзіндік қажеттіліктерге қарай түсіндіріліп келген. Уақыт өте келе ғылымның дамуымен құран түсіндірмелерінде де басқа-басқа мағыналарды да көруге болады. Сол себептен әр бір жанадан құран аяттарына жасалынған түсіндірме, өзімен бірге оған қарама-қайшы көзқарастағы түсіндірмелерді де алып келуі мүмкін. Кейбір түсіндірмелер уақыт өткен сайын ескіреді немесе құндылығын жоғалтады. Сол себептен осы пікір мен көзқарастарды оқығандарың сенімдерінде ауытқулар байқалуы мүмкін. Міне, Әбу Мансур әл-Матуридидің тәпсір мен тәуіл ұғымдарына берген анықтамасы жоғарыдағы айтылған сенімдегі ауытқу немесе әлсіреу сияқты құбылысты жоятынына еш күмән жоқ. Өйткені, Матуридидің ойынша тәпсір мен тәуіл екеуі басқа-басқа ұғымдар. Тәпсір Хз. Пайғамбардың және сахабалардың түсіндірмелері болып табылады. Сондай-ақ бұл түсіндірме нақтылық сипатқа ие. Тәуіл болса, ғалымдардың (факихтердің) түсіндірмелері болып есептеледі. Олардың бұл түсіндірмелері нақтылықты білдірмейді. Демек, ислам ғалымдарының құран аяттарына жасаған түсіндірмелері тәуіл болса, осы түсіндірмелерінің уақыт пен ғасырларға қарай өзгеруі немесе құндылығын жоюы иманға зиянын тигізбейді және сенімді әлсіретпейді. Өйткені түсіндірмені оқыған адам оның тәуіл екендігін және нақтылықты білдірмейтіндігін, бұдан басқа мағынасы да болуы ықтималдылығын біледі.

Ислам діні тұрғысынан құран кәрім қияметке дейін адамзаттың қажеттіліктеріне жауап бере алатын қасиетті кітап болып табылады. Осыған сенетін кісінің тәуілге қарсы шығып оған тиым салуы өзіндік қарама-қайшылық болып есептеледі. Өйткені бұл, бір жақтан құранның қияметке дейін мәңгі бақи кітап екендігіне иман ету, екінші жақтан құранның түсіндірмесін тек белгілі бір ғасырмен шектеу, ислам дүниетанымын бір ғасырға көму, білім мен ғылымның дамуына тосқауыл болу дегенді білдіреді. Егер де тәуіл болмағанда, фикхтық, сенімдік мазхабтар және олардың өкілдері де болмас еді. Солардың ішінде Имам Матуриди де болмас еді. Имам Матуридиді үлкен мәртебеге

көтерген оның құран аяттарына жасаған тәуілдері болып табылады. Өзінен кейін өмір сүрген имам Ғазали, Земахшари, имам Суюти, Ясауи сынды ғұламалардың атақты болуы құран аяттарына әр қайсысы өзінің кезеңінде жасаған жаңашыл

түсіндірмелерімен тікелей байланысты. Бұлардың барлығы Имам Матуридидің тәпсір-тәуіл түсінігі аясында құран аяттарына тәуіл жасап, өздерінің ғасырындағы мәселелер жауап бере отырып түсіндіруге тырысқан.

Әдебиеттер

- 1 Mehmet Emin Özafşar, İdeolojik Hadisçiliğin Tarihi Arka Planı, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 1999, s. 106.
- 2 İsmail Çalışkan, Siyasal Tefsirin Oluşum Süreci, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2012, s. 107.
- 3 Нұрмұратов С.Е. және тб, қазақ руханияты: тарихи-философиялық және этно мәдениетіміздер, Алматы 2013, 125 б.
- 4 Ержан К, Ислам ақидасы, Алматы 2013, 37 б.
- 5 Оңғаров Е, Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары, Көкжиек баспасы, Алматы 2013, 71 б.
- 6 EmadKhalili, Sects in Islam: Sunnis and Shias, International Academic Journal of Humanities Vol. 3, No. 4, 2016, pp. 41
- 7 Ahsan M. Arozullah • Mohammed Amin Kholwadia, Wilāyah (authority and governance) and its implications for Islamic bioethics: a Sunni Māturīdī perspective // Theoretical Medicine and Bioethics Philosophy of Medical Research and Practice, Vol. 34, No. 1, P. 2.
- 8 Mustafa Öztürk, Kur'an, Tefsir ve Usul Üzerine Problemler, Tespitler, Teklifler, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2014, s. 125.
- 9 Fığlalı Ethem Ruhi, Çağımızda İtikadi İslam Mezhepleri, İzmir 2004, s. 70.
- 10 Muhsin Demirci, Kur'an'ın Müteşabihleri Üzerine, Birleşik Yayınları, İstanbul 1996, s. 143.
- 11 Akimkhanov A.B, Frolov A.A, Adilbayeva Sh.A, Erzhan K, Principles of Abu Mansur al-Maturidi, Central Asian Islamic Theology Preoccupied With The Question Of The Relation Between The Iman/Credo And The Action In Islam // European Journal of Science and Theology 12(2016), p, 166
- 12 Ibrahim AbuBakar, The Existence of God in Greek Philosophy and Muslim Theology // Advances in Natural and Applied Sciences, 7(1): 98-103, 2013, p. 102.
- 13 Ömer Nasuhi Bilmen, Büyük Tefsir Tarihi, Ravza Yayınları, İstanbul 2008, s. 376.
- 14 Ozerverli S, The Authenticity of the Manuscript of Maturidi's Kitab al-Tawhid: a Re examination, İslam Araştırmalar Dergisi, № 1, 1997, p. 20; Sabine Schmidtke, Theological Rationalism in the Medieval World of Islam // Al-Ushur al wusta, 20.1, April 2008. P. 19.
- 15 Saim Yeprem, İrade Hürriyeti ve İmam Matüridi, İstanbul 1984, s. 260.
- 16 Hüseyin Kahraman, Matüridilikte Hadis Kültürü, Arasta Yayınları, Bursa 2001, s. 6.
- 17 Желал Кыржа. Құран уә Билим, – Станбул, 1997.
- 18 Ахмад фон Денфер, Коранические науки, Казань 2011, с. 83.
- 19 İsmail Cerrahoğlu, Tefsir Tarihi, Fecr Yayınları, Ankara 2009, s. 19.
- 20 Mustafa Öztürk, Tefsirin Halleri, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2013, s. 67.
- 20 Ибн Жірір Табери. Жамиул баян, Абдуллах б. Абдулмухсин, – Каир, 2001. – Т. 1.
- 21 Имам Матуриди. Тәуилагул құран, (Фатима Юсуф әл-Хатми), – Бейрут 2004. – Т. 1;
- 22 Rezvan, E.A, The Quran And Its World. The Triumph of Diversity: Muslim Exegesis, Manuscripta Orientalia, Vol. 5, No 2. June 1999. St-Petersburg, p. 42.
- 23 Josef van Ess, The Flowering of Muslim Theology, Harvard University Press, Cambridge 2006, p. P. 160.
- 24 Шағырбаев А, Діни дүниетанымды ұғымдық-концептуалдық талдау, // Қазақстанның мәдени және әлеуметтік-саяси дамуындағы діни рөлi : Оқулық гуманитарлық сұхбаттық жобаретінде, Алматы 2015, 266 б.
- 25 Ahmet Ak, Büyük Türk Alimi Matüridi ve Matüridilik, İstanbul 2008, s. 8.
- 26 Талип Өздеш. Матуридидің тefsир анлайышы, – Станбул, 2003.
- 27 Muhsin Demirci, Tefsir Tarihi, MÜ İlahiyat Vakfi Yayınları, İstanbul 2012, s. 200.
- 28 Muhittin Akgül, Ebu Mansur el-Maturidi ve Te'vilat ul Kur'an, Sakarya İlahiyat Fakültesi dergisi 4, Sakarya 2001, s. 60-61.
- 29 Ali Karataş, İmam Matüridi'de Kur'an'ı Kur'an'la Te'vil, Uluslararası İmam matüridi Sempozyumu, 2014, s. 2.
- 30 Mehmet Ünal, Tefsire Giriş // Tefsir: elkitabı, Grafiker Yayınları, Ankara 2014, s. 107.

References

- 1 Mehmet Emin Özafşar, İdeolojik Hadisçiliğin Tarihi Arka Planı, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 1999, s. 106.
- 2 İsmail Çalışkan, Siyasal Tefsirin Oluşum Süreci, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2012, s. 107.
- 3 Nurmuratov S.E. zhane tb, kazak ruhaniaty: tarihi-filosofialik zhane etno madeni negizder, Almaty 2013, 125 b.
- 4 Erzhan K, Islam akidasy, Almaty 2013, 37 b.
- 5 Ongarov E, Kazak madeniety zhane islam kundilikтары, Kokzhiek baspasy, Almaty 2013, 71 b.
- 6 Emad Khalili, Sects in Islam: Sunnis and Shias, International Academic Journal of Humanities Vol. 3, No. 4, 2016, pp. 41
- 7 Ahsan M. Arozullah • Mohammed Amin Kholwadia, Wilāyah (authority and governance) and its implications for Islamic bioethics: a Sunni Māturīdī perspective // Theoretical Medicine and Bioethics Philosophy of Medical Research and Practice, Vol. 34, No. 1, P. 2.

- 8 Mustafa Öztürk, Kur'an, Tefsir ve Usul Üzerine Problemler, Tespitler, Teklifler, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2014, s. 125.
- 9 Fırlalı Ethem Ruhi, Çağımızda İtikadi İslam Mezhepleri, İzmir 2004, s. 70.
- 10 Muhsin Demirci, Kur'an'ın Müteşabihleri Üzerine, Birleşik Yayınları, İstanbul 1996, s. 143.
- 11 Akimkhanov A.B, Frolov A.A, AdilbayevaSh.A, Erzhan K, Principles of Abu Mansur al-Maturidi, Central Asian Islamic Theology Preoccupied With The Question Of The Relation Between The Iman/Credo And The Action In Islam//European Journal of Science and Theology 12(2016), p, 166
- 12 Ibrahim AbuBakar, The Existence of God in Greek Philosophy and Muslim Theology// Advances in Natural and Applied Sciences, 7(1): 98-103, 2013, p. 102.
- 13 Ömer Nasuhi Bilmen, Büyük Tefsir Tarihi, Ravza Yayınları, İstanbul 2008, s. 376.
- 14 Ozerverli S, The Authenticity of the Manuscript of Maturidi's Kitab al-Tawhid: a Re examination, İslam Araştırmalar Dergisi, № 1, 1997, p. 20; Sabine Schmidtke, Theological Rationalism in the Medieval World of Islam, // Al-Ushur al wusta, 20.1, April 2008. P. 19.
- 15 Saim Yeprem, İrade Hürriyeti ve İmam Matüridi, İstanbul 1984, s. 260.
- 16 Hüseyin Kahraman, Matüridilikte Hadis Kültürü, Arasta Yayınları, Bursa 2001, s. 6.
- 17 Zhelal Kyrzha. Kuran ya Bilim, – Stanbul, 1997.
- 18 Ahmad fon Denfer, Koranicheskie nauki, Kazan' 2011, s. 83.
- 19 İsmail Cerrahoğlu, Tefsir Tarihi, Fecr Yayınları, Ankara 2009, s. 19.
- 20 Mustafa Öztürk, Tefsirin Halleri, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2013, s. 67.
- 21 Ibn Zhirir Taberi. Zhamiul baian, Abdullah b. Abdulmuhsin, – Kair, 2001. – T. 1.
- 22 Imam Maturidi. Tauilatul kuran, (Fatima Jusuf al-Hatmi), – Beirut 2004. – T. 1;
- 23 Rezvan, E.A, The Quran And Its World. The Triumph of Diversity: Muslim Exegesis, Manuscripta Orientalia, Vol. 5, No 2. June 1999. St-Petersburg, p. 42.
- 24 Josef vanEss, The Flowering of Muslim Theology, Harvard University Press, Cambridge 2006, p. P. 160.
- 25 Shagirbaev A, Dini dunietaimidi ugimdik-konseptualdik taldau. //Kazakstannin madeni zhane aleumettik-saiasi damuindagi dinnin roli : Okulik gumanitarlik sihbattik zhoba retinde, Almaty 2015, 266 b
- 26 Ahmet Ak, Büyük Türk Alimi Matüridi ve Matüridilik, İstanbul 2008, s. 8.
- 27 Talip Ozdesh. Maturididin tefsir anlaisy, – Stanbul, 2003.
- 28 Muhsin Demirci, Tefsir Tarihi, MÜ İlahiyat Vakfı Yayınları, İstanbul 2012, s. 200.
- 29 Muhittin Akgül, Ebu Mansur el-Matüridi ve Te'vilatul Kur'an, Sakarya İlahiyat Fakültesi dergisi 4, Sakarya 2001, s. 60-61.
- 30 Ali Karataş, İmam Matüridi'de Kur'an'ı Kur'an'la Te'vil, Uluslararası İmam matüridi Sempozyumu, 2014, s. 2.
- 31 Mehmet Ünal, Tefsire Giriş// Tefsir: elkitabı, Grafiker Yayınları, Ankara 2014, s. 107.

Қаңтарбаева Ж.У.,
Кунтуова И.М.

Адами капитал мемлекеттің басты байлығы

Адами капитал мәселесі жаһанданған заманауи қоғамдағы маңызды да, өткір мәселелердің бірі. Адам капиталы іргелі де, түрлі ерекше идеяларға негізделеді, солардан демеу табады. Оның экономикалық, саяси, ұлттық және тұлғалық түрлері қомақты идеяларды жинақтайды, жебелейді. Адам ресурсы туралы идеяны сабақтау оның бұрынғы даму тәжірибесін жинақтауға және болашақ өзгерістерін болжауға септігін тигізеді. Берілген мақалада басты мақсат ретінде адам капиталын құрайтын басты өлшемдер мен қағидалар, рухани дүние мен материалдық дүниенің маңыздылығы қарастырылады. Білім беру және оны нарықтық қоғамға бейімдеу факторлары қарастырылады. Заманауи Қазақстандағы адами капиталдың басымды жақтары мен кемшіл тұстары талданады. Зерттеу барысында модельдеу, аналогия, тарихилық, анализ және т.б. әдістер қолданылады. Мақалада берілген зерттеу нәтижелерінен көретініміздей, қоғамды жаңғыртудың негізгі шарты ретінде жаңа әлеуметтік біліктілік пен рөлдерді адамдардың игеруін атай отырып, сонымен қатар қоғамның ашықтығын есепке ала отырып, адамдардың әлеуметтік іс-әрекетінің мәдени дамуы, олардың жедел ақпараттануы, өзгерістер серпінінің өсуі бола алады. Талдау нәтижелерін адам капиталын дамыту бағытын айқындауда, осы мәселеге қатысты заманауи Қазақстан қоғамында туындап жатқан көптеген әлеуметтік, рухани және практикалық мәселелерді шешу барысында қолдануға болады.

Түйін сөздер: адами капитал, адам ресурсы, интеллектуалды әлеует.

Kantarbaeva Zh.U.,
Kuntuova I.M.

Human capital as the important wealth of a country

The problem of human capital is one of the most actual and important problems of the modern globalized society. Human capital takes its basis from the basic fundamental ideas of exploring the phenomenon of man. Its economic, political, national and spiritual foundations provide important ideas for its improvement. The purpose of this article is to consider the basic criteria and principles, the importance of the spiritual and the material world in the development of human capital. The article analyzes the problems of competitiveness, adapting to the current market situation, education and human professionalism, intellectual potential of the country, as the basis of human capital components. In operation, the comparative method was used on the topic, the analogy, the historicity of the method of analysis and other research methods. Study of the problem of human capital, considering the previous contradictions, mistakes today, makes it possible to determine the direction of development of human capital. The analysis in this paper suggests a practical application in the solution of social, spiritual and practical issues concerning the development of human capital in the modern Kazakh society.

Key words: Human resource, capital, intellectual potential.

Қаңтарбаева Ж.У.,
Кунтуова И.М.

Человеческий капитал как главное богатство страны

Проблема человеческого капитала является одной из самых актуальных и важных проблем современного глобализирующего общества. Человеческий капитал берет свою основу из основных фундаментальных идей исследующих феномен человека. Его экономические, политические, национальные и духовные основы содержат важные идеи его совершенствования. Цель данной статьи – рассмотреть основные критерии и принципы, значимость духовного и материального мира в развитии человеческого капитала. В статье дается анализ проблемам конкурентноспособности, адаптации к современным рыночным ситуациям, образования и профессионализма человека, интеллектуальный потенциал страны, как основы составляющие человеческий капитал. В процессе работы по данной теме были использованы сравнительный метод, аналогия, метод историчности, анализ и другие методы исследования. Исследование проблемы человеческого капитала, рассматривающие предыдущие противоречия, сегодняшние ошибки, дает возможность определить вектор развития человеческого капитала. Анализ в данной статье предполагает практическое применение в решении социальных, духовных и практических проблем, касающиеся развития человеческого капитала в современном Казахском обществе.

Ключевые слова: человеческий ресурс, капитал, интеллектуальный потенциал

АДАМИ КАПИТАЛ МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ

Кіріспе

Адами капитал – негізгі байлық. Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі замандағы әлеуметтік-саяси және рухани жағдайлармен шартталынған. Адами капитал болмаса, ел дамымайды. Өйткені ғылыми прогресті, тілді, ғылымды дамытатын – адам баласы. Адам баласының интеллекті, ақыл-ойы, білімі болмаса, қалай дамиды? Сондықтан барлық бағдарламалардың бастауында адам капиталы тұруы керек. Мәселен, Кенес Одағы кезінде оның ешқандай басқа мемлекеттермен байланысы болған жоқ. Десек те, мамандардың арқасында барлық сала ілгерілеп отырды. Мұнайы да, түсті металы да жоқ Жапония адам капиталының арқасында дамыған елдердің алдыңғы қатарында келеді. Ал енді өз елімізге тоқталатын болсақ. Адами капиталдың сапасы білім деңгейіне байланысты. Білімнің рөлі ғылыми-техникалық прогрестің дамуы мен механизацияланған және автоматтандырылған еңбек үлесінің ұлғаюына қарай жоғарылайды.

Адам капиталы – бұл таусылмайтын жинақы ресурс, үнемі жаңғырып, жалғасын табатын үдемелі қуат пен шабыт бастауы. Оның өтімді мәні – адамның кісілігі мен кірісін қатар көбейтетін қаражат көзін демеуінде, әрі тұлғалық қабілет-қасиетті ту етіп, соған тұрақтауында, соны өндіре жүзеге асыруда. Адамның қимыл-әрекетінде тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік қабілеттер бірін-бірі толықтырған сайын, оның бойынан қосымша қасиет, қабілет қуаты өмірлік күш алады. Адам капиталының бастамасы жалқы емес әрқалай, оның қалыптасу бағыты бірсарында емес, түрлі деңгейде тарамдалып жатады деген тоқтам туындайды. Ал, оның өлшемдері салыстырмалы түрде дара және бір-бірімен түрлі байланыста болатынын аңғарамыз. Өйтсе де, адам капиталын тану жолдары мен өзгерту тәсілдері нақты да кешенді болатынына да күмәнданбаймыз. Адам келбеті мен кісілігі оның капиталын құрастырады. Адам капиталы іргелі де түрлі ерекше идеяларға негізделеді, солардан демеу табады. Оның экономикалық, саяси, ұлттық және тұлғалық түрлері қомақты идеяларды жинақтайды, жебелейді. Адам ресурсы туралы идеяны сабақтау оның бұрынғы даму тәжірибесін жинақтауға және болашақ өзгерістерін болжауға септігін тигізеді. Адам капиталының тәуелсіз де үйлес өлшемдерін-мәдени

негізін, әлеуметтік тірегін, идеологиялық өлшемін, саяси бағытын, тұлғалық құндылықтарын ескерген сайын, олардың мән-мағынасын толығырақ ұғынуға мүмкіндік ашылады. Саясат пен идеологияның мақсаттары, ғылыми және мәдени түсініктері бірде өзара ұқсап, енді бірде өзіндік ерекшелігін білдіреді. Адам құндылығы туралы саяси және азаматтық көзқарастар әрқашан бір-бірімен үйлесе бермейді. Бірақ қос көзқарас бір арнаға тоғысқанда өзекті мәселені дұрыс түсіндірудің дүниетанымдық бағыты тұрақтанады немесе адам факторының рөлін жетілдірудің тың жолдары ұсынылады. Мәдени капиталдың негізін денсаулық, кісілік қасиеттер мен құлшыныстар, экономикалық табыс пен тиімділік әлеуметтік бірлестік пен серіктестік құрайды. Бұл негіздер өмірлік мақсатқа жетудің кепілдігі, ұйытқысы. Адам құндылығы игілік пен ізгілікті жасауда жалғасын табады, арнасын кеңейтеді. Еңбектегі құлшыныс, жасампаз күш-қуат-құндылықтың темірқазығы, қажеттіліктің құрамы және құралы. Қосымша күш-қуаттың қарқындауы, оның айналымда алмасу-мәдени капиталдың құнары. Ол өндіріс тиімділігінің өсуіне, әр жаңа техникалық және информациялық технологияның даму қарқынына, құрылымдық қатынастың эволюциясына адамның ақыл-ойы мен қабілет-қасиетінің өзара ықпалдастығына тікелей байланысты. Сондықтан бүгінгі таңда білімді де білікті жоғары моральдық тұлғаны, рухани және жоғары интеллектуалды ұрпақты қалыптастыру мемлекеттік деңгейдегі басты мәселеге айналу қажет.

Негізгі бөлім

Адами капиталдың ел экономикасындағы рөлін бағалап, оның дамуына тікелей ықпал етіп, көп күш жұмсаған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, адами капиталды дамыту, оның ішінде халықты сапалы біліммен қамтамасыз ету – Елбасы саясатының басым бағытына айналды. Экономикада адами капитал – білім, білік және дағдының жиынтығы ретінде пайдаланады. Сол себепті біздің елімізде адами капиталды дамыту үшін көптеген стратегиялық жобалар жасалды [1].

Адами капитал мәнінің өсу тұжырымдамасы адамды басты мақсат ретінде қарастырады, мұның мәні қоғамдағы оң өзгерістер мен экономикалық көрсеткіштердің өсуі адамның негізгі қажеттіліктерін қамтамасыз етуге әсер етуі және ерікті таңдауға мүмкіндік ашуы қажет. Ал

адамда өз әлемін басқару үшін өзін-өзі басқару мүмкіндігі мен ынта жігерін дамытуға негізгі күштің бәрі бағытталу керек. Сонымен бірге адам капиталының сапасы да білім деңгейіне байланысты.

Қазақстан Республикасындағы адам капиталының дамуын және оның құрылуын зерттеуде негізінен мынадай алға қойылған мәселелерді шешу қажеттілігі туындайды: адам капиталы – экономикалық категория; адам капиталы – соған салынатын инвестиция негізі; адами капиталдың жүйе құрушы статусы теоретикалық экономикалық зерттеу пәні; адам капиталы теориясының көзқарасы тұрғысынан білімге салынған инвестиция; адами капиталдың Қазақстандағы білім беру компоненті; білім беруге салынған салымның адам капиталына тиімділігі; Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жетістіктері мен кемшіліктері. Қоғамды жаңғыртуың негізгі шарты ретінде жаңа әлеуметтік біліктілік пен рөлдерді адамдардың игеруін атай отырып, сонымен қатар қоғамның ашықтығын есепке ала отырып, адамдардың әлеуметтік іс-әрекетінің мәдени дамуы, олардың жедел ақпараттануы, өзгерістер серпінінің өсуі бола алады.

Ал енді адам капиталын қоғамды жаңғырту үшін қолданудағы жақсы жақтарын ажыратып көрсетейік:

- құндылықтар құру арқылы нарықтық ортада әлеуметтік мәселелерді жеңілдету;
- негізгі әлеуметтік жетістіктерді, экономика және әлеуметтік қатынастар саласындағы тәжірибелік біліктілікті игеру арқылы өзінің және қоғамның жағдайы үшін жауапкершілікті нығайту;
- алкогольді өнімдерді тұтынуға, нашакорлықтың және қылмыстың тарауына қарсы тұру, қоғамға жат қылықтарды болдырмау;
- жас өспірімдердің әлеуметтік және экономикалық рөлдерінің жедел өзгертуін игеру арқылы, соның ішінде денсаулығы шектеу қоятын тұлғаларға білім беруді дамыту арқылы, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан талантты, білімді жастарды қолдау арқылы қоғамдағы әлеуметтік мобильділікті қамтамасыз ету;
- жастарды ғаламдық әлемге, ашық ақпараттық құрылымға кіруіне қолдау көрсету [1].

Қоғам өзіне инвестиция құйып, білім алатын әр адам үшін еркіндік ресурсы мен таңдауға мүмкіндік беруі тиіс. Ал енді білімге әлеуметтік тапсырыс мемлекет тарапынан жасалатын тапсырыс ғана емес, жанұя және кәсіпорындардың қызығушылығының да жиынтығы болу керек.

Білімнің адам дамуындағы айқындаушы ролін тану адам капиталының теориясына негізделеді, ол теория бір мезгілде адам дамуы тұжырымдамасының пайда болуының теориялық алғышарты және аса маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және ол тұтастық қалпында ХХ ғасырдың 60-шы жылдарында қалыптасты.

Адам дамуы тұжырымдамасының мәні мен мағынасын анықтайтын өзекті элементтерінің бірі мемлекет, қоғам және тұлға үшін білімді жоғары басымдық дәрежесіне көтеру болып табылады. Адам дамуы тұжырымдамасының мәні мен мағынасын анықтайтын өзекті мәліметтерінің бірі мемлекет, қоғам және тұлға үшін білімді жоғары басымдық дәрежесіне көтеру болып табылады [2]. Білім беру бір жағынан, тұтас ұлттың интеллектуалды потенциалының дамуы және тереңдеуінің факторы болса, екінші жағынан – адам мүмкіндіктерінің барынша жүзеге асуының іргелі алғышарты. Білім беру экономикалық өсудің маңызды факторы, әлеуметтік теңсіздікті жеңілдетудің және жұмыссыздыққа қарсы құрал ретінде қарастырыла басталды. Әсіресе білімі және біліктілігі жоғары адам прогрессивті қоғамдық өзгерістердің көзі және қуатты қозғаушы күші ретіндегі өзекті мәселеге айналды. Адами капитал теориясының ғылыми және қоғамдық тұрғыдан танылуына, осы теорияны әзірлеуге ХХ ғасырдағы экономикалық, басқарушылық және әлеуметтік ілімнің аса көрнекті өкілі Питер Друкердің қатысуы өз септігін тигізді. Оның «Білім революциясы» мақаласы ғылыми және саяси тұрғыда кең резонанс туғызды. Автор осы мақаласында былай жазады: «Білім – бүгінгі таңдағы жеке ара нақты капитал. Халық білімін дамыту – капитал жасаудың ең маңызды құралы, ал білімді адамдардың саны, олардың білім сапалары мен осы білімдерді пайдалану – байлық өндірудегі ел қабілетінің ең маңызды көрсеткіші» [3].

Білім жүйесі негізінен заман талабына сай өзгеріп отырады, себебі заман талабына сай маман дайындау жұмыссыздықтың алдын алудың бірден бір жолы. Қазіргі заман нарықтық экономика заманы болғандықтан, нарықтық экономиканың талабына сай бәсекелестікке қабілетті маман дайындау алға қойылған мақсат.

Жастарға берілетін білім еліміздегі бәсекелестік инновациялық дамуға әсер ететін болуы үшін, ең алдымен оқыту үрдісінің мазмұны нарықтандырылуы керек. Нақтылап айтсақ оқу ордаларында оқытылатын әр пәннің көптеген тақырыптары бойынша түсіндірілетін материалдардың мазмұнын қалайша нақты капиталға

айналдыру керектігіне дейін жеткізе баяндауымыз керек. Сонда оқушы алған білімінің құнын бағалай білетін болады. Оны біз оқу материалының «нарықтық құндылығы» деп атадық. Пән мұғалімдерін өз пәндері бойынша әр тақырыптарды сабақта түсіндіргенде, олардың «нарықтық құндылығын» аша білуге үйретуіміз керек. Мұндай тәсілді Президент Н. Назарбаев атап көрсеткендей, «білім экономикасы әдісі» деп атағанды жөн көрдік.

Қазіргі нарықтық қоғамда, жастардың тұлғалық қасиеттерін қандай идеал негізінде тәрбиелеу – ең маңызды тәрбиелік мәселеге жатады. Нарықтық қоғам – кәсіпкерлікке негізделіп құрылған. Сондықтан оны, басқаша айтқанда, кәсіпкерлік қоғам деп те атайды. Кәсіпкерлік қоғамның қозғаушы күші – кәсіпкер. Мұның себебін қоғамдық-экономикалық формациялық заңдылықтан табуға болады. Өйткені, нарықтық қоғамның базисі – жекеменшік, ол адамдардың еркін экономикалық қарекет негізінде жүргізіледі. Ондай іс-әрекетті кәсіпкер ғана атқара алады. Сол себепті өркениетті дамыған елдерде халқының 70–80 пайызы жеке кәсіпкерлікпен айналысып күн көреді немесе байиды. Демек, қазіргі кездегі жастардың тағылым тұтарлық өнегелі тұлғасы – «кәсіпкер» тұлға болып табылады. Алайда бұндай «кәсіпкер» образдарын тұлғалық қасиеттермен, жоғары моральдық және рухани қасиеттерімен үйлестіруіміз керек.

Біз қазір нарықтық қатынастар жағдайында өмір сүріп келеміз. Мұндай нарықтық қоғамның бірқатар өзінше өзгешеліктері бар:

- үдемелі өзгеріс, шапшаң жаңару;
- нарықтық экономиканың инновациялық дамуы;
- әлеуметтік-өндірістік үрдістердің жаппай нарықтандырылуы;
- жаһандық бәсекелестік қабілетін арттыру;
- адам ресурстарын (адами капиталды) көтеру;
- ұлттың интелектісін жоғарылату;
- адамдардың кәсіпкерлік қарекетін дамыту;
- кәсіпкер тұлға тәрбиелеу.

Осындай өзгешеліктердің іске асырылмауының нәтижесінде оқыту үрдісі дағдарысқа ұшыраған сияқты. Нарықтық қоғам дамуының мұндай өзіне тән ерекшеліктері оқыту процесіне мынадай іс-шараларды іске асыруды талап етеді:

- мектептің оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен түрлерін жаңарту;
- мұғалімдер мен білім алушылардың нарықтық-экономикалық сауаттылығын арттыру;

- педагогтардың творчестволық-тапқырлық жаңашылдық қабілеттерін көтеру;
- оқытуды ғылым мен жаңа технологияның даму деңгейіне сәйкестендіру;
- жаңаша нарықтық оқыту жүйесін құру;
- оқыту процесіне тың инновациялық оқыту әдісі білім экономикасын ендіру.

Біздің арнайы зерттеулеріміздің нәтижелеріне сүйенсек, оқыту процесінің дағдарысқа ұшырауының мынадай себептерін көрсете аламыз.

- оқытудың мазмұны мен жастарды тәрбиелеудің идеологиясы осы заманғы бәсекеге қабілетті нарықтық қоғамның дамуымен сәйкестендірілмеген;
- оқыту процесі, инновациялық нарықтық экономиканың шапшаңдатарлықтай ықпал етпеген;
- еліміздегі саясат, экономика, ауыл шаруашылығы, сауда-саттық салалары сияқты, мектептің оқу-тәрбие жұмысы нарықтандырылмаған;
- оқушыларды тәрбиелеуде қандай тұлға қалыптастыру мәселесі шешілмеген;
- болашақ мұғалімдерді даярлау ісі қазіргі жаһандық бәсекеге қабілетті нарықтық экономиканың даму деңгейіне сәйкес келмейді.

Нарықтық оқыту жүйесінің ең негізгі мақсаты нарықты экономиканы дамытуға қабілетті жоғары «кәсіпкер» деп аталатын жаһандық бәсекелестіктің талабына сай, жаңаша тұлға тәрбиелеу болып табылады. Себебі, өзіміздің тұрып жатқан нарықтық қоғамның базисі, бұрынғы үйреншікті қоғамдық меншіктен, жекеменшікке ауысқан. Сондықтан да еліміздің бар байлығы жекешелендіріліп, жекеменшік еңбеккерлерге бөлініп берілген. Халқымыздың бәрі жекеменшікпен айналысып күн көреді. Олардың тіршілік ету көзі – кәсіпкерлік қарекет. Олардың негізгі қызметі күнделікті күн көріс тірлігі, кәсіпкерлік деп аталады [4].

Адами капитал теориясының пайда болу, қалыптасу, даму тарихына үңілсек, оның тарихи түп-тамыры политэкономия классиктерімен байланысты екендігін көрсетеді. У. Петти, А. Смит, Д. Рикардо алғаш рет адамның құндылығын бағалауға талпыныс жасады, білімнің халық және тұтас алғанда ел үшін экономикалық маңыздылығын көрсетті, адамның өндіргіш қабілеттерін капитал элементтері ретінде қарастырды. Айталық ағылшын классикалық политэкономиясының негізін қалаушы У. Петти 1664 жылы жарық көрген «Даналарға сөз» еңбегінің екінші тарауында «халық құндылығы» туралы жазған болатын. У. Петтидің айтуынша «бұрынғы ең-

бектің нәтижесі болып табылатын, елдің байлығы, мүлкі немесе қоры тірі әрекет етуші күштерден еш айырмашылығы жоқ, керісінше, бірдей бағалануы тиіс» [3].

А. Смиттің пікірінше, оқумен үйренген еңбек адамның сол оқуға кеткен шығындарын бірнеше есе қайтарады және қарапайым еңбекке қарағанда үстеме табыс әкеледі. Д. Рикардо, қарастырылып отырған мәселеде, негізінен А. Смиттің көзқарастарын ілгерілетті. Рикардо да білім берудің рөлін ерекше жоғары бағалаған. Ол елдің экономикалық дамуында артта қалушылығы басқа да себептермен қатар «халықтың барлық топтарындағы білімнің жетіспеуінде» деп есептейді. Ал Дж.С. Милль болса, адам қабілеттерін еңбек өнімділігінің факторы ретінде қарастырып, оқыту мен тәрбиелеудегі еңбекті өнімді іс-әрекетке жатқызған. Дж.С. Милль алғашқы рет білім беруді «нарық шарасыздығының», яғни нарықтың механизм тиімсіздігінің мысалы ретінде көрсетті.

К. Маркстың экономикалық теориясында да адамның жасампаздық қабілеттеріне үлкен көңіл бөлген. К. Маркс қабілеттіліктерді «ең басты жинақталған байлық, жанды еңбекте өмір сүретін өткен еңбектің сақталған маңызды нәтижесі» ретінде қарастырған. Сондай-ақ, К. Маркс адамның белгілі бір еңбек саласындағы дайындығы мен дағдысын қалыптастыру үшін белгілі бір білімнің қажеттігін, сол білімді алуға шығын жұмсалатынын атап көрсеткен. Маркс капитал ұғымын жұмысшы күшіне қатысты ерекше мағынада қолдана отырып, тікелей өндіріс үрдісі тұрғысында жұмыс уақытын үнемдеуді негізгі капитал өндірісі ретінде қарастыруға болатынын атап көрсеткен. Бұл жерде экономист негізгі капитал ретінде адамды таңдаған. Бірақ, К.Маркс көзқарастар жүйесінің негізгі идеясы адам капиталы теориясынан алшақ. Оның ойынша, жұмысшы күші – еңбектің байлығы, ал капиталға оның сатып алушысы – капиталистің қолында өзгермелі капитал формасында ауысады.

Жоғарыдағы классикалық политэкономия өкілдерінің көзқарастарын талдай келе, мынандай қорытындыға келуге болады:

1. Олардың зерттеулерінде адамның сапасы – өндіріс тиімділігінің маңызды факторы екендігі байқалады.
2. Адамның маңызды сапалары білім беру мен тәрбие арқылы қалыптасатындығы.
3. Қабілеттілікті қалыптастыру шығындарды қажет екендігі.
4. Адамның қабілеттері капитал элементі екендігі.

5. Білім берудің экономикалық өсуге тікелей үлес қосатындығы негізделеді.

Одан әрі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында экономикалық талдауға «адам капиталы» ұғымын енгізу Фишер, Дж.Кларк, А. Маршалл, Л. Вальрас, В. Парето және т.с. сияқты экономистердің еңбектерінде негізделеді [5].

Осындай жаһандану заманында әркімнің тіршілігінің танымы, ісінің өнімді, табысының толымды болуы, әлемдік бәсекеге төтеп беруі қай кісінің болса да өзінің қабілеті мен тапқырлығына, білім-біліктілігіне, творчестволық қарымдылығына байланысты болатындығы күнделікті ақиқат аксиомаға айналғаны белгілі. Осындай ғаламдық үдеріске сай «адам қабілеті», «адам ресурсы», «адам факторы», «адами капитал», «білім экономикасы» деген сияқты жаңа әлеуметтік-педагогикалық ұғымдар пайда болуда. Осы заманда адамның интеллектуалдық қабілеті өркениетке өрлеудің, жаһандық бәсекеге қабілетті болудың шешуші факторына айналып отыр.

Қазіргі қарыштап, қарқынды экономикалық және инновациялық-технологиялық даму кезеңінде адамның кәдімгі қабілеті мен дарыны әлемдік бәсекелестік жарыста озып шығуы үшін жеткіліксіз болып отырғаны бәрімізге мәлім. Мұндай «әлемдік бәйгеде» басқадан қалмау үшін үйреншікті қазақы пысықтық пен ептілікті творчестволық және бәсекелестік қабілеттіпен толтыруымыз керек. Заманымыздағы бұл ерекшелік қасиеттер, творчестволық қарекет пен бәсекелестікке бейім кәсіпкер тұлға тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Білім беруді реформалау мен оқыту процесін түрлендірілуінің теориялық және дидактикалық аспектілері М. Даниловтың, Л. Знаковтың, И. Огородниковтың, М. Скаткинның, В. Ледневтің, В. Давыдовтың, М. Махмутовтың, С. Сатыбалдиннің, Қ. Аганианның, М. Құдайқұловтың, Ә. Мүсілімовтың еңбектерінде тандалған.

Егер жекелеген өлшемдерді алатын болсақ, Қазақстан халықтың «тапқырлық» деңгейі (яғни, технологиялық идеялардың дамуы), ғылыми-зерттеу базасының, дәл ғылымдағы білімнің сапасы бойынша, сондай-ақ базалық инфрақұрылымның жаман емес жағдайына қатысты айтарлықтай жоғары бағаланады.

Алайда біздің еліміз бұл артықшылықтарды нақтылы «капиталдандыру» мүмкіндігін қамтамасыз ететін факторлар бойынша көп жұмысты қажет етеді. Ал мұнда «ақыл-ойдың сыртқа кетуінің» жоғары деңгейі де, жаңа технологиялар мен қызметтерді лицензиялаудың

күрделі ресімдері де, интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғаудың төменгі деңгейі де, білім беру мен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды инвестициялау жөніндегі аз әулет те бар.

Қазақстан Республикасының білім беру стратегиясындағы басты концепция – ұлттық білім моделін жасау. Ұлттық білім үлгісінің негізгі мақсаты – адамның ең негізгі құндылық ретінде мойындау және сол тұрғыда қалыптастыру, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, мәдени-рухани дамуына ерекше мән беріп, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің жетілуіне, әлеуметтік-саяси көзқарастарының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, әлеуметтік мәдениетінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай туғызу. Яғни, келешек маман білікті әрі білімді, ең алдымен рухани тұрғыда кемелденген, ұлттық ділі мықты, әлеуметтік мәдениеті қалыптасқан, халық, ұлт алдындағы жауапкершілік сезімі жоғары дара тұлға болуы тиіс. Оны, ең алдымен, өз елінің азаматы, адамгершілігі мол творчестволық тұлға, елдің жанашыры, келешектің иесі, халқының тірегі ретінде тану керек, соған мүмкіндік жасалуы тиіс. Өйткені бүгінгі білім алушыға тек маман ретінде ғана қарау жеткіліксіз.

Осы орайда, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Основы кредитной системы обучения в Казакстане» деп аталатын ұжымдық монографиясында елдің келешектегі білім беру саласындағы тұғырнамалар анықталып, ол кәсіби білім берудің тек жоғары сапасымен ғана емес, сонымен бірге азаматтық қоғам іргетасы ретіндегі жаңа білім беру философиясымен де айқындалмақ делінген. Онда біршама негізгі міндеттер де анықталған:

- икемді, мобильді жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру;
- жоғары оқу орындарының адаптациялық потенциалын көтеру;
- оқу орындарындағы академиялық және ұйымдастыру құрылымын, ондағы инфрақұрылымдарды жетілдіру;
- әдістемелік жүйені және білім беру технологиясын реформалау;
- педагогикалық үрдісті жетілдіру, педагогикалық құрам сапасын жақсарту.

Бұл айтылғандардан туындайтын мәселе, шындығында, ұлттық идея негізіндегі кешенді білім беру философиясын қалыптастыру қажеттілігінің бар екендігі. Елдің экономикалық деңгейі мен оның әлемдегі бәсекелестік ұстанымы бірінші кезекте оның

адамдарының сапасына – адамдық капиталға байланысты екенін көрсетеді.

Қорытынды

Сонымен біз білімді капиталға айналдыру технологиясы арқылы екі бірдей мәселені шешуге болатынын анықтадық. Біріншіден, адами капиталды дамытудың негізгі жолы білім жүйесін дамытып, бәсекеге қабілетті маман дайындай аламыз. Екіншіден, білімді капиталға айналдырудың технологиясы арқылы кәсіпкер маман дайындай аламыз, бұл дегеніміз жұмыссыздықты жоюға көп көмегін тигізбек.

Осы заманғы нарықтық қатынастардың кәсіпкерлік негізінде атқарылатыны белгілі, ал кәсіпкерлік қарекеті тиімді жүргізу тек қана кәсіпкердің қолынан келетін іс. Сондықтан өркениетті елдерде жастарды кәсіпкерлікке баулу мәселесіне ерекше назар аударады.

«Кәсіпкер тұлға» әр түрлі ғылымдар саласы бойынша жан-жақты зерттелуде: философиялық тұрғыдан, кәсіпкер – өзінде және басқаларды да өз бетінше табыс тауып, күн көруге ұйымдастыра алатын, жұмысқа ынталылығы мол, жауапкершілігі жоғары, тәуекелге бара алатын, басқарушылық қабілеті ерекше тұлға; экономикалық тұрғыда, кәсіпкер – еңбек пен өндіріс құралдарын, материалдар мен қаржыны дұрыс пайдаланып табыс табатын, шаруашылыққа инновациялық өзгерістер енгізуге епті, іскер маман; әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, кәсіпкер – әлжуаз халыққа демеушілік көмек көрсететін, қоғамға пайда келтіретін, меценат әрі еңбеккер; құқықтық мақсатта қарасақ, кәсіпкер – шаруашылықты заңдылық тұрғысынан дұрыс жүргізетін жеке тұлға; психологиялық мағынада,

кәсіпкер – өзіне сенімі зор, қызыметкерлерінің ынтасын көтере білетін жақсы ұйымдастырушы; педагогикалық өнегесі, кәсіпкер – білімді маман болуға, шығармашылықпен ойлауға, шаруашылықты шебер жүргізуге, бәсекеге қабілетті тұлға дәрежесіне көтерілуге үлгі болу. Демек, кәсіпкер – өз әл-ауқатында көтеретін нағыз саналы, іскер еңбекқор. Сондықтан қай тұрғыдан алып қарасақ та, оның позитивті аспектілерін аңғарамыз. Бұл қазіргі заман адамына қойылатын талап десек те болады.

«Елді жаңғырту стратегиясын іске асырудың табыстылығы, ең алдымен, қазақстандықтардың біліміне байланысты. Білім беру саласында «Назарбаев университеті, «интеллектуалдық мектептер», секілді жобалар ерекше басымдыққа ие болмақ». Ендігі жерде экономикамызды жеделдете модернизациялап, инновациялық-индустриялық экономикаға көтеру үшін «Қазақстанға біздің ұлтымыздың әлеуетін оятуға және жүзеге асыруға жағдай жасайтын интеллектуалды төңкеріс қажет». Бұл міндет «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасы негізінде жүзеге асырмақ. Ендеше, білім бүкіл еліміздің интеллектісін дамытатын барометрге айналатын болады. «Біздің ендігі міндет – қазақстандықтардың, бірінші кезекте жастардың, білімділікке, интеллектіге деген көзқарастарын өзгерту» керек екендігін Президент Н. Назарбаев өзінің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі оқыған дәрісінде айқындады. Бұл еліміздегі білім арқылы болашаққа интеллектуалдық секіріс жасалатындығын білдіреді. Ендеше, «өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деген Президентіміздің заманауи маңызды қағидасын әрқайсысымыз жүзеге асыруға ұмтылатын боламыз.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» // Астана, 2005. – 18 б.
- 2 Сүлеймен Мәмет. Адами капиталды қалыптастыратын фактор – білім // Еге-мен Қазақстан. – 2011. – 7 қазан.
- 3 Мамыров Н.К. Проблемы развития экономики и образования в Казахстане. – Алматы, Дәуір, 1998. – 351 с.
- 4 Құдайқұлов М.Ә., Қозыбай А.Қ., Орақова А.Ш. Білімді капиталға айналдырудың технологиясы. – Алматы, 2012.
- 5 Нарibaев К.Н., Жумамбаев С.К., Нусупова А.Н. Инвестиции в человеческий капитал. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 59 с.
- 6 Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі / ҚР-дың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан жоғары мек-тебі. – № 1. 2004. – 5-19 б.
- 7 Мухамаджанова А.Г. Человеческий капитал Казахстана: формирование, состояние, использование. – Алматы: Ғылым, 2001. – 276 с.
- 8 Сарбасова Т.С. Образование как фактор повышения заработной платы в концепции человеческого капитала // Вестник КазГУ. – 1998. – № 9. – С.14.
- 9 Мамыров Н.К., Акчұры Ф. Человеческое развитие в Казахстане. – Алматы: Экономика, 2003. – 173. – 181 с.

- 10 Беккер Г. Человеческий капитал (главы из книги) // США: экономика, политика и идеология. – 1993. – № 11. – С. 109-119.
- 11 Критский М. Человеческий капитал. – Л., 1991. – 119 с.
- 12 Нестеров Л., Аширова Г. Ұлттық байлық және адам капиталы. – Алматы, 2008, – 278 б.
- 13 Әкімқов С., Баймұхаметова А.С., Жанандаров У.А. Экономикалық теория. – Алматы, 2009- 346 б.
- 14 Назарбаев Н. «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы. 2012
- 15 Есенғалиев С. Адами капитал өсімі // Мәңгілік ел. 2011, – 17- 22 б.
- 16 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты 2013 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
- 17 Мырзалинова А. Білім беруді жаңғырту // 2012. – № 31. – 13 наурыз.
- 18 «Қазақстан адами капитал бойынша 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын асырып орындайды» бағдарламасы. – 2011
- 19 Нұрдәулет Ақыш. Адами капитал – мемлекет байлығы // Президент және халық. – 2012. – 13 сәуір.
- 20 Изотов М.З. Формирование человеческого капитала в Казахстане. – Алматы, –2011.
- 21 Молдабеков Ж.Ж. Адами құндылықтардың қажеттілігі // Ақиқат 11, 2012 жыл
- 22 Замза Кодар. Гендер и человеческий капитал. Человек и наука в современном обществе. – Алматы, 2012.

References

- 1 Nazarbaev N.A. Kazakhstan halkina zholdauy “Kazakhstan ekonomikalik,aleumettik zhane sayasi zhedel zhanartu zholinda “Astana, (2005).-18b. []
- 2 Suleimen Mamet. Adami kapitaldi kalipstiratin factor-bilim // Egemen Kazakhstan.-(2011).-7kazan.
- 3 Mamirov N.K. Problemy razvitiya ekonomiki i obrazovaniya v Kazakhstane.-Almaty,dair,(1998).-351 s.
- 4 Kudaikulov M.A, Kozibay A.K, Orakova A.S. Bilimdi kapitalga ainildirudin technologiyasi. –Almaty, – (2012).
- 5 Naribaev K.N., Zhumabayev S.K., Nusupova A.N. Investicyi v kapital. Almaty; Kazakh universiteti.(1998).-59s.
- 6 Kazakhstan Respublikasinin Bilim zhane gilim ministriligi / Kazakhstannin (2015) zhilga deingi bilim berudi damitu tuzhir-imdamasi// Kazakhstan zhogary mektebi.- №1. (2004).-19b/
- 7 Mukhamadzhanova A.G. Chelovecheskiy capital Kazakhstana: formirovanie, sostoianie, ispolzovanie.- Almaty: Gilim, (2001). – 276 s.
- 8 Sarbasova T.S. Obrazovanie kak faktor povishenie zarabotnoi platy v koncepcyi chelovecheskogo kapitala
- 9 Mamirov N.K., Akchury F. Chelovecheskoe razvitie v Kazakhstane.-Almaty: Ekonomika, (2003).- 173. -181s.
- 10 Bekker G. Chelovecheskiy capital (glavi iz knigi) // USA: Ekonomika, politika i ideologiya. -193.- №11.S.109-119
- 11 Kritskiy M. Chelovecheskiy capital.-L.,(1991).-119s
- 12 Nesterov L., Ashirova G. Ulitik bailyk zhane adam kapitali.-Almaty, (2008),-278b.
- 13 Akimkov S., Baimukhambetov A.S., Zhanandarov U.A. Ekonomikalik teoriya.-Almaty, (2009)-346b.
- 14 Nazarbaev N.”zhumispen kamtu- (2020) ”bagdarlamasi. (2012)
- 15 Esengaliev S. Adami capital osimi// Mangilik el. (2011), – 17- 22 b.
- 16 Kazakhstan Respublikasinin Prezidenti-Elbasy N.A.Nazarbaevtin “Kazakhstan-(2050)”strategiyasi kaliptaskan memleket-tin zhana saiasi bagiti”atti (2013)zhilgi Kazakhstan halkina Zholdaui.
- 17 Mirzalinova A. Bilim berudi zhangirtu// (2012). – № 31. – 13 nauryz.
- 18 «Kazakhstan adami capital boinsha (2020) zhilga deingi strategiyalik damu zhosparin asirip orindaiddi» bagdarlamasi. – (2011)
- 19 Nurdaulet Akish. Adami kapital – мемлекет bailigi // Президент zhane halik. – (2012). – 13 sauir.
- 20 Izotov M.Z. Formirovanie chelovecheskogo kapitala v Kazakhstane. – Almata, – (2011).
- 21 Moldabekov Zh.Zh. Adami kundiliktardin kazhettiligi. Akikat 11. (2012) zhil
- 22 Zamza Kodar. Gender i chelovecheskiy capital. Chelovek i nauka v sovremennom obshestve.Almata, – (2012) r.
- 23 Habermas, J. (1973) Stichworte zur Theorie der Sozialisation // Habermas, J. Kultur und Kritik. Frankfurt a. M.: Suhrkamp. S. 118–194;

Косдаулетова С.,
Аскар Л.А., Алиев Ш.Ш.

**Органон Аристотеля –
основа становления
формальной логики**

В данной статье проводится сопоставительный анализ учений по логике в истории древнегреческой классической философии, которая воистину считается золотой колыбелью всей последующей западно-европейской философской мысли. А это невозможно без глубокого исследования богатейшего наследия Сатагирита Аристотеля, который общепризнанно считается «отцом логики». В настоящей статье авторы дали лишь общую характеристику логического (формально-логического) учения Аристотеля. Авторы рассматривают логическую проблематику Аристотеля по следующей схеме: понятие – суждение – умозаключение – логические законы – соотношение содержательной и формальной логики. В статье анализируются все логические труды Аристотеля, вошедшие в состав «Органона», которые объединил последователь, исследователь и комментатор учения Аристотеля Андроник Родосский.

Ключевые слова: категории, аналитика, топика, логика, софистика, диалектика, софисты, субстанция, риторика, Аристотель, силлогизм.

Kosdauletova S.,
Askar L.A., Aliyev Sh.Sh.

**Organon of Aristotle – basis for
the formation of formal logic**

In this article a comparative analysis is conducted studies of logic in history of ancient Greek classic philosophy, that for truth is considered gold the cradle of all subsequent Western European philosophical idea. And it is impossible without deep research of the richest heritage of Aristotle that is universally recognized considered the “father of logic”. In the real article we will give general description of logical (formally-logical) studies of Aristotle only. Authors consider logical range of problems of Aristotle on a next chart: a concept is judgement – deduction is logical laws – correlation of rich in content and formal logic. All logical labours of Aristotle, that a that united follower, researcher and commentator of studies of Aristotle, entered in the complement of «Organon», will be analysed in the article.

The word “perfection” from antiquity is revealed in two planes. Primary, its meaning consisted in describing the practical suitability of a thing for certain purposes, the attainment of the goal set, the perfection of the design. Later it began to be understood in the metaphysical sense, as the complete completeness of something, the highest degree of development and harmony of the world and man. The foundations of the study of perfection were laid by Plato. From his point of view, the source of the perfect is transcendental being. Perfection itself as the idea of good has an ontological status, and in its fullness and completeness is realized outside of earthly existence. But the idea of it is available to philosophers; It is correlated with the realm of the due. The perfectionist tradition was continued by Aristotle, and already in his philosophy there appears the concept of perfection – that is, the process of acquiring perfection. He reveals the idea of a perfect personality, the ways of achieving moral perfection. The highest manifestation of virtuous life, he believes contemplative life, subordinate to the activities of reason. Thus, the perfection of man – in his wisdom, which in itself is virtue and happiness, the peak of human development and the highest good. A characteristic feature of ancient ideas was the assertion of the mind as a divine principle in man, and the path of perfection was seen as a way of self-assertion of the mind in cognition. This tradition has been reflected in most of the perfectionist doctrines of European philosophy. In the Middle Ages, the ideal nature of perfection is supplemented by the fullness of its beingness, which brings it to a rapprochement with the divine principle, the highest existential principle. The full achievement of perfection by the soul was thought to exceed the limits of empirical existence. Perfection lies in God, so the religious-mystical meaning of the concept comes to the fore compared to the ethical one. Only from the medieval epoch the understanding of perfection and perfection is predominant as closely connected with the transcendent, otherworldly world that determines their content.

In the era of the New Age, Spinoza shares perfection into the divine (absolute) and human (relative). Behind man remains the moral duty to achieve earthly perfection (through reason and love of God).

Later, in the works of Nietzsche, Marx, perfection is reduced to empiricism and is put into the service of either an exceptional personality (the perfection of the superman is individualism

and strong will) or the collective (the collectivist's perfection is socially useful moral qualities).

In ethics we are talking about the perfection of man and about the ways to achieve his perfection. The overall result of the study of the problem – in this perspective was the definition of perfection as a value associated with an absolute, higher for human value. In the history of culture, there are quite stable traditions of perfectionist research.

According to the religious interpretation, which takes its basic origins in the philosophy of Plato, the idea of perfection is transcendental to man and is imputed to him in execution. From the theological point of view, God is the embodiment of perfection. God, who created man (in his own image), becomes for man the only true good, light, to which he must strive all his life. In the earthly life perfection manifests itself in the aspiration to God as a moral legislator and is realized in moral behavior. Actually, the moral perfection of man consists in the ascetic way of existence, the fulfillment of all the commandments under the guidance of love. It is the vehicle to the highest perfection – perfection as a complete coincidence with God. This ideal is obtained by deification-dying in the flesh and rebirth in the Divine; This higher form of religious experience is extramoral.

Secular, humanistic, ethic comes from the understanding of man as a self-determined individuality, in the nature of which lies the desire for perfection. Thus, perfection in ethics appears as an absolute humanity, the highest degree of development of spirituality. At the same time, the image of perfection is not set from the outside, but

is created individually, it is always unique (how unique each person is).

Moral perfection involves not simply following the moral norms accepted in a particular society, but the creative transformation of one's own essence. In the very concept of "perfection" there is a component of uniqueness and originality. In the process of unique creative self-realization, a person creates a different integrity, gaining a sense of his own completeness, harmony.

Modern philosophical interpretations of perfection agree that the desire for an unattainable ideal lies in the very nature of man. The desire for perfection can be explained by the desire for wholeness, since man himself is part of the universe or Divine being (this is also determined by his imperfection). All goals and ideals are relative, changeable, but in opposition to them there is an absolute goal, unchanging and indestructible – God possessing the attribute of true perfection. This goal can be realized and not realized, but is constantly present in a person, and he intuitively senses it.

Some methods of improvement are based on the support not on the mind, but on the subconscious structures of human nature. As a deeper structure of the human psyche, the subconscious contains in itself the whole spiritual-spiritual experience of individual human existence. This unknown area of the psyche is directly connected with the transcendent being, the being of the Absolute, and interaction with it makes possible not only the transformation of man, but also the activation of the process of Universal evolution.

References

- 1 Mezhev B.M. The idea of culture M.2012.
- 2 The theory of culture: the diversity of approaches and the possibilities of their integration. Ed. Yu.M. Reznik .- Moscow: Scientific and political book, 2012.- 479 pp. (Actual Cultural Studies).
- 3 Man in terms of Islamic doctrine / Trans. from Persian by Nasim Mirzoev-SPb .: Petersburg Oriental Studies 2011.-128p.
- 4 Rouzentel F. The triumph of knowledge. M., 1978.
- 5 The world of Al-Farabi values and the axiology of the 21st century. Almaty 2006. MES RK, Institute of Philosophy and Political Science.
- 6 Richard C.Dales. The scientific achievements of the Middle Ages. University of Pennsylvania Press Philadelphia. 1973.
- 7 Walzer, R. (1957). Al-Farabi's Theory of Prophecy and Divination. The Journal of Hellenic Studies, Part 1, 77.
- 8 Smirnov, A.V. (2013). The history of the Arab-Muslim philosophy: Textbook. Moscow: Academic Project.
- 9 Tanabayeva A., Mukhatova O., Borbasova K., Alikbayeva M, Alibekuly A. Scientific significance of al-Farabi's treatise "Book of religion"/ 3rd International multidisciplinary Scientific Conference on Social sciences and arts SGEM 2016, History, PhilosophyVienna, Austria. 725-732p.
- 10 Sagadeev A.B. Ibn-Rushd (Averroes). M., 1973.
- 11 Kyraev N.S. On the philosophical foundations of Muslim culture // Series "Thinkers", Homo philosophans. , Issue 12 / Collection for the 60th anniversary of Professor K.A. Sergeev. St. Petersburg: St. Petersburg Philosophical Society, 2002. P.316-323. <http://anthropology.ru/en/text/kirabaev-ns/o-filosofskih-osnovaniyah-musulmanskoj-kultury>
- 12 Kasimzhanov A. Kh. Abu-Nasr al-Farabi. Almaty. 1997.

- 13 Al-Farabi's Psychology and Epistemology <https://plato.stanford.edu/entries/al-farabi-psych/>
- 14 Heritage of Al-Farabi and the formation of a new integral worldview. Collective monograph / Under the general editorship of Z.K/ Shaukenova-Almaty: Institute of Philosophy and Political Science, MES RK, 2012.-323 p.
- 15 Sagadeev A.B. Ibn-Rushd (Averroes). M., 1973.
- 16 Legenhausen, M. 2003 "The Proof of the Sincere", Journal of Islamic Philosophy, Issue number 1, volume 1, Fall. <http://www.muslimphilosophy.com/journal/is-01/Ms-Leg.doc>
- 17 Fakhry M. A History of Islamic philosophy. New York – London, 1970.
- 18 Fakhry M. (1965). Al-Farabi and the Reconciliation of Plato and Aristotle. Journal of the History of Ideas, 4 (26).
- 19 Al-Farabi, *Talkhis nawamis Aflatun*, edited by 'Abd al-Rahman Badawi, in: *Aflatun fi l-islam*, Beirut, Dar al-Andalus, 1982, p. 54.
- 20 Ammar Al-Talbi. Al-Farabi's Doctrine of Education: Between Philosophy and Sociological Theory. <http://muslimheritage.com/article/al-farabis-doctrine-education-between-philosophy-and-sociological-theory>.
- 21 Satybekova S. K. Humanism of al-Farabi. Alma-Ata, 1975.
- 22 Rizo Dowari Ardakani.-Farabi- the founder of Islamic philosophy; translated from Persian by A. Absalikova. – M.:OOO "Sadr", 2014.-132p.<http://www.litportal.ru/genre10/author26408/book198751.html>.
- 23 Muhsin S. Mahdi. Alfarabi and the foundation of Islamic philosophy// The University of Chicago Press, Ltd. –London, 2001. –264.
- 24 Taukelev A.N., Sapargaliev G.S. State-legal views of al-Farabi. Science, Alma-Ata.1975. 101p.
- 25 Al-Farabi. Social and ethical treatises. -Alma-Ata, 1973.
- 26 Al-Farabi. Social and aesthetic treatises. Alma-Ata, 1973.
- 27 Ideals of al-Farabi: conditions and opportunities of Kazakhstan's reality // Kurmangaliyeva G. Philosophical, political and spiritual-educational magazine "Al-Farabi" № 2 (38) 2012//.
- 28 History of social thought in Islam / Trans. Muhammad-Salam Makhshulov.-M. : Veche, 2012.-256p.
- 29 Man in terms of Islamic doctrine / Trans. from Persian by Nasim Mirzoev-SPb. : Petersburg Oriental Studies 2011.-128p.
- 30 Al-Farabi. About the mind and science. "Nauka" Publishing House of the Kazakh SSR. Alma-Ata.1975.

Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.

Бауыржан Момышұлы

Адамның жасына қарап емес, мәдениеттілігі мен біліміне
қарай бағалауымыз керек

Уинстон Черчилль

Білім – ең маңызды аспап.

Билл Гейтс

Шохаев Е.К.
**Ислам дініндегі «Такфир»
ұғымының теориялық
мәселелері**

Мақалада ислам дініндегі «күпірлік/куфр», «такфир» ұғымдарының, «такфиризм» құбылысының теориялық мәселелері қаралады. Исламдағы күпірліктің типологиясы мен категорияларына талдау жасалады. Сонымен қатар «такфир» ұғымына қатысты шариғат ұстанымы баяндалады. Ислам діні күпірлік және такфир мәселелері өте қатаң қарайды. Күпірлікке апаратын жағдайлар мен себептерді нақтылап баяндап берген. Себебі, біреуді күпірлікпен айыптаудың психологиялық, қоғамдық, әлеуметтік және саяси т.б. салдары мен ауыртпашылықтары бар. Сондықтан ислам діні егер айқын әрі сенімді негіз болмаса такфирді іске асырудан барынша сақтануға шақырған. Жауапкершілігінің өте ауыр екенін қатаң ескертіп отырған.

Түйін сөздер: күпірлік/куфр, такфир, такфиризм, күпірлік типологиясы, ислам діні, шариғат, Құран, хадис, кәләм ілімі, иман, кәпір/кафир.

Shokhaev E.K.
**Theoretical problems of the
concept “Takfir” in islam**

In the article are considered theoretical problems of concepts “heresy / kufir”, “takfir” in Islamic faith and of the phenomenon “takfirism”. The categories and the typologies of disbelief in Islam are analyzed. At the same time, the position of Shari’a to the notion “takfir” is stated. Islam has very strict views on takfir and heresy. In Islam the reasons and circumstances leading to the disbelief are specified exactly. Because accusing someone on heresy has psychological, social, political and etc. consequences and encumbrances. Therefore, if there is no clear and reliable basis, Islam forbids the implementation of the takfir. People also are warned that the responsibility is very serious.

Key words: heresy/kufir, takfir, takfirism, typology of heresy, Islam, Sharia, Quran, Hadith, kalam doctrine, faith, infidels/kafir.

Шохаев Е.К.
**Теоретические проблемы
понятия «Такфир» в исламе**

В статье рассматриваются теоретические проблемы понятий «ересь/куфр», «такфир» и явления «такфиризм» в исламе. Производится анализ категорий и типологий неверия в исламе. Вместе с этим рассматриваются позиции шариата по отношению к понятию «такфир». Ислам установил строгие принципы относительно проблем ереси и такфира. Ясно описываются причины и обстоятельства, приводящие к неверию. Так как обвинение кого-то в ереси имеет психологические, общественные, социальные, политические и другие последствия и обременения. Поэтому, если нет четкой и надежной основы, ислам запрещает осуществление такфира. Ислам предостерегает и предупреждает о тяжелой ответственности за это действие.

Ключевые слова: ересь/куфр, такфир, такфиризм, типология ереси, ислам, шариат, Коран, хадис, доктрина калам, вера, неверный/кафир.

**ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ
«ТАКФИР»
ҰҒЫМЫНЫҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ
МӘСЕЛелЕРІ**

Еліміз тәуелсіздік алуымен бірге елдегі азаматтардың діни сенім бостандығы мен еркіндігі қайта қалыпқа оралды. 1992 жылы 15 қаңтарда «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. Осы заңның негізінде елде діни үдерістер басталды. Соның ішінде, он адамның басын қосып діни бірлестік құрып алған шетелдік миссионерлердің әрекетін атап айтуға болады. Әрине бұл үрдіс ислам діні мен елдегі мұсылмандарды да айналып өткені жоқ. Мысалы, Атырауда, Шымкентте, Таразда т.б. қалаларда қазіргі таңда республикалық діни бірлестік болып табылатын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты емес, жекелей тіркеліп қызмет еткен мешіттер болды. Солардың бірі – Атырау қаласындағы «Дәр әс-Сәләм» діни бірлестігі (қазіргі таңда «әт-Тақуа» мешіті) тіркелген кезден бастап радикалдық бағыттағы діни идеяны уағыздап, таратумен айналысты. Атап айтқанда такфирлік-сәләфилік идеяны насихаттады. Атырау облысындағы экстремистік және лаңкестік әрекеттері үшін бас бостандығынан айрылған тұлғалардың басым көпшілігі осы мешіттен тәлім алғандар болды [1].

Бүгінге дейін елімізде орын алған лаңкестік оқиғалардың барлығы осы такфирлік сенімнен және ұстанымнан басталуда. Демек олай болса, такфир деген не? Оны ұғым ретінде қалай қарастырамыз? Ислам дініндегі «такфир» ұғымының мәні мен мазмұны қандай? Бұл ұғым қалай такфиризм құбылысына айналып жатыр? Елдегі такфирлік сипаттағы көзқарастар мен идеялардың алдын қалай алуға болады? деген сұрақтардың жауабын іздеу және зерттеу дін саласы мамандарының міндеті деп санаймыз.

Такфир теориясы туралы ислам тарихында көптеген ғұламалар қалам тербеген. Атап айтқанда, сенім (ақида), діни ағымдар мәселелеріне қатысты еңбектерде куфр мен такфир теориялары талқыланады. Ашғари мектебінің белді өкілдерінің бірі Әл-Бақиллани өзінің «Тамхид әл-әуил уа талхис әд-дәләил», Әл-Ғазали «Файсал әт-тафриқа бәйнал ислами уаз-зандақа», Абу Жағфар әт-Тахауи «Мәтнул ақида ат-тахауия бәйән ақида әхлу сунна уәл-жамағат» т.б. секілді еңбектерінде аталмыш проблемаға қатысты кейбір теориялық принциптерді нақтылаған. Бұл тақырыпқа қатысты елімізде саяси-әлеу-

меттік, психологиялық кері әсерлерін жекелеген А. Сабдин, М. Исаұлы секілді теологтар мақалалар мен сұхбаттар беріп жүр. Сондай-ақ, А. Избаиров та аталмыш проблемаға біршама материалдарын жариялады. Алайда, оның материалдары көп жағдайда біржақтылықпен шектелуде. Осыған орай, ислам дініндегі куфр мен такфир проблемасының теориялық және принциптік қырларын ашу, ғылыми талдау бүгінгі күндегі ахуалдың талабы деп санаймыз.

«Такфир» ұғымы арабтың «куфр» сөзінен келіп шығады. Куфрдің түбірі «кафр», ал етістігі «кафара» болып табылады. «Кафара» жасыру, жасырды деген мағынаны білдіреді. Арабтар түнгі уақытты адамдарды өз қараңғылығымен жасыратын болғандықтан кейде «кафир» деп атайды. Екінші де дәнді жерге жасыратындықтан «кафир» деп аталады. Жақсылыққа күпірлік ету – оның қадірін білмеу және иесіне алғыс айтпау арқылы оны жасыру деген сөз [2,560 б.]. Құранда Алла тағала «Оның еңбегі алғыссыз (куфран) қалмайды» дейді [3, 21:94]. Күпірліктің ең үлкені Алланың бірлігін, шариғатты, пайғамбарлықты жасыру арқылы жоққа шығару. «Куфран» сөзі жақсылықтың қадірін білмеу мағынасында, ал «куфр» сөзі діни мазмұнда көбірек қолданысқа ие. Құранда «Оны (Құранды) ақылға келеді деп олар үшін талдап бердік, алайда адамдардың көпшілігі күпірлік (жасырып, қарсы шығады) етеді» делінеді [3, 25:50].

Күпірлік/куфр сөзінің ислам дініндегі терминдік мағынасы лингвистикалық мағынасымен байланысты. Күпірлік сөзіне дін мамандары «Алла тағаланы және оның елшілері әкелген хабарларды түгелдей немесе олардың кейбірін жоққа шығару» деген анықтама береді [4, 577 б.]. Имам Фахруддин ар-Рази: «Кәләм ғалымдарына куфр сөзінің нақты анықтамасын қою өте қиынға соқты. Себебі, ол Алла Елшісі (с.ғ.с.) Раббысының тарапынан жеткізгеннің барлығын растау болып табылатын «иман» ұғымының антонимі. Демек, «күпірлік» – Алла Елшісінің (с.ғ.с.) жеткізгеніне күмән болмаған нәрсені растамау» – деп анықтама береді [5,2:42 б.]. Имам әл-Ғазали: «Күпірлік ол – Алла Елшісі (с.ғ.с.) жеткізген нәрсені жоққа шығарып, оны мойындамау» дейді [6, 25 б.]. Имам әл-Құртуби: «Шариғат тілімен күпірлік сөзі айтылатын болса, ислам дінінде белгілі болған мәселені жоққа, жалғанға шығару болып табылады» – дейді. Сондай-ақ, Ибн Хажар Асқалани Фатх әл-Бәриде: «Күпірлік сөзі шариғатта нығметтің қадірін білмеу, нығметті берушіге алғыс айтпау, ақысын өтемеу деген мағынада да келеді» – деп

түсініктеме береді [7, 13:601 б.]. Ашғария мектебінің белді өкілдерінің бірі Имам әл-Бақиллани былай дейді: «Ол иманға қайшы нәрсе. Ол Алла тағаланы білмеу. Адамның өз жүрегін Алланы танудан тосатын үлгіде оны жоққа шығаруы. Ол жүректі ақиқатты танудан жабатын кедергі секілді» [8, 393-394 бб.]. Имам әл-Бақиллани өз анықтамасына танымауды және білімсіздікті қосады.

Демек, күпірлік/куфр – діни үкім. Ислам дініндегі иман ұғымына қарсы іске немесе сөзге айтылады. Ол ақиқатты жалғанмен жасыру, көрсетпеу немесе ақиқатты растамау дегенді білдіреді. Ал бұл істі жасаған кәпір/кафир деп аталады.

Имам әт-Тахауи күпірлікке адамды апаратын жағдайлар мен факторларды қарастыра келіп былай түйіндейді: «Біздің қыбламызға (Меккедегі қаба тарапқа) қараған адамды Пайғамбарды (с.ғ.с.) және оның жеткізгенін мойындағаны, сондай-ақ оның айтқаны мен хабарлағанын растағаны үшін мұсылман, мүмін деп атаймыз». Сонымен қатар, Имам әт-Тахауи: «Қыблаға қараған адамды рұқсат деп есептемей жасаған күнәсі үшін кәпір деп санамаймыз. Адам өзін иманға кіргізген мәселені жоққа шығармағанша, иманнан шықпайды» – деп қорытады [9, 20-21 бб.].

Демек, мұсылман адамды күпірлікпен айыптау үлкен жауапкершілік. Оған өте жоғары деңгейде дәлелденген сенімді айғақ керек. Мұсылман адамның нәпсіқұмарлық, тәкәппарлық, білместік секілді әртүрлі себептермен жасаған күнәсі үшін оны діннен шығару ислам дінінің негізгі принциптеріне сәйкес ұстаным емес. Имам әт-Тахауи өзінің еңбегінде жоғарыдағы сөзімен осы мәселені анық әрі нақты етіп айтып отыр.

Күпірлік ұғымының типологиясы мен категориялары

Ислам ғұламалары «күпірлік» ұғымына анықтама берумен қатар оның түрлері мен санаттарын қарастырған. Ғұламалар бұл тұрғыда иманға қарсы немесе қайшы жағдайлардың мысалдарын Құран Кәрімнен және Пайғамбар сүннетінен келтіреді. Осының негізінде, күпірлік мен кәпір ұғымдарының типологиясы мен категорияларын қалыптастырады. Біз бұл мақалада негізгі алты категорияны қарастыруды жөн көріп отырмыз.

1. *Куфр инкар (жоққа шығару күпірлігі)*. Инкар дегеніміз мүлде қабылдамау, мойындамау, жоққа шығару және білмеуді білдіреді [10,795 б.]. Куфр инкар – адамның Алланы және исламды жүрегімен және тілімен қабылдамауы.

Алла тағаланы жалғыз деп тану (таухид) ұғымын мүлде білмеуі. Күпірліктің бұл түрі туралы Құранда «Қарсы болғандарды (күпірлік еткендер) ескертсең де, ескертпесең де бәрібір, олар иманға келмейді...» делінеді [3, 2:6]. Жоғарыдағы аятта айтылған топтың жағдайы осы куфр инкар болып саналады. Себебі, оларға ақиқат қаншалықты айтылып ескертілсе де оны жүрегімен де, тілімен де қабылдамайды. Мұндай сипаттағы адам ислам шарифатында «кафир мункир» деп аталады.

2. *Куфр жухуд (ерегесу күпірлігі)*. Жухуд – жүрегімен білген нәрсені тілімен растамау. Яғни тілімен ислам мен иманның негіздерін қабылдамау. Бұл Ібілістің күпірлігі секілді [11]. Ибн әл-Қаиим күпірліктің бұл түрін мынадай деп екіге бөледі: «шексіз жалпы күпірлік (куфр мутлақ ғамм) және шектеулі жеке күпірлік (куфр муқаййад хасс)». Біріншісі Алла және оның Елшісі тарапынан келгеннің барлығын дерлік жоққа шығару, ал екіншісі діндегі міндетті болған (парыз) немесе тыйым салынған (харам) кейбір мәселелерді қабылдамау [12, 1:367 б.]. Ислам ғұламалары аталған сипаттағы тұлғаны «кафир жахид» деп санайды.

3. *Куфр муғанада (қасарысу күпірлігі)*. Муғанада сөзі қиыңдылық, қасарушылық, қарсы әрекет және қарсы әсер деген мағыналарды білдіреді [10, 502 б.]. Ислам ғалымдары муғанада ұғымының шарифи мағынасын Алла тағаланы жүрегімен біліп, тілімен растау, алайда көреалмаушылықтан, тәкаппарлықтан немесе қасарысушылықтан ұстанбау, мойындамау деп түсіндіреді. Мұның мысалы ретінде Құрандағы «Періштелерге Адамға сәжде етіндер дегенімізде, олар сәжде жасады, тек Ібіліс қана бас тартып, тәкаппарлықпен басын имеді. Сондай-ақ, ол кәпірлердің қатарынан болған еді» [3, 2:34] деген аятты келтіруге болады. Ібіліс барлығын жан-жақты жақсы білді, алайда тәкаппарлықпен Алланың әмірін орындаудан бас тартты. Яғни мұндай сипаттағы адам «кафир муғанид» деп аталады [4, 579 б.].

4. *Куфр нифақ (екіжүзділік күпірлігі)*. нифақ ислам дінінде кеңінен танымал ұғым. Арабтың «нәәфақа» сөзінен келіп шығады. Оның мағынасы – адамның көкейіндегі нәрседен басқаны сыртқа көрсетуі немесе білдіруі [13, 942 б.]. Куфр нифақ адамның жүрегімен қарсы бола тұра, тілімен мұсылманшылықты қабылдауы [11]. Демек, бұл исламды ақиқат діні ретінде жан дүниесімен мойындамайтын, бірақ тілімен өзін мұсылман деп жариялау. Мұндай ұстанымдағы адамды исламда «мунафик», яғни

екіжүзді деп атайды. Күпірліктің бұл түрі туралы Құранда «Адамдардың арасында Аллаға және қиямет күніне иман келтірдік деп айтатындары бар. Бірақ олар иман келтірушілер (мүміндер) емес» делінеді [3,2:8]. Тағы бір аятта «Шындығында мунафиктер (екіжүзділер) тозақтың ең төменгі сатысында болады» деп айтады [3, 4:145]. Ибн әл-Қаиим куфрдің бұл түрін екіге бөледі. Біріншісі – үлкен куфр нифақ. Бұл күпірлік өз иесін тозақта мәңгі қалдыруға себеп болады. Мысалы, Алланың бар екенін тілімен мойындап, ішкі жан дүниесімен қабылдамау. Екіншіден, кіші куфр нифақ адамды жазаға тартуға фактор болып табылғанымен, тозақта мәңгі қалдыра алмайды. Бұған, балшы-бақсыға барып, болашақты болжату және оған сенуді айтуға болады – дейді [12, 1:376 б.].

5. *Куфр иград (бұлтару күпірлігі)*. Иград сөзі араб тілінде «бас тарту, бұлтару, теріс бұрылу» деген мағыналарды білдіреді [10, 469 б.]. Күпірліктің бұл санаты турасында Құранда «Рабысының аяттары айтылғанда, теріс бұрылып кеткен адамнан артық залым бар ма?...» деп айтылады [3, 32:22]. Демек, бұл исламды қабылдамайтын және жоққа да шығармайтын адамның әрекеті. Құран мұндай адамдардың істерін үлкен зұлымдықпен теңеп отыр.

6. *Куфр шәк (күмәндану күпірлігі)*. Араб тіліндегі шәк сөзі біріне-бірі қайшы екі мәселенің теңесуін білдіреді. Бұл екі мәселенің бірінің басымдығын білдіретін айқын дерек немесе белгі болмағандықтан орын алуы мүмкін [2, 1:349 б.]. Демек, адамның белгілі бір мәселені растауға қатысты екі ойлы яки күмәндану пікірінде болуын айтуға болады. Ал исламға қатысты айтар болсақ, мұндай пікірдегі немесе ұстанымдағы адам ислам шарифатының шарттарын растамайды және жоққа да шығармайды. Олардың бойын күмән билеген болып табылады [4, 579 б.].

Күпірлікке негіз болатын жағдайлар.

Жоғарыда талданған мәселелер бойынша ислам шарифатында кейбір адамдар күпірлікке ұрынып, кәпір деп есептеледі. Оларды күпірлікпен айыптау немесе кәпір деп үкім шығару белгілі бір себеп пен жағдайға негізделеді. Атап айтқанда, мұндай негіздемелер үш бағыттың аясында орын алады.

1. *Сенім (ақида) мәселесіне қатысты жағдайлар*. Ислам дініндегі негізгі әрі белгілі болған мәселелерді, басқаша айтқанда ислам дінінің негіздерін жоққа шығару, оларға сенбеу

және қабылдамау. Мысалы, Алла тағаланың бір екеніне, Мұхаммедтің (с.ғ.с.) пайғамбарлығына, періштелердің барлығына немесе Алланың кітаптарына иман келтірмеу адамды кәпір деп санауға негіз болатын сенімдік (ақидалық) жағдайлардан болып саналады [14, 618 б.]. Осындай мазмұнда Құран «...кімде-кім Аллаға, оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ақирет күніне қарсы келсе (күпірлік етсе) ұзаққа адасады» дейді [3, 4:136]. Бұл аятта айтылып отырған күпірлік адамның сеніміне қатысты орын алып отыр. Осы тұста айта кететін жайт, Пайғамбардың сүннетін жоққа шығару – оның өзін жоққа шығару, Құранның бір аятына сенбеу – Құранның өзіне сенбеу болып табылады. Аллаға сену – оның тарапынан келген хабарларға сену дегенді білдіреді.

2. *Сөзге қатысты жағдайлар.* Адамның ислам шариғатын немесе оның негіздері болып саналатын кейбір мәселелерді жоққа шығаруға бағытталған сөзді айтуы оның күпірлікке түсуіне және кәпір деген үкімінің шеңберіне енуіне себеп болуы мүмкін. Соның мысалы ретінде, Аллаға, пайғамбарлардың біріне, Алланың кітаптарына немесе исламға тіл тигізу, балағаттау, тілмен кемсіту күпірлікке апаратын факторлар болып табылады. Мұндай, сөздерді айтқан адамға айтқанынан қайтуы талап етіледі. Егер, айтқан сөздерінен қайтпаса, күпірлікпен айыпталады [14, 619 б.].

3. *Іс-әрекетке қатысты жағдайлар.* Ислам дінінің негіздеріне анық әрі айқын қайшы сипаттағы іс-қимылдар күпірлік болып саналуы ықтимал. Мысал ретінде, адамның Құранды дұшпандықпен жыртуы, оны қоқысқа тастауы, құлшылық ретінде бұтқа табынуы, құрметтеген халде кресті тағып алуы секілді істерді айтуға болады. Мұндай істердің қайсыбірі болса да, шариғат қоятын шарттарға сай нақтылауды әрі анықтауды талап етеді [14, 620 б.].

Осы тұста айта кететін мәселе, кәпір адам тек жаман қасиеттерді бойына жинаған тұлға болуы шарт емес. Ол кедейлерге, жетім-жегірлерге қамқор болып, ата-анасын разы етуі, туыстарымен жақсы қарым-қатынасты сақтауы т.б. жақсы істерді атқарған болуы әбден мүмкін. Алайда, оның осы өмірде жасаған ізгі істері үшін ислам шариғаты бойынша ақирет өмірінде сауап берілмейді деп үкім етіледі. Себебі, ол жоғарыда аталған істерді Алланың разылығы және ақирет өмірінің сауабы үшін жасаған жоқ. Бұл турасында Құранда «Раббысына қарсы шыққандардың (кәпірлердің) мысалы қатты жел тұрған күндегі күл секілді. Олар өз еңбектерінің бірін де сақтап қалуға шамалары жетпеді. Міне,

осы үлкен адасу болып табылады» деп айтылады [3, 14:18].

Ал бұл өмірде кәпір тұлғаның жасаған ізгі істері үшін жақсылық беріледі. Ол денсаулық, қауіпсіздік, кең ризық және атақ-даңқ секілді өмірдің қажеттіліктерімен қамтамасыз етілуі әбден мүмкін. Құран «Кімде-кім бұл дүние және оның қызығын қалайтын болса, оған еңбегінің ақысын береміз, оның ешбір ақысы желінбейді» дейді [3, 11:15]. Демек, ол өзінің бұл өмірде алдына қойған мақсатына жетуі және дүниелік қызықтарға кенелуі ешқандай ақыл мен шариғатқа қайшы емес.

«Такфир» ұғымы және оған шариғаттың көзқарасы.

Ислам дініндегі «такфир» ұғымы куфр сөзінен бастау алатыны белгілі. Демек, «такфир» ұғымы өзін мұсылманмын деп санайтын екінші адамды күпірлікпен, исламнан шығумен айыптауды және оған кәпір деген үкімді тағайындауды білдіреді. Олай болса, такфир жасау үрдісінің үлкен жауапкершілігі бар. Себебі, «такфир» шариғи (құқықтық) үкім болып табылады. Имам әл-Ғазали бұл тұрғыда «Күпірлік шариғи үкім. Мысалы, адамның құлдығы, азат болуы секілді. Бұл үкімнің адам қанының төгілуі, тозақта мәңгі болуы т.б. салдары бар. Мұның негізі шариғаттан бастау алуы тиіс. Арнайы мәтінмен (насс – Құран аяты, Пайғамбар хадисі) немесе мәтінмен бекітілген үкімге қияспен (үкімі жоқ мәселені үкімі бекітілген мәселемен салыстыру тәсілі) негізделуі керек» деп түсіндіреді [6, 26 б.]. Күпірлікпен айыпталған адам исламға қатысты бекітілген құқықтарынан айрылады. Оның мал-мүлкін тәркілеу, діннен шығу жазасын қолдану, некелі әйелінен айыру секілді салдары пайда болады. Сондықтан біреуді такфир ету, яғни күпірлікпен айыптау мәселесіне Алла Елшісі (с.ғ.с.) өте қатаң қараған. Сахих Муслимде Абдулла ибн Омар жеткізген хадисте «Егер адам өзінің бауырын күпірлікпен айыптайтын болса, өзі соған душар болады» делінеді [15, 2:42 б.]. Ибн Хажар бұл хадиске берген түсініктемесінде «ешбір негізсіз біреуді күпірлікпен айыптап, үкім шығарудың үлкен күнә екенін білдіреді» деген [7, 13:681 б.]. Ибн әл-Уәзир өзінің әл-Ауасим кітабында «Такфир тек сенімді жолмен жеткен мәтінмен ғана болады. Бұл мәселеде ақылға ешқандай жол жоқ. Демек, адамның кәпір пен күнәхар болуы ешбір дау болмаған, қатғи (ешбір шүбасы болмаған) жолмен жеткен дәлелмен ғана іске асады...» дейді [16, 4:178-179 бб.].

Құран Кәрім «Ей, иман келтіргендер, Алла

жолында жорыққа шықсаңдар әрбір істің анық-қанығын біліп жүріңдер. Сендерге сәлем беріп келген адамға дүниелік пайданы көздеп сен мұсылман емессің деп айтпаңдар» дейді [3, 4:94]. Яғни адамды күпірлікпен айыптауға асықпаңдар, оның кім екенін анықтап біліп алыңдар деп міндеттеп отыр. Бұл аяттың тәпсірінде Имам Ат-Табари: «Жорықта болған кезде мұсылман немесе мұсылман еместігін білмеген адамды өлтіруге асықпаңдар. Асығып жазықсыз адамның қанын төгулерің мүмкін. Аллаға, пайғамбарға және сендерге қарсы дұшпандығын анық білген тұлғадан басқаларға қару көтеруші болмаңдар» деп түсіндіреді [17, 7:351 б.].

Имам әл-Бухари келтірген мына хадистерде Пайғамбар (с.ғ.с.): «Қайсыбір адам екінші бір кісіні пасықтықпен, күпірлікпен айыптаса, бірақ ол айыптағандай болмаса, бірінші кісінің айыптаулары өзіне тағылады», «Кімде-кім мүмін адамды қарғаса, оны өлтіргендей болады. Сондай-ақ, кімде-кім мүмін адамды күпірлікпен айыптаса, оны өлтіргендей болады» дейді [18, 7:84 б.]. Ибн Абдул Барр аталмыш хадис жөнінде былай дейді: «Осылай айтқан адам үлкен әрі ауыр күнә арқалайды. Осы айтқан сөзінің кесірінен айтылған жамандыққа өзі душар болды. Бұл хадис мұндай сөзді айтудан қайтаратын өте қатаң ескерту және қыблаға қараған адамға «ей кәпір» деп айтудан түбегейлі тыйым салу болып табылады» [19, 17:22 б.]. Демек, Имам Ибн Абдул Барр өзін мұсылманмын деп санаған адамды күпірлікпен айыптауды тыйым салынған (харам) етілген іс есептеп отыр. Алла Елшісінен (с.ғ.с.) жеткен тағы бір хадисте «Үш нәрсе иманның негіздерінен болып табылады: Алладан басқа тәңір жоқ деген адамға тиіспеу, оны жасаған күнәсі үшін күпірлікпен айыптамау және істеген қате әрекеті үшін исламның шеңберінен шығармау» делінеді [20, 2:221 б.]. Жоғарыдағы хадистердің мазмұнынан адамға кәпір деп үкім берудің, оны күпірлікпен айыптаудың ауыр мәселе екенін анық байқаймыз. Хадис тек қана сол айыптауы өзіне қайтады деп тұрған жоқ, сонымен қатар адам өлтірген қылмыскердің ісімен теңеп отыр. Мүмін мұсылман адамды күпірлікпен айыптау немесе оны діннен шықты деп үкім ету адамның өз иманына қайшы келетіні айтылуда.

Мухаммед Рашид Рида өзінің Манар атты тәпсірінде «Кейінгі уақытта екіұшты болып табылатын мәселелерді өзінше түсінгенді, кейбір пәтуаларға қайшы ұстанымда болған адамды, кейбір даулы мәселелерді жоққа шығарғанды күпірлікпен айыптауға жеңіл қарайтындар пайда болды. Өзгелерді де осы үлкен қателікке

шақырып жүр. Қажет болса, қарапайым әдет-ғұрыптардағы келіспеушіліктері үшін күпірлікпен айыптайтын болып алды...» [21, 1:140 б.] деп өткен ғасырда күпірлікпен айыптауды өздеріне күнделікті шаруа етіп алғандарды жазғырады.

Сондықтан адамдарды күпірлікпен айыптау мәселесінде өте сақ болу қажет. Кімнің мұсылман немесе кімнің мұсылман емес екендігін анықтайтын арнайы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы секілді ресми мекеме бар. Бұл осы мекеменің құзіретіндегі міндет екенін әрбір азамат ұмытпауға тиіс. Егер әрбір тұлға өзінше адамдардың иманы мен имансыздығын өлшеумен айналысар болса, ислам діни бойынша жоғарыда келтірілген хадистерде айтылған жазаға душар болуы ықтимал. Келесі кезекте қоғам мүшелерінің арасындағы қарым-қатынаста келеңсіздіктер белең алады.

«Такфиризм» құбылысына апаратын факторлар

Біз бұл мақалада ислам шарифатындағы такфир ұғымының негіздеріне шолу жасадық. Такфир мәселесінің қаншалықты күрделі әрі жауапкершілігі үлкен екенін негіздеуге әрекет еттік. Өкінішке орай, мұсылман қоғамдардың проблемасына айналған, осы ұғымға негізделетін құбылыс пайда болды. Ол – «такфиризм» құбылысы. Мұны араб тілінде «Захирату такфир» деп атау үрдісі қалыптасты. Такфиризм – өзін мұсылман деп есептеген тұлғаны күпірлікпен айыптау [22]. Исламға және мұсылмандарға қатысы жоқ қоғамдармен ешбір шаруасы болмайды. Жоғарыда бұл құбылыстың үлкен күнә әрі мұсылман қоғамы үшін зор қауіп екенін шарифат мәтіндері мен ғұламалардың пікірлеріне негізделіп айтылды. Ендігі кезекте бұл құбылыстың пайда болуының кейбір факторлары мен себептеріне тоқталған жөн деп санаймыз.

1. Ислам ілімдерін терең меңгерген ғұламалар ғана білетін шарифаттың нәзік мәселелерін білмеу кейбір тұлғаларды такфиризм дертіне шалдықтырады. Себебі, ол уахи (Алла тағаланың пайғамбарларына жолдаған хабары) мәселелерін түсінбейді, мағынасы нақты аяттар (мухкамат аяттар) мен түрлі мағына беретін аяттарды (муташабахат) ажыратпайды. Күпірлік ұғымына қатысты мәселелердің өзін меңгермеген болып табылады. Бұл сипатты Пайғамбардың (с.ғ.с.) сахабаларын күпірлікпен айыптаған топ – хауариждердің бойынан көреміз. Пайғамбардың мына хадисінде «...Олардың намаздарын, оразаларын көргенде, өздерінің намаздарын

мен оразаларыңды түк көрмей қаласыңдар. Құранды оқиды, бірақ оқыған құрандары алқымынан ары аспайды. Жебе садақтан қалай шығар болса, солай діннен лезде шығып кетеді» делінеді [18, 6:115 б.]. Демек, бұл топтың мүшелері Құранды оқиды, бірақ жүрегімен, санасымен түсініп оқымайды. Соның себебінен қателіктерге бой алдырады.

2. Бүгінде өкінішке орай, кейбір діни топтар өздерімен келіспеген топтардың барлығын күпірлікпен айыптауды әдетке айналдырып алды. Қарсыластарды жазалау немесе олардың қанын төгуді осылайша ақтап әрі негіздеп алуға әрекет жасайды. Біз бұл жағдайды қазіргі Таяу Шығыстағы ДАИШ тобының ісінен анық көреміз. Олар өздерімен келіспеген тараптардың барлығымен дерлік соғысуды заңдастырып алу мақсатында өз қарсыластары мен пікірі қайшыларды күпірлікпен айыптайды. Қазіргі таңда әлемдегі мемлекеттер, саяси жүйелер, білім беру және денсаулық сақтау жүйелерінің барлығы кәпір деп есептейді [23]. Ал бұлай ету оларға қарсы тараптардың барлығымен соғысып, қанын төгуге рұқсат беретін негіз болады.

3. Соңғы ғасырларда сөзіне халықты ертіп, бір ауыз сөзімен елді тоқтатып отыратын ғұламалар мен данышпан тұлғалар азайып барады. Атап айтқанда, осы шарифат және діни ғылымдар саласында. Дінге бет бұрған жастар ғылымды терең меңгермеген, өздерін ғалым деп есептейтін адамдардың дегенімен жүретін болып келеді. Бұл жөнінде Пайғамбардың (с.ғ.с.) хадисінде былай айтылады: «Ғылым мен білімде дәрежесі жоқ кішкентай біреулерден ғылым үйрену қияметтің белгілерінен болып табылады» [24, 8:116 б.]. Бұл хадиске байланысты Имам әл-Хатиб әл-Бағдади Ибн Қутайбаның төмендегі сөзін келтіреді: «Егер адамдар ғылымды жастардан емес, үлкен ғұламалар мен шейхтерден алса игі болады. Себебі, жасы үлкен кісиде әдетте жастықтың албырттығы, қызбалық, асығыстық және таяздық секілді кемшіліктер бола бермейді. Тәжірибесі мен көргені мол болады. Оның тәжірибелі ғалым екендігіне күмән бола қоймайды. Нәпсінің арбауына ермейді. Жастарды азғырғандай, шайтан оны азғыра алмайды. Адамның жасымен бірге ұлықтық, кісілік және байсалдылық секілді қасиеттер қоса

дамиды. Ал жас адамда үлкен кісілерде болмайтын мұндай кемшіліктер болуы әбден ықтимал. Одан барып пәтуа (шарифат үкімі) сұрасаң, қате пәтуа беріп, өзін де сені де адастыруы мүмкін» [25, 93 б.].

4. Тарихта бір мәселеде шектен шығушылық, оған қарсы сипаттағы шектен шығушылыққа себеп болып отырған жағдайлар болған. Мысалы, Хауариждердің пайда болуы, муржия тобының, ал жабрия тобы болса қадариттердің шығуына себеп болды. Сол сияқты біздің заманымызда шарифат мәселелеріне жеңіл қарау және бұрмалаушылық әрекеттер құбылысы етек алуда. Кейде Құран кәпір деп сипаттаған топтардың өзін кәпір деуге болмайды дейтін сарапшылар мен ғалымсымақтар пайда болды. Қоғамдағы осындай ислам дінінің негіздеріне қатысты немқұрайлық дінге ықыласы күшті қызбаланған кейбір жастарды таразының екінші жағына итермелегендей болады. Атап айтқанда, оларды такфир ұғымын радикалды үлгіде түсініп, іске асыруға апарды [26, 30 б.].

Ислам діні адам мен қоғам мүддесін бірінен-бірі ажыратпай қарайды. Адам құқығы мен қоғам мүддесінің арасында қайшылықтардың орын алуына жол бермеудің тәсілін қарастырады. Осы тұрғыда, исламдағы күпірлік, такфир ұғымдары өте нәзік әрі жоғары деңгейде жауапкершілікті талап ететін мәселелер болып табылады. Сондықтан пайғамбар Мұхаммед (с.ғ.с.), одан кейін ислам ғалымдары бұл мәселеге өте қатаң мән берген. Олар күпірлік ұғымының типологиясы мен категорияларын жан-жақты зерттеген. Күпірліктің әрбір түрінің шарифат тұрғысынан қарағанда өзіндік салдары болады. Өзін мұсылман санаған адамды күпірлікпен айыптау оның тағдырына тікелей әсер етеді. Онымен тағдыры шешіледі деген сөз. Осы негізде шарифат мамандары күпірлікке негіз болатын факторлар мен жағдайларды жіті саралап, санаттаған. Қажет болса әрбір жағдайды өзінше жеке қарастыруды міндеттеген. Бүгінде такфиризм құбылысы қазақ қоғамының да санасына, руханиятына және бейбіт өміріне қауіп төндіріп отырғаны белгілі. Осы орайда, ислам дінінің бұл мәселеге қатысты принциптері мен ережелерін анықтап әрі нақтылап зерттеу елді аталмыш індеттің зардабынан сақтауға өз үлесін қосады деп санаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Как становятся «торпедами», <http://azh.kz/ru/news/view/11846>
- 2 Әр-Рағиб әл-Асфхани, әл-Муфрадат фи ғариб әл-Куран – низар Мустафа Баз баспасы, 2 томдық, 722 б.
- 3 Алтай Х. Құран Кәрім қазақша мағынасы және түсінігі. – Мекке: Екі Харамның қыз-меткері Фаһд патшаның Құран Шариф басым комбинаты 1990 – 604 б.

- 4 Эл-Хин М.С., Ақида исламия: аркануха, хакаиқуха, муфсидатуха (Ислам ақидасы: не-гіздері, ақиқаты, бұзатын жағдайлар) – Дамаск: эл-Калим ат-таиб баспасы, 2005/1426 – 620 б.
- 5 Фахруддин Ар-Рази, Мафатихул ғайб – Бейрут: Дарул фикр баспасы, 1981/1401 – 32 томдық.
- 6 Эл-Ғазали Ә., Файсал эт-тафриқа бәйнал ислами уаз-зандақа – 1992/1413 – 93 б.
- 7 Ибн Хажар Асқалани, Фатх эл-Бәри – Эр-Рияд: Дар таиба баспасы, 2005/1426 – 17 томдық.
- 8 Эл-Бақиллани Ә.М., Тамхид эл-әуил уа талхис әд-дәләил – Бейрут: Мактабат эл-кутуб әс-сақафия – 1987/1407 – 568 б.
- 9 Абу Жағфар эт-Тахауи, Мәтнул ақида ат-тахауия бәйән ақида әхлу сунна уәл-жамағат – Бейрут: Дар Ибн Хазм баспасы, 1995/1416 – 33 б.
- 10 Мухитдинов Р., Жүсіпбеков Ж. Арабша-қазақша сөздік – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы, 2016 – 918 б.
- 11 Мухаммед эл-Бағдади Х.Х., Такфир етуде талап етілетін өлшемдер// http://www.jameataleman.org/main/articles.aspx?article_no=1122;
- 12 Ибн әл-Қаим эл-Жаузия, Мәдәриж әс-сәликин – Бейрут: Дарул кутуб эл-ғилмия, 2 томдық.
- 13 Мустафа И., Эл-муғжам эл-уасит – Стамбул: Эл-мактабал исламия баспасы, 1067 б.
- 14 Эл-Мәйдәни А.Х., Эл-ақида эл-исләмия уә усусуха – Дамаск: Дәрул қалам баспасы, 2004/1425 – 703 б.
- 15 Ән-Науауи Я.Ш., Шарх Сахих Муслим. – Бейрут: Дәрул-кутуб эл-ғилмия, 2003/1424 – 19 томдық.
- 16 Ибн Эл-Уәзир М.И. Эл-ауасим уа эл-қауасим физзабб ған суннати Абул Қасим – Бейрут: Муассасат әр-рисала баспасы, 1992/1412 – 9 томдық.
- 17 Ибн Жарир Ат-Табари А.М. Жамиғул байан фи тауил әйил-Құран – Жиза: Дар Һажар баспасы, 2001/1422 – 26 томдық.
- 18 Эл-Бухари М.И. Сахих эл-Бухари – Эр-Рияд: Дар Ишбилиа, 8 томдық.
- 19 Ибн Абдул Барр Ю.А. Эт-тамхид лимә фи муатта минәл-мағани уа эл-әсәнид – 1967/1387 – 26 томдық.
- 20 Әс-Сижстани, Ә.С., Сунан Әбу Дәуид. – Бейрут: Дәрул-кутуб эл-ғилмия баспасы, 1996/1416 – 3 томдық.
- 21 Рида М.Р. Тәфсирул мәнар – Каир: Дарул мәнар баспасы, 1947/1366 – 12 томдық.
- 22 <https://ru.wikipedia.org/wiki/Такфиризм>;
- 23 Бапир А. ДАИШ туралы, оның принциптері мен істеріне талдау. – <https://www.facebook.com/notes/ali-bapir/فيري عت-عاد فيري عت-عاد/983782648315426/>;
- 24 Эт-Табарани С.А. Эл-муғжам эл-әусат – Каир: Дәрул харамайн баспасы, 1995/1415 – 9 томдық.
- 25 Эл-Хатиб эл-Бағдади А.А. Насихат әхл эл-хадис – Хартум: Дәрул асалат баспасы, 1988/1407 – 196 бет.
- 26 Әс-Саққар М.М. ат-Takfir ua dauabituhu. – Мекке: Ислам әлемі лигасы баспасы – 117 б.

References

- 1 Kak stanovyatsya “torpedami”, <http://azh.kz/ru/news/view/11846>;
- 2 Ar-Rafib al-Asfahani, al-Mufradat fi garib al-Kuran – Nizar Mustafa baspasi, 2 tomдық, 722 б.;
- 3 Altai КН., Kuran Karim kazaksha magynasy zhane tusinigi – Madina: Eki haramnyn kyzmetkeri Fahd patshanyн Kuran Sharif basym kombinaty, 1990 – 604 б.;
- 4 Al-Khin M.S., Akida islamiya: arkanuha, hakaikuha, mufsidatuha – Damask: al-Kalim at-taib baspasy, 2005/1426 – 620 б.;
- 5 Fahrudin ar-Razi, Mafatihul gaib – Beirut: Darul fikr baspasy, 1981/1401 – 32 tomдық;
- 6 Al-Gazali A., Faisal at-tafrika baina islami uaz-zandaka – 1992/1413 – 93 б.;
- 7 Ibn Hazhar Askalani, Fathul bari – Ar-Riyad: Dar taiba baspasy, 2005/1426 – 17 tomдық;
- 8 Al-Bakillani A.M., Tamhid al-auail ua talhis ad-dalail – Beirut: Maktabatu al-kutub as-sakafiya – 1987/1407 – 568 б.;
- 9 Abu Zhagfar at-Tahau, Matnul akida at-tahauiya baiyan ahlu sunna ual-zhamagat – Beirut: Dar Ibn Hazm baspasy, 1995/1416 – 33 б.;
- 10 Muhiddinov R., Zhusipbekov Zh., Arabsha kazaksha sozdik – Almaty: Nur-Mubarak baspasy, 2016 – 918 б.;
- 11 Muhammed al-Bagdadi H.H., Takfir etude talap etiletin olshemder// http://www.jameataleman.org/main/articles.aspx?article_no=1122;
- 12 Ibn al-Kaiim al-Zhauziya, Madarizh as-salikin – Beirut: Darul kutub al-gilmiya, 2 tomдық;
- 13 Mustafa I., Al-mugzham al-uasit – Stambul: Al-maktaba al-islamiya baspasy, 1067 б.;
- 14 Al-Maidani A.H., Al-akida al-islamiya ua ususuha – Damask: Darul kalam baspasy, 2004/1425 – 703 б.;
- 15 An-Nauau Ya.Sh., Sharh sahih muslim – Beirut: Darul kutub al-gilmiya, 2003/1424 – 19 tomдық;
- 16 Ibn al-Uazir M.I., Al-auasim ua al-kauasim fizzaab gan sunnati Abul Kasim – Beirut: Muassasatu ar-risala baspasy, 1992/1412 – 9 tomдық;
- 17 Ibn Zharir at-Tabari A.M., Zhamigul bayan fi tauil aiil Kuran – Zhiza: Dar Hazhar baspasy, 2001/1422 – 26 tomдық;
- 18 Al-Buhari M.I., Sahih al-Buhari – Ar-Riyad: Dar ishbiya, 8 tomдық;
- 19 Ibn Abdul Barr Yu.A., At-tamhid lima fi muatta minal magani ua al-asanid – 1967/1387 – 26 tomдық;
- 20 As-Sizhstani A.S., Sunan Abu Daud – Beirut: Darul kutub al-gilmiya, 1996/1416 – 3 tomдық;
- 21 Rida M.R., Tafsirul manar – Kair: Darul manar baspasy, 1947/1366 – 12 tomдық;
- 22 <https://ru.wikipedia.org/wiki/Такфиризм>;
- 23 Bapir A., DAISH turaly, onyn principiteri men isterine taldau– <https://www.facebook.com/notes/ali-bapir/ش-عاد فيري عت-عاد فيري عت-عاد/983782648315426/>;
- 24 At-Tabarani S.A., Al-mugzham al-ausat – Kair: Darul haramain baspasy, 1995/1415 – 9 tomдық;
- 25 Al-Hatib al-Bagdadi A.A., Nasihatu ahl al-hadis – Hartum: Darul asalat baspasy, 1988/1407 – 196 б.;
- 26 As-Sakkar M.M., at-Takfir ua dauabituhu – Mekka: Rabitatu al-alam al-islami baspasy – 117 б.

2-бөлім
МӘДЕНИЕТТАНУ

Раздел 2
КУЛЬТУРОЛОГИЯ

Section 2
CULTURAL STUDIES

Затов Қ.А., Абжалов С.У.
Діндегі қасиеттілік ұғымы

Мақалада қазіргі дін феноменологиясының негізгі категорияларының бірі – қасиеттілік ұғымы қарастырылады. Дінтану ғылымында кең таралған қасиеттілік тұжырымдарына сүйене отырып, автор осы категорияның әмбебаптығына және христиандық емес діндер мен наным-сенімдерге де қатысты қолдану мүмкіндігін дәйектеуге талпынады. Қасиеттілік феномені адамзаттың діни дәстүрі мен мәдениетінің ажырамас бір бөлігі ретінде орын ала отырып, адам мен әлеуметтік болмыстың мәндік және құндылықты өлшемін қалыптастырады. Қасиеттілікке қатыстылық адамның руханилығының терең тылсымдарымен сабақтасып жатады және оның тамырларын нәрлендіреді. Қасиеттіліктен алшақтау, одан қол үзу рухани тамырлардың солуына және әлеуметтік болмыстың дегуманизациялануына алып келеді. Қазіргі теология мен дінтану ғылымдары саласындағы қасиеттілік тұжырымдары осы феноменнің мәнін аша отырып, адамзатқа өз руханилығына терең үңіліп, құндылықты ұстанымдарын қайта қарастыруға бағыттайды.

Түйін сөздер: дін, діни феномендер, қасиеттілік, профандылық, иерофания, қасиеттендіру.

Zatov K.A., Abzhalov S.U.
Category of the sacred in religion

The article analyzes the category of the sacred in the context of modern phenomenology of religion. Based on the widely ubiquitous in religion – concept of the sacred, the author tries to show its versatility and applicability for the interpretation of non-Christian religions and beliefs. Being an inherent part of religious tradition and culture of mankind, the sacred sets essential and valuable dimensions of human life and society benchmarks. Sacred invisible thread ties together the spiritual and the sacred beginning of man and feeds the roots. Alienation from the sacred, its loss leads to the dehumanization of social existence and identity fading spirituality. Modern theological-religious studies concepts of the sacred, revealing the essence of the concept, helping humanity to re-look into the origins of their spirituality and to revise the value system.

Key words: religion, religious phenomena, sacred, profane, hierophany, sacralization.

Затов К.А., Абжалов С.У.
Категория священного в религии

В статье анализируется категория священного в контексте современной феноменологии религии. Опираясь на широко распространенные в религиоведении концепции священного, автор статьи пытается показать ее универсальность и применимость для интерпретации нехристианских религий и верований. Оставаясь неотъемлемым атрибутом религиозной традиции и культуры человечества, священное задает ориентиры сущностного и ценностного измерения бытия человека и социума. Священное незримыми нитями связывает воедино духовно-сакральные начала человека и подпитывает его корни. Отчуждение от священного, ее утрата приводят к дегуманизации социального бытия и увяданию духовности личности. Современные теолого-религиоведческие концепции священного, раскрывая сущность данного понятия, помогают человечеству заново заглянуть в истоки своей духовности и пересмотреть ценностные устоюнки.

Ключевые слова: религия, религиозные феномены, священное, профанное, иерофания, сакрализация.

ДІНДЕГІ ҚАСИЕТТІЛІК ҰҒЫМЫ

Кіріспе

Іргелі ғылым саласының дамуы оның негізгі ұғымдық-категориалдық аппаратының қалыптасып, дамып отыруымен тығыз байланысты. Қазіргі заманғы дін феноменологиясының осындай маңызды бір ұғымы – қасиеттілік. XX ғасырдың басында үлкен қызығушылық тудырған бұл мәселенің зерттелуіне батыстың танымал дінтанушылары Герард ван дер Леу, В. Бреде Кристенсен, Густав Меншинг пен Фридрих Хайлер, Рудольф Отто сияқты ғалымдар зор үлес қосты. Бірақ, батыстық дінтанушылар бұл мәселені зерттеуде негізінен христиандық теологияда қалыптасқан ұстанымдар мен көзқарастарға сүйенді. Біз өз зерттеу мақаламызда осы мәселені жаңа қырынан, яғни дәстүрлі қазақы және ислам дүниетанымы тұрғысынан қарастыруға талпындық және сол арқылы бұл ұғымның әмбебапты дінтанулық маңызын ашуды мақсат еттік.

Зерттеу тәсілдері. Зерттеу барысында тарихи және логикалық, компаративистикалық-герменевтикалық, жүйелі құрылымдық талдау тәсілдерін кеңінен қолдандық. Осы зерттеу тәсілдері дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамның қасиеттілік туралы түсініктері мен қасиеттілікке деген қатынасының ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттерге шолу. Қасиеттілік ұғымын алғаш рет жан-жақты терең талдаған Р. Отто болды. Оның «Қасиеттілік» атты еңбегі феноменологиялық талдаудың классикалық үлгісіне жатады. В. Вундт қасиеттілікті табу жүйесімен байланыста қарастырады. Оның ойынша табу кейіннен қасиеттілік пен харамға жіктеледі. Швед ғалымы Н. Зедербломда қасиеттіліктің пайда болуына назар аударып, оның динамикалық аспектілерін түйіндеуге талпыныс жасайды. К. Гольдаммер қасиеттіліктің ритуалдық әрекетпен байланысына назар аударып, оның ритуалдағы көріністерін сипаттауға мән береді. Неміс дінтанушысы Ф. Хайлердің қасиеттілікті діннің бастапқы феномені тұрғысынан қарастырады. Оның пайымдауынша қасиеттіліктің үш ипостасі бар. Олардың біріншісі, сыртқы шеңбер. Ол әртүрлі қасиетті заттардан, уақыт пен сандардан және т.б. тұрады. Екіншісі ішкі шеңбер. Ол дін туралы түсініктерді қамтиды. Қасиеттіліктің үшінші шеңбері діни тәжірибемен байланысты.

Г. Меншинг дінді қасиеттілікпен «кездесу» деп сипаттайды. М. Элиаде қасиеттілікті талдауда иерофания ұғымын енгізеді және оны қасиеттіліктің көрініс беруі ретінде қарастырады. Сонымен қатар бірқатар шетелдік (Забияко А.П. 1998), (Wach J. 1962.), (Cox J. 2006), (Пылаев М.А. 2011), (Chantepie de la Saussaye), (Tiele C.P.), (Kristensen W.B.), (Джеймс У. 1993) (Leeuw van der G.), (Ayres L. 2006) зерттеушілердің осы мәселеге қатысты жұмыстарын негізге алдық.

Отандық ғылымда қасиеттілік – мүлдем қарастырылмаған тың тақырыптардың бірі. Сол себепті бұл ұғымды отандық дінтану ғылымы аясында қарастырып, талдау және ғылыми айналымға енгізу дінтану саласының дамуына өз үлесін қосады.

Негізгі бөлім

Қасиеттілік – діндегі маңызды ұғымдардың бірі. Қасиеттілік адам бойындағы әлдебір тылсым күшке деген сеніммен тығыз байланысты. Адам үшін оның тіршілік етуінің мәні мен өзегін құрайтын, оның тағдыры мен іс-әрекетіне ықпал етіп, өзгертуге қабілетті тылсым күшті, құдіреттілікті, ерекше болмысты біз қасиеттілік деп қарастырамыз. Қасиеттілікті сипаттау үшін «Құдайылық», «трансценденттілік», «абсолютті болмыс» терминдері де қолданылады. «Қасиеттілік» ұғымы дінтану ғылымында зор рөл атқарады және кез келген дінді түсіндірудің маңызды элементі болып табылады.

Шын мәнісінде, кез келген құлшылық адамның қасиеттілікке берген жауабы. Бұл жауаптың формасы әртүрлі болғанымен мазмұны бір. Ритуалдар, экстатикалық күйге ену, ұжымдық немесе жеке дара жасалатын құлшылықтар, осының бәрі қасиеттілікті сезініп, онымен қарым-қатынас орнатудың құралдары болып табылады. Бұл құлшылықтар исламда ғибадат, христиандықта литургия деп аталады.

«Қасиеттілік» ұғымы ХХ ғасырдың бірінші ширегінде салыстырмалы дінтануда кең қолданысқа ие болды. Швед дін тарихшысы Натан Зедерблом «қасиеттілікті діни сананың интенционалды объектісі, құдайды сезіну мен құдайды тануды ұштастыратын толғаныс пен интуиция түрі ретінде айқындайды» (М. Шахнович. 2005: 424). Оның пайымдауынша қасиеттілік кез келген діннің негізгі идеясы болып табылады, ал қасиеттілік пен күнделікті тұрмыс (профандылық) арасындағы айырмашылық шынайы діни өмірдің негізін құрайды. Адам тіршілігінің пенделік жағы оның болмысының күнделікті

тұрмыстық жағын (профандылық) сипаттаса, тылсыммен қарым-қатынас орнататын құлшылықтары оның болмысының қасиеттілік жағын қамтиды. Айталық, адам өзінің тіршілігін қамтамасыз ету үшін hareket жасайды (еңбектенеді). Алайда, иман келтірген адам тіршіліктің негізінде Құдайылық құдіреттің (қасиеттіліктің) тұрғанына сенеді. Яғни, қасиеттілік тіршіліктің кепілі ретінде қарастырылады.

Дінтану саласында қасиеттілік ұғымын жүйелі және жан-жақты қарастырған неміс ойшылы – Р. Отто. Ол Құдайды тануға ұмтылған адам санасының сырын ашуды мақсат етті. Ол өзінің «Қасиеттілік» атты еңбегінде Қасиеттілікті адамның экзистенциалды тәжірибесі ретінде қарастырады. Ол адам құдайылықты айтып жеткізе де, рационалды жолмен пайымдай да алмайды деп тұжырымдайды. Бұл діни феноменді Р. Отто нуменоздылық (лат. Numen – қасиеттілік, сакральды, құдайылық) категориясы арқылы сипаттайды. Қасиеттілік адамның толғанысында айқындалады. Адам санасында қасиеттіліктің айқындалуы үшін үш нәрсе қажет. Біріншіден, нумен (лат. numen – құдіретті күш, ерік, құдайылық) ол адамның өзінің пенде екенін, яғни тылсым алдындағы дәрменсіздігін сезінгенде және өзінде көрініс берген осы тылсым күштен үрейлену мен таңырқау сезімінде айқындалады. Адам табиғатындағы осы күйді Қасиеттіліктің ашылуы немесе айқындалуы дейді. Екіншіден, санада қасиеттілік ұғымының априорлы болуы, яғни қасиеттілік адамның күнделікті тұрмысынан туындамайды, ол адамға аян күйінде ашылады. Үшіншіден, қасиеттілікті құндылық ретінде сезіну керек. Яғни, Оның құндылығы дүниедегі ешбір құндылыққа ұқсамайды және Оған ешбір құндылық тең келмейді. Р. Отто «Қасиеттілікті» жеке адам санасына тән бастапқы діни сезім ретінде қарастырумен шектелмейді, діннің тарихын осы арқылы түсіндіруге талпынады. Яғни дін дегеніміз Қасиеттіліктің тарихта көрініс беруі. Р. Отто Батыс және шығыс діндеріндегі, әсіресе, христиан діни мен үнді діндерін салыстыра зерттеп, олардағы қасиеттілік көріністерін сипаттайды.

Әлде нені қасиетті ретінде сезіну және қасиетті санатында тану ең алдымен осы әлде нені солай деп бағалау болып табылады және бұл бағалау тек дін саласында орын алады. Қасиеттілік құндылық ретінде этика саласына да ене алады. Бірақ, ол этикадан туындамайды. Бұл дегеніміз, құдайды біз этикалық (дәлірек айтсақ, моралдық) құндылық деп қарастыра аламыз. Бірақ, құдай адамдық моральдың не-

месе этиканың жемісі емес. Керісінше, мораль мен этика құдайылық заңдылыққа (Иллаһи заңдылықтарға) негізделеді. Әрине, зайырлы этика басқа қисынға сүйенеді, алайда діни этика (Иллаһи ахлақ) үшін бұл талас тудырмайды. Р. Оттоның жоғарыда айтылған ойын тұжырымдайтын болсақ, этика немесе мораль қасиеттіліктің себебі бола алмайды, керісінше қасиеттілік – мораль мен этиканың қайнар көзі. Діни этика тұрғысынан мораль өз өздігінен құнды емес, оның құндылығы құдайылық мәнмен байланыстылығында және осы мән арқылы айқындалатындығында. Егер біз адамды құдайылық жаратылыс деп мойындайтын болсақ, онда біз оның табиғаты мен болмысында әлде бір тылсымның бар екенін жоққа шығара алмаймыз. Яғни, адам өз болмысында қасиеттілікті бейнелейді. Оның бітімінде, оның табиғатымен шектелмейтін, оны әрқашан өзінің болмыстық шегінен асып, мәңгілікпен жалғасуға, тұтасуға жетелейтін ырық бар. Сопылық тілімен айтатын болсақ, жаратылыс Жаратушысын іздейді және қалайды. Жаратушыға деген ғашықтық, ынтазарлық, Онымен қауышуды аңсау осының бәрі – адами болмыстың Қасиеттілік нұрымен актуальдануы. Қасиеттілік адам болмысын осылай актуалдандыра отырып, оны пенделіктен тұлғалық сатыға көтереді. Осы тұрғыдан алғанда қасиеттіліктің бірінші сипаты оның трансцендентальдығымен байланысты. Алайда қасиеттіліктің трансцендентальдығы оның элем мен адам үшін беймәлім болып қалатынын білдірмейді. Ол осы болмыста өзін айқындайды, басқаша айтқанда өзін сезіндіреді, өзі туралы ақпар береді. Оның өзін сезіндіруі діни тәжірибеге, ал ақпар беруі аян алуға негіз болады. Қасиеттіліктің өзін осы дүние мен адам рухында айқындауын оны екінші маңызды сипаты деп қарастыруымызға болады.

Адамның ойлау мен таным қабілеті қасиеттілікті ұғымдық тұрғыдан анықтауға қаншалықты талпынғанымен, қасиеттілік туралы кез келген дефиниция әрқашан толымсыз болады. Қасиеттіліктің рационалдық пайымдарының қажеттілігін мойындай және қабылдай отырып, біз оның кез келген рационалдылықтан жоғары екенін, басқаша айтқанда ол туралы ұғымының абсолютті бола алмайтынын алға тартамыз. Оған берілген ұғымдық анықтама қасиеттіліктің мәнін ашуға қабілетсіз, біздің ақыл-парасатымыз оны ұғымда қамтуға қаншама талпынғанымен, ол ақыл-парасат құрсауынан сытылып шығып кете береді. Қасиеттілік дүниелік шындыққа мүлдем ұқсамайтын басқаша шындық ретінде көрініс

береді. Сондықтан *нуменоздылық* категориясын ұсына отырып, Р. Отто оның қатаң анықталатын ұғым емес екеніне назар аударады. *Нуменоздылық* қатаң ғылыми категория емес (мысалы атом, қуат, жылдамдық және т.б.), алайда ол адам рухының интенциясын айқындайды, оның санасын қасиеттілікті толғануға бағыттайды.

Р. Оттоның шығармашылығын зерттеген ғалымдар оның «Қасиеттілік» ұғымын жан-жақты қарастырып, діни тәжірибенің әмбебапты мәндік құрылымын феноменологиялық тұрғыдан сипаттап, дінтану ғылымына зор үлес қосқанын атап көрсетеді. Теолог ретінде Р. Отто «нуменозды объектінің» бар екеніне еш күмән келтірмейді, алайда осы объектімен кездесуді бастан кешкен діндардың сезімдері мен толғаныстарын зерделеуге үлкен мән береді. Р. Оттоның пайымдауынша нуминоздылық тұтастай иррационалды, оны ұғымда бейнелеп, анықтау мүмкін емес. Ол нуминоздылық мазмұнын адам ойлауына тән ұғымдық формада сипаттағанымен, өзі қолданған ұғымдарды «таңбалар», «рәміздер», «идиограммалар» деп атайды. Нуменоздылық, оның пікірінше, ақыл ұғымына айналмайды, оны айтып жеткізу мүмкін емес, ал таңбалар, рәміздер мен идиограммалар діндар адамның толғанысын тек меңзей алады. Сондықтан әрбір адам «Қасиеттілікпен» кездесуді өзінше сезінеді, оның діни тәжірибесі субъективті сипатта болады. Бірақ кейбір тарихи немесе аңыздық тұлғалардың «Қасиеттілікпен» кездесуі, діни тәжірибесі әмбебапты сипатқа ие болады және элемдік немесе ұлттық діндердің қалыптасып, дамуының негізіне айналады.

Р. Отто нуминоздылықтың негізгі төрт қырын ашып көрсетеді: *Kreaturgefühl* (өзінің жаратылғандығын сезіну), *Mysterium tremendum* (шарасыздық күйін туындататын тылсым құпия), *Fascinans* (ұлықтау), *Sanctum als numinoser Wert* (қасиеттілікті нуминозды құндылық ретінде қабылдау). Нуминозды объектіні күмәнсіз шынайылық деп қабылдау өзінің жаратылғандығын мойындауға алып келеді. *Mysterium tremendum* өз кезегінде төрт аспектіде: *Tremendum* (шарасыздық), *Majestas* (ұлық), *Energicum* (күдіреттілік), *Mysterium* (құпиялық) көрініс береді (Р. Отто. Священное: 36). Р. Отто қасиеттілік туралы ой тұжырымдағанда Көне Өсиет пен М. Лютер шығармашылығындағы Құдай туралы түсініктерге жүгінеді. Құдайдың күдіретінде шек жоқ, Оның харакетін адами қисынмен түсіну мүмкін емес. Сонымен қатар, қасиетті мәтіндерден біз қаһарлы Құдай түсінігін де кездестіреміз. Құдайдың қаһары

да шексіз, оны ешкім өз шешімінен бас тартқыза алмайды. Құдайдың құдіретіне шек келтіріп, күнәһарлыққа бой алдырған қауымдарды Ол күмәнсіз жазалайды. Құдайдың қаһары мен құдіреті алдында бәрі бірдей шарасыз. Сонымен бірге Құдай рақымды, оның рақымында да шек жоқ. Ол сүйген құлдарын ешқашан ұмыт қалдырмайды. Нуменоздылықпен кездесу адам бойында шарасыздық пен үмітті оятады. Құдай құдіреті алдында адам шарасыз, алайда Оның рақымы да шексіз, сондықтан Одан үміт үзуге де болмайды. Қасиеттілікке пәрменділік те тән, оның құдіреттілігі оның пәрменділігінің көрінісі. Жаратылған мақұлықтың бар болуы немесе жоқ болуы Оның осы пәрменіне байланысты. Адамның ақылы мен ыркы Оның даналығы мен ыркын пайымдауға қабілетсіз. Қасиеттілік тек қиратушылық емес, сонымен бірге жасампаздық пәрменділікке де ие. Р. Отто қасиеттілікке тән жойқын қиратушы пәрменділіктің біртіндеп әлемді (табиғи және әлеуметтік) жаратушы әрі реттеуші, үйлестіруші пәрменділікке айналатынына назар аударады. Осы тұрғыда қасиеттілік адамның құтын қашыратын, бойын үрейге алдыратын жойқын күш ретінде де, оны есінен тандыратын ұлылық, әсемділік, үйлесімділік ретінде де қабылданады. «Қасиеттілікпен кездесуді» бастан кешкен пенде Одан үрейленеді және сонымен бір мезетте Оған ынтазарлық сезімде болады.

Р. Отто қасиеттілікті индивидуалды санаға тән бастапқы діни сезім ретінде ғана емес, дінді осы қасиеттіліктің тарихтағы көрінісі деп қарастырады.

Қасиеттілік ұғымы Густав Меншингтің де дін мен оның құбылыстарын түсінуінде маңызды орын алады. Ол қасиеттілікті экзистенциалдық айқындалу ретінде қарастырады. Дін Густав Меншинг тұжырымдауында адамның қасиеттілікпен кездесуі және оған қайтаратын жауабы. Бұл жауап осы қасиеттілік арқылы анықталады. Қасиеттілікті адам бүкіл болмысымен, барлық пәрменімен сезінеді. Діндердегі айырмашылық осы қасиеттілікпен кездесуді түсінудегі және оған қайтарылған жауаптағы ерекшеліктермен байланысты болады. Қасиеттіліктің шынайылығы оның құдіретті күші және осы күштің көрініс беруі арқылы айқындалады. Нуменоздылық күш (құдірет, пәрмен) жан-жануарларға да, өсімдіктер мен ағаштарға да тән және ол теистік сипатта да болуы мүмкін. Яғни, нуменоздылық осы аталған объектілерде көрініс береді. Нуменозды объектілерге қатысты тыйым салу (табу) орын алады. Айталық, Көне Өсиетте

Құдайдың атын атауға, көне дін формаларында киелі жануарларға (өсімдіктерге) зиян келтіруге тыйым салынады.

Қасиеттілікпен «кездесу» аян алу, елес немесе есту, нұрлану формасында жүзеге асады. Қасиеттілікпен кездесудің мазмұнын адам болмысының қайта жаңғыруы немесе түбегейлі өзгеруі құрайды. Діннің ерте формаларында бұл «кездесу» медиум арқылы жүзеге асса, кейінгі діндерде ол періштелер арқылы аян алу түрінде жүзеге асады (Мұхаммед пайғамбардың миғражға көтерілуін еске түсірейік).

Қасиеттілікпен «кездесу», Г. Меншингке сәйкес, адамның қарымта әрекетін туындатады. Бұл әрекет діни рәміздер мен ғибадаттарды, қауымдарды қалыптастыруды қамтиды. Анығында, кез келген ғибадат, құлшылық – адамның қасиеттілікке жауабы. Айталық, исламда намазды мұсылманның миғражы, ал сәждені мүмнің Аллаға ең жақын сәті дейді. Ғибадат, құлшылық адамның өз Жаратушысымен бетпе-бет келетін, өз бойы мен болмысында Құдайылық құдіретті сезінетін сәті. Құдайдың құлы болу өзінің Жаратушыға тәуелділігінді сезіну және сонымен қатар күнделікті тұрмыстық шарттылықтың шығып, рухани еркіндікке қол жеткізу. Сондықтан дін тұрғысынан, ғибадат мәңгіліктің бір пердесін ашатын, қас қағым сәтке Абсолютпен тұтасуды қамтамасыз ететін, шектелген болмыстан шексіз болмысқа қатыстылықты сезіндіретін, рухани нығметі мен тәлімі мол құбылыс деп бағаланады.

Қасиеттілікпен қарым-қатынасқа түсу ерекше дайындықты талап етеді. Осыған қатысты барлық діндерде арнайы риталдар жүйесі қарастырылған. Исламда бұл дәрет алу, христиандықта күнәдан тазару – шоқыну. Сыртқы формаларындағы айырмашылықтарға қарамастан бұл ритуалдардың мәні мен мазмұны ұқсас, екі жағдайда да адам өзінің санасын Қасиеттілікпен «кездесуге» бағыттайды. Тәндік және рухани ластықтан тазармаған пенде Қасиеттілікпен қарым-қатынасқа түсуге жіберілмейді. Неміс ғалымы В. Вунд қасиеттіліктің осы аспектілеріне назар аударады. Оның пайымдауынша табу жүйесі «қасиеттілік» категориясымен тығыз байланысты. Бастапқыда табу қасиеттілікке де, ластыққа да қатысты болады. Көне дін формаларында зұлым күштердің атын атауға тыйым салынады. Бұл табу кейінгі діни жүйелерде де сақталған. Мысалы, жындардың атын атауға тыйымдар бар. Себебі, адам өз санасын, тәні мен жанын зұлым күштердің кесапаттарынан әрдайым сақтандырып, қорғап отыруы қажет. В.

Вунд бойынша, діни сананың дамуы барысында ластыққа қатысты табу діни мазмұннан ажырап, ғұрыптық немесе этикалық сипатқа ие болады.

Қасиеттілік әртүрлі формада шындықта көрініс береді. Қасиеттіліктің шындықтағы көрініс беруін М. Элиаде *иерофания* деп атайды. «Біз кез келген, тіпті ең қарапайым иерофанияда көрініс беретін парадоксті толықтай түсіне алмаймыз. Қасиеттілікті айшықтай отырып әлде бір объект басқа әлде неге айналады. Бірақ сонымен қатар ол өзінің өзінділігін де сақтап қалады, яғни қоршаған ғарыштық кеңістіктің объектісі болып қала береді. Қасиетті тас тас болып қалады, сыртай қарағанда (анығында, дүниелік түсінік тұрғысынан) оның басқа тастардан еш айырмашылығы жоқ. Алайда, осы тастан қасиеттіліктің айшықталуын көргендер үшін оның біздің түйсігімізде бейнеленген шындығы тылсым шындыққа айналады. Басқаша айтқанда, діни тәжірибеге ие адамдар үшін тұтас табиғаттың өзі қасиетті ғарыштық кеңістік ретінде көрініс беруге қабілетті. Ғарыш, өзінің барлық тұтастығында иерофания ретінде көрініс береді» (Мирча Элиаде : 18).

М. Элиаде үшін діндер тарихы, ең тұрпайы діндерден бастап, кемелденгендеріне дейінгілері – иерофанияны, қасиетті шындықтар көрінісін сипаттау. Иерофанияның ең қарапайым түрі болып табылатын – қасиеттіліктің өсімдіктер мен тастарда көрініс табуынан бастап, оның кемел формасы – Исаның Құдайылық сипатқа ие болуының арасында тығыз сабақтастық бар. «Екі жағдайда да біздің күнделікті тұрмыстық дүниемізге тиесілі емес, бірақ осы әлемнің ажырамас бөлігі болып табылатын нәрселерде әлде бір «тылсымның» көрініс беруі туралы сөз болып отыр» (Мирча Элиаде : 1). Діндар адам үшін бүкіл табиғат, тұтас ғарыш қасиеттіліктің көрінісі, яғни иерофания. Иман келтірген адам үшін қарапайым тастан бастап, жаратылыс шыңы – адам құдайылық күдіреттің белгісі. Қасиетті тас өз өздігінен киелі емес, ол – әлде бір қасиеттілікке меңзегендіктен киелі. Қасиеттілік өз болмысында жасырын болмайды, ол өзін осы дүниеде айқындайды. Діндар адам үшін жаратылыс әрқашан Жаратушыға меңзейді, ол қасиеттендірілген киелі ғарышта өмір сүреді.

Адам санасы осы дүниедегі белгілі бір объектілерге ерекше қасиетті сипат береді. Басқа сөзбен айтар болсақ, бұл объектілерде қасиеттілік шоғырланған сипатта көрініс береді. Айталық қалада немесе басқа да бір елді мекенде орналасқан мешіт, шіркеу, синагога, храм осындай мазмұнға ие болады. Мешіт киелі

орын, өйткені мұнда адам Жаратушысымен қарым-қатынасқа түседі. Сол арқылы ол басқа ғимараттардан ерекшеленеді.

Ерте замандарда адамның қонысы, үй-жайы да киелі саналған. Бөтен адамның үйіне рұқсатсыз кіруге тыйым салынған. Мұндай сенімнің сарқыншақтары дәстүрмен байланысты ғұрыптарда сақталған. Халқымыздың дәстүрінде «арқан керу» ғұрпы қазіргі кезде де кездеседі. Бұл ғұрыпқа сай, жаңа құдалар белгілі бір кәделерді орындағаннан кейін ғана үй ішіне кіруге рұқсат алады. Сол сияқты көне түркі елбасылары басқа елдердің елшілерін қабылдағанда оларды екі оттың арасынан өткізіп тазарту рәсімін жасаған. «Кез келген киелі кеңістік әлде бір иерофанияны, қасиеттіліктің енуін қамтиды, соның нәтижесінде қоршаған ғарыштық кеңістіктен әлде бір территория бөлініп алынады және оған ерекше сапаға ие сипат беріледі» (Мирча Элиаде: 2).

Мұндай ерекше сапаға ие сипат тек киелі кеңістікке ғана емес, уақытқа да таңылады. Адамзат тарихынан белгілі діни мерекелер осының айғағы. Ибраһимдік діндердегі жұма, сенбі, жексенбі қасиетті күндер саналады. Бұл күндері адам күнделікті тұрмыс ырғағынан шығып, қасиетті уақыт аясына өтеді, Жаратушысымен қарым-қатынасқа түсіп, рухани жанарады. Ислам дінінде қасиетті саналатын рамазан айы, ораза айт, құрбан айт күндері де осындай ерекше сапаға ие уақыт. Бұл қасиеттіліктің ерекше көрініс беретін мезгілі. Діндердің барлығына тән ерекше мекендер мен мезгілдер қасиеттіліктің адам өміріне терең еніп, оның санасы мен болмысындағы қасиеттіліктің ерекше көрініс беретін сәті.

Ислам дінінде қасиеттіліктің адам болмысында айқындалуы иман және ихсан ұғымдары арқылы бейнеленеді. Иман – адамның исламды қабылдап, мұсылман болуы және ислам қағидаларын өз сенімінде орнықтыруы. Адам дін мен оның ақиқаттары туралы ұзақ ойлануы мүмкін және дінге үстірт, жеңіл қарауға болмайды. Алайда шахада айтып, өзін мұсылманмын деп жариялағаннан соң, яғни сенім мен өмір салтында еркін таңдау жасағаннан соң, ол Алладан және оның үкімін орындаудан бас тарта алмайды. Иманның әлсіреуі күпірлікке, күпірлік діннен безініп, Алладан алыстауға алып келеді. Сондықтан мұсылман осындай әрекеттерден сақтанғаны абзал. Құранда күнә жасамаңдар деп емес, күнәға жақындамаңдар деп көп айтылады, ақ пен қараның, жақсы мен жаманның, халал мен харамның арасын қара қылды қак

жарғандай айқын ашып берген ислам адамға ізгілікті өмір мұратын ұсынады. Сондықтан ислам дінінің өзегі иман десек артық айтпаймыз. Иман ихсан ұғымымен етене байланысты. Ихсан – кәміл ғибадат, шынайы құлшылық, мұсылманның Аллаға Оны көріп тұрғандай құлшылық жасауы, Оған ұқсас ешнәрсені көз алдына елестете алмаса да, Алланың өзін көріп тұрғанын сезінуі. Осы тұрғыдан келгенде, ихсан адам болмысындағы қасиеттіліктің ең кәміл көрінісі деп айтуымызға болады.

Қасиеттілік қазақ халқының да дүниетанымының ажырамас бөлігі. Қазақ ментальдылығының өзіндік ерекшелігі адам мен әлемді тұтастықта, өзара үйлесімділікте, сабақтастықта түсінуге ұмтылысында айшықталады. Ғарышта, адамда құдайдың (тәңірдің) жаратқаны, алайда жаратылыс ретінде оларда ерекше құндылыққа ие. Адамға парыз етілгені қараңғы дүниені Жарық дүниеге айналдыру. Адамның жасампаз рухани харакеті бейтарап әлемді Жаратушының құдіретімен нұрланған Жарық дүниеге айналдырады. Яғни адам өзі бойындағы жасырын қасиеттіліктің нышандарын аша отырып, өзін қоршаған табиғи-әлеуметтік ортаны Жаратушының ойластырғанына сай өзгертуге қабілеттілік танытады. Сондықтан қазақ дүниетанымындағы Жарық дүние Жаратушының қалауына сай өзгертілген әлем. Жаратушы. Адам. Жарық дүние. Қазақы сананың терең архетиптік патерндері және сонымен қатар адам мен болмыс, сана мен рух құпияларын түсінудің кілті осылар.

Көне түркілік дүниетанымда қалыптасқан және қазақы санада тамыр жайған құт деген түсінік бар. Адам туғанда Тәңір оның денесіне құт дарытады. Жаңа туған нәресте денесіндегі Құттың сақтаушысы, қамқоры – Ұмай. Құт қасиеттіліктің осы дүниедегі көрінісі, М. Элиаде тілімен айтар болсақ, иерофаниясы. Құт қағанға Тәңірдің құдіреті арқылы дариды. «Құт» сөзінің қазіргі синонимі «бақ». Алайда құт қонған адам оны дұрыс танып, жүзеге асыра білуі керек. Қаған үшін құт мемлекет пен халықтың қамын ойлауда, қайткен күнде де мемлекеттілікті нығайтуда, өсіріп-өркендетуде, яғни қаған құтты қолында берік ұстауы керек. Бұл қағаннан қайратты, жігерлі, намысты болумен қатар білімділікті, парасаттылықты, әділеттілікті талап етеді. Қарапайым адам үшін құт Жаратушының өсиетіне сай өмір сүру, адам болып қалу, өз бойындағы қасиеттіліктен дарыған нұрды әлемге төгіп, жасампаздықпен дүниені жарқырату. Осының бәрі Тәңірдің аманаты, өсиеті ретінде қабылданады.

Кеңістік пен уақытты сакралдандыру (қасиетті сипат тану) – адам өмірін қасиеттілікпен сабақтастырудың бір қыры. Қасиеттілік – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Өзін қоршаған табиғи және әлеуметтік ортаны қасиеттендіру адам табиғатына, психикасына тән құбылыс. Қасиеттілік және қасиеттендіру арқылы адам өзінің рухани өмірі мен тылсым болмысын азғындық қауіпінен сақтандырып, ішкі жан үйлесімділігін қамтамасыз етеді. XX ғасыр адам мен әлемді қасиетсіздендірудің өте қауіпті құбылыс екенін көрсетті. Қазіргі таңда қасиеттіліктен қол үзудің, ажыраудың адами әлемнің күйреуіне алып келетініне бәріміз куә болып отырмыз. Қасиеттілік адам мен ғарышты, табиғат пен қоғамды тұтастықта, кемел үйлесімділікті түсіну мен қабылдаудың, тану мен бағалаудың алгоритмі десек артық айтқандық болмас.

Қорытынды

Қасиеттіліктің әртүрлі тұжырымдары мен түсініктерінің арасындағы айырмашылықтарға қарамастан олардың арасында қасиеттілікке қатысты ортақ ұстанымдар да бар. Біріншіден, қасиеттілік осы дүниеліктен (профандылықтан) тыс тұрады. Екіншіден, ол өмірдің абсолютті құндылығы мен мағыналылығының өзегі болып табылады. Үшіншіден, ол адамның сезінуіне дейін болған және бола беретін мәңгілік шындық. Бұл шындықты түсініп, тану үшін шектелген дүниені тануға бағытталған тәсілдер мен амалдар жеткіліксіз. Ол адамнан ұдайы рухани сергектікті, қобалжу мен мазасыздықты, үрейлену мен таңырқауды, уайымдау мен шаттануды қажет етеді. Р. Декарттың «ойланамын, яғни тіршілік етемін» деген афоризмін Қасиеттілікке қатысты «сезінемін, яғни өмір сүремін» деп өзгерту орынды сияқты. Қасиеттілік адамның толыққанды өмір сүруінің қажетті және жеткілікті шарты. Бұл аксиоманы түсінбесек өмірдің мәні мен мағынасын, қайталанбас құндылығы мен құпиясын түсінуіміз екіталай.

Мақалада баяндалған көзқарастар мен тұжырымдар қасиеттілік қазіргі адам санасы мен сезімінде маңызды орын алады және оның рухани болмысының мәнді қыры деп түйіндеуге мүмкіндік береді. Қасиеттілік әмбебапты діни сипаты бар ұғым болғанымен, оның діни тарихи типтеріндегі көріністері осы дін аясында қалыптасқан дүниетаныммен, құндылықтар жүйесімен тығыз байланыста болады. Қасиеттіліктің нақты діндер мен діни наным-сенімдер жүйесіндегі мәні мен маңызын ашу

осы діндердің тарихы мен эволюциясын, жеке адам мен қоғам өміріндегі орны мен қызметін терең пайымдауға мүмкіндік береді. Қасиеттілік феноменінің психологиялық-әлеуметтанулық аспектілерін зерттеу қазіргі заманғы діни

сананың жеке тұлғалық және әлеуметтік деңгейлерінің ерекшеліктерін, құрылымдық элементтерін және олардың өзара әрекеттесуі мен конвергенциялық ықпалының тиімділігін дұрыс бағалауға жол ашады.

Әдебиеттер

- 1 Забияко А.П. Категория святости. Сравнительное исследование лингво-религиозных традиций. – М., 1998.
- 2 Wach J. Vergleichende Religionsforschung. Stuttgart, 1962.
- 3 Cox J. A Guide to the Phenomenology of Religion: Formative Influences, Key Figures and Subsequent Debates. L.; N. Y., 2006. P. 47–51, 55–57.
- 4 Пылаев М. А. Категория «священное» в феноменологии религии, теологии и философии XX века. – М., 2011. – С. 32.
- 5 Chantepie de la Saussaye P. D. Lehrbuch der Religionsgeschichte. Freiburg, 1887–1889.
- 6 Tiele C. P. Elements of the Science of Religion. – L., 1897–1899.
- 7 Kristensen W. B. The Meaning of Religion: Lectures in the Phenomenology of Religion. – Hague, 1960. P. XII.
- 8 Джеймс У. Многообразия религиозного опыта. – М., 1993. – С. 363–364.
- 9 Leeuw van der G. Religion in Essence and Manifestation. – N. Y., 1963. Vol. 1. P. 28.
- 10 Ayres L. Nicaea and its Legacy. – Oxford, 2006. P. 364–383
- 11 Молчанов В. Аналитическая феноменология в логических исследованиях Эдмунда Гуссерля // Гуссерль Э. Собрание сочинений. – М., 2001. – Т. 3. – Ч. 1. – С. XXII–XXIII.
- 12 Kelly E. Structure and Diversity. Studies in the Phenomenological Philosophy of Max Scheler. Dordrecht, 1997.
- 13 Религиоведение: учебное пособие / под ред. М. Шахнович. – СПб, 2005. – 424 с.
- 14 www.royallib.ru Библиотека Гумера. Р. Отто. Священное. – С. 36.
- 15 Gumer. InfoBogoslov. Buks_Relig. Мирча Элиаде. Священное и мирское. пер. с франц. Н. Гарбовского. – С. 18.

References

- 1 Zabyako A. P. Category of sanctity. Comparative study of linguo-religious traditions. – M., 1998.
- 2 Wach J. Vergleichende Religionsforschung. Stuttgart, 1962.
- 3 Cox J. A Guide to the Phenomenology of Religion: Formative Influences, Key Figures and Subsequent Debates. L.; N. Y., 2006. P. 47–51, 55–57.
- 4 Pilayev M. A. Category «svyashennoe» v fenomenologii religii, teologii i filosofii XX veka. – M., 2011. – s. 32.
- 5 Chantepie de la Saussaye P. D. Lehrbuch der Religionsgeschichte. Freiburg, 1887–1889.
- 6 Tiele C. P. Elements of the Science of Religion. – L., 1897–1899.
- 7 Kristensen W. B. The Meaning of Religion: Lectures in the Phenomenology of Religion. – Hague, 1960. P. XII.
- 8 James W. Many-colored religious experience. – M., 1993. – s. 363–364.
- 9 Leeuw van der G. Religion in Essence and Manifestation. – N. Y., 1963. Vol. 1. P. 28.
- 10 Ayres L. Nicaea and its Legacy. – Oxford, 2006. P. 364–383
- 11 Molchanov V. Analytical phenomenology in logical studies of Edmund Husserl // Husserl E. Collected works. – M., 2001. – T. 3. – Ch. 1. – S. XXII–XXIII.
- 12 Kelly E. Structure and Diversity. Studies in the Phenomenological Philosophy of Max Scheler. Dordrecht, 1997.
- 13 Religiovedeniye. Uchebnoe posobiye popd red. M. Shahnovich. – SPb, 2005. – 424 s.
- 14 www.royallib.ru Библиотека Гумера. Р. Отто. Священное. 36 б.
- 15 Gumer. Info Bogoslov. Buks_Relig. Mircha Eliade. Svyashennoe i mirskoe. per. s franc. N. Garbovskogo. – S. 18.

Абирова Б.И., Балпанов Н.,
Исмагамбетова З.Н.,
Карабаева А.Г.

Суфизм как субкультурный феномен исламского мира

В данной статье авторы рассматривают суфизм как феномен субкультуры исламского мира. Авторы раскрывают основные условия и причины формирования суфизма как субкультурного феномена исламского мира. Авторы рассматривают основные аспекты духовной организации суфийского образа жизни.

Авторы считают, что в условиях формирования новой политической, социальной организации жизни, в условиях культурного шока суфизм выступил стабилизирующим и адаптирующим механизмом. Суфизм разрабатывает уникальную форму организации жизни в условиях цивилизационного шока, смены религиозного мировоззрения, изменения духовных ориентиров и системы ценностей, правил и норм социума.

Авторы считают, что в условиях внедрения курса религиоведения в школы и учебные заведения важна объективная оценка роли религии в определенные периоды развития истории общества, роли религиозных групп в формировании идеи толерантности.

Ключевые слова: суфизм, субкультура, исламский мир.

Abirova B.I., Balpanov N.,
Ismagambetova Z.N.,
Karabayeva A.G.

Sufism as a subcultural phenomenon of the Islamic world

In this article authors consider Sufism as a phenomenon of the Islamic world subculture. Authors reveal the basic conditions and the reasons for the formation of Sufism as a subcultural phenomenon of the Islamic world. Authors examine the main aspects of the spiritual organization of the Sufi way of life.

Authors believe that in the conditions of formation of a new political and social organization of life, in the conditions of culture shock Sufism became stabilizing and adapting mechanism. Sufism developed a unique form of organization of life in civilization shock conditions, change of religious worldview, changes in spiritual guidance and system of values, rules and norms of society.

Authors believe that in the context of implementation of religious studies course in schools and educational institutions, an important role is played by an objective assessment of the role of religion in certain periods of the history of society, the definition of the role of religious groups in the formation of the idea of tolerance.

Key words: Sufism, subculture, the Islamic world.

Абирова Б.И., Балпанов Н.,
Исмагамбетова З.Н.,
Карабаева А.Г.

Сопылық ислам әлемінің субмәдени феномені ретінде

Берілген мақалада авторлар сопылық (суфизм) ислам әлемінің субмәдени феномені ретінде қарастырған. Авторлар ислам әлемінің субмәдени феномені ретіндегі сопылықтың қалыптасу себептері мен негізгі шарттарын ашып көрсеткен. Авторлар сопылық өмір салты рухани ұйымдарының негізгі аспектілерін қарастырған.

Авторлардың пайымдауынша, өмірдің жаңа саяси, әлеуметтік ұйымдарының қалыптасуы кезеңінде, мәдени есеңгіреу (шок) тұрғысынан сопылық бейімделу және тұрақтандыру механизмін жасады. өркениетті есеңгіреу тұрғысынан, діни көзқарастарының өзгеруі, рухани бағдар мен құндылықтар жүйесінің өзгеруі, қоғамның нормалары мен ережелерінің өзгеруі кезінде сопылық өмір сүрудің бірегей формасын құрастырады.

Авторлардың пайымдауынша, оқу мекемелері мен мектептерге дінтану курсы енгізу тұрғысынан қоғам тарихының белгілі бір кезеңдерінде діннің рөлін объективті бағалау, толеранттылық идеясын қалыптастырудағы діни топтардың рөлін анықтау маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: сопылық, субмәдени, ислам әлемі.

СУФИЗМ КАК СУБКУЛЬТУРНЫЙ ФЕНОМЕН ИСЛАМСКОГО МИРА

Введение

В современных условиях в мире все более актуальной и жизненно важной проблемой мирного сосуществования различных культур является мирный диалог между различными культурами и религиозными конфессиями, проблемами сосуществования различных ценностей и толерантности со стороны исламских и христианских организаций, государственных институтов и религиозных, просветительских, светских ценностей.

Глобализационные процессы, динамично развивающийся мир компьютерных технологий и активное распространение постмодернистских стратегий все более ставят нас перед выбором: оставаться нам и принимать сторону консервативных стратегий и ценностей или становиться на сторону радикалистских; становиться активными трансляторами все более релятивизирующейся политической игры или занимать сторону молчаливого пассивного большинства. Наконец, в условиях мульти-медиакультуры люди вовлекаются в новый виток медийной мифологизации и манипуляции сознания, они становятся объектом и предметом целенаправленной информационной войны. На сознание людей не только накатывается волна потока информации, манипулирующей его сознанием, мировоззрением, его поведением, ценностными ориентациями, но и активно и целенаправленно духовный мир человека вовлекается в мир мистических и радикалистских практик, в мир эскапизма.

Для современного мира все более актуальной задачей становится сохранение социально-политической стабильности, устойчивости социокультурного развития, обеспечение толерантности в политических, межкультурных, межнациональных и межрелигиозных взаимоотношениях. В условиях демократизации и либерализации общества происходит рост интереса к религиозным учениям, критическое переосмысление значимости религиозных идей и ценностей. Встает вопрос о введении религиозного и религиозного образования в школах, высших учебных заведениях. Как показывает опыт Европейских стран, введение религиозного образования дает положительные результаты, т.к. оно позволяет снизить угрозы

от радикально настроенных религиозных организаций и общин. Эта практика является одной из задач по интеграции мусульманских групп в западноевропейское общество, а также одной из форм по воспитанию религиозной толерантности среди молодежи и населения.

Для нашей страны формирование культуры религиозной толерантности является одной из важных и актуально востребованных. Для этого имеются как внешние, так и внутренние причины. Как отмечают ученые-религиоведы Института философии и политологии, среди причин, актуализирующих названную проблему, является определенный дефицит знаний по истории религий, не совсем ясны объемы финансирования религиозных организаций из-за рубежа [1, с. 25]. Не совсем прозрачны ценностные и мировоззренческие и практические цели и назначение существующих открыто и действующих латентно ряда религиозных организаций, их число и степень их радикализации, их шкала предпочитаемых повседневных действий.

Одной из таких малоизученных теоретических проблем является деятельность суфистских организаций, а также рассмотрение суфизма как феномена субкультуры исламского мира. Данная проблема является одной из крупных теоретических проблем религиоведческой науки, и обоснование этого аспекта в качестве самостоятельной теоретической проблемы в отечественной и зарубежной научной литературе ранее не осуществлялось. Однако отдельные аспекты проблемы относительно сущности суфизма, выявление его религиозно-философской сущности, специфики его культа были предметом исследования российских, отечественных ученых¹.

В данной статье ставится задача обоснования суфизма как субкультурного феномена. Авторы рассматривают такие задачи, как характеристика суфизма в качестве субкультурного образования исламского мира, определение его духовных ценностей и роль, которую они играют в формировании индивидуальной идентичности суфийского адепта.

Основная часть

На формирование суфизма как субкультурного феномена, на наш взгляд, влияние оказало его феноменология. Последнее повлияло на формирование духовной конфигурации исламской культуры². В силу предметной ограниченности данной статьи мы только отметим, что феноменология суфизма оказала влияние на формирование экзистенциальной, эмоциональной компоненты культуры – переживания акта единения с сакральным объектом. Она оказала влияние на формирование культурной стратегии поведения суфия, на его образ жизни, общения, на его культурную деятельность. В целом на формирование и развитие суфизма как субкультурного явления оказала его феноменология, равно на его культурно-ценностные ориентиры и духовные образования.

Прежде чем определить суфизм в качестве субкультурного феномена, необходимо выяснить его значение. Рассмотрим вначале базовое понятие, которое позволит прояснить характеристику его как субкультурного феномена.

Известно, что термин «субкультура» внесен в научный оборот во второй половине XX века. В научной литературе он определяется как:

- «культура какой-либо социальной или демографической группы;
- в чем-то ограниченная культура социальной общности, обусловленная бедностью ее социальных связей, неполнотой или затрудненностью доступа для нее культурному наследию [2, с. 401-402].

По мнению П.С. Гуревича, «субкультура – это особая сфера культуры, суверенное целостное образование внутри господствующей культуры, отличающееся собственным ценностным строем, обычаями, нормами» [3, с. 236]. В рамках субкультуры нормы, ценности, представления, стереотипы базовой культуры общества подвергаются определенному изменению, в результате чего система ценностей, норм, стереотипов вырабатываются конкретным сообществом в рамках конкретной социокультурной системы. Каждая субкультура имеет следующие черты:

¹ Бертельс Е.Э. Из очерка «происхождение суфизма и зарождение суфийской литературы // Суфии: собрание притч и афоризмов. – М.: ЭКСМО-Пресс, 2002; Кныш А.Д. Мусульманский мистицизм. Краткая история. – М. – СПб.: Диля, 2004; Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005; Абирова Б.И.

² Более подробно о феноменологии суфизма можно посмотреть в работе Абуова А.П. «Мировоззрение Ходжа Ахмета Яссави». – Алматы, 1997; Бегалинова К.К. Суфизм как религиозно-философская концепция мира и человека. – Алматы, 1999.

- специфический стиль жизни и поведения;
- присущие для данной социальной группы свои нормы, система ценностей, мировосприятие;

- неконформизм или иначе, инакомыслие, т.е. несогласие по ряду моментам, несогласие с установившейся идеологией или образом жизни, нравственными нормами;

- особенности, которые обусловлены влиянием базовой культуры;

- наличие скрытой, эзотерической тайны, доступной для посвященных адептов.

Исходя из перечисленных черт субкультуры, а также из анализа теоретической и специальной литературы, посвященной исследованию суфизма, авторы приходят к мысли о том, что суфизм формируется в условиях организации городской жизни, на базе ремесленнических или профессиональных групп. Формирование исламской цивилизации в целом усилило тенденцию роста торгово-купеческих отношений, способствуя закреплению в социальной нише нового образования как купеческое сословие, а также его системы ценностей. До прихода арабов на территорию народов Передней, Центральной Азии, Северной Африки в городах доминировали ремесленнические и иные профессиональные группы, а в ряде других завоеванных странах преимущественно были распространены родоплеменные общинные отношения. Поэтому в новых социокультурных условиях в ряде случаев группы, поставленные в невыгодное, неравноправное положение в обществе или временно лишенные свободного доступа к культурному наследию и возможности для саморазвития, начинают развивать упрощенные формы культуры, заменяющие ее нормальные, естественные формы и в той или иной степени, противостоящие доминирующей культуре как целому [4, 5].

Представая как профессиональные или ремесленнические группы, они создают свою субкультуру. Такие группы обладают относительной устойчивостью, которые в условиях экстремальности жизненных условий ее агентов стремятся выработать стабилизирующие механизмы, адаптировать их к культурно-социальным условиям, образу жизни. Таким стабилизирующим и адаптирующим механизмом выступает суфизм, который разрабатывает уникальную форму организации жизни в условиях цивилизационного шока, смены религиозного мировоззрения, изменения духовных ориентиров и системы ценностей, правил и норм социума.

Базовым основанием суфистского образа жизни является его феноменология, которая обусловила эскапистское отношение к миру. Под эскапизмом авторы статьи понимают уход индивида в вымышленный, параллельный или нуминозный мир, все его помыслы устремлены в эту реальность, которой он отдает предпочтение. Так для суфия существование в этом земном мире есть всего лишь иллюзия. Он воспринимает земную реальность как феноменальный мир. Значимость для него имеет только мир Бога, поэтому все его помыслы, его чувства устремлены в мир нуминозной реальности [6]. Рассмотрим этот аспект задачи.

Появление и формирование суфизма как субкультурного образования исламского общества подготовлено развитием исламской цивилизации, произошло это в период перехода от кочевой формы организации жизни арабов к оседлой, в период создания стабильных оснований исламской цивилизации. Этот процесс сопровождается выработкой нового мировосприятия, поиском ответа на вопрос о целостности бытия, культуры, духовности человека.

Большая часть неарабских народов, особенно представители городской культуры, оказались в состоянии «невписанности», «невовлеченности» в формирующуюся базовую культуру, доминирующими компонентами которой являлись арабский язык, мировосприятие, шариат, традиции, стиль мышления, ценности. Формирование суфизма как субкультурного образования представляет собой компенсацию за утраченные стереотипы поведения, видоизменения традиций, форм организации социальной жизни.

На наш взгляд, суфизм как идеология маргинальных слоев населения исламского общества представляет собой такую социальную нишу, которая продуцирует и сохраняет ряд форм социальной организации жизни. Среди многих адептов суфизма, как отмечают его исследователи, имеются люди и социальные группы, которые принадлежат к определенной социальной прослойке исламского общества. Так среди них можно назвать врачей, ремесленников, переводчиков, придворных поэтов, литераторов, историков. Многие из них были представителями известных семей, социальных общин, крупных диаспор – ассирийцев, сирийцев, персов, евреев и других. Способ их практической деятельности инициировал поиск наиболее гибкой формы социально-культурной адаптации к новой реальности, формирующейся под влиянием ислама. Основные приоритеты исламской цивилизации,

как исламская вера, арабский язык, торговля, религиозная толерантность, шариат, развитие исламских наук (тафсир, хадис), ориентация на практическую науку, инициировали интерес к усвоению и трансляции тех духовных, гносеологических, морально-нравственных ценностей, которые способствовали ее приобщению к наследию античного и восточного миров, окружающих иной культурный мир [7].

Многие представители суфизма были наследниками семейной или общинной традиции, которые на протяжении ряда поколений профессионально занимались врачебной, литературно-переводческой или ремесленной деятельностью. Даже в условиях становления исламской цивилизации и принятия новой веры многие из этих семей не утратили своих культурных корней. Наоборот, максимально используя религиозную толерантность и практицизм новых Правителей мусульманской общины, политику Омейядов, многие представители семейных традиций, диаспор, адаптируясь к новой реальности, принимают активное участие в трансляции и сохранении духовного наследия своей материально-духовной культуры [8].

Среди многих переводчиков, врачей и ремесленников были представители тех этносов, которые по отношению к арабам как титульной этнической группе, занимали маргинальное положение. Не ассимилируя с арабами в этническом плане, они пытались сохранить себя как «Другое», свою этническую память, свои духовные ценности, традиции и формы социальной организации жизни [9].

Таким способом сохранения культурного наследия является создание замкнутых фискальных ремесленных организаций, а так же таких социально-профессиональных объединений, как торговцы, купечество, чиновники, образованные круги и маргинальные группы общества, чьи система ценностей, мироотношение, в целом сохраняемые автохтонные культурные образования не «вписывались» в доминирующую систему ценностей³. Каждая группа является носителем определенной традиции, материально-практической деятельности, хранителем и транслятором духовных ценностей, мифо-религиозного мировоззрения и мироотно-

шения, носителем своего родного языка, этнической принадлежности и религиозной идентичности. Каждая группа закрепляет определенный способ социальной организации жизни, способ культурной и индивидуальной идентичности. Так, например, орден Рузбиханийа (основатель – Рузбахан Бакли из Ширази) представляет собой семейный орден. Индийский же орден Чиштиа (основатель Му'инаддин Мухаммад Чишти) и среднеазиатский орден Накшбандийа (основатель – Бахаатдин Мухаммад ан-Накшбанди) – профессиональные образования. Каждый орден имеет свои нравственные нормы поведения, моральные ценности, они различаются формами организации социальной жизни, системой взглядов на мир. Объединяет их всех безусловная духовная нагруженность любовного отношения к Богу, глубинная культура эмоционального переживания нуминозного [10, 11].

На наш взгляд, востребованность той или иной социально-приемлемой формы организации жизни общины осуществляется названными социальными агентами. Они, с одной стороны, выступают как социальные стабилизаторы общинной жизни в условиях социальной нестабильности и становления новой культурной реальности, т.к. являются социальными гарантом определенного способа социальной практики. С другой стороны, они являются социальными агентами и гарантом трансляции духовного наследия, этнической или социальной памяти, а так же способом адаптации к новой форме социальной жизни. В этих условиях поиск механизма, который удовлетворяет новым культурным требованиям, становится особенно важным как в плане определения культурной, религиозной, так и индивидуальной идентичности. Таким гарантом становится суфизм, который и выполняет социально-культурный и мировоззренческий заказы [12].

Суфизм осуществляет усвоение ряда ценностей исламской веры, создавая свою субкультуру на базе ассимиляции сходных отдельных компонентов в религиозном сознании, а так же наличие или отсутствие в нише базовой культуры определенных структур, которые бы дополнили или же, сохраняя автохтонные элементы, только видоизменяли их форму. Суфизм оказался тем механизмом, который сумел трансформировать и адаптировать ислам к автохтонным духовным ценностям, при этом не смешивая маргинальные субкультурные образования с центрообразующей исламской цивилизацией – шариатом. Поэтому ни один из известных орденов суфизма

³ Правомерность такого положения подтверждается, по нашему убеждению, исследованиями таких ученых, как Е.Э. Бертельс, В.В. Соколова, И.П. Петрушевского, Р. Буллит, которые отмечают о наличии культурного многообразия и поливекторных культурных поведений и стратегий.

не задевал шариат как цементирующий принцип исламской цивилизации, каждый шейх пытался вместе со своими учениками и последователями продемонстрировать лояльность к нему.

Интересным в этом плане представляется информация Тримингэма о том, что «все формы социальной жизни находят отражение в такой организации и в той или иной религиозной культуре, а любая потребность в совместном действии ради того, что мы зовем мирским благом, приобретает священный характер благодаря религии» [13, с. 50-51]. К примеру, многие ордена обязаны своим существованием цеховым объединениям. Таковыми являются врачи, ремесленники, гильдии купцов и др. Проходя обряд посвящения в суфийскую силу, они, тем самым, получали «духовную поддержку в своей профессии» [13, с. 50-51]. На наш взгляд, суфизм выступает в качестве одного из каналов трансляции социально-организованной жизни региональных народов, социальной практики. Формируя свою субкультуру, адепты суфизма пытались транслировать такие структурные образования, которые носят автохтонный характер. Они в тоже время дополняют те культурные ниши, которые оказались «открытыми» в связи с отсутствием ряда элементов или путем восполнения некоторых ее составляющих.

На основе анализа феномена суфизма как субкультурного образования исламского мира можно в гипотетической форме предположить, что появление суфизма в нашем казахстанском обществе выступает как форма субкультуры религиозного плана. В современном казахстанском обществе, в котором происходит усиление механизма давления феноменов массовой культуры, глобализации в качестве противовеса их нивелирующего воздействия, начинают появляться суфийские общины. В них молодежь и часть интеллигенции находят своеобразную культурную нишу, в которой можно найти компенсацию утраченной реальности, стиля жизни, ценностей новую духовную модальность, которая привлекает своей эзотеричностью, эскапизмом. Нарастание стремлений найти выход удовлетворению подавленных и нереализованных чувств, эмоций, возникших в результате шоковой экономической терапии, от встречи с другими феноменами культуры и привносимыми урбанизацией новых стилей непривычной жизни инициирует их к поиску защитного механизма. Выходом для ряда из них становятся эзотерические группы, которые, с одной стороны, проявляют себя как защитную реакцию культуры от

самоуничтожения, а с другой стороны, выступают как один из механизмов самосохранения идентичности религиозной направленности, базовым принципом которой провозглашается суфизм. Тем более, это представляется возможным, так как ислам транслировался на культуру насельников центральноазиатского региона через суфизм, через миссионерскую работу такого субобразования, как «кожа», которые первоначально пытались сохранить ряд своих особенностей в части стиля жизни, мироотношения, ценностных ориентаций [14]. В современных условиях интерес к суфизму вызван определенным духовным кризисом, социальной депривацией, депрессией, поисками духовного плана, а также своей идентичности. Поэтому поиски новых форм, сфер приложения своей активности, реализацией своего осмысления предназначения было понято как новое обретение духовной свободы. Оно мыслится ими как отказ, бегство от реального мира внутрь самого себя путем так называемого «видения», которое достигается посредством изнурительного многочасового повторения молитв, погружением в медитации, сопровождаемое песнопением, экзотических танцев дервишей, эзотерической практикой зикра. Привлекательность суфизма объясняется отсутствием какой-либо жесткой доктрины, его устремленностью к человеческому сердцу [15].

Суфизм предстает как эскапистская и эзотерическая практика духовного совершенствования, продвижения на пути расширения сознания и сердца. Он предстает как жизненный, экзистенциально-эмоциональный опыт, позволяющий якобы достичь непосредственного единения с богом. Суфизм воспринимается молодежью и гуманитарной интеллигенцией как субкультура, основным принципом которого является усвоение внеязыкового опыта, расширение эйдетического воображения, как эмоционально-духовный опыт изменения состояния сознания, позволяющий совершить духовное путешествие в мир трансцендентного. Погружение в мир интуитивного с помощью притч, метафор, медитаций позволяет ее агентам иметь в распоряжении такую духовную практику, которая направлена против европейской рациональности, против логики, которые, по определению суфиев, сковывает культуру в оковы разума [16].

Привлекательность суфистских практик объясняется тем, что она формирует такой стиль жизни, когда человек может отрешиться от мирских забот, посвятив себя искусству жить и

любить, развивая в себе спонтанность и экспрессию чувств, эйдетическое воображение, умение видеть мир в ином измерении, нежели то, что дается в рациональной парадигме. Весь мир для них предстает как зеркало бога, а они сами как его зеркальный образ. Достигнув этого состояния, человек должен освободиться от различного рода стандартов. Суфизм дает новое представление о святом человеке, образ мудреца, привлекая опытом достижения морального, духовного, интеллектуального освобождения, которое достигается путем воображения, созерцания, без логического анализа действительной реальности. Суфизм вводит человека в мир полного внутренней независимости от общества, без ухода в отшельничество, предлагая путь любви к Богу, к людям, развивая способность видеть глубинные основы мира, погружаться в бездну психики [17].

Суфизм дает свой вариант идентифицировать себя с казахской культурой, т.к. в истории принятия ислама, его адепты приняли активное участие в деле распространения его принципов и идей [18, б.б. 11]. К тому же суфизм призывает сохранению традиционных форм организации жизни, являя собой образец духовности исламского мира. Суфизм объявляется образцом истинного мусульманина, тот, кто не прошел путь суфия, не может считаться мусульманином, не может пройти путь становления совершенного человека. На это очень часто указывают ряд ученых, изучающих суфизм. Так, Н. Нуртазина в своей работе «Сопылық» отмечает, что «суфизмсіз исламды түсіну мүмкін емес суфизмсіз, рухсыз, жүрексіз ислам – ислам емес. Сопыларға ортақ бір қасиет бар ол – адалдық, мейірділік, шынайы мәдениеттілік, Алланы сүю. Суфизм рухты оятады, ал дүниедегі ізгілік атаулының бәрі, барлық биік қасиеттер – рухтың биіктігінің көріністері: меірімділік, әділдік, ержүректілік, даналық. әркімнің жүрегінің түбінде өзінің суфизм яғни ары, рухы бар – соны оятуға умтылу керек, Жүрек, ар-ұят оянса, мінез-құлық түзелсе – мәдени, тарихы өрлеу басталады, ізгілік руханият, бақыт келеді... Алла біздің барлығымыздың өтірік мусылман, жарым-мусылман емес, сопы-мусылман, яқі толық мусылман болуымызды қалайды» [19, б.б. 11]. Поэтому ученый-историк полагает, что возрождение суфизма будет способствовать развитию гармонии, духовных, моральных качеств.

Многие казахские журналисты считают, что символом религиозного единства казахского народа является священный дух Ходжа

Ұлы ғұлама философ әл-Фараби «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегінде музыка – адам жанының, оның ең сырлы сезімдерінің ұмтылысы мен арманының лебі. Ол адамның ішкі дүниесінің терең негіздерін қозғайды. Музыка – халық жанының, оның дерті мен қайғысының, ұмтылысы мен шабытының әлпеті. Ол этникалық сана-сезім мен этникалық мәдениеттің түпкі асылдарын сөз қылады. Музыка адамдарды біріктіре отырып, оларды ортақ ойлар мен мақсатқа кірісіп кетуге ықпал жасауы арқылы олардың арасында көзге көрінбейтін нәзік байланыстарды орнатады, ол тауқымет пен

машақатты, қорқыныш пен түңілушілікті жеңуге жәрдем береді. Музыка адам жанын бір-бірімен көрсетпей байлап қана қоймайды, оларды асқан кемелдіктің шыңына көтереді [23, 3 б.].

Жоғарыда айтылғандай, кейде шартты түрде «мұсылман мәдениеті», немесе «араб мәдениеті» деп аталатын халифат халықтарының мәдениеті шынтуайтында көптеген халықтар, соның ішінде түркілердің де мәдениеттерінің синтезі болатын. Мұсылман қауымын құраған этникалық бірлестіктер арасындағы тұрақты жолға қойылған үздіксіз өзара байланыс ислам мәдениетін өзіндік ерекшеліктер мен құндылықтар әлемін қалыптастырды. Дегенмен, халифат құрамына енген халықтардың әрқайсысының өзінің жеке мәдени дәстүрлері және әлеуметтік-экономикалық факторларымен сипатталатын едәуір мәдени өзгешеліктері мен ерекшеліктері болғандығын, ал бұл дәстүрлер мен факторлар кейіннен, әсіресе IX ғасырдың аяқ шенінде және X ғасырда жергілікті мәдениеттердің қайта өркендеуіне себепкер болатындығын баса көрсету қажет. Халифат негізін қалаған мұсылман қауымының IX-XII ғасырлардағы мәдениеті

сол тұстағы еуропалық мәдениеттен әлдеқайда жоғары болғандығы анық. Көптеген этикалық дәстүрлердің, әсіресе, халифат ғалымдары игерген және шығармашылықпен өңдеп шыққан жаратылыстану және философия ғылымдары саласындағы ілімдердің кеңінен таралуын халифат құрамына енген халықтардың аса зор тарихи еңбегі деп білу керек. Музыкадағы әр түрлі этникалық сипаттың өзіндік қасиеті бар екендігін ғалымдар мен сазгерлер айқын түсінді. Мысалы, «Таза ағайындар» – «Ихуан ас-Сафа (Х.ғ.) бірлестігінің философтары, математиктері мен музыка теоретиктері өздерінің трактаттарында былай деп көрсеткен: «Әр халықтың өздерінің ұйып тыңдайтын және шаттыққа бөлейтін әуендері мен өлеңдері болуы заңды көрініс. Мысалы, оған әр түрлі тілде сөйлейтін өзіндік табиғи қасиеттерімен, салт-дәстүрлерімен ерекшеленетін дайламиттердің, арабтардың, армяндардың, сығандардың, парсылардың, гректердің және т.б. халықтардың әуендерін жатқызуға болады» [12, 10 б.]. Дегенмен, бір халықтың ықыласпен тыңдайтын әуенінің екінші бір халыққа ешқандай әсері болмауы мүмкін.

References

- 1 Еолян И.Р. Очерки арабской музыки. – М.: Музыка, 1977. – 192 с.
- 2 Грубер Р.И. История музыкальной культуры: в 2 т. – М.: Музгиз, 1959. – Т.2. – 2016 с.
- 3 Масиньон Л. Методы художественного выражения у мусульманских народов // Арабская средневековая культура и литература. – М., 1978. – С. 47-63.
- 4 D’Ohsson. Tableau general de L’Empire othoman // Farmer H. A history of arabian music to the XIII century. – London, 1967. –20 p.
- 5 Раджабов И., Сагадеев А. Вступительная статья к разделу «Ближний и средний Восток» // Музыкальная эстетика стран Востока. – М.: Музыка, 1967. –С. 246-266
- 6 Жолдыбайұлы Қ. Музыканы тыңдау харам ба? // Жұлдыздар отбасы. Республикалық жастар журналы. – 2010. – №2(68). –37 б.
- 7 Музыкальная эстетика Востока / Общая ред. и вступ. статья Шестакова В.П. – М.: Музыка, 1967. – 414 с.
- 8 Farmer H.G. A history of arabian music. –New Delhi: Goodword books, 2002. –264 p.
- 9 Шахназарова Н.Г. Музыка Востока и музыка Запада. Типы музыкального профессионализма. – М.: Советский композитор, 1983. – 153 с.
- 10 Al-Isfahani (Abu’l-Faraj). Kitab al-aghani. (The Book of Songs) / published by Dar ath-thaqafa. – Beirut, 1990. – 1 v. – 203 p.
- 11 Farmer H.G. A history of Arabian Music to the XIIIth century. – London, 1929. – 264 p.
- 12 Даукеева С. Философия музыки Абу Насра Мухаммада аль-Фараби. – Алматы: Фонд Сорос – Казахстан, 2002. – 352 с.
- 13 Жәнібеков Е. Әл-Фарабидің физикалық көзқарасы. – Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.
- 14 Kosegarten J.G. Alii Ispahenensis Liber cantilenarum magnus / ex codicis manu scriptis arabice editur adjectaque translatione adnotationibusque. – Greifswald, 1844. – 508 p.
- 15 Әл-Кинди. Муаллафат әл-Кинди әл-мусикиа. – Багдад, 1962. – 408 p.
- 16 Гафуров Ғ.Б. Сол дәуір биігінен // Білім және еңбек. – 1973. – №12. – 14-17 бб.
- 17 Раджабов И.Р. Макомы. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора искусствоведения: 17.00.02.– Ташкент, Евран, 1970. – 216 с.
- 18 Еолян И.Р. Традиционная музыка арабского востока. – М.: Музыка, 1990. – 239 с.
- 20 Раджабов И.Р. Маком. Музыкальная энциклопедия: в 12 т. – М.: Музыка, 1976. – Т.3. – 407 с.
- 21 Кабус-намэ // Музыкальная эстетика стран Востока. – М.: Музыка, 1967. – С. 287- 291.
- 23 Әбу Насыр әл-Фараби. Музыка туралы үлкен кітап / Ауд. Ж. Сандыбаев. – Алматы: Колор, 2008. – 751 б.

References

- 1 Eoljan I.R. Oчерки arabskoj muzyki. – M.: Muzyka, 1977. – 192 s.
- 2 Gruber R.I. Istorija muzykal'noj kul'tury: v 2 t. – M.: Muzgiz, 1959. – T 2. – 2016 s.
- 3 Masin'on L. Metody hudozhestvennogo vyrazhenija u musul'manskih narodov // Arabskaja srednevekovaja kul'tura i literatura. – M., 1978. – S. 47-63.
- 4 D'Ohsson. Tableau general de L'Empire othoman // Farmer N. A history of arabian music to the XIII century. – London, 1967. – 20 r.
- 5 Radzhabov I., Sagadeev A. Vstupitel'naja stat'ja k razdelu «Blizhnij i srednij Vostok» // Muzykal'naja jestetika stran Vostoka. – M.: Muzyka, 1967. – S. 246-266
- 6 Zholdybajly K. Muzykany tyndau haram ba? // Zhylдыzdar otbasy. Respub-likalyk zhastar zhurnaly. – 2010. – №2(68). – 37 b.
- 7 Muzykal'naja jestetika Vostoka / Obshhaja red. i vstup. stat'ja Shestakova V.P. – M.: Muzyka, 1967. – 414 s.
- 8 Farmer H.G. A history of arabian music. – New Delhi: Goodword books, 2002. – 264 p.
- 9 Shahnazarova N.G. Muzyka Vostoka i muzyka Zapada. Tipy muzykal'nogo professionalizma. – M.: Sovetskij kompozitor, 1983. – 153 s.
- 10 Al-Isfahani (Abu'l-Faraj). Kitab al-aghani. (The Book of Songs) / published by Dar ath-thaqafa. – Beirut, 1990. – 1 v. – 203 p.
- 11 Farmer H.G. A history of Arabian Music to the XIIIth century. – London, 1929. – 264 r.
- 12 Daukeeva S. Filosofija muzyki Abu Nasra Muhammada al'-Farabi. – Almaty: Fond Soros – Kazahstan, 2002. – 352 s.
- 13 Zhənibekov E. Əl-Farabidiñ fizikalыk kəzkarasy. – Almaty: Rauan, 1993. – 112 b.
- 14 Kosegarten J.G. Alii Ispahenensis Liber cantilenarum magnus / ex codicis manu scriptis arabice editur adjectaque translatione adnotationibusque. – Greifswald, 1844. – 508 r.
- 15 Əl-Kindi. Muallafat əl-Kindi əl-musikia. – Bagdad, 1962. – 408 r.
- 16 Fafurov F.B. Sol dəuir biiginen // Bilim zhəne ەnbek. – 1973. – №12. – 14-17 bb.
- 17 Radzhabov I.R. Makomy. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj ste-peni doktora iskusstvovedenija: 17.00.02.– Tashkent, Everan, 1970. – 216 s.
- 18 Eoljan I.R. Tradicionnaja muzyka arabskogo vostoka. – M.: Muzyka, 1990. – 239 s.
- 20 Radzhabov I.R. Makom. Muzykal'naja jenciklopedija: v 12 t. – M.: Muzyka, 1976. – T.3. – 407 s.
- 21 Kabus-namje // Muzykal'naja jestetika stran Vostoka. – M.: Muzyka, 1967. – S. 287- 291.
- 23 Əbu Nasyr əl-Farabi. Muzyka turaly ылken kitap / Aud. Zh. Sandybaev. – Almaty: Kolor, 2008. – 751 b.

Аманкулов Т.О.
**Алғашқы кеңес өкіметі
кезеңіндегі Қазақстандағы
ислам діні жағдайы
(1920 – 1930)**

Мақалада Кеңес өкіметінің алғашқы 1920-1930 жылдарындағы Қазақстандағы ислам дінінің тарихы және сол кезеңдегі діни жағдайлар сипатталған. Кеңестік Қазақстандағы ислам – ел тарихындағы мейлінше зерттеп-зерделеуді қажет ететін тақырыптардың бірі, сонымен қоса геосаясаттағы өзгерістер мен соңғы он жылдықтағы әлемдегі жаһандану үрдістері исламның әлемдегі рөліне басқаша қарауға мәжбүр етуде. Ислам әлемдік саясатта ерекше факторға айналуға орталық Азияда бұл діндегі фундаментализмнің күшеюі және оның бірқатар мұсылман елдеріне ықпалының артуы да тақырыптың өзектілігін негіздейді. Қарастырылып отырған жұмыстың мақсаты Кеңес өкіметінің алғашқы он жылындағы Қазақстандағы ислам дінінің даму тарихы мен сол кезеңдегі дін мәселесіне сараптама беру. Зерттеуде тарихи үрдістердің себеп-салдар байланысын анықтауға бағытталған тарихилық, индукция және сараптау әдістері қолданылды. Осыған орай зерттеудің нәтижесі Кеңес өкіметінің Қазақстандағы алғашқы кезеңде жүргізген саясатын, сол кезеңдегі әлеуметтік-діни үрдістердің тарихи мәнін түсіну үшін пайдалы болады. Кең көлемдегі дереккөздер мен қазіргі кезеңдегі бар теориялық ақпараттар негізінде 1920-1930 жылдардағы қазақ халқын кеңестендіру кезеңіндегі исламның жағдайы сарапталды.

Түйін сөздер: ислам, дін, Кеңес өкіметі, қазақ қоғамы, Түркістан өлкесі, мұсылман жұрты, парыз, атеистік билік, ұлт зиялылары, ислам дінінің өкілдері, пантүркілік ұйым, кеңестік Шығыс, рухани сенім.

Аманкулов Т.О.
**Religion islam in the first years
of soviet power in Kazakhstan
(1920-1930)**

In the article examined and in a religiously-historical aspect position of islam is analysed in Kazakhstan in 1920-1930. Considerable geopolitical changes and globalization processes, what be going on in the modern world in the last decades, compel newly to give a glance on the role of islam in him. An islam becomes more ponderable factor in a worldwide policy. Actuality of study of islam in Central Asia in the epoch of globalization is conditioned by the considerable strengthening of positions of azakh fundamentalism and strengthening of his influence in a number of moslem countries, including in moslem Central Asia. In this connection research results can be useful to understanding of historical essence of socially-religious processes, flowing in the first years of Soviet power in Kazakhstan and in contiguous regions. The aim of the study is to analyze the position of Islam in Kazakhstan in 1920-1930 years. The study uses a historical approach aimed at identifying the historical processes of cause-effect relationships and theoretical methods as induction and analysis. On the basis of study of vast circle of sources and present for today theoretical material the historical processes of islam are investigational in 1920-1930th, id est in the soviet period of the azakh people.

Key words: islam religion, Soviet government, kazakh society, Turkestan edge, muslim population, debt, atheistic power, representatives of islam religion, soviet East, spiritual faith.

Аманкулов Т.О.
**Положение религии ислам в
первые годы советской власти
в Казахстане (1920-1930)**

В статье рассматривается и в религиозно-историческом аспекте анализируется положение ислама в Казахстане в 1920-1930 годы. Значительные геополитические перемены и глобализационные процессы, происходящие в современном мире в последние десятилетия, заставляют по-новому взглянуть на роль ислама в нем. Ислам становится все более весомым фактором в мировой политике. Актуальность изучения ислама в Центральной Азии в эпоху глобализации обусловлена значительным упрочением позиций исламского фундаментализма и усилением его влияния в ряде мусульманских стран, в том числе в мусульманской Центральной Азии. Целью исследования является анализ положения ислама в Казахстане в 1920-1930-е годы. В исследовании использован исторический подход, направленный на выявление исторических процессов причинно-следственных связей и теоретические методы, как индукция и анализ.

Ключевые слова: ислам, религия, Советское правительство, казахское общество, Туркестанский край, мусульманское население, долг, атеистическая власть, национальная интеллигенция, представители исламской религии, пантюркская организация, советский Восток, духовная вера.

**АЛҒАШҚЫ КЕҢЕС
ӨКІМЕТІ КЕЗЕҢІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ИСЛАМ ДІНІ
ЖАҒДАЙЫ
(1920 – 1930)**

Кіріспе

Геосаясаттағы өзгерістер мен соңғы он жылдықтағы әлемдегі жаһандану үрдістері исламның әлемдегі рөліне басқаша қарауға мәжбүр етуде. Ислам әлемдік саясатта ерекше факторға айналууда. Орталық Азияда бұл діндегі фундаментализмнің күшеюі және оның бірқатар мұсылман елдеріне ықпалының артуы исламды зерттеудің де өзектілігін негіздейді.

1920-1930 жылдар аралығындағы еліміздегі дін басылары мен дінге сенушілердің жаппай қуғындалуы, ғылыми атеизмнің идеологиялық үстемдігінің нық орнауы халық арасындағы дінге сенушілікке, шынайы құлшылыққа шек қоя алмады. Тіпті кеңестік тарихтың ақтандақтарға толы қай кезеңдерінде де, дәстүрлі ислам мен оны ұстанушылар түрлі сын-қатерлерді, нәубетті күндерді бастан өткерсе де ислам діні өзінің өміршеңдігін сақтап қалды, ел ішіндегі өзінің рухани қажеттілігінен бір сәтке де ажырамағандығын көрсету арқылы ислам дінінің әр кезеңде өзінің қоғамдық сана формасы және рухани күш ретіндегі рөлін көрсету заман талабы деп айтуға болады.

Қарастырылып отырған жұмыстың мақсаты Кеңес өкіметінің алғашқы он жылындағы Қазақстандағы ислам дінінің даму тарихы мен сол кезеңдегі дін мәселесіне сараптама беру. Қойылған мақсатқа жету барысында тарихи үрдістердің себеп салдар байланысын анықтауға бағытталған тарихилық әдіске басымдылық берілді. Сонымен қоса исламның қарастырылып отырған кезеңіндегі діндарлыққа баға беру үшін салыстыру, индукция және сараптау әдістері қолданылса, зерттеудің тұжырымын жасауда автор жалпы философиялық әдіске жүгінді.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша зерттеулер өте аз, себебі Кеңес заманының атеистік саясаты жалпы дінді тарихи тұрғыда зерттеуге мүмкіндік бермеді, ал шет ел ғалымдарына Қазақстан аймағы келулеріне мүлде есік жабық болғаны белгілі. Әйтсе де зерттеу барысында аз болса да исламның Орта Азиядағы жағдайын зерттеген ғалымдардың тұжырымдарына (Paksoy H.B. Nationality or religion? Views of Central Asia Islam, A Bennigsen and S Wimbush, as above, pp222-223. Вагабов М.В. Ислам и семья. – Москва: Наука, 1980; Dave Crouch, The Bolsheviks and Islam, 6th April 2006; Yemelianova, G 2014, 'Is-

lam, national identity and politics in contemporary Kazakhstan' Asian Ethnicity, vol online, pp. 286-301.) және тәуелсіздік алғаннан кейінгі исламды ғылыми тұрғыда зерттеуге бет бұрған отандық ғалымдардың (Дербісәлі Ә., Құдайбергенов Б., Әмірғазин С., Оңғаров Е., Мухтарова Г.Д., Әбді-рәсілқызы А.) еңбектеріне сілтеме жасалды.

Негізгі бөлім

Кеңестік ғылым ислам дінін зерттеп-зерделеуді үш кезеңге бөліп қарастырады. Жалпы 1940 жылдарға дейінгі кезеңде кеңестік ғылымның іргетасы қаланып бітті десек те, діни таным тұрғысынан келгенде атеистік саясат дінді «халықты улайтын апиын» деген ұстанымынан бір танбай, осы бағыттағы кешенді үгіт-насихат жұмыстарын жандандыра түсті.

1906 жылы Верныйда Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-ші құрылтайы өтіп, оған елімізден 100-ге тарта делегаттар қатысып, онда Ресей мұсылмандарының діни-рухани мәселелерімен айналысатын діни бас басқармасын құру, діни қызметкерлерін халықтың өзі сайлауына мүмкіндік беру, вакуфтер ашу, мешіттер салу, діни мектептер мен медреселерді реформалау секілді қадау-қадау мәселелер талқыға салынған болатын [1]. Бұл түйінді мәселелер өз шешімін таппай, 1917 жылы өткен жалпы қазақ съезінде де қазақ-қырғыз облыстарының автономиясына «Алаш» атауын беруден бөлек, заң алдындағы діндердің бірдейлігі, дін оқуларын насихаттауға шектеу қоймау, Қазақстанда жеке муфтият құру мәселелері бой көтерді.

Большевиктер революциясынан кейін, Шығыс институты біртіндеп большевиктеніп, КСРО Ғылым академиясына тіркеледі. 1920 және 1950 жылдардың арасында бірнеше рет қайта құрылып отырды. Большевиктер саясатының әсері оң және сол жақ арасындағы ислам қозғалысын бөлді болды [2].

Патшалқ режим кезінде Ресейлік жаулау, отарлау, экономикалық қанау, саяси кемсітушілік және орыстандыруға қарсы деп «исламды» айыптады, ал Кеңестік өкімет исламды халықты отарлауға, мойынсұнуға мәжбүрлейді деп «исламға» айып тақты [3]. «Пан-исламизмді» сылтауратып орталық, өз саясатын жүзеге асырып, Ислам қозғалысының жолын кесу жүргізді, оны қазір «исламдық фундаментализм» ретінде танимыз [4]. Тарихшылар мұсылман көшбасшыларының көпшілігі жұмысшылар мемлекет үшін шартты қолдау білдірді деп есептейді [5].

1917 жылы өткен Түркістан және қазақ мұсылмандарының съезінде «Мұсылман одағы» партиясы құрылып, онда ислам мемлекеттік дін ретінде бірауыздан мақұлданғанымен, ол отаршылдар тарапынан толассыз қуғынға ұшырады. Әйтсе де алғашында дінге деген көзқарасының дұрыс екендігін дәлелдеуге тырысып баққан кедейлер өкіметі 1917 жылы қарашада қабылданған «Ресей және Шығыс еңбектенуші мұсылмандарға» деп аталатын РСФСР халық комиссарлар кеңесі жолдауында: «... осы бастан бастап сіздердің салт-дәстүр, наным сенімдеріңізге қол сұғылмайды, ұлттық және мәдени ұйымдарыңыз өз қызметін еркін жүзеге асырады. Өздеріңіздің ұлттық өмірлеріңізді азат әрі кедергісіз жүзеге асырыңыздар», [6] – деп атап көрсеткенімен, сөз бен істің арасындағы алшақтық аз жылдан соң-ақ байқала бастады. Айталық алғашқыда, яғни 1920 жылы дәл осы кеңес халық комиссарларының декретімен халықтық салт-дәстүрлерімізге тыйым салынып «қалыңмал беру», «құн төлеу» секілді тамаша жөн-жоралғыларымыз «Әйел теңдігі» дейтін саясаттың әсерінен келмеске кетті. Бұл мәселені сол дәуірдің ғылымы саналатын кез келген еңбектен табуға болады. Исламның ең қастерлі құндылығы іспетті отбасы дәстүрін, қазақтың көне заманнан келе жатқан отбасы институтының қоғамдағы ерекше рөлін бір күнде жоққа шығарып, «жаңалық» ашқандардың дені ұлтымызды ұлттық тінінен ажыратып, тектілігімізден бездіріп, «тұлыпқа мөңіретіп» қоюды мұрат тұтқаны анық-ақ. Мәселен, солардың бірі деуге әбден-ақ болатын М. Вагабов «Ислам және отбасы» еңбегінің «КСРО-дағы социализмнің жеңісі және исламдық отбасылық неке қарым-қатынастарын өзгертудің негізі» деп аталатын тарауында былай дейді:

«... Ұлы көсеміміз В.И. Ленин атап көрсеткендей, әйел теңдігін толық қамтамасыз етіп алмай, пролетарият толыққанды еркіндік ала алмайды, тіпті онсыз революцияның жеңісі де жеміссіз болады. Жалпы төңкерістің сәтті өтуі оған деген әйелдердің белсенділігінің қандай болатындығымен тікелей байланысты... ал шығыс әйелдерінің жаңа отбасылық қарым-қатынастар үдерісіндегі басты кедергісі – ислам» [7]. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады, ал жоғарыдағы мәселеге қайта оралар болсақ, 1921 жылдан ишандар, имамдар, билер, хазіреттер, мүфтилер мен дін басқармасының мүшелері сайлауға қатысу құқығынан біржола айырылды.

Ал 1926 жылдан бастап оларға қарсы қысым бұдан да әрі күшейіп, «еңбекші табының жауына» айналғандар саяси «қызыл террордың» құрбанына айналып, жаппай жазалау белең ала бастады. Бұл қанды қырғын 1943 жылдарға таяғанда сәл ғана бәсеңсіп, Сталиннің рұқсатымен Ташкентте Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының құрылтайы өтіп, оған Алматы қаласының имамы Абду Әл-Ғаффар Шамсутдинов қатысты. Одан кейінгі жылдары бұл міндетті Сәдуақас Ғылмани, Жақия қажы Бейсенбайұлы, Рәтбек қажы Нысанбайұлылар абыроймен атқарды.

Ал біз қарастырып отырған кеңестік алғашқы кезеңдегі еліміздегі діни ахуалға қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары қандай баға берді дегенге келсек, мұнда да пікір қайшылығына, қызыл цензура ықпалына тап боламыз. Кеңестік кезеңнің жетістіктерін насихаттаушылар ежелден әлеуметке өз ықпалын жүргізіп келе жатқан, татулық пен бірліктің символына айналған ата дінімізге ашықтан-ашық қарсы шықса, А. Байтұрсынов, Т. Рысқұлов секілді ұлт зиялылары биік мінбелерден ел сөзін сөйлеп, дәстүрлі исламды қорғап қалуға барын салды, ислам түсінігін біржақты түсініп отырған коммунистік билікті айыптай сөйледі. Ал осы ел мүддесі жолында, Алаш мұраты жолында өз мүддесін тәрк еткен ұлтымыздың тәуменді тұлғаларына уақыт өте келе «панисламист», «пантүркист» деген дәлелсіз айыптаулар тағылып, олардың нақақтан-нақақ жазалауға ұшырағаны да баршамызға белгілі.

Бұл турасында бір ғана М. Шоқайдың еңбектерінен көптеген қисынды дәлелдерді алға тартуға болады. Мәселен ол 1920 жылдары баспа бетін көрген «Кеңес үкіметінің қол астындағы Түркістан» (Пролетариат диктатурасына сипаттама) еңбегінде большевиктердің экономикалық саясатын қатаң сынға алса, 1934 жылы «Яш Түркістан» журналында жарияланған айтулы мақаласында кеңес кеңістігі мен антикеңестік әдебиеттерде көптеп кездесетін «пантүркист», «панисламист» ұғымдарының Түркістан қайраткерлеріне еш қатысы жоқтығын айта келе, өздерінің бұл қадамға өз халқының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен ұлттық құндылықтарын сақтау үшін ғана барып отырғандығын ашына айтқан болатын-ды [8].

Қарапайым адамдар ескі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарын сақтағаны байқалады және де олар мұсылман заңдарына ерген. Адамдар қатаң ислам тәжірибесін сақтаған діндар мұсылмандар болды, тіпті дүниежүзілік соғыс кезінде ислам пәндер бойынша әңгіме, өлеңдер оқыған [9]

Әрине исламды шығыс халықтарының басты құндылығы ретінде атап көрсетіп, жергілікті мұсылман жұртшылығы мен кеңес үкіметі арасындағы қарым-қатынас қайшылықтарын батыл сынға алған азат ойлы қайраткердің орынды пікірлері, орнықты ойлары кеңес тарихнамасынан сырт қалғаны, кезінде қағажу көргені айдан анық. Ал керісінше ұлттық болмысымыздан, өзіндік ерекшелігімізден хабары аз Л. Климович, В. Дитяткина, Н. Николаева, К. Васильевский, К. Аvezов, П. Варламов, Ф. Олещук секілді т.б. көптеген авторлар мұсылман дін қайраткерлерінің «төңкеріске қарсы» ұстанымдарын тәптіштеп жазып, болашақ ұрпақты түп қазығы – исламнан алшақтатуға тырысып-ақ бақты. Діни мерекелер мен дәстүрлі исламның басты құндылықтарын құбыжық етіп көрсету үрдісі де барынша етек алды. Тіпті ғалымдар Б. Құдайбергенов пен С. Әмірғазиннің пайымдауларына, К. Маркстің өзінің дінге қарсы тұжырымдары оның дінді саяси реакцияға балап, саяси күрес барысындағы көзқарастарының нәтижесінде қалыптасыпты. Оны былай қойғанда В.И. Лениннің де атеизмі ғылыми тұжырымдамалардан гөрі эмоциялық тербелістерге толы болғанға ұқсайды. Және де ол дінді үстем таптың саяси басқарудағы епті құралы деп түсініпті [10].

Біздіңше кеңестік кезеңге қарағанда патшалық Ресей дәуірінде ислам дініне деген көзқараста біршама еркіндік болды. Мәселен, мұсылманшылықтың бес парызының бірі саналатын қажылық парызын өтеуге ниет білдірушілерге де айтарлықтай шектеу қойылмады. Сондай-ақ XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қажылықтың дамуына мұсылман мәдени орталықтарында жарық көрген діни кітаптардың ел арасына кеңінен таралуы да өзінің оң ықпалын тигізді деп айта аламыз.

Айталық, Н. Лыкашиннің «К статистике паломничества в Мекку» атты мақаласындағы мәліметтер бойынша, тек Шымкент уезінен 1901 жылы 188, Шу ауданынан 126 адам, соның ішінде Қаратау өңірінен 20 адам қажылыққа барыпты. Бұл үрдіс бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында күшейе түсіп, 1913 жылы тек Түркістаннан қажылыққа баратын татар, қазақ, сарттардың саны бір жылда 50 000 адамға жеткен екен [11].

Әйткенмен патшалық отарлау саясаты татар молдалары арқылы қазақтарға діни білім бере отырып, оларды бағынышты, бодан етуді көздеді. Нәтижесінде А. Әбдірәсілқызының «Қазақстандағы діни білім жүйесі: тарихы,

жай-күйі және өзекті мәселелері» атты зерттеу еңбегінде атап көрсеткеніндей, XIX ғасырдың өн бойында мұсылмандық тәрбиеге негізделген Созақта («Баб ата»), Қызылордада («Қалжан ахун», «Мырзабай ахун»), Талдықорғанда («Мамания»), Алматыда («Қорам»), Таразда («Әбдіқадыр»), Сырымбетте (Айғаным медресесі), Бөкей ордасында («Хисмат»), Оралда («Мутыгия», «Рахибия», «Бузуов»), Жезқазғанда («Дуылғалы»), Торғайда («Тұз»), Ордада («Аққойлы»), Шаянда («Аппақ ишан»), Түркістан, Қарнақта («Халфе», «Шамухамед ишан»), «Молда Хашыр дамолла», «Әбілқайыр қазы»), Ақтөбеде, Ырғызда, Лепсіде, Меркеде, Қостанайда көптеген медреселер бой көтеріпті. Тіпті ғалым бір ғана Ақмола аймағында 1923 жылы 42 медресе қызмет көрсеткенін де атап өтеді [12].

Шынтуайтында «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болған» ағартушы-демократтарымыздың көбі осынау медреселерден түлеп ұшып, Орынборда, Уфада, Тройцкіде өз білімдерін одан әрі жетілдіріп, жәдидшілік идеяларымен сусындаған болатын. Ал біз әңгіме ауанына айналдырып отырған Кеңес үкіметінің атеистік билігі дәстүрлі дінімізге де, діни білім алуға да басы бүтін бұғау салып, хадисті ғұрпымыздан, сүннетті салтымыздан ажыратуға бел шеше кірісті. Сайып келгенде саяси қуғындаудың неше түрлі құйтырқы әдістерін ойлап тапқан олар ұлт зиялыларымен бірқатарда байлар мен молдаларды, діни сауатты ишандарды, ескіше оқыған ақсақалдарды барынша аңдып бағып, үстеме салық салып, мал-мүлкін тәркілеп, жер аударып, «халық жауы» атандырып, түтіні түзу ұшқан қазақы ауылдардың тоз-тозын шығарды. Осылайша кеңестік құдайсыз дәуір рухани тұлдыр кезең ретінде тарихта қалды.

Бұл атауды жоғарыда айтылған еңбегінде А. Әбдірәсілқызы да орынды көрсетіпті. Біздіңше олар қазақтың ұлттық-діни бірегейлігіне айтарлықтай нұқсан келтіріп қана қоймай, ислам дәстүрі арқылы сан ғасырлардан бері ұрпақ санасына сыналап енген асыл қасиеттеріміздің барлығын да күресінге тастап, ырым-тыйымдарымызды түгелдей теріске шығару арқылы дүмшелену үдерісін жеделдете жүзеге асырып отырды.

Қазақ халқының басына қара бұлт үйірген осынау ауыр кезеңдерде қуғын-сүргін қияметін бастан кешірген дін өкілдері де аз болмады. Себебі кеңестік атеистік билік қоғам қайраткерлерімен бірге ислам жолындағы ғұламаларымызға, имамдарымызға қатты шүйлікті. Ал осы

«Отанына опасыздық жасады» деген жалған айыптың жетегінде кетіп, жазықсыз жапа шеккендердің бірі – Гурьев қаласындағы Ақ мешіттің имамы қызметін атқарған Иманғазиев Мырзағали қазірет болатын. Ол ел ішінде ерекше қасиетімен көзге түсіп, бар болғаны діни ағарту бағытында жұмыс жасағанымен, қазақ даласын үрейге бөлеген «қызыл террордың» қанды шеңгелінен құтыла алмады. Сол бір азапты да ауыр күндерді басынан өткеріп, көзімен көрген қазіреттің ұрпағы Раушан Мырзағалиұлы мерзімді баспасөз бетінде жарық көрген мақаласында зұлмат жылдар зобалаңын былайша толғанып еске алады:

«... Әкем Мырзағали қазірет 1937 жылдың жазында жазықсыз жазалауға ұшырады. Менің түсінгенім, оны «діннен без, халық арасында дінге қарсы үгіт жүргіз, комитетке қолхат бер» деп әурелеп жүр екен. Бірақ, сол мезгілде діннен безіп, комитетке қолхат беріп, жұмыс істеп кеткендер де болған. Солардың бірі Садық молда милицияда жұмыс істеді. Ұлықпан молда мен Шегірғали молдалар тері алатын агент болып кетті.

Ал менің әкем Мырзағали қазіреттен ештеңе шықпайтынын біліп, комитет сыртынан екі тыңшы қойған. 1937 жылдың күзінде Мырзағалидың үйіне Хасан қазірет Жолшыбай қонаққа келеді. Мырзағали қазірет қонағының құрметіне Дәуім, Қосмұхан, Қоңыр, Ғаббас, Қадір, Әбубәкір молдаларды қонаққа шақырады. Осы қонақтық туралы екі тыңшы келесі күні комитетке жеткізеді. Сондағы комитетке айтқандары: «Көзіміз көре алмады, есіктің сыртынан тыңдадық. Жапон-жапон деп шулап жатыр», – дегені екен. [13].

Расында да осы оқиғаның салдарынан көп ұзамай-ақ Мырзағали қазірет бастаған алты молда бірдей тұтқындалып, үкім шығарылып, ату жазасына кесілген. Олай болса, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған Мырзағали қазірет секілді тұлғаларымыздың ғибратты тағдырын әсте ұмыт қалдыруға болмайды деп білеміз. Себебі олардың асыл қасиеттері, ата дінімізге деген айнымас адалдығы, ғибратты ғұмыры кейінгі ұрпақ үшін өшпес өнеге. Сондықтан да олардың жарқын бейнесін ұрпақтар жадында қайта жаңғыртып, ел есінде мәңгі қалдыру азаматтық борышымыз болып қала береді.

Ал бұл шағын мақалада автор діни көзқарасы үшін жазықсыз жазаланған азаматтардың бәрін тізбелеп атап көрсетуді мақсат тұтып отырған жоқ. Десек те жоғарыда айтылған «панисламизмнің» өкілі атанса да, басын бәйгеге

тігіп, жан қиғандардың бел ортасында жүрген, қатал да қатыгез тағдыр кешкен Нәзір Төреқұловты ерекше атап көрсету дұрыс болары сөзсіз. Өйткені ол қоғамдық қызметінің бар сатысында алдымен ұлтына қол ұшын созуды өзінің перзенттік парызы деп білді. Алайда бұл халықшылдық қасиет Қансейіт әбдешұлының айтуынша, сталиндік асыра сілтеушілердің назарынан тыс қалмай, оған «пантүркизм» көсемдерінің бірі деген аса ауыр айып тағылды [14].

Шынында да диверсиялық-террорлық пантүркілік ұйымның белсенді мүшесі ретінде Тұрар Рысқұловпен бірге Кеңес Одағын құлатуға тырысты деген жалған жала оның 1937 жылдың 3 қарашасында «халық жауы» ретінде мерт болуына алып келді. Сондықтан да тәуелсіздікке иек артқан бүгінгі таңда Алаш арыстары ақиқатының ашылмаған қырларын зерттеп-зерделеудің маңызы зор. Бір ақиқаты сол – ұлттық болмысымызбен ғасырлар бойы тұтасып өмір сүрген ислам дінін дінсіз қоғам құрамыз деп жетпіс жыл бойы ұмтылғандар өз тұғырынан тайдыра алған жоқ. Керісінше айтын ашық тойлап, жаназасын жария өткізіп, намазын жасырын оқып, насихатын үзбеген діншіл халқымызбен жағаласып жүргенде Кеңес үкіметінің де күні батты.

Ал біз басты нысан ретінде алып отырған Кеңестік Қазақстанның алғашқы кезеңіндегі ислам діні мәселесі – әлі де тереңірек қарастыруды қажет ететін күрделі тақырып.

Мысалы, сол 1917 жылдардың өзінде-ақ халқымыздың көрнекті тұлғалары қоғамдық-саяси мәселелермен қатар, діни бостандық турасында да өз көзқарастарын тайсалмай білдіріп отырды. Кеңестік керітартпа үкімет те бастапқыда халықтың наным-сенімімен санасатындай сыңай байқатып, «жұмсақ» саясат жүргізгенімен, кейіннен 1920-1940 жылдар аралығында бұл үрдіс жаппай жазалау науқанына ұласып, ұлтымыздың бас көтерер оқыған азаматтарының түгелге жуығын жер жастандырды.

Әйткенмен де осынау 1922-1927 жылдар бедерінде халқымыздың сана-сезімінде, рухани таным-түсінігінде үлкен өзгерістер орын алғанын жоққа шығара алмаймыз. Тіпті кеңестік биліктің 1920-1940 жылдар аралығында ислами құндылықтарымызды жүйелі түрде өшіге күйретуге көшкені соншалық-мұсылмандық діни ұйымдар жаппай жабылып, оның белсенді мүшелерінің бәрі абақтыға қамалып, атылып, жер аударылып кетті. Ол аз десеніз, ежелден имандылықтың бесігіне айналып, ел арасына ізгілік нұрын таратып келген мешіттер қираты-

лып, қорымдардың үстіне құрылыстар салынды. Ал дін өкілдерін заңды, заңсыз түрде қуғындау, сотпен, сотсыз жазалау үдерісі үрей туғызып, жалпыадамзаттық құндылықтар мен құқықтық нормалар аяқасты етілсе де, халықтың діни санасын жою жұмыстары үздіксіз жүріп жатты.

Нәтижесінде «Денеде бір кесек ет бар, ол аман болса дене де аман, ал сырқаттанса дене де сырқат. Ол – жүрек» [15], – деп Ұлық имам Әбу Ханифа айтқандай, жүрегін кірлеткендер көбейген қоғамда хақ дініміз коммунистік утопияның қалқасында қалып қойды. Ал өзінің бай ұлттық өзегінен, тек тамырынан уақытша болса да қол үзіп қалған дәстүрлі дініміз дамудан гөрі дағдарысқа бой алдырғанымен, құдайсыз қоғамда өз құнын жоғалтпаудың жаңа жолын тауып алды. Себебі дәстүрлі ислам замана тезінен қанша теперіш көрсе де, ғасырлар сүзгісінен аман-сау өткен дәстүр-салтымыздың, әдет-ғұрпымыздың, ырым-тыйымымыздың қай-қайсысында болмасын көрініс тауып жатты. Өйткені ол әдет-ғұрпымыздың көпшілігі дәстүрлі исламмен әбден кірігіп кеткендіктен, халқымыз ұзаққа созылған коммунистік идеологияның қатал үстемдігіне қарамай өзінің ұлттық болмысын, ұлттық құндылықтарын, ұлттық «МЕНИН» тынбай іздеумен болды.

«Пенденің тілі бұзылса, адамдар жылайды, ал егер жүрегі бұзылса, періштелер жылайды» [16], – деп Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) өсиет еткендей, ділі бұзылған халқымыз атеистік қоғам өз күшіне міне түскен сайын өзін-өзі этникалық тұрғыда танып-білуге талпынып бақты. Бір қуанарлығы – осынау кеңестік биліктің ашық қысымын елемеген халқымыз өзінің озық ұлттық қасиеттерінен көз жазып қалмау үшін жанталаса күрес жүргізді. Осылайша кеңестік дінсіз қоғамның өзінде ислами құндылықтарды жергілікті жерде болса да сақтап қалуға мүдделілік таныту ұлттық мәдениетіміздің иммунитетін күшейте түсті деуге әбден-ақ болатын сияқты.

Негізінен сол кезеңдегі ғылыми, көркем әдебиеттердегі «сана бостандығы», «мұсылман халықтары», «исламдық фактор», «кеңестік ислам» терминдерінің орнын көбіне-көп «халық сенімі», «дүмше молдалар», «исламдық өмір салты» секілді ойдан шығарылған сарказмдар басып отырды. Жалпы кеңестік кезеңдегі исламды кезең-кезеңге бөліп қарастырар болсақ, 1917-1928 жылдар аралығындағы, былайша айтқанда, кеңес үкіметінің іргесі қалана бастаған тұстағы ислам қазақ халқының конфессиялық белсенділігімен, соған орай кеңестік үкіметтің уақытша төзімділік танытуымен тарихта қалды.

Сондай-ақ 1929-1942 жылдарда қазақ халқының рухани сенім бостандығы толықтай шідерленсе, 1943-1960 жылдарда ислам діні кеңес үкіметінің қатаң бақылауына алынды. Соған қарамастан діншілдік халық арасында, өмір тынысында астыртын түрде көрініс тауып, бейресми молдалардың саны күрт өсіп, ауылдық жерлердегі діни рәсімдердің өзі жасырын түрде өткізілетін болды.

Негізінен 1917-1928 жылдардағы кеңес үкіметі тұсындағы ислам діні ахуалын тілге тиек еткенде біз Түркістан (Қоқан) автономиясы, Қазақ автономиясы туралы сөз өрбітпей тұра алмаймыз. Ал бұл өз кезегінде мұсылмандардың большевиктерге жасалған қарсылығы болатын. Дегенмен, азамат соғысының нәтижесінде олардың талап-тілектерінің бәрі ескерусіз қалып, саяси қайраткерлер жазалауға ұшырады. Мәселен, сол тұста Кеңес үкіметінің екіжүзді саясатын тап басып таныған А. Байтұрсынов 1919 жылы жазған мақаласында дәл 1916 жылғы бүліктегідей ауыл қазағының мал-мүлкін тартып алу фактілері әлі де азаймай отырғандығын, тыйыла қоймағандығын ашына айтса, Т. Рысқұлов Түркістан Компартиясының III Өлкелік съезінде жасаған баяндамасында кедейкепшікке қорған болады деп жүрген кеңестік сарбаздардың жергілікті мұсылман жұртшылығының барын талап тонағанымен қоймай, тұрғындарды өлтіріп, өз қылмыстарының ізін жасыруға әрекеттеніп жатқандығын айыптай сөйледі [17]. Ұлт тұлғаларының бұл айыптауларының негізсіз еместігі уақыт өте келе айқын аңғарылып, ел ашаршылыққа ұшырап, халықтың жаңа билікке деген сенімі күн санап сетіней бастады. Сонымен бірге асыра сілтеген шолақ белсенділер де дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу барысында шектен шығып, олардың молдаларды қаралау мен діни рәсімдерден ескіліктің сарқыншағы ретінде бас тартуға шақырған ұсыныс-талаптары қазақ қоғамы тарапынан үнсіз қарсылыққа тап болды. Ал мұсылман халқы бұл бастамаларды құдайдан безгендік деп бағалап, қорытындысында партиялықтар дінге қарсы күрестің тығырыққа тірелгендігін айтып, дабыл қақты.

Жергілікті билік пен коммунистер қанша әрекеттенгенімен, мешіттерде қызыл отау бұрышын ашып, мұсылман үйлерінде ұжымдық оқулар ұйымдастырғанымен, халқымызды жаппай дінсіздендіру жүзеге аса қоймады. Өйткені халықтың сан ғасырлық тарихы бар дәстүрлі дінінен бір сәтте-ақ бас тартуына ешқандай себеп жоқ болатын. Сондай-ақ 1923 жылы Уфа қаласында

Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің сәтті өтуі өңір тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне де айтарлықтай ықпалын тигізді. Осынау съезге делегат ретінде қатысып қанаттанып қайтқан қазақ дінбасылары өз өлкесіне оралысымен-ақ съезд өткізуді қолға алды. Бұл кезеңде ауылдарда мешіттер жанынан мектептер ашылғанымен, көптеген күнделікті әкімшілік-шаруашылық мәселелері дәстүрлі ауыл билері тарапынан әділ шешіліп отырды.

Еңбекші халық арасындағы ислам дінінің ықпалын мейлінше әлсірету үшін 1925 жылдан бастап діни ұйымдарды тіркеу тоқтатылды. Осы мақсатта арнайы «Шығыс бөлімі» құрылып, оның қызметкерлері ұлттық республикалардағы діни ұйымдардың қызметін жіті қадағалап, орталыққа ай сайын ақпарат жеткізіп тұрды. Сонымен бірге бұл бөлім 1926 жылдың мамырына жоспарланған мұсылмандардың III съезіне тыңғылықты даярланды. Алайда съезд барысында делегаттар президиумға өздерінің көңілі толмағандығын айқын аңғартып, бұл жиыннан екіұдай сезімде оралды. Өйткені бұл келелі кеңесте жұрт күткен білім беру, рухани сенім бостандығына ерік беру мәселелері талқылаудан тыс қалды. Ал 1928 жылдан басталған байлардың мал-мүлкін тәркілеу, ұжымдастыру, «Кіші қазанды» Қазақстанда жүзеге асыру колхоз тұрғындарын қолдан жасалған ашаршылыққа тап келтірді. Мысалы Түркістан ауданындағы молдалар кеңестік саясаттың кесірінен аштықтың кең етек алып бара жатқандығын айта келе тұрғындарды мұндай үкіметке қарсы тұруға үндеді. Шалқар көтерілісін Илияс ишан бастаса, Сырдария облысындағы толқуды Ақмырза ишан басқарып отырды. Олар конфессиялық бостандықты қайта қалпына келтіріп, мешіттердің халыққа қайтарылуын, халықтық дәстүрлер мен діни рәсімдердің орындалуына шек қоймауды талап етті. ОГПУ-дың мәліметтеріне қарағанда 1929-1931 жылдар аралығында республикамызда ондаған мың адамдар қатысқан 372 бытыраңқы сипаттағы қарулы қайшылықтар, көтерілістер бой көрсетіп, олар аяусыз басып, жаншылып тасталды [18].

Қорытынды

1937 жылы елімізде 101 мешіт пен шіркеудің есігіне қара құлып салынса, 1939 жылы – 125, 1940 жылы 33 мешіт жабылып, 1941 жылға қарай бірде бір ресми тіркелген ғибадат орны қалмады. Діни-рухани өмірімізге тиісінше тұсау салу мен діни сенім бостандығына қарсы

ымырасыз күрес ашу халқымыздың рухани мәдениетіне орны толмас орасан зардабын тигізді. Осының нәтижесінде діни білім беру желісі күрт үзіліп, оған діни әдебиеттердің жойылуы, қазақ әліпбиінің үсті-үстіне ауыстырыла беруі қосылып, исламмен қоса салт-дәстүрімізге де біртіндеп қолданыстан шығып қалу қаупі төнді. Бұл өз кезегінде мәдени құндылықтарымыздың қараусыз қалуына алып келеді.

1920 жылдардың ортасында Вақф институтына тыйым салынды, сондай-ақ ислам білім беру жүйесі бұзылды, тек Оңтүстік Қазақстан облысында заңсыз жұмыс жасау, яғни білім беру бірнеше білім беру топтарына дейін қысқарып, жалғастырылды.

1940 жылы уақытша тыныштық кезінде, Кремль Ташкентте өз орталығымен Орталық Азия және Қазақстан (SADUM) мұсылмандары

діни басқармасының қазақстандық филиалының түрінде «ресми» Исламның шектеулі қалпына келтіруіне мүмкіндік берді [19].

Қорыта келе айтарымыз, біз қарастырып отырған кеңестік кезеңнің алғашқы жылдарындағы ислам діні 1922-1927 жылдары бірқатар ілгерілеушіліктерді де бастан өткерді. Діни орталықпен тығыз қарым-қатынастың орнауы, Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне еліміздің өкілдерінің көптеп тартылуы, мешіттер, мектептер мен медреселер санының артуы, діни сенімге саяси құқық беру дінге сенушілердің Құран Кәрімді қазақ тіліне тәржімалауды ұсынуы – бәрі де осы кезеңнің табысы саналады. Дегенмен тақырып бойынша тағы да зерттеулерге, деректеріне сүйене отырып бұл кезеңнің шынайы бет-бейнесін тереңірек ашу мүмкіндігі алдағы күндердің еншісіндегі іс деп білеміз.

Әдебиеттер

- 1 Paksoy H.B., Nationality or religion? Views of Central Asia Islam
- 2 Dave Crouch, The Bolsheviks and Islam, 6th April 2006
- 3 A Bennigsen and S Wimbush, as above, pp222-223; V O Bobrovnikov, as above, p218; M Bennigsen Broxup, as above, p6; A Avtorkhanov, as above, p99.
- 4 The interview was printed in the Leningrad youth newspaper Smena, and reprinted in Komsomolets Uzbekistana, in a "slightly abridged form." See "Islamic Explosion Possible in Central Asia" Munich, February 5, 1990, (RLR/P. Goble).
- 5 A Bennigsen and S Wimbush, as above, pp222-223; V O Bobrovnikov, as above, p218; M Bennigsen Broxup, as above, p6; A Avtorkhanov, as above, p99.
- 6 Оңғаров Е. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. – Алматы: «Көкжиек», 2014. 25 б.
- 7 Вагабов М.В. Ислам и семья. – Москва: Наука, 1980. – с 91-96
- 8 Мухтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы). Автореферат. – Уральск, 2007. С 10.
- 9 Нұрғазина Н. Даладағы дін дінгектері // Егемен Қазақстан. – 2015. – 10 маусым. – 5 б.
- 10 Құдайбергенов Б., әмірғазин С. Діни мерекелер мен рәсімдердің әлеуметтік мәні. – Алматы: «Қазақ университеттері», 2004. 42 б.
- 11 Қазақстандағы ислам діні: қажылық (XIX-XX ғ. басы) // Материалдар жинағы. Әлімбаев Н. Қазақстандағы қажылық: XIX-XX ғасырдың бас кезеңі. – Алматы: «Баспалар үйі», 2009. – 12 б.
- 12 әбдірәсілқызы А. Дін мен дәстүр. – Алматы: «Баспалар үйі», 2014. – 21 б.
- 13 Мырзағалиұлы Р. Мырзағали қазірет – Алтын Орда // №34 (448) 21-27 тамыз, 2008 ж.
- 14 әбдәзүлі Қ. Алаш перзенті // Егемен Қазақстан. – №3, – 2007.
- 15 Дербісәлі ә. Ұлық имам – имам ағзам әбу Ханифа. – Алматы: «Көкжиек», 2011. – 47 б.
- 16 әбу Бәкір Сыддықтың (р.а.) өсиеттері. Иман. – №2. – 2013. – 30 б.
- 17 Мухтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы). Автореферат. – Уральск, 2007. – 21б.
- 18 Мухтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы). Автореферат. – Уральск, 2007. – 25 б.
- 19 Yemelianova, G 2014, 'Islam, national identity and politics in contemporary Kazakhstan' Asian Ethnicity, vol online, pp. 286-301.

Referens

- 1 Paksoy H.B., Nationality or religion? Views of Central Asia Islam
- 2 Dave Crouch, The Bolsheviks and Islam, 6th April 2006
- 3 A Bennigsen and S Wimbush, as above, pp222-223; V O Bobrovnikov, as above, p218; M Bennigsen Broxup, as above, p6; A Avtorkhanov, as above, p99.
- 4 The interview was printed in the Leningrad youth newspaper Smena, and reprinted in Komsomolets Uzbekistana, in a "slightly abridged form." See "Islamic Explosion Possible in Central Asia" Munich, February 5, 1990, (RLR/P. Goble).
- 5 A Bennigsen and S Wimbush, as above, pp222-223; V O Bobrovnikov, as above, p218; M Bennigsen Broxup, as above, p6; A Avtorkhanov, as above, p99
- 6 Ongarov E Qazaq madenieti jane islam qundiliqtari.- Almaty: "Kokjiek", 2014.

- 7 Vagabov M.V. Islam i semya. – Moskva: nauka.1980.-s.91-96.
- 8 Muhtarova G.D. Islam v Sovetskom Kazakhstane (1917-1991 gody). Avtoreferat.- Uralsk.2007
- 9 Nurtazina N Daladagy din dingekteri. Egemen Kazakstan – 2015 – 10 mausym – 5 b
- 10 Qudaybergenov B., Amirgazin S. Diny merkeler men rasimderdin aleumettik mani.- Almaty: “Qazaq universitetteri” 2004
- 11 Qazaqstandagi islam dini: qajiliq (XIX-XX g. basi)//materialdar jinagi. Alimbay N. Qazaqstandagi qajiliq : (XIX-XX) gasirdin bas kezeni-Almaty: “baspalar uyi”, – 2009
- 12 Abdirasilqizi A. din men dastur.-Almaty: “Baspalar uyi”,2014
- 13 Mirzagaliuli R. Mirzagali Qaziret- Altin orda//№34 (448) 21-27 tamiz, 2008 j.
- 14 Abdezuli Q. Alash perzenti// egemen Qazaqstan №3, 2007j
- 15 Derbisali A. Uliq imam – imam Agzam Abu Hanifa.- Almaty: “Kokjiek”, 2011
- 16 Abu Bakir Siddiqtin (r.a.) Osietteri. iman-№2, 2013j
- 17 Muhtarova G.D. Islam v Sovetskom Kazakhstane (1917-1991 gody). Avtoreferat.- Uralsk.2007. 21b.
- 18 Muhtarova G.D. Islam v Sovetskom Kazakhstane (1917-1991 gody). Avtoreferat.- Uralsk.2007. 25b.
- 19 Yemelianova, G 2014, ‘Islam, national identity and politics in contemporary Kazakhstan’ Asian Ethnicity, vol online, pp. 286-301.

Музыка — рухтың, құмарлық пен ынтызарлықтың, әр алуан көңіл күйдің ісі.

Музыканың негізгі міндеті — адамның эстетикалық қажетін өтеу.

Әбу Насыр Әл-Фараби

Абдысагин Р.Т.
**Современная музыка
как эхо времени**

В работе рассматривается взаимосвязь фундаментальных, основополагающих аспектов эволюции музыки и эпохальных пластов научно-технического прогресса. Представлен новый взгляд на появление и развитие музыки начиная с творчества классиков И. С. Баха, Г. Ф. Генделя, К. В. Глюка, Ф. И. Гайдна, В. А. Моцарта, Л. ван Бетховена вплоть до таких музыкальных созвездий современной академической музыки и создателей новой тональности и серийной техники, как А. Шёнберг, О. Мессиа́н, К. Штокхаузен, П. Булез, Л. Ноно, Э. Денисов. Установлена уникальная аналогия развития музыки и науки. Эпохальные открытия XX века, такие как структура атома, теория относительности, квантовая механика и др., в корне изменившие наше мироощущение, отразились и на развитии музыки. Если И. С. Бах – это И. Ньютон в музыке, то К. Штокхаузен – это А. Эйнштейн. Феномен музыки – не обстоятельство случайности, а проявление закономерности, драгоценные, одухотворяющие плоды человеческого всё расширяющегося кругозора, мировоззрения. Показано, что музыкальное искусство эволюционирует, и сам феномен музыки остаётся ковариантным.

Ключевые слова: полифония, соната, тональность, диалектика, диффузия культур, теория относительности, квантовая механика, додекафония, сериализм, пространство и время.

Abdyssagin R.T.
**Contemporary music
as an echo of time**

The article discusses the relationship of basic and fundamental aspects of the evolution of music and the epochal formations of scientific and technical progress. It shows a new perspective on the emergence and development of music ranging from the classical art of J.S. Bach, G.F. Handel, Ch.W. Gluck, F.J. Haydn, W.A. Mozart, L. van Beethoven up to such musical constellations of contemporary classical music and creators of the new tonality and serial technique, such as A. Schönberg, O. Messiaen, K. Stockhausen, P. Boulez, L. Nono and E. Denisov. A unique analogy of music and science has been established in this article. Epoch-creating discoveries of the 20th century, such as the Structure of the Atom, the Theory of Relativity, Quantum Mechanics, etc., which radically changed our perception of the world, reflected in the development of music. If J. S. Bach – is the I. Newton of music, K. Stockhausen – is A. Einstein. The phenomenon of music – by no means a chance circumstances, but a manifestation of regularity. It is also a precious and spiritualizing fruit of human expanding horizons and worldview. It is shown that the art of music has evolved, and the phenomenon of music itself remains covariant.

Key words: polyphony, sonata, tonality, dialectic, the diffusion of cultures, theory of relativity, quantum mechanics, dodecaphony (twelve-tone system), serialism, space and time.

Абдысагин Р.Т.
**Заманауи музыка –
уақыттың жаңғырығы**

Жұмыста музыка эволюциясымен дәуірлік ғылыми-техникалық прогрестің іргелі, негізгі аспектілерінің өзара байланысы қарастырылған. И.С. Бах, Г.Ф. Гендель, К.В. Глюк, Ф.И. Гайдн, В.А. Моцарт, Л. ван Бетховен сынды классиктер шығармашылықтарынан бастап, қазіргі заманғы академиялық музыка және жаңа тональность пен сериялық техника құрушылары, заманауи музыка шоқжұлдыздары А. Шёнберг, О. Мессиа́н, К. Штокхаузен, П. Булез, Л. Ноно, Э. Денисовке дейін музыканың тууы мен дамуына жаңа көзқарас ұсынылған. Музыка және ғылым дамуының бірегей аналогиясы тағайындалған. Біздің дүниетанымымызды түбегейлі өзгерткен атом құрылымы, салыстырмалық теория, кванттық механика және т.б. сияқты XX ғасырдың дәуірлік жаңалықтары музыка дамуына да кең ауқымды әсерін тигізді делінген. Егер И.С. Бах – музыкадағы И. Ньютон болса, онда К. Штокхаузен – А. Эйнштейн. Музыка феномені кездейсоқтық жағдай емес, заңдылықтар көрінісі, аса құнды, рухтандыратын, кеңейтілген адамзат ой-өрісінің туындысы, дүниетанымының жемістері. Музыка өнері ғажайып дамып және музыка феномені ковариант болып қалатыны көрсетілген. Ал музыкалық құрылым дәуірдің түйінді және бірегей дүниетаным құбылыстарын қайта көрсететін қағида.

Түйін сөздер: полифония, соната, тональность, диалектика, мәдениеттер диффузиясы, салыстырмалық теория, кванттық механика, додекафония, сериализм, кеңістік және уақыт.

СОВРЕМЕННАЯ МУЗЫКА КАК ЭХО ВРЕМЕНИ

*«Великое искусство есть внешнее выражение
внутренней жизни художника»*
Эдвард Хоппер

Введение

Издrevле человек как индивидуум ковариантен по отношению к течению времени. В наш XXI век, век глобализации, всевозможные «тектонические» процессы активно влияют на все сферы человеческой жизни, способствуя активизации диффузии культур. Происходит трансформация и качественное преобразование самого мышления человечества, которое особенно проявилось в сфере науки и искусств.

Основная часть

«Любые изменения в общественном сознании одной страны неизменно влекут изменения в планетарном масштабе. И в этом смысле музыка – одно из самых тонких, построенных на абстрактных образах, а потому выходящих на самый высокий уровень обобщений, искусств – острее и точнее многих других улавливает эти изменения!» [1]. Невозможно переоценить роль искусства и культуры в развитии общественного сознания. К примеру, многие труды Шарля де Монтескье, Франсуа-Мари Аруэ (Вольтер) и других великих умов, величайшие произведения И.С. Баха, В.А. Моцарта посвящены теме Божественного Дара и Онтологии. Созданные несколько веков назад, они и сегодня продолжают оставаться фундаментом и движущей силой обогащения мировой сокровищницы.

Искусство – неотъемлемая часть бытия человеческого рода. Человек живёт, покуда он мыслит и творит. И искусство, и наука, и философия и другие знаковые сферы человеческой деятельности – неразрывны, взаимосвязаны. Ибо всё это – способы познания человеком окружающего его мира. Всё это – разные грани одной и той же сущности [2].

Судьба каждого человека есть уникальное и беспрецедентное стечение обстоятельств, которых никогда не было и которые никогда не повторятся! А судьба эпохи, история

эпохи, а исходя из неё и общемировая история складываются из судеб отдельных людей. Мировая история, по сути, череда и взаимодействие биографий, взаимодействие разумов!

Я убеждён, что каждый человек появляется на свет с определённой системой ценностей, которая, формируя основу мировоззрения, ведёт его по жизни. Творение, создание музыки – всё это можно отнести к функции разума «созидание» [3].

Ещё в X веке н. э. Абу Насыр Аль-Фараби в своём трактате «О музыке» отметил: «Музыка первого рода просто доставляет удовольствие, музыка второго рода выражает (вызывает) страсти, музыка третьего рода возбуждает наше воображение» [4]. На мой взгляд, это высказывание актуально и поныне, особенно в аспекте восприятия классической, поп-музыки, эстрадной, танцевальной и других разновидностей музыки.

Музыкальное искусство эволюционирует, но сам феномен музыки остаётся неизменным. Константу этого феномена составляет само физическое явление – звук. Обертоновый звуко ряд напрямую зависит от среды распространения звука (например, от атмосферы в нашем случае). Звук – это основной элемент музыки. Если в математике основным элементом являются числа, то в музыке – это звуки. Из общего курса физики известно, что звук – упругие волны. И эти упругие волны только в человеческом мозге идентифицируются как звуки, и при этом человек, как известно, воспринимает лишь ограниченный диапазон частот от 16 Гц до 20 кГц [5-7].

Отмечу, что математика – это язык, на котором говорят все науки [3].

Анализируя историю музыки, можно убедиться, что то, что принято называть классической музыкой, зародилось в период появления классической механики Исаака Ньютона, осмысления теории диалектики И. Канта и Г. Гегеля, открытия гелиоцентрической модели солнечной системы.

А само понятие классической музыки и искусства классицизма в целом, как принято считать, утвердилось после великой французской революции (4 июля 1789 года после взятия Бастилии). Именно эта череда событий привела к трансформации социальной и политической системы не только Франции, но и отразилась на всех странах Западной Европы. [8].

Жаһандану заманында жаңа технологиялар көмегімен жаһандық саясат және жаһандық экономика жаһандық азаматтық қоғамға ықпал етуде. Алпауыт елдер жаһандық діни жобалар көмегімен трансұлттық діни институттарды құруда. Жаһандық үдерістерге діни ұйымдар да ықпалды рөл атқарады (Paul S. Rowe Jan 1, 2016:4). Жаһандық азаматтық қоғамда діни ұйымдар халықтар дүниетанымын өзгерте алатын қуатты күш (Kevin Warr 1999:522-523). Жаһандық ойыншылар діндер көмегімен адамдар санасын билеуді қалайды. Соңғы жылдары саяси мінез-құлыққа діннің ықпалы өскен. 2011 жылғы араб көктемі аймақтық жобасы аясында Тунис, Мысыр, Ливия, Йемен елдерінің жастарының санасын шарпуында Facebook and Twitter желілері өзіндік рөл атқарды. Трансұлттық деңгейде субмемлекеттік субъектілердің пайда болуы саясаттың жаңа формасы жаһандық азаматтық қоғамның құрылуын білдірді (Mary Kaldor 2003:7). Суық соғыс уақытынан кейін коммунистік мен капиталистік идеологияның орнын діни ұлтшылдық иеленді (Mark Juergensmeyer 2003:9). Діндердің саясилануы заманауи діни-саяси үдерістерге тән құбылыс. Кейбір елдерде болған түрлі-түсті төңкерістердің діни астарлары да бар. XXI ғасырдағы саясатты жаңғыртуда дін маңызды рөл атқарады (Scott Thomas 2005:38). Биліктен тәуелсіз діни топтар саяси күш ретінде жаһандық саясатта маңызды рөл атқарады (Monica Duffy Toft 2011:81-85). Діни бірлестіктердің қаржыландыру көздері және демеушілерін анықтау, олардың ел мүддесіне қызмет етуіне септеседі. Дін саласындағы байыпты саясат қоғам өмірінің тұрақтылығының түп негізі. Кейбір діни ұйымдар қоғамда бауырмалдық пен түсіністікті емес, керісінше қақтығыс пен текетіреті тудырады (Christopher Hitchens 2007:63). Еліміздегі діни бірлестіктер азаматтық келісім мен діни татулық мұратына қызмет жасауы тиіс. Азаматтық қоғам ел азаматтарын жасанды діндер мен экстремистік ілімдерден сақтандыруы қажет. Еліміздегі руханилық пен ұлттық мәдениеттің жаңғыруы ел тарихындағы рухани және діни құрылымдарды терең пайымдауды қажет етеді (М.С. Орынбеков 2005:4). Ұлт руханиятындағы асыл құндылықтар мен ұлттық діндарлық ұстанымын азаматтық қоғамның заманауи сұранысына сай түсіндіру арқылы жат елдік жаһандық жобаларға қарсы тұра аламыз.

Қорытынды

Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігі мен интеллектуалды ұлт болып дамуы бұл білімді де білікті, тәрбиелі жастардың әлеуетінде. Тәуелсіз елдің жастарының зайырлы мәдени ұстанымы рухани әлемнің кемелділігі мен заманауи технологиялық жетістіктерді меңгеруімен ұштасуы тиіс. Діндарлықтың байыпты да саликалы өлшемін зайырлы қоғамға сай тұлғалық болмыста көрсете білген жөн. Сондықтан қазіргі заманда азаматтық қоғам үшін зайырлылық пен діни мәдениет, ұлттық тұтастық, отансүйгіштік пен азаматтық белсенділік, ізденгіштік,

сындарлы ұстаным, руханилық сынды қасиеттер маңызды. Бұл жаһандық саяси, діни және теріс пиғылды жаһандық жобаларға қарсы тұратын дүниетанымдық қорған қалыптастыруға септігін тигізеді. Елдің бірлігі мен тыныштығы, болашаққа сенімі – басты мұратымыз.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім мәдениеті Ұлы Дала елі үшін басты ұстаным. Мәңгілік Елдің конфессияаралық қатынастарының негізін өзара құрмет және өзара сенім құрайды. Азаматтық қоғамда ар-ождан бостандығын сақтау және адамның таңдау құқығын құрмет, жауапкершілік және дінаралық үйлесімді үндестік – діни қатынастар өзегіне айналуы тиіс.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. N.A. Nazarbaev. (10.06.2015) Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезі // Егемен Қазақстан. (Alemdik cane dasturli dinder liderlerinin V sezi. //Egemen Kazakhstan).
- 2 Назарбаев Н.Ә. N.A. Nazarbaev. (12.03.2015.) Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. (Kazakhstan Prezidenti Nur Otan partiyasynyn Toragasy N.A.Nazarbaevtyn partiyany XVI sezinde soylegen sozi//Egemen Kazakhstan).
- 3 Назарбаев Н.Ә. N.A. Nazarbaev. (6.01.2016.) Ұлт Жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол // Егемен Қазақстан. (Ult Zhospary – Kazakhstandyk armanga bastaityn col // Egemen Kazakhstan).
- 4 Thomas Carothers. (1999) Civil Society. N.Y.
- 5 Peter L.Berger. The Desecularization of the World. A Global Overview (1999) // The Desecularization of the World. Resurgent religion and world politics. ed. Peter L.Berger. -Washington. D.S.
- 6 Andrew T. (2016) Walker. Religious Liberty and the Fracturing of Civil .Society Washington.
- 7 Назарбаев Н.Ә. N.A. Nazarbaev. (7.11.2016.) Ұлы Дала ұлағаттары // Егемен Қазақстан (Uly Dalaulagattary//Egemen Kazakhstan)
- 8 Jerry Pankhurst. (2012) Religious Culture: Faith in Soviet and Post-Soviet Russia. Las Vegas.
- 9 Назарбаев Н.Ә. N.A. Nazarbaev. (11.01.2017) Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесіне Саяси Үндеуі Қауіпсіз, әділ және өркендеген әлем құру үшін жаһандық әріптестікті нығайту жөніндегі ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ // Егемен Қазақстан (Kazakhstan Prezidenti Birikken Ulttar Uiyumynyn kauipsizdik kenesine Saisy Undeui kauipsiz, adil cane orkendegen alem kuru ushin cakandykariptestiktinygaituonin-degiKazhstannyn tucyrymdamalykkozkarasy//Egemen Kazakhstan)
- 10 Douglas Pratt. (1 June 2006) Terrorism and Religious Fundamentalism: Prospects for a Predictive Paradigm. Marburg Journal of Religion: Volume 11.
- 11 exen Crabtree. (2006) Will Modern Society Reject Religion? What is Secularism. London.
- 12 Paul S. Rowe. (Jan 1, 2016) Religious movements and religions contribution to global civil society.
- 13 Kevin Warr. (1999) ‘The Normative Promise of Religious Organizations in Global Civil Society’, Journal of Church and State 41, no.3
- 14 Mary Kaldor. (2003) Global Civil Society: an answer to war (Cambridge: Polity Press)
- 15 Mark Juergensmeyer. (2003) The New Cold War? Religious nationalism confronts the secular state (Berkeley: University of California Press).
- 16 Scott Thomas. (2005) The Global Resurgence of Religion and the Transformation of International Relations: the struggle for the soul of the twenty-first century (London: Palgrave Macmillan).
- 17 Monica Duffy Toft, Daniel Philpott, and Timothy Shah. (2011) God’s Century: resurgent religion and global politics (New York: W.W. Norton)
- 18 Christopher Hitchens. (2007) God is not Great: how religion poisons everything (New York: Twelve).
- 19 Орынбеков М.С., Орынбеков М.С. (2005) Генезис религиозности в Казахстане (Genesis religioznosti b Kazakhstan).

References

- 1 Nazarbaev N.A. N.A. Nazarbaev. (10.06.2015) Alemdik zhane dastyrli dinder liderlerinin V s#ezi // Egemen Kazakstan. (Alemdik cane dasturli dinder liderlerinin V sezi. //Egemen Kazakhstan).
- 2 Nazarbaev N.A. N.A. Nazarbaev. (12.03.2015.) Kazakstan Respublikasynyn Pre-zidenti, «Nur Otan» partiyasynyn Toragasy N.A. Nazarbaevtyn partiyany XVI s#ezinde sejlegen sozi // Egemen Kazakstan. (Kazakhstan Prezidenti Nur Otan partiyasynyn Toragasy N.A.Nazarbaevtyn partiyany XVI sezinde soylegen sozi//Egemen Kazakhstan).

- 3 Nazarbaev N.A. N.A. Nazarbaev. (6.01.2016.) Ұлт Zhospary – kazakstandyk armanga bastajtyн zhol // Egemen Kazakstan. (Ult Zhospary – Kazakhstandyk armanga bastaityn col // Egemen Kazakhstan).
- 4 Thomas Carothers. (1999) Civil Society. N.Y.
- 5 Peter L.Berger. The Desecularization of the World. A Global Overview (1999) // The Desecularization of the World. Resurgent religion and world politics. ed. Peter L.Berger.-Washington. D.S.
- 6 Andrew T. (2016) Walker. Religious Liberty and the Fracturing of Civil .Society Washington.
- 7 Nazarbaev N.A. N.A. Nazarbaev. (7.11.2016.) Ұлы Dala Ұlagattary // Egemen Kazakstan (Uly Dalaulagattary // Egemen Kazakhstan)
- 8 Jerry Pankhurst. (2012) Religious Culture: Faith in Soviet and Post-Soviet Russia. Las Vegas.
- 9 Nazarbaev N.A. N.A. Nazarbaev. (11.01.2017) Kazakstan Prezidenti N. Nazarbaevtyн Birikken Ұlttar Ұjymynyn Kauipsizdik Kenesine Sajasi Yndeui Kauipsiz, adil zhane оркендеген алем кұру үshin zhahandyk ariptestikti nygajtu zhөninдеgi KAZAKSTANNYN TҰZhYRYMDAMALYK KӨZKARASY // Egemen Kazakstan (Kazakhstan Prezidenti Birikken Ulttar Ujymynyn kauipsizdik kenesine Saisi Undeui kauipsiz, adil cane оркендеген алем kuru ushin cakandykariptestiktinygaituconinдеgi-Kazakhstannyntucyrymdamalykkozkarasy//Egemen Kazakhstan)
- 10 Douglas Pratt. (1 June 2006) Terrorism and Religious Fundamentalism: Prospects for a Predictive Paradigm. Marburg Journal of Religion: Volume 11.
- 11 exen Crabtree. (2006) Will Modern Society Reject Religion? What is Secularism. London.
- 12 Paul S. Rowe. (Jan 1, 2016) Religious movements and religions contribution to global civil society.
- 13 Kevin Warr. (1999) ‘The Normative Promise of Religious Organizations in Global Civil Society’, Journal of Church and State 41, no.3
- 14 Mary Kaldor. (2003) Global Civil Society: an answer to war (Cambridge: Polity Press)
- 15 Mark Juergensmeyer. (2003) The New Cold War? Religious nationalism confronts the secular state (Berkeley: University of California Press).
- 16 Scott Thomas. (2005) The Global Resurgence of Religion and the Transformation of International Relations: the struggle for the soul of the twenty-first century (London: Palgrave Macmillan).
- 17 Monica Duffy Toft, Daniel Philpott, and Timothy Shah. (2011) God’s Century: resurgent religion and global politics (New York: W.W. Norton)
- 18 Christopher Hitchens. (2007) God is not Great: how religion poisons everything (New York: Twelve).
- 19 Orynbekov M.S., Orynbekov M.S. (2005) Genezis religioznostiv Kazahstane (Genezis religioznosty b Kazakhstan).

Борбасова Қ.М.,
Рысбекова Ш.С.,
Альджанова Н.К.

**Христиандықтағы
миссионерлік қызмет:
тарихы және қазіргі кезең**

Қазіргі дін саласындағы жаңа құбылыстарды тереңірек түсіну бұрынғы зерттеулердегі бағыттар мен әдістер уақыт өтуіне байланысты жеткіліксіз және де заман талабына сай жауап бере бермейді. Сонымен қоса бұл мәселе бойынша ортақ мемлекеттік ғылыми бағдарламаның жоқтығынан еліміздегі діни үрдістердің қазіргі тенденцияларының мән жайы туралы, әсіресе шетелдік миссиялардың қызметтерінің нәтижелері туралы ақпараттар өте аз. 2011 жылы қабылданған Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы қоғамдағы діни жағдайды біраз ретке келтірді және заңның негізгі мақсаты «...азаматтардың рухани және тән саулығын жалған діни ағымдардың зиянды іс-әрекеттерінен қорғау, дінді теріс пиғылды мақсаттарға пайдалануға тосқауыл қою» болды. Осыған орай елде тіркелген және тіркелмеген діни ағымдардың қызметіне ғылыми баға беріп отыру өзектілігі арта түседі, – деп жазылуы тиіс. Мақала 5587/ҒФ4 «Қазақстан Республикасындағы миссионерлік қызмет ерекшеліктері» жоба аясында жазылғандықтан авторлар Қазақстандағы миссионерлік қызметпен айналысып жүрген шет елдік миссиялардың жұмыс істеу принциптеріне, стратегиясына, негізгі бағыттарына баға беру мақсатын қояды. Тарихтың сабағы қазіргі Қазақстан шындығындағы шетелдік миссиялардың қызметінің нәтижелерін дұрыс бағаламай отырғанымызды дәлелдейді. Себебі бұл миссиялардың қызметі еліміздегі діни, саяси, мәдени және экономикалық мәселелермен тығыз байланысты. Сондықтан зайырлы, демократиялық саясатты қолдай отырып, қоғамдағы рухани экспансияның алдын алу шараларын жасау ұсынылады.

Түйін сөздер: миссионерлік, миссиялық үлгілер, христиандандыру, миссиология, інжілдендіру.

Borbасova K.M.,
Rysbekova Sh.S.,
Aldzhanova N.K.

**The missionary activity of
Christianity: history and
modernity**

At present, the research phenomena's former methods and directions in the field of religion are insufficient for in-depth understanding and do not meet modern requirements with time expiration. In addition, due to the lack of a unified research programme on the development trends of modern religious processes in our country, especially the lack of information about results of foreign missionaries' activity emphasizes the subject relevance. The article was written in the framework of the "Peculiarities of missionary activity in the Republic of Kazakhstan" project and the authors attempt to conduct a historical overview of the missionary activities conducted by foreign missionaries, their principles, strategies, main areas. The lessons of history prove that the results of the foreign missionaries' activities are estimated incorrectly in the realities of modern Kazakhstan. As the activities of religious missions in our country is closely connected with the political, cultural, and economic processes. Therefore, the authors, supporting a secular, democratic policy, recommend measures to prevent spiritual expansion

Key words: missionary, missionary examples, Christianization, mission, Evangelization.

Борбасова Қ.М.,
Рысбекова Ш.С.,
Альджанова Н.К.

**Миссионерская деятельность
христианства: история
и современность**

В настоящее время бывшие методы и направления исследований явлений в области религии в связи с истечением времени для глубокого их понимания недостаточны и не отвечают современным требованиям. Кроме того, из-за отсутствия единой научно-исследовательской программы о тенденциях развития современных религиозных процессов в нашей стране, особенно отсутствия информации о результатах деятельности иностранных миссионеров, подчеркивается актуальность данной тематики. Статья была написана в рамках проекта 5587/ҒФ4 по теме «Особенности миссионерской деятельности в Республике Казахстан» и авторы предпринимают попытку провести для оценки исторический обзор миссионерской деятельности, их принципов, стратегий, основных направлений. Уроки истории доказывают, что результаты деятельности иностранных миссионеров в реалиях современного Казахстана оцениваются неправильно. Так как деятельность религиозных миссий в нашей стране тесно связана с политическими, культурными, экономическими процессами. Поэтому авторы, поддерживая светскую, демократическую политику, рекомендуют разработанные меры по предупреждению духовной экспансии.

Ключевые слова: миссионерство, принципы миссионерства, христианство, миссиология, евангелизм.

**ХРИСТИАНДЫҚТАҒЫ
МИССИОНЕРЛІК
ҚЫЗМЕТ: ТАРИХЫ
ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ****Кіріспе**

2011 жылы қабылданған Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының Заңы бойынша «Діни бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу үдерісі мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жана, құқықтық тұрғыдан анағұрлым өркениетті деңгейге көтеруге мүмкіндік берді». Еліміздегі бұрын қызмет атқарған 666 протестанттық діни бірлестіктердің ішінен 462-сі, яғни 69%-ы ғана қайта тіркеуден өткен, қалғандары таратылған. Ал дәстүрлі емес 48 діни бірлестіктің ішінен 16-сы ғана тіркеуден өткен, қалған 32 бірлестік таратылған [1]. Бұл бірлестік мүшелері қайда таратылды? Немен айналысып жүр? Қазақстандағы дәстүрлі емес бірлестіктерге миссионерлік қызметпен айналысып жүрген шет елдік миссиялар және олардың негізгі мақсаты қоғамды інжілдендіру саясатын жүзеге асыру. Бұл туралы біздің осы журналдың 2015 жылы жарық көрген мақаламызда дәлелденген болатын [2]. Уақыт өткен сайын осы шетелдік миссиялардың жұмыс істеу принциптеріне, стратегиясына, негізгі бағыттарына баға беріп, талдау жасау өзетілігі арта түседі. Себебі бұл миссиялардың қызметі еліміздегі діни, саяси, мәдени және экономикалық мәселелермен тығыз байланысты. Ұсынылып отырған жұмыста авторлар миссионерліктің мәнін терең түсіну үшін оны тарихи тұрғыда қарастырып, талдау жасайды.

Зерттеу жұмысында кеңінен кездесетін «Евангелизация», «миссионерлік» деген терминдерді конфессионалдық әдебиеттерде Евангелияны уағыздау, қоғамда христиандық сенімді тарату деп анықтайды. [3]. Жалпы миссионерлік тарихын зерттеуде Майкл Гриннің «Ерте кезеңдегі Шіркеудегі евангелизм» атты еңбегінде алғашқы үш кезең қарастырылады. Сонымен қоса Пол Шарптің «Евангелдік христиан тарихы», бес томдық Кеннет Скотт Латуреттаның «Христиандықтың таралу тарихы», Стивен Нейлдің «Христиандық миссиялар тарихы» атты еңбектерін атап өтуге болады.

Шетелдік авторлардың ішінде миссионерлік бірлестіктердің қызметінің практикасы мен стратегиясының мәнін ашатын А.Б. Брюстің, Р. Коулманның, Р. Адлердің, Г. Андерсонның, Д. Веркуилдің, П. Джонстоунның, В. Карвердің, Д. Норттың,

Д. Монтгомеридің, Д. Мак-Гаваның еңбектерін атап өтуге болады. Әйтсе де бұл еңбектердегі талдаудың түпнегіздері діни идеялардан бастау алады. Сондықтан да бұл тақырыпта объективті талдау жұмысы жасалу үшін тарихи тұрғыда қарастыру бағыт ұстанылды. Бұл бағыт миссионерлік үрдістердің себеп салдар байланысын, кезеңдерін және нәтижелерін ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қоса пәнаралық әдіс бойынша интеграциялау теориясы мен адаптациялау теориясы шеңберінде Қазақстандағы христиандық ағымдардың миссионерлік қызметтерінің мүмкіндіктеріне және нақты нәтижелеріне баға берілді.

Негізгі бөлім

Дэвид Бош христиандықтың миссионерлік қызмет тарихы туралы айтқанда, Кунг ұсынған тарихи парадигмаларды пайдалануды дұрыс деп есептейді. Кунг миссиология тарихын алты кезеңге бөледі: ерте христиандық кезең, әулие әкейлер кезеңі, орта ғасырлар, реформация, ағарту дәуірі және экумендік кезең [4]. Миссионерлік дәстүрдің негізгі принциптері Еуропаны христиандандыру кезеңінде қалыптасты (500-1500). Сол кездің өзінде алғашқы «миссиялық үлгілер» жасалды. Оларды өздеріне тән, басым белгілері арқылы үш категорияға біріктіруге болады: этноцентрлік, аккомодациялық және контекстуалды [5].

Жалпы зерттеушілердің көпшілігі христиандықтың таралуына ықпал еткен сыртқы факторларды атап өтеді:

Бірінші фактор Рим әлемімен байланыстырылады. Жерорта теңізінің барлық бассейні Рим өкіметінің қол астында болды. Рим билеушілері мемлекетте теңдессіз деңгейде тәртіп пен бейбітшілікті сақтады. Нәтижесінде, үлкен территорияда адамдар саяхат жасап, тауарлар мен идеялар алмасу мүмкіндігіне ие болды.

Екінші Грек-рим мәдениеті болды. Жеке тайпалар мен халықтар мәдениетінің негізінде империя ішінде барлығына ортақ грек-рим мәдениеті пайда болды. Ол рим жаулаушылары өздеріне бейімдеп, өзгертіп алған ежелгі гректердің өнері, әдебиеті, философиясы және дінінен тұрды.

Үшінші грек-рим мәдениетінің тағы бір аспектісі, христиандықтың таралуына ықпалын тигізген грек тілінің кеңінен тарауы болды. Империяның кез келген ірі қалаларында түрлі ұлт өкілдері грек тілінде сөйлеген. Осы ерте кезеңде христиан інжілшілері өзінен кейінгі

ізбасарларына қарағанда, үлкен артықшылығы: оларда тілдік кедергі болмады.

Христиан дәуірінің бастауында грек-рим мәдениетінің діни және философиялық ойы, көптеген ғасырлар бойы рационалды және адамгершіліктік монотеизмге қарай бағытталды. Рационалистік грек философиясының ықпалымен бір басқарушы элемент немесе әлемдік принцип бар деген ой қалыптасты. Және ол жөнсіз, түсініксіз емес, рационалды, кекшіл әрі қатыгез емес, қайырымды және жақсылыққа жақын деген ой қалыптасты.

Осы үрдісті білдіретін кеңінен таралған терминдердің бірі «логос» болып табылады. «Логос» – грек тілінен аударғанда «ақыл, сана» немесе «сөз» дегенді білдіреді. Аристотель де, стоиктер де бұл сөзді Құдаймен байланыстырған. Стоиктер оны құдайлық элемент, оның арқасында барлығы басқарылады және жаратылады, сонымен бірге, ол әрбір адамның бір бөлігі болып табылады деп түсінген. Осы концепция грек философиясы мен христиандық арасында өзара байланыстырушы көпір болды. Жаңа Әсиеттегі апостол Иоанның және ерте-христиандық шіркеу әкейлерінің мәтіндерінде «логос» сөзі Иисус Христосқа қатысты пайдаланылады.

Рим әлемінде болып жатқан басқа діни оқиғалар да христиандық ізгі хабардың қабылдануына ықпал етті. Екінші және үшінші ғасырларда шығыс мистикалық ілімдері кеңінен таралып, өз ықпалын ұлғайтты. Олар шығу тегі және мазмұны бойынша әр түрлі болды – Кіші Азиядағы Кибела культі; Грекиядағы Дионис культі; Мысырдағы Изид, Осирис және Серапис; Парсы еліндегі Митра. Дегенмен, олардың бойында табиғи айналымдарды мистикалық дербестендіру өзара ұқсас болды; барлығында өлетін және қайта тірілетін құдайлар сипатталды; барлық культтерде шоқындыру мен Құдайға құлшылық ету жоралғылары болды; барлығында да құдайлармен бірігу арқылы күнәдан арылу мен ажалсыздық, мәңгілік өмір ұсынылды. Аталған діндерді білетін адамдар үшін, крестке таңылған және қайта тірілген христиандардың Құтқарушысы таңсық болған жоқ.

Келесі фактор иудаизм диаспораларымен байланысты. Христиандыққа дейінгі дәуірде иудаизм диаспоралары әскери тұтқындар және саудагерлер ретінде Палестинаның шегінен асып жайылды. Иудейлер қай жерде болса да, синагогаларды ұйымдастырды және осы синагогалар иудей еместерді қызықтырды. Иудаизм диаспоралары (Палестина сыртында) өз отанында жүрген кезіне қарағанда сепаратис-

тік сипатта болған жоқ, сонымен бірге ритуалдарды да аз жасады және жаңа адамдарды өз сенімдеріне тартуға бейім болды. Діни қызмет грек тілінде жүргізілді. Иудаизм эллиндердің христиандықты қабылдауына түрткі болды.

Б.д. төртінші ғасырының басында император Константиннің (312) дінді қабылдауына байланысты христиандық ресми заңдастырылды. Ғасыр соңында христиандық жалғыз заңды дінге айналды. Пұтқа табынушылық та, ересытер де басып-жаншылды. Христиандықтың мәртебесінің өзгеруі дінді қабылдаушылардың артуына алып келді [6].

Ортағасырлық миссионерлік тарихы – бұл негізінен монахтық өмір тарихы. Бұл институт христиандық құлшылықтың ең жоғарғы стандартына өздерін арнаған жеке адамдар мен қауымдардан тұрды. Өзінің өнегесі, ілімі мен уағыз-насихаты арқылы ортағасырлық монахтар көптеген адамдардың дінді қабылдауына және сенімінің оянуына ықпал етті.

Ортағасырдың екінші жартысында (XIII ғасыр) монахтық ордендер көптеп таралды, олардың қатары қабілетті, жігерлі және рухани бағдарланған христиан ерлер мен христиан әйелдермен толықты.

Інжілдендіру (Евангелизация) мен миссионерлік қызмет ретінде және ағылшын монархтарының, сонымен қатар францискандықтар мен доминикандықтардың бірінші кезектегі міндеттері болды. Соңғы екі орден оқытумен белсенді айналысты. Алғашқы кездегі қарсылыққа қарамастан монахтықтың сан жағынан өсімі және географиялық таралуы жылдам әрі айтарлықтай ерекше болды. Маңызды факторлардың бірі – үлгі, өнеге көрсету болды. Өздерінің әулиелігімен, даналығымен және ерекше тақуалығымен аскетизмімен белгілі болған тақуалар, әуесқойларды қызықтырып, өздеріне табынатын көрермендерді тартқан. Монастырлар да шалғайдағы пұтқа табынушылар мекендейтін жерде болса да, өздеріне назар аударған. Адамдар мұнда олардың неліктен және немен айналысқанын көру үшін келетін. Монахтардың тақуалылығы, тәртібі және қайырымдылығы оларға деген құрметті және олар айтқан хабарға қызығушылықты тудырды.

Бір жағынан, монахтық ордендерге мақсатты түрде қабылдау жүрді. Адамдар монахтардан кеңес алуға келгенде, олар адамдарды күнделікті тіршіліктен бас тартып, Христостың артынан құлшылық пен құрбандық арқылы еруге шақырды. Христиандандыруға көрнекті монахтардың өмірбаяндары да зор ықпалын тигізді. Мысалы, IV және V ғасырларда Афанасий

жазған Антонийдің өмірбаяны және Сульпициус жазған Мартин Турскийдің өмірбаянын айтуға болады. Августин өзінің «Тәубе» атты еңбегінде «Антонийдің өмірбаянының» өзіне және бірнеше достарына ерекше әсер еткені жөнінде баяндайды. Осыдан кейін ол үлгілі монахқа айналады. Монахтық өмір туралы басқа әдебиеттер де, әсіресе «Ұлы Василий ережесі» (IV ғасыр) және «Бенедикт ережесі» (VI ғасыр) тек монахтардың өмірін ғана сипаттап қоймайды, оны салмақты оқырмандарға ұсынды. Монастырлардан тараған үгіт-насихат тек монах болуға ғана шақырмады. XIII ғасырда францискандық монахтар тәубеге келу мен өмірді жаңартуды насихаттады және осы жаңалықпен махаббат пен қуаныш арқылы бөлісу үшін көп саяхаттайтын. Тек қалаларда ғана емес, ауылдық жерлерде де әлсіз әрі өздеріне сенімсіз христиандарды күнәдан арылуға, Құдай игілігін іздеу, Құдайға бой ұсыну мен құлшылық ету үшін өздерін арнауға шақырды. [7].

Христиандық жаңғырудың келесі маңызды бастауы діни өмірге жол тапқан христиандық мистицизм болып табылады. Мистицизм Құдай мен адам арасындағы оңаша, ішкі бірігуді іздейтін және бағалайтын діни жол болып табылды. Мистицизм мен монахтық өмір өзара тығыз байланысты болды және көптеген мистиктер монах болған. Бірақ, олардың арасында айырмашылық та болған. Адам монахтық өмірдегі сияқты, Құдайға қатысты тыныштықта қалмай, керісінше, ол Құдайды іздеуі немесе табуы керек болды. Бұл жерде адамның әрекеті аса маңызды болды. Мистикалық қадамға бармай адам Құдаймен байланысқа түсуі мүмкін емес. Христостың іңкәрлігі туралы ойлар жамандықтан босатады және аса зор адалдыққа ықпал етеді. Крестке таңылған Құл тек құдайы ақиқатты ғана емес, сонымен бірге шоқындыру арқылы бізге сыйлық береді делінді. Мұндай мысалдар Інжілдік Ізгі Хабардың элементтері сақталып, ортағасырлық мистицизмге ауысқанын көрсетеді. Мистицизмдегі Ізгі Хабардың элементтері көптеген адамдардың рухани жандануына ықпал етті. Ортағасырдың соңында мистицизм қарапайым христиандар, әсіресе Солтүстік Еуропада Інжілдік ықыласпен кеңінен таралды. Майстер Экхарт, Иоанн Таулер және Ян Ван Рюйсбрек сияқты уағызшылар мен жазушылар, қарапайым дінбасылары мен адамдар арасында, мистиктердің Құдайға деген қатынасын түсіне білуді қалыптастырды. Осы кезеңге дейін, бұл қатынасты түсіну негізінен монахтар мен кейбір интеллектуалдарға тән

болды. Оңтүстік Еуропада Екатерина Сиенская (1347-80) христиандық мистицизмнің таралуына сөзімен де, ісімен де көмектесті. Мистицизм бірқатар рухтанған христиан көшбасшыларының пайда болуына, қиялды оятатын кітаптардың жазылуына және адамдарды салмақты әрі белсенді шәкірттікке әкелудің тиімді әдістерінің қалыптасуына алып келді.

Ерте христиандық кезеңнің христиандық қауымға көп адамдарды тартуының келесі факторы – саяси өзгерістер болды. Империя ішінде күшпен пұтқа табынушылықты жоюға бағытталған шіркеу мен мемлекет кампаниялары арқасында христиандандыру үдерісі жылдам қарқын алды. Пұтқа табынушы тайпаларды бағындырып, қол астына біріктірген христиандық мемлекеттер – яғни жеңімпаздар жеңілгендердің діни, шіркеулік және саяси бағынуын талап етті. Кейде христиан дінінің ықпалы карама-қарсы бағытта таралды. Жеңімпаздар өздері бағындырған халықтың ұстанған христиандығын қабылдаған жайттар да кездесті. Кейбір елдерде христиандандыру үшін билеушілердің қол астындағы халықтың христиандықты қабылдауын мақұлдауы және кей жағдайда бұйрық беруі маңызды рөл атқарды.

Константиннен кейін барлық Рим императорлары христиандар болды және пұтқа табынушылыққа қарсы болып, христиандықты қолдады. Олар пұтқа табынушыларды қатаң қудаламаса да, өз құдайларына табынуға тыйым салып, христиандық уағыздарды қабылдауды және шоқынуды бұйырды. Шоқынудан бас тартқандарды жер аударып немесе меншігін тәркіледі. Анда-санда тобырлар пұтқа табынушылардың храмдарын қирататын және бұл істе оларды монахтар басқарды. IV ғасырда аталған жазалау шаралары Римнің қалалық ақсүйектерінің көпшілігінің пұтқа табынушылықтан бас тартып, христиан дінін қабылдауына алып келді.

Ортағасыр христиандары пұтқа табынушылармен тек күресу үшін ғана күш қолданған жоқ. Сондай-ақ, олар пұтқа табынушыларға христиандықтың сыртқы белгілерін қабылдату үшін де күш көрсетті. Бұл пұтқа табынушылар мен христиандар арасында болған соғыстар кезінде болды. Жеңілудің нәтижесінде пұтқа табынушылар тек саяси тұрғыда ғана бағынып қоймай, сонымен бірге христиан шоқындыруын қабылдап, шіркеудің рухани билігіне бағынды. Ұлы Карлдың сакстерді жеңуі мен дінге тартуы да аталғандардың бір көрінісі болды. Шоқынудан бас тарту және христиандықты құрметтемеу мемлекеттік қылмыс болып есептелді. XII

ғасырдағы жаугершілік нәтижесінде померан халықтарының діни сенімді қабылдауы, христиандандырудың тағы бір мысалы бола алады. Бұл жағдайда, әскери және саяси факторлар шектеулі пайдаланылған, ал христиандыру үдерісіне көбінесе сендіру, төзімділік және дипломатиялық тәсілдер тән болған. Христиандандыруға маңызды үлес қосқан тұлғалардың бірі Бамберг қаласынан шыққан епископ Отто болды. Оны 60 жасында, лауазымды қызметінен поляк герцогы Ш Болеслав босатып, миссионерлік міндетті орындауға шақырды. Бірқатар қанды қақтығыстар нәтижесінде, Болеслав Одер өзенінің Балтық теңізіне құяр маңындағы Батыс Померания ауданы мен шығыс аймақтың территориясының бір бөлігін басып алды. Отто әдісі Померанияның стратегиялық маңызы бар қалаларын дінбасылар, саясаткерлер және әскери адамдардан құралған нөкерлермен аралаудан тұрды. Миссионерлік қызмет оның басты міндеті болды және ол күштеусіз ерікті түрде дінді қабылдауды қолдады. Оның иландыра білу қабілеті христиандық ізгі хабарды жеткізудің ыңғайлы құралы болды. Оның дәл осы інжілдендіру әдісінің арқасында, померандықтар венда халқы сияқты христиандықты жек көрмеді. Соңында, христиандандыру үдерісі герман және дат миссионер-монахтары мен Померания халықтарының арасына германдық иммигранттардың қоныстануы арқасында жалғасты. [8]

Батыстағы герман халықтарының христиандыққа келуі көп жағдайда мәденилендіру үдерісінің нәтижесінде болды. Герман билеушілерін інжілдендіру ісі, католицизмге кіргізу арқылы болды. Олар католик шіркеуінің қолдауы өздерінің билігін нығайтатынын түсінді. Король мен Папаның қолдауының рөлі зор болғанымен, мәденилендіру континенттегі германдықтарды сенімге тартудың ең ірі себептерінің бірі болды. Осылайша, көптеген викингтер өздері бағындырған халықтың арқасында, христиандықты қабылдады. Осы кезеңде жауынгерлер мен билеушілер де христиандыққа қызығып, дінді қабылдады. XI және XII ғасырлар ішінде, христиан діні Скандинавия елдерінің тұрғындарына осы жолмен келді. Христиан діні викингтерге саяси қауіп тудырмады, себебі ол қарулы жаудың емес, тұтқындалған халықтардың діні болды. Олар үшін христиандықты қабылдау бағынуды білдірмеді, олар жай ғана өздерінен жоғары тұрған дін мен мәдениетті саналы және бейсаналы түрде қабылдады. Славяндар, аварлар және балгарлар сияқты Шығыс Еуропа

халықтарының интервенттері мен жаулап алушылары өздері жолықтырған христиандықтың формасын қабылдады. Бұл үдеріске Інжіл мен литургияларды славян тілдеріне аудару ықпал етті.

Шығыс Еуропа мемлекеттерінің билеушілері де қол астындағыларын христиандандырмақ болды.

Осы және келесі ғасырларда Богемия, Польша және басқа славян халықтары мен мадьярлар билеушілерінің қалауы бойынша, Батыс шіркеуінің құрамына кірді.

Ирландық миссионерлер – інжілшілер миссионерлік қызметті ерекше тактиканы пайдалана отырып жүргізді. Ирландық монахтық өмір Ирланд шіркеуінің қосалқы институты емес, үстем элементі болды. Ол епархиялы принципке емес, рулық принципке негізделді. Ирландиялық монахтық өмірге аскеттік тән болды. Ирланд монахтарының шағын топтарының жетекшісі және 12 шәкірті (Иисус өнегесі бойынша) өз монастырлары мен тұрған жерлерін тәркі етіп, бейтаныс шалғай жерлерге барып өмір сүріп, жеке үлгі, өнеге көрсетіп, адамдарды христиандық пен монахтық өмірге баулыды. Осы территорияда құрметке ие болған монахтар Ізгі Хабарды насихаттауға және христиандық өмір салты туралы айтуға аттанады. Осылайша ирландық миссионерлер Ирландия, Шотландия және Солтүстік Англия, сонымен қатар Франция, Швейцария және Италияның аудандарын інжілдендірді.

Миссионерлікті зерттеуші ғалымдардың мәлідемелеріне сәйкес шіркеудің жүзеге асырып отырған барлық қызметтерінде саяси астарлары бар дейді. Осы мәселеге қатысты Д. Норт миссионерлік қызметті сараптау барысында миссионерліктің тарихында мақсаттары мен міндеттері адам өмірінің қажеттіліктері мен талаптары сияқты кең және ауқымды болып келеді дейді [9, 243 б].

Рим және ирланд монахтарының бірлескен жұмыстары арқасында, VII ғасырдың аяғында Англияның көп бөлігі формалды түрде дінді қабылдап, христиандыққа бет бұрды. Англосакстар арасында миссионерлік қызмет жүргізу барысында ағылшын миссионер-інжілшілері римдік және ирландық монахтардың жақсы қасиеттерін біріктіре отырып жұмыс жасады. Ағылшын монахтарын Еуропа континеті қызықтырды – алғашында олар Фризия (нидерланды) – ал одан кейін Рейннің шығысынан, Дунайдың солтүстігіне қарай, франктер патшалығы аудандарына барды. Жаңа аймаққа

келіп олар жергілікті көсемдер мен қоғамның жоғарғы таптарымен кездесті. Олардың ойынша, егер басшылар дінге кірсе, қарапайым халық та христиандықты қабылдайды. Олар қай жерде мүмкіндік болса, сол жерлерге монастыр салып, жергілікті халықты христиандық өмір салтымен қызықтырды және оларды миссионерлік қызметке дайындады.

XIII ғасырдың бас кезінде, жаңа діни орден – кезбе монахтары пайда болғаннан кейін – інжілдендіру басты міндетке айналды. Олардың қоғамдағы қызметі миссионерлік уағыз-насихат жүргізу ісінен тұрды. Олар Еуропада және оның шекараларының тысында, шағын топ құрып, олардың уағыз-насихаттарын өз тыңдармандарын христиандандыру мақсатымен саяхаттаған. Егер, бұрын миссионерлік қызметтің мақсаты христиандарды қайта жаңғырту болса, бұл кезеңде христиан еместерді дінге тарту болды. Жылнамаға жазылмаған Батыс Еуропаны мекендейтін христиандықты ұстанбайтындарды дінге тартуға бағытталған миссионерлік қызмет, францискандықтар мен доминикандықтардың еңбегі деп айтуға болады. Олардың миссионерлік қызметінің қарқыны орасан зор болды және бұл қызмет Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс мұсылмандары мен Балтық жағалауының пұтқа табынушылары арасында, түріктер, моңғолдар және Үндістан халқы арасында жүргізілген жұмыстардан тұрды. Дегенмен, олардың мұсылмандар арасындағы қызметі табысты болмады. Бірақ, олардың табанды інжілдендіру жүргізу ісі мақтауға тұрарлық болды. Мысалы, францискандық орденнің мүшесі Раймонд Лалл (1232-1316). Құтқарушы оған бүкіл әлемді інжілдендіруге өзін арнау туралы аян бергенін айт-ады. Ол шіркеу басшыларын христиан еместерді інжілдендіру үшін арнайы монахтық ордендерді құру қажеттігін негіздемеке болды. Лаллдың ойынша, інжілдендіру жүргізу жоспарына енгізілген адамдар арасында олардың тілі мен мәдениетін үйрене отырып, болашақ миссионерлер өз қызметтерінің тиімділігін арттыра алады. Келесі мысал, миссионерлердің моңғолдар арасындағы қызметі болып табылады. XIII ғасырда Шыңғысханның жасағы тамаша әскери жеңістерге қол жеткізді. Нәтижесінде, олар батысында Тынық мұхитынан басталатын, шығысында Ефрат пен Днепрмен жалғасатын территорияда алып империя құрды. Моңғолдар жүзжылдықтың алғашқы үш ширегінде христиандыққа қарсы болды. Әйтсе де, батыс саудагерлері мен көрші мемлекеттердің христиандары бұл империя территориясына жиі қатынасып жүрді, кейін-

нен билік басына Құбылай хан келгеннен кейін миссионерлерге келуге рұқсат берілді. Миссионерлердің көпшілігі францискандықтар болды. Орта ғасырда Таяу және Қиыр Шығыста шағын христиан қауымдарын ұйымдастырған несториандар мен францискандықтар арасында бірқатар шиеленісті жағдайлар болды. Несториандықтар Эфес Соборының (431) бұйрығымен христологиялық көзқарастары үшін еретик ретінде жазасы кесілген және V ғ. өмір сүрген Константинополь патриархының рухани ізбасарлары болды. Несториан шіркеулері біраз ғана жергілікті тұрғындарды дінге кіргізіп, негізінен иммигрант-христиандар мен олардың ұрпақтарына қызмет етті.

Моңғол астанасы Камбалук (қазіргі Пекин) қаласына алғаш келген Рим католигі Иоанн болды. Ол 1294 жылы императордың қабылдауында болды. Бір онжылдықтың ішінде ол шіркеу салды және Жаңа Әсиет пен Псалмдарды моңғол тіліне аударды. Шамамен 6000 адамды дінге кіргізді. Бірнеше ірі қалаларда христиан орталықтарының іргесі қаланып, көп адамдар шоқындырылды. XIV ғасырдың ортасында астанада собор мен бірнеше шіркеу салынды. Иоанн мен батыс францискандықтардың інжілдендіру қызметі мемлекет тарапынан қолдау тапты. XIV ғасырдың екінші жартысында, қытайлықтар моңғол басқыншыларына қарсы шығып, шетел, оның ішінде христиандықтың ықпалынан құтылды. Моңғол империясының мұрагерлері ислам дінін қабылдап, христиандыққа қатыстының барлығын жоюға тырысты.

XIII ғасырда Ресей моңғол басқыншылығы кезінде, көптеген тұрғындар жаудың қол астында қалғысы келмей Солтүстікке көшіп кетеді. Олардың арасында қауымдық және саяқ жүретін монахтар көп болды. Олар моңғолдар қол жеткізе алмайтын жерлерге солтүстік ормандарының ішінде өмір сүрді. Монахтар жергілікті пұтқа табынушылар мен келімсектердің өздеріне тартып, пұтқа табынушыларды інжілдендіріп, пасторлық қызметті қамтамасыз етті, XV ғасырдың соңында, аталған өңір Солтүстік Рустің саяси және діни орталығына айналды.

Осылайша, ерте кезеңдегі миссионерлік қызмет әр түрлі әрекеттермен (көп жағдайда күштеу әрекеттері) және аргументациямен сипатталды. Миссионерлер христиан дінінің пұтқа табынушылықтың алдындағы артықшылығын көрсетуге тырысты. Пұтқа табынушылардың құдайлары адам қиялының жемісі немесе сайтандар деп жарияланды. Миссионерлер пұтқа табынушылардың идолдары мен храмдарын қиратып,

пұтқа табынушылардың құдайлары шынымен бар болса, кек алар еді, олар жалған деп оларды құртуға кеңес берді. Сонымен қатар, олар христиандықтың сенімді артықшылықтары ретінде ешқашан бітпейтін сый мен жаза туралы айтты. Христиандық діни ілімдік терминдер арқылы Құдайдың үш бірлікті табиғатын дәлелдеді. Олар Құдайдың әділдігі мен қайырымдылығы туралы жариялады. Олар адамдарды шоқынудың тазартатын, осыған дейінгі күналарын жоятын күшін сезінуге шақырды. Сонымен бірге, олар мінез-құлық пен құлшылықтың құдайлық тәртібін қабылдауды және Құдайдан берілген осы қабілеті арқылы өздеріне бағынуды үндеді.

Христиандарды інжілдендіру саяси өзгерістермен қатар жүрді. Христиан мемлекеттеріне бағынатын халықтар өз жеңілісінің ақысы ретінде шоқынып, шіркеу өміріне қатысуға мәжбүр болды. Кейде бұл сендіру, ал кейде материалдық игіліктермен сатып алу арқылы жүзеге асты. Басқа жағдайларда христиандар келісім мен бағынуға қол жеткізу үшін күш қолданды. Христиан еместер тарапынан қаншалықты қарсылық көбейген сайын, соншалықты күш қолданылды. IX – XII ғғ. монахтық өмірдегі белсенділік пен тәртіптің төмендеуі көп жағдайда інжілдендіру қызметінің жеткілікті деңгейде жүргізілмеуімен байланысты. XIII және кейінгі ғасырларда кезбе монахтардан құралған жаңа топ, мұсылмандар арасында інжілдік қызмет жүргізу ісіне белсенді қатысты. Бірақ, олардың бұл ісі ешқандай нәтиже бермеді. Солтүстік Руске христиандықтың таралуы моңғол басқыншыларының діни тыйымдарынан қашқан монахтардың арқасында жүзеге асты. Олардың монастырлары христиандықты таратудың орталықтарына айналды, бұл монастырлар арқылы қашқын христиандарды тәрбиелеу және пұтқа табынушыларды дінге тарту іске асырылды. Ортағасырлық інжілшілердің жолдауында Иисус Христос арқылы қол жеткізілетін жаңа Өмір туралы және Құдаймен табысу туралы Ізгі хабар айтарлықтай деңгейде бұрмаланып, жасаған істері бойынша құтқарылу концепциясымен араласты. Дегенмен, көп нәрсе ұрпақтан ұрпаққа сақталып, берілді. Сондықтан, христиандық тек сақталып қана қоймай, кеңінен тарап, гүлденген кезі де болды.

XVI ғасырдағы реформа шіркеу тарихындағы маңызды тақырып. Христиандар шіркеу қызметін радикалды жақсарту қажеттігін сезінді. Сол себепті әр түрлі реформалардың қозғалыстары пайда болды. Бұған дейін олардың барлығы адамгершіліктік, қаржылық және әкімшілік құ-

қық бұзушылықтарды жою үшін қажет болды. Бірақ, XVI ғасыр басында реформаторлықтың қозғаушы импульсы өзгеше болды. Солтүстік Германияда, кейіннен Швейцарияда шіркеу насихатына қарсы сын айтатын реформаторлар пайда болды. Лютер, Цвингли, Кальвин және олардың идеяларын қолдаушылар шіркеудегі тоқырау оның Інжілді бұрмалауы екеніне сенімді болды. Олардың ойынша, доктринаны бұрмалау үдерісі ежелден басталды. XVI ғасырда оның қауіптілігі артып, шіркеу насихатына сенетіндердің құтқарылуына кедергі болды. Олардың пікірінше, шіркеу қателігі Құдай ғана жасай алатын нәрсені, яғни кінәлі адамды кешіруді және ақтауды күнәһар адамнан талап етті.

Таңдау жасау қажеттілігі туындағанда, реформаторлар тек Қасиетті Жазу ғана христиандық ізгі хабардың қайнар көзі мен нормасы болып табылады деген қағиданы қолдады. XVI ғ. аяғында, батыс христиандығы католицизм мен протестантизм болып бөлінді. Протестантизмнің өзі бірнеше бөліктерге бөлінді. Тек протестанттар мен католиктер арасында ғана емес, протестанттар ішіндегі түрлі топтар арасында да, бақталастық пен өшпенділік көрініс тапты. Бұл жерде ескеретін жайт, католиктер болсын немесе протестанттардың түрлі топтары болсын, әрқайсысы өз ілімдерін дұрыс деп есептеп, бір-бірін қарсы тараптың уағызына сенетін адамдарға зиян тигізіп жатыр деп айыптады. Нәтижесінде, христиандықтың бір түрінен екіншісіне тарту талпыныстары кең көлемде көрініс тапты. Бұл кезеңдегі Еуропадағы інжілдендіру осындай әрекеттермен ерекшеленді. Еуропадағы христиан еместерді інжілдендіру шектеулі болды, себебі христиандықты ұстанбайтындар жоқ деп есептелді. Енді құтқарылуға назар аударатын католицизммен салыстырғанда, Інжілге бағдарланған протестанттық көзқарасты белгілеу үшін «інжілдік» («евангелический») термині пайда болды. Өз кезегінде, протестанттардың әрекетінен оңалған, жаңарған, белсенді католиктер, протестантизмге жіберіп алған адамдары мен территорияларын қайтару үшін агрессивті шараларды қолданды. Кең көлемдегі колониалды экспансиямен байланысты католик елдері жаппай миссионерлік қызметті бастады. Олар еуропалық протестанттармен ғана бәсекелестікпен қанағаттанбай, жақында табылған американдық территориялар мен Азия және Африкадағы шектеулі аймақтардың халықтарын христиандандырмақ болды.

50 жыл ішінде протестантизм кеңінен таралып, Солтүстік Еуропаның көп бөлігін-

де және Орталық Еуропада пайда болды. Бұған себеп болғандардың бірі М. Лютер болды. Лютердің уағыз-насихаттары Библиялық мәтіндерді мұқият зерттеу негізінде жасалған – анық інжілдік бағдарланған, жеке адам мен қоғамның қажеттілігіне жауап беретін уағыздар болды. Бір ай ішінде оның «95 тезистерінің» аударылуы мен таралуы Виттенбергтен шыққан белгісіз монахты Бүкіл Еуропаға атакты қылды.

Ағылшын реформациясынан пайда болған протестантизмнің жігерлі, агрессивті және жылдам таралатын формаларының бірі пуритандық болды. XVII ғасырда Англиядағы пуритандардан басқа көптеген радикалды протестант топтары шықты. Олардың ішіндегі ықпалдысы квакерлерлер болды. Кальвинистік діни ілімі мен мораль тұрғысынан терең тамырлары бар, шіркеу реформасы мен рухани жаңаруға адал, Жаңа Әсиет миссиясы сезіміне берілген радикалды ағылшын протестанттары інжілдендірудің жаңа толқынының бастауына айналды. Бұл негізінен Англияда емес, Солтүстік Америкада эмиграция арқасында болды.

Реформацияның ең інжілдендіруші қозғалысының бірі анабаптисттер бүкіл әлемдік миссионерлік қызмет бағдарламасына белсене қатысты. Шығыс пен Америкадағы католик елдерінің колониалды экспансиясын өкімет қаржыландыруындағы монах-миссионерлер іске асырды.

Испания католиктік жаңару мен миссионерлік қызметінің жалғыз болмаса да, негізгі қайнар көзі болды. Бұл бастама монархиядан – діндар патшайым Изабелла мен Фердинанд патшадан басталды. 1540 жылы испандық Игнатий Лойола негізін қалаған діни орден көптеген реформаларды іске асырып, протестантизмге қарсылық көрсетті.

Миссионерлік қызмет тарихындағы тамаша оқиға жаңарған католик шіркеуінің табысты халықаралық миссионерлік қызметі болды. Рим католиктерінің әлемнің түкпір-түкпірінде католицизмге адамдарды тартуына қажет әрі маңызды әдістер қолдана бастады. Испания мен Португалияның католиктік монархиялары халықаралық миссионерлік қызметке жетекшілікті патронаж (қолдау) жүйесі арқылы жасады. Қолдау көрсету (патронаж) жүйесінің негізгі белгісі пұтқа табынушыларды дінге тарту ісіне шіркеу емес, мемлекет жауапты болды. Папаның қолдауымен патша билігі өкілдері осы міндетті орындау үшін жұмысшыларды жалдап, олардың еңбекақысын төлеп, белгілі бір деңгейде бұл міндет қалай, қашан және қай жерде орындалатынын шешті. Жаугершілік пен сауда жүргізу үшін

өзге елдерге аттанатын барлық испандықтар мен португалдықтар, өздерінің миссионерлік қызмет жүргізу мақсаты болғанын айтады. Дегенмен, көп жағдайда басқа елді жаулап алу негізгі себебі болды. Христиандандыру отарлау үдерісі мен өркениетті таратудың бір бөлігі болды. [10]

Негізінен патронаж жүйесі испандықтарға тиесілі территорияларда сәтті жүзеге асты. Бірақ, португалдықтар оны іске асыру ісінде көп мәселелерге тап болды. Испан монархиясы өз билігіндегі жерлерге жүздеген қабілетті және өз ісіне адал миссионерлерді жіберетін. Миссионерлік қызмет нәтижесінде Цейлонда, Үндістан мен Оңтүстік-Шығыс Азияда, Бразилияда бірнеше уақыт ішінде иезуиттер тиімді жұмыс жасаған. Әйтсе де, көп жағдайда португал миссиялары әлсіз, тіпті кейде табысты болмады. Шығыстағы португал отаршыл билік иелері миссионерлік орталықтарды басқару ісіне ерекше көңіл бөлді. Олар өз иелігіне жатпайтын территорияларда жұмыс істейтін миссионерлерге ықпал етуге әрекеттенді. Сол себепті, XVI ғасырдан кейін испан билігі Риммен осы үшін жанжалдасты. Сонымен қоса, Шығыстың көптеген аймақтарында, португалдардың ықпалы әлсірегеннен кейін, олардың орнын голландықтар басты. Олар римдік-католик шіркеуінің миссияларын реформаторлық протестантизм миссияларына айналдырды.

Қорытынды

Басқа діндерден христиандықтың артықшылығы мен мінсіздігіне деген сенімдер миссионерлікті дәлелдеу элементтерінің бірі болды. Густав Варнек осыған қоса тағы да үш басты элементті атап өтті: басқа халықтарға христиандықтың қолайлылығы және қолданылғыштығы; христиандық миссионерліктің «қызмет жасау аумағындағы» жетістіктері және басқа діндермен салыстырғанда христиан діні тарих парақтарында және қазіргі уақытта қуатты, мықты екендігін көрсетуінде [11]. Барлығы топтаса отырып батыс шіркеулерінде өздерінің мәдени басымдығына деген сенімді тудырды. Роберт Спираның пікіріне сәйкес батыс миссионерлері тек қана «Мәсіхті» ғана емес, сонымен бірге «өркениетті» де алып келген [12].

Кең ауқымды еуропалық отарлау саясатының басталу уақытында батыстық христиандар өздерінің мәдениетін басқа мәдениеттерден жоғары және әмбебап деген ойлар қалыптасқан. Батыс мәдениеті христиандық нағыз бұлжытпас мәдениеті ретінде қарастырылғандықтан, хрис-

тиандық сеніммен бірге батыс мәдениетінде бірге басқа сенімдегі адамдар арасында орнығуы тиіс деп түсіндірілді. 1932 жылы шетелдік миссиялардың жұмыстары жан-жақты зерттелген «Миссиялардың жұмысын қайта түсіну» атты еңбек жарық көрген. Осы жерде «барлық халықтардың бір әлемдік мәдениетке, яғни ол батыстық мәдениетке қосылу жолында келе жатыр. Сонымен бірге, осындай жағдайдың орын алуы басқа халықтардың тарапынан үлкен қолдаушылыққа ие болу керек. Ал миссионерлер осы батыстық мәдениеттің саналы түрде таратушылары болу керек» [13] деп жазылған. Осыған ұқсас ой өрісі 1922 жылы басылып шыққан кітапшада орын алған: «Le role civilisateur des missions», француз тілінен аударғанда «Миссиялардың өркениеттендіруші ролі» деген мағына береді. Миссиялар тарихын зерттеген неміс тарихшысы Юлиус Рихтер «протестанттық миссияларды еуропалық-америкалық халықтардың мәдени отарлаудың маңызды және ажырамас бөлігі» ретінде 1927 жылы қарастырған [14].

Христиандар қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен інжілдендіру ісіне үлкен шығармашылықпен келді, бұл өз кезегінде көптеген жаңашыл әдістердің пайда болуына алып келді. Інжілдік миссия туралы пікір-таластар белсенді жүргізіледі. Дәстүрлі бағыттарды бағалаудан кейін заманауи христиандар бірқатар радикалды өзгерістер жасады. Інжілдендіру міндетіне зерттеудің заманауи әдістері мен технологиясы қосылған сайын, ол әбден жетіле бастады. XX ғасырда нәтижеге бағытталған прагматикалық философия алдыңғы қатарға шықты. Көптеген адамдардың айтуынша, інжілдендіру мақсаты тек ұрық салу ғана емес, жемісін жеу болды, тек «Інжіл Сөзін» жариялау ғана емес, көзге көрінетін нәтижеге қол жеткізу болды. Інжілдендіру бойынша өткізілген ірі конференциялар (ұлттық және халықаралық деңгейдегі) осы мәселеге назар аударды. Інжілдендіру теориясы мен тәжірибесі жөнінде келіспеушіліктер пайда болды. Бұл кезеңге адасу тән. XX ғасырдағы жағдай інжілдендіру үшін көп жақтан қолайсыз болды. Екі әлемдік соғыс және он шақты жергілікті қақтығыстар бұл сала үшін күрделі болды. Жаһандық экономикалық тоқырау толқындары мен депрессиялар інжілдендіруге қаржылық қолдау көрсету жүйесін шайқалтты. Батыс отаршыл империяларының қирауы батысқа жатпайтын елдердегі інжілдік әрекеттерді қиындатты, кей жағдайда тоқтатты. Билік басына христиандыққа қарсы өкіметтің келуі бір кезде се-

нім тірегі болған аудандарда інжілдендіру үдерісін баяулатты. Әлемдегі христиандардың 42% саяси шектеулер мен репрессиялар жағдайында діни сенімдерін ұстануға және куәлік етуге мәжбүр болды. Сонымен бірге, осы кезеңде кейбір көне діндер құлдырады, басқалары болса, мәселен ислам жаңғыруды бастан кешірді, ал жаңа діндер болса, өз қатарларын христиан мемлекеттерінің адамдарымен толтырылуда. XX ғ. дінсіз немесе атеистік халық саны 100 пайызға жетті. Әлемдік үрдіс ықпалымен Еуропа мен Солтүстік Америкада белсенді христиандардың үлесі тым азайды. Бұл қауіпті оқиғалар інжілдік әрекеттердің шығармашылық сипатта болуына ықпал еткені анық. Қазіргі әлемнің мүмкіндіктері інжілдік әрекеттердің жаңа нүктелерін табуға көмектесті. Радио және теледидар миллиондаған адамдарға Құдай Сөзін жеткізуге тамаша мүмкіндік берді. Лингвистикалық дағдылар мен оқыту құралдарын жетілдіру діни әдебиетті аударуды жеңілдетіп, сауаттылықты таратуға көмектесті. Дамушы елдердің басшылары миссионерлік мектептерде білім алды. Нәтижесінде, олар өздерін христиандықпен теңестіреді немесе христиандықтың ықпалында болды, кей жағдайда христиандық қызметке қолдау көрсетті. Батыс колониализмі күйреп, інжілдендіруге адамдарды дайындауға көмектесетін батыс мәдениеті тарала бастады. Сонымен қатар, бүкіл әлемдегі христиандар мен христиан еместер арасындағы өзара әрекеттің өсуі інжілдендіруге көп мүмкіндіктер жасады. Туристер, студенттер және бизнесмен-христиандар ашық христиан жұмысы тыйым салынған жерлерде, дінді таратады. Кейбір жағдайда, батыс миссионерлерінің сапарға шығуы немесе қуылуы жергілікті христиандарды дінді тарату бойынша жауапкершілікті өз мойнына алуға итермеледі. Күрмеуі қиын мәселелер мен жеңілістен пайда болатын жаңа мүмкіндіктер інжілдендіру саласында жаңа табысты қадамдарға ықпал етті. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін, көптеген інжілдік идеялар мен жобалар пайда болды. Жаңғыру қозғалыстары осы кезде өз мүмкіндіктерін түгескен сияқты болды. 1930 жылдар аяғындағы дін ғұламалары –либералдар және консерваторлар арасында болған келіспеушіліктер протестанттардың назарын өздеріне аударды, осыған зая кеткен әрекетті миссионерлікке бағыттауға болар еді деген пікір қалыптасты. Миссиялар қызметі қайшылыққа толы болды. Кейбір жағдайда миссионерлер Інжілді насихаттауды әлеуметтік қызметпен алмастырып, христиандық емес діндермен бәсекелеспеді. Бұған қарамастан 1945

жылға дейін інжілдендірудің дәстүрлі әдістерімен қатар жаңа тәсілдері сыналды.

Қазіргі кезеңдегі христиандықтың прогресін қалай бағалай аламыз? «Статистика көп сұраққа жауап береді. Сандық қатынаста христиандар 1914 ж. 699,2 млн адам болса, 1980 ж. 1.433 млн адамға өсті, өсім 205 пайызды құрады. Десе де әлемдегі христиандар саны біраз азайды деп айтуға болады, себебі әлем халқы осы уақыт аралығында 208 пайызға өсті. Коммунистік елдерде репрессиялар мен қуғынға салу нәтижесінде христиандыққа орасан зор нұқсан келтірілді. Мәселен, Кеңес өкіметінде 1900 ж. халықтың 83,6 пайызы христиан болса, 1980 ж. бұл көрсеткіш 36,1 пайызға төмендеді. 1980 ж. Еуропа мен Солтүстік Америкада христиандықтан бас тарту, христиандықты қабылдаудан жыл сайын 1.820.500 адамға артық болды. Бірақ үшінші әлем елдерінде діни сенімді қабылдау діннен бас тартудан 2.272.814 адамға артық болды. Табиғи өсім (туу көрсеткішінің өлім көрсеткішінен жоғары болуы) бүкіл әлемдегі сандық өсімнің айтарлықтай үлкен үлесін құрады» [15].

XX ғасырдың тоқсаныншы жылдарында христиан діні Африка мен Азияда тарала бастады, аталған елдер үшін христиандық жаңа әрі басқа діндерден жоғары болды. Миссионерлік қызметті жергілікті халықтан шыққан христиандар атқарды. Батыс христиандары әлемнің ықпалын да назардан шығармады. Барлық жерде көптеген адасқан және енжар адамдарды христиандыққа қайтару үшін батыл қадамдар жасалуда. XX ғасыр христиан миссионерлік қызметінің маңызды көрсеткіші – бұл жер шарының інжілдендірілген халқының үлесі болуы мүмкін. Бұл термин өз тілінде христиандық әдебиет немесе радиохабарлама және өз ортасындағы христиан куәлігі арқылы Інжіл туралы білгендерге қатысты қолданылды. «1900 жылы христиандар жер шарының 34,4 пайызын құрады, ал олардың миссиялары халықтың 51,3 пайызын қамтыды. 1980 жылы әлемдегі халықтар арасында христиандар үлесі 32,8 пайызға қысқарды, ал інжілдендірілген халық саны 68,4 пайызға ұлғайды. Яғни, бұл 1980 жылы христиан адамының 1900 жылы христианға қарағанда Інжіл туралы көп адамға куәлік еткенін көрсетеді» [16]. Христиандар пайызы азайғанмен, христиандар ықпалы ұлғайды. Қазіргі дәуірге жақындаған сайын (осы зерттеу аясында) қарастырылып отырған мәселеге байланысты күрделі сұрақтар көптеп пайда болуда. Әлемдік христиандық қозғалыс ауқымы мен күрделілігі орасан зор. Мәліметтер мөлшері өте көп. Таңдау немесе қысқарту кезінде

бұрмалану қаупі бар. Ары қарайғы материал үш ауқымды тақырыпқа бөлінеді (1) Әдістемелер; (2) Теориялар мен діни ілім; және (3) елуіншілердің інжілдік табыстары [17]. Осы тәсіл қазіргі кезеңдегі христиандардың өзгелерді христиан ету әрекеттерін түсінуге көмектеседі.

XXI ғасырда інжілдендіру әдістері мен тәсілдері тағы арта бастады. Ізгі Хабарды тарату туралы ойлайтындар ерекше шығармашылықпен және тартымдылықпен Христосқа және Оның Шіркеу қауымдастығына адамдарды тарту үшін тәсілдерді жасап шығаруда. Бұл жолда олар еш тайынбай, халықтың ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі діндеріне құрметпен қарамастан, прозелиттік болып саналатын лас әдістерді де пайдаланады. Бұған байланысты миссионер Чарльз Д. Егал былай дейді: «Мұсылмандарға жақындау үшін олардың дінін, тілін

қолданындар. Құранның ішінен христиандыққа зияны жоқ аяттарды алып қолданындар. Әрі мұсылмандардың жұма құлшылығына параллель жұма уағыздарын ұйымдастырып, үй шіркеулерінің лидерлері имам секілді көрінуіне болады. Үй шіркеуіне кірерде аяқ киім шешу, мұсылмандардың діни рәсімдеріне ұқсас рәсімдер ұйымдастыруға болады» [18]. Сонымен бірге, діни рәсімдерінде құрамында қай ұлттың өкілі басым болса, сол тілде, мысалға өз еліміздегі жағдайды алсақ (қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек) атқарады. Рәсімдерінің барысында айтылатын діни әндерін домбыра, қобыз, сыбызғы секілді ұлттық музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен орындайды. Осындай прозелиттік қызметтің нәтижесінде қоғам ішіндегі дінаралық қатынастарға жағымсыз әсерін тигізіп, үлкен мәселелердің туындауы әбден мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Мемлекет және дін. Қазақстан Республикасы дін істері агенттігінің журналы. № 4 (23) 2012. – 7 б.
1. Борбасова Қ.М., Сагиндыков А.А., Альджанова Н.К. Қазақстандағы мәсішілдік // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, Мәдениеттану, саясаттану сериясы. – №2. – 2015.
2. Rosenkranz Gerhard. Die Christliche Mission: Geschichte und Theologie. Muenchen, 1977
3. Transforming Mission: Paradigm Shifts in Theology of Mission [review] / David J. Bosch (1992) P.202
4. Федин А.В. Формирование концепции миссионерской деятельности Общества Иисуса //Диалог со временем. Альманах интеллектуальной истории. – Вып. 14. – М., КомКнига, 2005. С.265-286.
5. Милтон Л. Рудник История Евангельского христианства)
6. Петр Пеннер, Христианская миссия: история и современность, 1998. – С. 221.
7. Бұл да сонда.
8. Джеймс Норт. Полное название: История Церкви от дня Пятидесятницы до нашего времени. 1983, College Press Publishing. http://krotov.info/spravki/history/00/00_ecll_3.htm
9. Warneck, Gustav Adolph «Abriss einer Geschichte der protestantischen Missionen»; 1905 – 507
10. Warneck, Gustav Adolph «Evangelische Missionslehre» (1892). 92 б.
11. Robert E. Speer: Prophet of the American Church. By John F. Piper, Jr. (Louisville, Kentucky: Geneva Press. 2000. Pp. 538. 275 б.
12. William Ernest Hocking and the Commission of Appraisal, Re-Thinking Missions: A Laymen's Inquiry after One Hundred Years (New York: Harper & Brothers, 1932), 372 p. 34 б.
13. Julius Richter Deichert, Evangelische Missionskunde: Evangelische Missionslehre und Apologetik, 1927; 237 s. 211 б.
14. Дж. Мак-Артур <http://www.slovo.org/author/John-MacArthur>
15. Трофимчук Н.А. и Свищев М.П. «Экспансия»: монография. – М., 2000, 93 с.
16. Адлер Р. Миссионерские методы во времена апостола Павла и в наши дни. – М., 1993.
17. Ивоненко С. О людях, никогда не расстающихся с Библией. – М., 1999. 81 б.

References

- 1 Memleket zhәне din. Қазақстан Respublikasy din isteri agenttiginiң zhurnaly. № 4 (23) 2012- 7b.
- 2 Borbasova Қ.М., Sagindykov А.А., Al'dzhanova N.K. Қазақстандағы мәсishildik. ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, Мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2.2015.
- 3 Rosenkranz Gerhard. Die Christliche Mission: Geschichte und Theologie. Muenchen, 1977
- 4 Transforming Mission: Paradigm Shifts in Theology of Mission [review] / David J. Bosch (1992) P.202
- 5 Fedin A.V. Formirovanie koncepcii missionerskoj dejatel'nosti Obshhestva Iisusa //Dialog so vremenem. Al'manah intellektual'noj istorii. – Вып. 14. – М., KomKniga, 2005. S.265-286.
- 6 Milton L.Rudnik Istoriya Evangel'skogo hristianstva)
- 7 Petr Penner, Hristianskaja missija: istoriya i sovremennost', 1998. – s 221
- 8 Bұл da sonda

- 9 Džejmс Nort. Polnoe nazvanie: Istorija Cerkvi ot dnja Pjatidesjatnicy do nashego vremeni. 1983, College Press Publishing. http://krotov.info/spravki/history/00/00_eccl_3.htm
- 10 Warneck, Gustav Adolph «Abriss einer Geschichte der protestantischen Missionen»; 1905 – 507
- 11 Warneck, Gustav Adolph «Evangelische Missionslehre» (1892). 92 b
- 12 Robert E. Speer: Prophet of the American Church. By John F. Piper, Jr. (Louisville, Kentucky: Geneva Press. 2000. Pp. 538. 275 b
- 13 William Ernest Hocking and the Commission of Appraisal, Re-Thinking Missions: A Laymen's Inquiry after One Hundred Years (New York: Harper & Brothers, 1932), 372 p. 34 b
- 14 Julius Richter Deichert, Evangelische Missionskunde: Evangelische Missionslehre und Apologetik, 1927; 237 s. 211 b
- 15 Dzh. Mak-Artur <http://www.slovo.org/author/John-MacArthur>
- 16 Trofimchuk N.A. i Svishev M.P. «Jekspansija» monografija – M., 2000, 93s.
- 17 Adler R. Missionerskie metody vo vremena apostola Pavla i v nashi dni. M., 1993.
- 18 Ivonenko S. O ljudjah, nikogda ne rasstajushhihsja s Bibliiej. – Moskva, 1999 g. 81 b.

Бияздықова К.Ә.

**Қазіргі замандағы
өркениет пен мәдениеттің
қайшылықтары, дәстүр мен
жаңашылдық үрдістері**

Берілген мақалада автор қазақ халқының қазіргі замандағы дәстүрлі мәдениеті мен мәдени мұраларға деген қарым-қатынас мәдениеттің тек сақталуына ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің ары қарай дамудың шарттары мен ерекшеліктерін ашып көрсеткен. Автор жаһандану жағдайындағы мәдениеттегі инновация, мәдени мұраға бет бұру, қабылдап алушылық, мәдени диффузияға тоқтала келіп, қазақ мәдениетінде адамзат тәжірибесі арқылы қол жеткізген, уақыт елегінен өткен жетістіктерді игеріп, оларды ары қарай позитивті түрде дамытудың қажетті аспектілерін қарастырған. Автордың пайымдауынша дәстүрлер жүйесі қоғамдық организмнің тұтастығын, тұрақтылығын, табандылығын бейнелейтін құбылыстың ықпалын қарастырған. Қазіргі замандағы мәдениет пен өркениеттің қайшылықтары, дәстүр мен жаңашылдық үрдістері даму үстінде.

Автордың пайымдауы бойынша мәдениетте өзгеріс пен шығармашылық қоғам дамуының екінші бір жағы болып табылады. Жаңашылдық (инновация) мәдениеттің жаңару тәсілі тұрғысынан талдана келіп, дәстүрлік пен жаңашылдықтың бірлігі әрбір мәдениеттің әмбебапты мінездемесі зерделенген.

Түйін сөздер: мәдениет, өркениет, инновация, салт-дәстүр, ақиқат, әдет-ғұрып, мораль, жаңашылдық, құндылықтар.

Biyazydykova K.A.

**Culture and civilization
contradictions, innovation and
tradition processes in the present**

The article considers the questions of the influence of modern Kazakh people relations on traditional culture and cultural heritage, as well as features of the culture development in the future. Focusing on innovations in culture, the treatment to cultural heritage, cultural diffusion, it is necessary to develop the achievements of the Kazakh culture, implemented many years of experience of mankind.

The traditional system is considered as a phenomenon describing the integrity, stability of the organism of society, as well as the article analyses the contradictions of culture and civilization, the processes of tradition and innovation.

Changes and creativity in culture are the aspect of the development of society. Innovation is considered from the position of the update method culture, unity of tradition and innovation is seen as a universal characteristic of each culture.

Key words: culture, civilization, innovation, tradition, the truth, custom, morality, innovation, value.

Бияздықова К.А.

**Противоречия культуры и
цивилизации, процессы
новаторства и традиции
в современности**

В данной статье автор рассматривает вопросы влияния отношения современного казахского народа на традиционную культуру и культурное наследие, а также особенности развития культуры в будущем. Акцентируя внимание на инновации в культуре, обращение к культурным наследиям, культурной диффузии, следует позитивно развивать достижения казахской культуры, реализованные многолетним опытом человечества.

При этом традиционная система рассматривается как явление, описывающее целостность, устойчивость организма общества. В статье анализируются противоречия культуры и цивилизации, процессы традиции и новаторства.

Изменения и творчество в культуре являются аспектом развития общества. Новаторство (инновация) рассматривается с позиции метода обновления культуры, единство традиции и новаторства осмысливается как универсальная характеристика каждой культуры.

Ключевые слова: культура, цивилизация, инновация, традиция, истина, обычай, мораль, новаторство, ценности.

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ
ӨРКЕНИЕТ ПЕН
МӘДЕНИЕТТІҢ
ҚАЙШЫЛЫҚТАРЫ,
ДӘСТҮР МЕН
ЖАҢАШЫЛДЫҚ
ҮРДІСТЕРІ****Кіріспе**

Біздің заманда мәдениет және өркениет, олардың айырмашылығы мен қарым-қатынасы туралы тақырыптан өткір ештеңе жоқ. Бұл танымға да, өмірге де қатысты, себебі ол келешек тағдырымызбен байланысты. Адамзатты тағдырдан артық ешнәрсе қобалжыта алмайды. Тарих белестерінде, күйзеліс пен қирау уақытында халықтар мен мәдениеттердің тарихи тағдырының жүрісі туралы терең ойлау үлкен қажеттілікке айналады.

Өркениет сөзі көне кезеңнен бері қолданылып келе жатса да, бұл ұғымға әлі күнге дейін дау тудырмайтындай бірде-бір анықтама берілмеген. Әрбір дәуірде аталмыш ұғымға сол кезеңнің ойлау деңгейіне сай түсініктемелер беріліп отырды. Ал бүгінгі таңдағы философиялық дискурс шеңберінде өркениет дегеніміз әлемдік діндер мен өнер, құқық, мораль жүйесінен орын алып, әмбебеп құндылықтар негізінде қалыптасатын әлеуметтік-мәдени қауымдастық ретінде түсіндірілуде. Сондықтан «өркениет» ұғымы қазіргі таңда тұрақты терминологиялық статусқа ие болып, өркениеттер теориясы тұрғысында қарастырылуда деп толық сеніммен айта аламыз.

Өркениет ұғымының этимологиялық мәнісіне келсек, философиялық сөздікте өркениет латынның азаматтық, қоғамдық немесе қала тұрғыны, қалалық өркениет деген сөзінен шыққан деген анықтама берілген. Осы орайда көне грек тарихшысы Страбонның: «Өркениет болу үшін бір ғана қаланың болуы жеткілікті», – деген ойы анықтамамызды толықтыра түсетін сияқты. Ал, бұл терминді XVIII ғасырда аталмыш ғылым саласына тұңғыш рет енгізген А. Фергюссон болды. Шотланд ғалымы Адам Фергюссон «Опыт истории гражданского общества» деген еңбегінде адамзат мәдениетінің дамуына жалпы концепция жасауға ұмтылады. Ғалымның пікіріне сүйенсек, қоғамдық даму дегеніміз адамдардың «өмір сүру тәсілінің» өзгеруі. Сонымен қатар тарихты эволюциялық үдеріс ретінде қарастыра отырып, А. Фергюссон оны үш кезеңге бөледі: бірінші, екінші кезеңге жабайы және варвар ұғымдары тән десе, үшінші кезеңге «азаматтық», «саяси құрылыс» мағынасында өркениет ұғымын қолданады [1, 17 б.]. Ал Л. Морганның еңбектерінде өркениет қоғам дамуының ерекше дәрежесі мен халықтың тұрмыс-тір-

шілігінің жаңа сипатымен өзара байланыста қарастырылады. Н.А. Бердяев өркениеттің құлдырап, тоқырауға ұшырауы – мәдениет ақырының жалғыз ғана жолы емес деп санайды. Орыс ғалымы өркениетке мынадай анықтама береді: «өркениет дегеніміз өмірлік мүдде-мақсаттарды өмірлік әдістермен, өмірлік құралдармен жүзеге асыру болып табылады» [2, 169 б.]. Түрік мәдениеттанушысы Зия Көкалыптың пікірінше, «мәдениет ұлттық категория да, ал өркениет халықаралық категория. Мәдениет бір ғана ұлттың, діни, адамгершілік, құқық, ой-сана, эстетика, тіл, экономика және тұрмыс тіршілігінің жиынтығы. Ал өркениет болса, дамудың ортақ деңгейінде тұрған көптеген қоғамдық өмірдің жиынтығы болып табылады» [3, 26 б.].

Сондай-ақ бүгінгі таңда өркениет пен мәдениетке философиялық тұрғыдан анықтама берудің ғылыми науқанынан қазақ ғалымдары да тысқары қалмай, белсенділік танытып отырғандығы да белгілі. Мысалы, қазақ философиясын зерттеуші Сәбетқазы Ақатай «өркениет – сыртқы дүние, ноосфера біздің қолымыздан жасалған қоршаған орта: машина, ғимарат, қондырғы, зымыран, ұшақ, киім-кешек, ішіп-жем т.т., ал мәдениет – адамның ішкі дүниесі, сезімі, пайымы, көзқарасы, жан-сыры, рухани тіршілігі, «сізі мен бізі» десе [4, 79 б.], тарихшы Манаш Қозыбаев «өркениет шындығына келгенде мәдениет. Өркениет тірнек (материалды), көрнек (рухани) мәдениеттерінің ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі» деген тұжырымға келеді [5, 16 б.]. Жалпы адамзат тарихын мәдени және өркениеттік тұрғыда саралайтын ғалымдар саны аз емес. Сондықтан біздің санамызда өркениет ұғымы тек батыс ойшылдарына ғана тән деген түсінік қалыптасқан, алайда сонау XIV ғасырдың өзінде араб ғалымы Ибн Халдуннің өркениеттік даму туралы айтқан ойларын батыс ойшылдарымен қатар қарастырғанымыз орынды деп ойлаймын.

Негізгі бөлім

Мәдениеттің көркею кезеңі нақтылы өмірге табынудың ерік-жігерін шектеуді талап етеді, өмірге құштарлықты тыюға жетелейді. Мәдениет жаңа өмірді, жаңа болмысты орнату емес, ол бірінші кезекте жаңа құндылықтарды игеру. Олар танымда, философия мен ғылыми кітаптарда – ақиқат, әдет-ғұрып, қоғамдық қатынас; моральда, құқылық заңдарда – игілік, ән-күй, өлең, сурет, архитектура, театрда – сұлулық болып беріледі. Шығармашылық акт тө-

менгі әлеуметтік топтарға тарайды. Жаңа өмір жоғарғы болмыста, бейне мен рәміздерде беріле бастайды. Танымдағы шығармашылық ғылыми кітаптарда, көркемдік шығармашылық акт догматтар мен символдық шіркеу құрылымында (онда аспандағы, о дүниедегі бағыныштылық тек ұқсастық күйде берілген) көрініс табады. Мәдениеттің ішкі диалектикалық қозғалысы, өзінің кристалданған формаларымен, міндетті түрде жаңаны мәдениет шеңберінен шығаруға итермелейді, өмірге құштарлық практикада тарайды. Осы жолмен мәдениет өркениетке өтеді.

Өмірге құштарлық бұқара халық арасында кең тарағанда мақсат жоғарғы рухани мәдениетке ұмтылуын тоқтатады, соңғысы әрқашан аристократтық, саны емес сапалығымен құнды. Мақсат күнделікті өмірге, оның практикасы, өмір күші мен бақытқа бағытталады. Мәдениет өзіндік құндылық болудан қалады, сондықтан мәдениетке деген ерік-жігер тоқтайды. Мәдениет жоғарғы деңгейде қала алмайды, міндетті түрде төмен құлдырайды. Әлеуметтік энтропия басталады, мәдениеттің шығармашылық энергиясы шашырап күші кетеді. Мәдениетті жасаушылардың рухындағы мақсат пен міндеттердің іске асыруы мәдениеттің шексіз дамып жетілуін тоқтатады.

Мәдениеттің ерекше гүлденуін біз XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. басында Германияда көреміз. Аса дарындылыққа ұмтылу жігерін басқа тарихи кезеңде көру өте қиын. Германия осы кезде «ақындар мен философтар» деген атышулы елге айналды. Аздаған онжылдықтарда әлем Гердер, Гете мен Шиллер, Кант пен Фихте, Гегель мен Шеллинг, Шлейермахер мен Шопенгауэр, Новалис және бүкіл романтиктерді таныды. Келесі тарихта осы әлемдік мәні бар кезеңге үлкен қызғанышпен қарады. Виндельбанд, мәдениеттің өшу заманындағы философ, осы кезді рухани құндылық пен дарындылықтың уақыты деп, жоғалған жұмақ ретінде таниды. Ал нақтылы өмір сол кездегі Германияда кедей, мешандық қыспақта болғанын әркім де біледі.

Еуропа тарихында шығармашылықтың шыңына жеткен Ренессанс дәуірінде де нақтылы өмір адам шошырлық, қатыгез болды. Леонардо да Винчи мен Микеланджело өмірлері түгелдей азап пен трагедияда өтті. Бұл әрқашан осылай, мәдениет өмірдің үлкен сәтсіздігі болып келеді. Бұны өмір мен мәдениеттің қарама-қарсылығы десе де болады. Өркениет өмірді қалыптастыруға ұмтылады, әлемдік билік пен ұйымдасуды қалайды. Бірақ енді сол қуатты Германияда Гете, ұлы неміс идеалистері мен романтикте-

рі, асқақтаған философия, Ренессанстық өнер т.б. қайтып көркеймейді – бәрі де техникалық күйге көшеді, философиялық ойлар гнесеологияда, өнерде техникалыққа айналады. Шекспир мен Байронның болуы, Италияда Данте мен Петрарканың болуы енді мүмкін болмай қалады. Бұл мәдениеттің трагедиясы және өркениеттің де трагедиясы.

Мәдениет наным, рәміздермен байланысты, діни сенімнен басталады. Ол осы культтің мазмұнын жан-жақты айқындау, жіктеуден шығады. Философиялық ойлар, ғылыми таным, сәулет, сурет, мүсін, ән, өлең, мораль – органикалық біртұтастық қалыпта, әлі бөлінбеген, ашылмаған түрде діни культта қалыптасқан. Ең ежелгі мемлекеттің бірі Египетте мәдениет Храмда басталды, оны жасаушылар абыздар болды. Мәдениет ата-баба культі, өсиеті және дәстүрмен байланысты. Ол киелі символдарға толы, онда өзгеше рухани шындықтың белгілері мен нұсқалары берілген. Барлық мәдениет, тіпті материалдық болса да – рух мәдениеті: көрінген мәдениеттің рухани негізі бар, ол рухтың табиғат стихияларына бағытталған шығармашылық жұмысының нәтижесі. Бірақ мәдениеттің өзінде осы діни және рухани негіздерді бөлшектеуге, символдарды жоюға бағытталған тенденциялар бар. Антикалық және батыс еуропалық мәдениеттер «ағартушылық» үрдістен өтті, онда діни ақиқаттардан арылу, мәдениеттің символдарын ыдырату жүрді. Мұнда мәдениеттің тағдырдан қаша алмайтын диалектикасы байқалады. Мәдениетке, белгілі-бір кезеңінде, өзінің негіздеріне күмән келтіріп, оны бөлшектеу тән. Сөйтіп ол өзінің өмірлік бастауларынан бөлініп өз өлімін дайындайды. Өз рухын жоғалтып, энергиясын шашыратып алады. «Органикалық» сатысынан ол «сыншылдық» сатыға өтеді.

Мәдениет тірі үрдіс, тірі халықтардың тағдыры. Бірақ мәдениет өзінің гүлденген кезеңіндегі орталық биіктік деңгейінде сақтала алмайды, оның тұрақтылығы мәңгі емес. Мәдениеттің барлық тарихи типтерінде үзіліс, кері кету байқалады, осы қашып құтыла алмайтын күйге өту жағдайын «мәдениетті» деп атай алмайсың. Мәдениеттің өз ішінде жаңа «өмірге», билік пен қуаттылыққа, практикаға, бақыт пен рахаттылыққа аса зор ынтық-жігер байқалады. Не болса да билікке жету еркі – мәдениеттегі өркениеттілік бастама, тенденция. Мәдениет өзінің жоғарғы жетістіктерінде еш пайда іздемейді, ол өркениетке әрқашан мүдделі. «Ағартушылық» ақыл-ой «өмірді» пайдалану, «өмірмен» рахаттану жолындағы рухани кедергілерді

ысырып тастағаннан кейін, билік және өмірді ұйымдастырып игеру еркі өзінің жоғарғы күйіне жетеді, мәдениет тоқтап өркениет басталады. Өркениет – мәдениеттен, тікелей қабылдаудан, құндылық шығармашылығынан «өмірдің» өзінен «өмірді» іздеуге, «өмірді ұйымдастыруға», оның ағымына еріп өмір күшіне ынтығуға өту. Мәдениетте утилитарлық, «нақтылы», яғни өркениеттік қисаю байқалады.

Өркениет мәдениетке қарама-қарсы болғандықтан негізінде діншіл емес, «ағартушылық» ақыл жеңіске жетеді, ақылдың өзі де абстракциялық емес, прагматикалық. Ол символдық бағынышты қатынаста үйлесімді де емес. Өркениет – нақтылық, демократиялық, механикалық, ол басқа рухани дүниенің символын, белгілерін қажет етпей, нақтылы өмірге бағытталады. Мұнда жекенің шығармашылығы ысырылады, өзіндік ерекшелігі жойылады. Жеке адам тек мәдениетте ашылып көрінген, «өмір» қызығы мен күші кісілікті құртады. Өркениет адам бостандығын мақсат тұта отырып жекенің қайталанбастығын жоқ етеді. Тарих парадоксы осында.

Мәдениеттің өркениетке өтуі адамның табиғатқа қатынасының түбегейлі өзгеруімен байланысты. Өркениет дәуірі адам өміріне машинаның жеңіспен енуінен басталды. Өмір табиғатпен үйлесімділігін жоғалтады, олардың ырғақтары сәйкес келмейді. Адам мен табиғат аралығында табиғатты бағындыруға арналған құралдардың жасанды ортасы пайда болады. Мұнда билікке ұмтылу, ортағасырлық аскеттік санаға қарсы өмірді нақтылы пайдалану көрініс табады. Табиғатты бақылаудан адам оны игеруге көшеді, өмірді ұйымдастыруға, күшін өсіруге ұмтылады. Бұл адамды табиғатқа, оның ішкі дүниесіне, рухына жақындатпайды. Ол табиғаттан техникалық игеру үрдісінде мүлдем бөлінеді. Ұйымдастырушылық үйлесімділікті өлтіреді, өмір техникалыққа айнала береді. Машина өз бейнесін адам рухына, барлық іс-әрекетіне көшіреді. Өркениет табиғи және рухани негіздердің орнына машиналыққа көп сүйенеді. Осы техникалық рухты, организмді жеңеді. Өркениетте ойлаудың өзі техникалыққа айналады, барлық шығармашылық пен өнер техникалық сипатқа ие болады, мәдениеттің символдық өнері құрылады. «Ғылыми» философия идеясының өзі өркениеттің қуаттылыққа ұмтылу еркінің туындысы, ол күш беретін әдістерді табудан шығады. Мұнда мәдениеттің рухани тұтастығын мамандану жеңеді, бар жерде мамандықты қажет етеді.

Машина мен техника мәдениет ақылының жемісі ұлы жаңалықты ашудың нәтижесі. Бірақ мәдениеттің бұл жемістері оның біртұтастың негізін шайқалтады, рухын азайта береді. Сапа санмен алмастырылады.

Таным, ғылым үстемдік пен бақытқа ұмтылу еркінің құралына, өмір техникасының билігіне, өмір үрдісімен рахаттанудың ерекше қаруына айналады. Өмір де өмір техникасы мен оны ұйымдастырудың әшекейіне баланады. Храм, ғимараттармен байланысқан мәдениеттің сұлулықтары мұражайларға көшеді, олар мәйіттің ғана сұлулықтары, Өркениет – мұражайлық, оны өткенмен тек осы байланыстырады. Мәні жоқ өмірге табыну басталады. Ешнәрсенің де өзіндік құндылығы қалмайды. Өмірдің ешбір сәті, еш күйзелісінің тереңдігі жоқ, ол мәңгілікпен қабыспаған, ол тек мәнсіз мәңгілікке ұмтылған өмір үрдісінің құралы ғана. Қарқыны үдеген өркениеттің тарихы мен мәңгілікке жолы жоқ, тек «болашағы» бар, ал мәдениет әрқашан мәңгілікті табуға талпынған.

Өркениеттің осы үдемелі дамуы, тек болашаққа ұмтылуы машина мен техниканың туындысы. Организм өмірі баяулау. Өркениетте өмір ішкі дүниеден сыртқа бағытталады, өмірдің мақсаты өмір құралдарымен алмастырылады. Өмір мақсаттары қияли саналады, құралдар нақтылық болып есептеледі. Техника, ұйымдасу, өндіріс – нақтылық, ал рухани мәдениет нақтылық емес. Яғни мәдениет өмір техникасының тек құралы ғана. Бәрі «өмір» үшін, оның күші мен ұйымдасуына, рахаттылығына бағытталған. «Өмірдің» өзі не үшін керек, оның мақсаты мен мәні бар ма? – сұрақтары ұмытылады. Осыдан мәдениеттің жаны өледі, мәні өтеді. Машина адамды магиялық билігімен орап алды.

Өркениетті жәй жоққа шығару, машинаға жәй романтикалық қарсы шығу нәтиже бермейді. Мәдениетті тек жаңғырту да мүмкін емес. Мәдениет әрқашан романтикалық, ал соңғысы мәңгілікке ұмтылудың нәтижесі. Бұл толық мәнінде тек жан-жақты үйлесімділікті қамтамасыз ететін дінде беріледі. Көптеген елдердің дінге бет бұруы кездейсоқтық, уақытша құбылыс емес, ол біржақты, прагматикалық, машиналық «өмірден» шаршағандықтың белгісі. Бұған ғылыми білімнің шектеулі екенін, үзіліссіз қозғалысты, өмірді бөлшектеп өлтіріп, бөлшектерін кейін механикалық жолмен қайта қосатынын, яғни нақтылы дүниенің толық бейнесін бермей өлі схемасын (кестесін) ғана қарастыратынын, табиғаттың, тіршіліктің шексіз көп құпияларын аша алмайтынын қоссақ,

діннің мәні әлі де ұзақ уақыт жоғалмайтынын байқаймыз. Оның этиканың, ал өнеге – моральдың, мәдениеттің ең басты тұтқасы екенін ескерсек, дін нақты білімді жинақтайтын ғылым сияқты адамзаттың мәңгі бір тірегі екенін дәлелдей аламыз. Мәдениеттің күйреуін тоқтататын нақтылы жол біреу-ақ, ол – діни жаңару, оны ғылыммен үйлестіру жолы.

Әлемнің барлық халықтары сияқты біз де мәдениетке құштармыз, біздің де өркениет сатысынан өтуіміз керек. Бірақ Шығыс мәдениетінің барлық жетістіктерін бойымызға жинай білген біздің халық ешқашан батыстың өркениетіндегі табиғатты бағындыруды (ол үшін сол жердегі ұлттарды да бағындыру) өзара ғана емес, олармен де соғысу, қанағатсыздық, біржақты ойлау дәстүрімен ғылым мен дінді тікелей қарсы қоюды, жалаң прагматизмді т.б. толық қабылдай алмайды. Еуроөлгі, соның негізіндегі жаһандану мәдениет және өркениет қатынасын түсінбеген атеист-коммунист, технократ-бюрократтардың ғана ұраны – бұл уақытша, өткінші бұрмалаулар. Бірақ олардың тасасында жасырын саяси ұйымдардың, мәдениеттің тек белгілерін қабылдаған бар. Абайдың «Адам бол!» – деп бір сөзбен шығыс мәдениетінің өзіндік тәрбиеге бірінші қатардан орын беруін қорытындылағанын ұқпаған шала адамдардың (мәдениет – өңдеу, яғни табиғилықтан, биоцаннан асып, өңделіп, рухани, қоғамдық жанға айналу), тән мен нәпсінің құлдарының әлі де алда көп екенін ұмытпағанымыз жөн.

Қазіргі уақытта инновациялық үрдіс қоғам өмірінің саяси, экономикалық, мәдени, ғылыми салаларында көптеп кездесуде. Мәдениеттегі инновациялық үрдісінің алғышарттарын анықтаудан бұрын «инновация» сөзінің түптамбырын және мән-мағынасын ашып алу қажет. Қазіргі уақытта бірқатар әдебиеттерде бұл сөздің анықтамалары беріледі. Шыныменде, «инновация» терминінің анықтамалары көп. Алдымен, оған сөздіктер қандай түсінік беретінін қарастыралық. Ағылшын-орыс сөздігінде былай жазылған: «инновация – бұл жаңалықтың енгізілуі, өзгеріс, жаңалық». «Инновация» термині көп жағдайда ғылыммен және техникамен байланыстырылады. Бизнестің түсіндірмелі үлкен сөздігі «инновация» терминімен «жаңалық» терминін байланыстырады және инновацияны зерттеу нәтижесінде туған жаңалықтарды нарық аумағына жеткізу процесімен қатар қояды. Сонымен қатар, «жаңалық» деп жаңа өнімдерді өндірудің жаңа тәсілдері мен техникаларын ашудың факті ретінде түсінеді.

«Инновация» термині «innovus» (novus – жаңа, innovare – жаңаны жасау) латын сөзінен шыққан, ол «жаңару» немесе «жақсару» деген мағыналарды береді. Сонымен қатар, бұл терминнің кең мән-мағынасын Оксфордтың түсіндірме сөздігі былай деп береді: «конструктық әрекетте, өндірісте және тауарды өткізуде қандай да бір жаңа ыңғайлар, нәтижесінде, инноватор немесе оның компаниясы бәсекелестеріне қарағанда белгілі бір артықшылықтарға ие болады. Патенттерді пайдалана отырып, жетістіктерге қол жеткізген новатор уақытша монополияны қамтамасыз етеді, бірақ та, кей жағдайларда оның бәсекелестері басқа пайдалы нарыққа шығуға мүмкіндіктерді іздейді. Кейбір компаниялар қалыптасып қалған сұранысқа бағытталған жаңа өнімдерді шығара бастайды, ал екінші біреулері жаңа нарықтарды қалыптастыратын технологиялық жаңалықтарды ойлап табады» [6, 53 б.].

«Инновация» терминін жаңа экономикалық категория ретінде ХХ ғасырдың бірінші онжылдығында ғылымға енгізген австриялық (кейіннен американдық) ғалым Йозеф Алоиз Шумпетер (J.A. Schumpeter, 1883-1950) болатын. Ол өзінің «Экономикалық даму теориясы» (1911) деген еңбегінде алғаш рет дамудағы өзгерістердің жаңа топтамасы (яғни, инновация мәселелерін) мәселесін қарастыра отырып, инновациялық процестің толық бейнесін берді [7, 83 б.]. Сөйтіп, Й. Шумпетер дамудағы бес өзгерістерді атап көрсетті:

1) жаңа техниканың, технологиялық үдерістердің пайдалануы немесе өндірістің жаңа нарығын қамтамасыз етілуі;

2) жаңа қасиеттерге ие өнімдердің енгізілуі;

3) жаңа шикізаттың пайдалануы;

4) өндірісті ұйымдастыруда және оның материалды-техникалық қамтамасыз етуде өзгерістің болуы;

5) жаңа нарықтың пайда болуы.

«Инновация» терминінің өзін Й. Шумпетер ХХ ғасырдың отызыншы жылдарында пайдалана бастады. Ол инновация деп тұтынушылық тауарлардың жаңа түрлерін, жаңа өндірістік, транспорттық құралдар мен нарығын, өндірісті ұйымдастырудың жаңа түрлерін енгізу және қолдану мақсатындағы өзгерістерді түсінген болатын. Й. Шумпетердің ойы бойынша, инновация пайданың басты қайнары болып табылады: «пайда, табиғатынан, жаңа топтамаларды орындаудың нәтижесі болып табылады», «дамусыз пайда жоқ, пайдасыз даму жоқ».

Негізінде, инновация тек экономика ғылым саласында ғана емес, сонымен қатар, қоғамның басқа да салаларында әрекет етеді. Мысалы, адамдар өмірінде саяси қарым-қатынастар, өнер, қоршаған ортаны сақтау мәселелері, мәдениаралық қарым-қатынастар және т.б. инновациялық туындылар дүниеге келіп жатады.

«Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша сөздігінде» инновация терминіне мынадай анықтама берілген: «Инновация (ағылшынша «innovation» – жаңалық, жаңа енгізулер, латын тілінен innovation – жаңғырту, жанарту) бірнеше мағыналарды береді.

1) техника мен технологияның заман талабына сай ауысуын қамтамасыз ететін экономикаға қаражаттың құйылуы;

2) ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерінің нәтижесі болып табылатын жаңа техника мен технология;

3) жаңа идеялардың дүниеге келуі, жаңа теориялар мен модельдердің қалыптасуы және олардың қоғам өмірінде қызмет етуі;

4) морфологияда жаңадан қалыптасқан құбылыс» [8, 198 б.].

Осы сөздіктерде берілген анықтамаларға негізделі отырып, инновациялар – бұл әлеуметтік-мәдени өзгерістер үшін қажетті алғышарттарды тудыратын жаңа технологиялар мен жаңа мінез әрекеттерді қалыптастыру механизмі деп ой тұжырымдалық. Қоғамның бейімделуге деген қабілеттілігі, яғни адам баласына және адамзатқа қиындық туғызатын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілігі, тарихи тұрғыда аса маңызды рольге ие емес, бірақ та адам баласы мәдениетінде шынайы өмірді көрсететін, әрекеттерді тасымалдайтын және жаңалықтың элементтерін ендіретін рәсім, ойын процестерінде және тағы да басқа әрекеттерде туындайды. Инновация адам баласының шығармашылыққа деген қабілеттілігіне және осы шығармашылық нәтижелерін қауымдастықтың қабылдап алу немесе бейімдеп алу мүмкіндігіне тәуелді болады.

Кейбір мәдениеттер қоғамның дәстүрлігіне және инновацияның қолдауына ие болады. Индивидтің санасында туындайтын жаңа идеялар қоғамда кең қолданысқа ие болып жатады, ал мұның өзі әлеуметтік-мәдени өзгерістер үшін мүмкіндік туғызады. Тарату, қабылдау немесе қабылдап алмау, модификация процестерінің өзі шығармашылықты-инновациялық процестер болып табылады. Дәстүр мен инновация арасындағы ара қатынас адамзат қауымдастығының бейімделу стратегиясының дамуын

анықтайтын тарихи жағдайларға және шарттарға байланысты болады.

Адамдық мәдениет он мың жыл ішінде тас балтадан ғарышты игеру жолын өтті. Мәдениет ешқашанда бір орында тұрған емес: дүниеге келді, дамыды, бір аймақтан екінші бір аймаққа таралды, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып беріліп отырды; әр уақытта материалды және рухани өнімдермен толықтырылып отырады. Мәдени өзгерудің көптеген түрлері мәдениет антропологиясында «мәдениет динамикасы» ұғымымен анықталады. Ал «мәдениет динамикасы» деп сыртқы және ішкі себептер әсерімен жүретін адам баласындағы және мәдениеттегі өзгерістердің барлық түрлерін түсінуге болады.

Өз кезегінде өзгеріс мәдениеттің ажырамас бір бөлігі болып табылады, оның құрамында мәдениет құбылыстарының ішкі трансформациясы (олардың уақыт аралықтарында өзгеруі) және сыртқы өзгерістер (өзара әрекеттесу, кеңістікте орын ауыстыру және т.б.) бар. Осыған байланысты мәдениеттің бірсызықты, қалыпты қозғалысы жүреді, яғни бір күйден екінші бір күйге ауысу процесі жүреді.

Сыртқы өзгерістер бар мәдени қалыптардың кеңеюі арқылы да, жаңа сапалы мәдениет формалардың дүниеге келуі арқылы да өздерін көрсетеді. Бұл кезде мәдениеттегі өзгерістер белсенділік түрінде немесе баяу қозғалыс түрінде жүреді және олар мәдениет динамикасындағы «темп» пен «ритмде» өз бейнесін табады.

Мәдени өзгеріс процесінде мәдени тәжірибенің әр түрлі элементтері дүниеге келіп, қалыптасып және кең таралады. Мәдениет антропологиясы мәдениет динамикасының келесі бір бастауларын айрықша атайды:

- 1) инновация;
- 2) мәдени мұраға бет бұру, еске алу;
- 3) өзгеден алу;
- 4) мәдени диффузия.

Инновация дегеніміз, жоғарыда айтылғандай, жаңа бейнелер, рәміздер, ережелер жүйелері, адам баласының өмір өзгертуге бағытталған іс-әрекеттердің жаңа түрлері; ойлау жүйесінің немесе дүниетанымның жаңа түрінің қалыптасуы. Инновацияның дүниеге келу себептерінің бірі – бұл белгілі бір индивидтердің, топтың үстемдік етіп отырған мәдени құндылықтарды, регулятивті ережелерді, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды қабылдамауы және мәдени-әлеуметтік тұрғыдан оларды көрсететін ерекше жолдарды іздеу. Ал мұның өзі инновация тек дәстүрлі мәдениеттерде ғана емес, сонымен қатар, модернизациялық мәдениеттерде де болатынын көрсетеді.

Бұқаралық деңгейдегі мәдени инновацияның туғызушылары кей кездерде өзге мемлекеттің немесе өзге әлеуметтік-мәдени органың өкілдері болып табылады.

Мәдени өзара әрекет ету – бұл мәдени «контакт», ол ешқандай әсерсіз, өзгеріссіз болуы мүмкін немесе бір-бірімен мәдени сұхбатқа түскен мәдениеттердің бір жақты әлде екі жақты өзгеріске ұшырауы мүмкін. Мәдени сұхбат тек ұлттар арасында ғана жүрмейді, ол тіпті жеке адамдар арасында да жүреді. Мәдени сұхбат процесінің нәтижесі позитивті немесе негативті болады, ол әрине қабылдаушы институт құрылымы мен тектілігіне де байланысты.

Адамзаттың барлық тарихы – бұл сұхбат процесі нәтижесінде болатын оқиғалар. Сұхбат біздің өміріміздің барлық салаларын қамтиды. Сұхбат арқылы адамзат бір-бірімен бір мәмлеге келіп, өзара тығыз байланыста дамиды. Өзара түсіністік негізінде әлемдік үйлесімділік (яғни, ұлттар, халықтар, мемлекеттер, этностар арасында) қалыптасады. Мәдениеттердің өзара әрекет ету процестері әлдеқайда күрделірек, бұл жерде бір мәдениеттен екінші бір мәдениетке жай ғана тасымалдану процесі жүрмейді. Қазіргі уақытта жаһандану процесінің қарқынды адым алып, дамып келе жатқан уақытта мәдениеттің шекаралары, оның өзегі мен «перифериялары» туралы мәселелер белсенді түрде зерттелініп отыр. Мысалы, Н. Данилевский бойынша, мәдениеттер бір-бірінен окшауланып дамиды және алғашқы кездерде олар бір-біріне қарама-қарсы келеді. Осы барлық айырмашылықтар негізінде, Н. Данилевский «халық рухын» көрді. «Сұхбат – бұл мәдениетпен тығыз қарым-қатынаста болу, оның жетістіктерін жүзеге асыру және қайта өндіру, өзге мәдениеттердің құндылықтарын табу және түсіну, осы құндылықтарды селекциялық жолмен бойға сіңіру, мемлекеттер мен этникалық топтар арасындағы саяси қырғи-қабақты бейбітшілік жолмен шешу. Сұхбат – ақиқатты ғылыми іздеудің және өнердегі шығармашылық процестің қажетті шарты. Сұхбат – бұл өзіңнің «Меніңді» түсіну және өзгелермен сұхбаттасу» [9, 74-75 бб.].

Сұхбат мәдениеттің көп қырлы және көп сырлы болуына негіз болады. Осындай позицияны неміс философы, ағартушы Иоганн Готфрид Гердер (1744-1803) ұстанады – «мәдениеттердің өзара әрекет етуі мәдени көптүрлілікті сақтап қалудың амалы. Мәдени окшауланушылық мәдениеттің құлдырауына алып келеді. Бірақ, мәдени өзгерістер мәдениеттің «ядросына» ешқандай әсер тигізбеуі тиіс» [10, 76 б.].

Қазіргі таңдағы әлемдік мәдениеттер бірқатар және ұзақ мерзімді алған мәдени өзара әрекеттердің нәтижесінде қалыптасты.

Тарихи тұрғыдан қараған кезде, сұхбат әр уақыт кезеңінде ғылыми парадигмалардың ауысуының куәгері болып табылады. Мысалы, антика дәуірінде мәдени сұхбаттың пайда болуы, мифтік сананың орнына философиялық-дискурстік сыни сана келді. Қайта өрлеу дәуіріндегі сұхбат жаңа парадигманы (антропоцентризм, гуманизм) және сананың жаңа түрін (адам баласының бұл өмірдегі мәртебесінің жоғарылауы) қалыптастырды. Қазіргі мәдениет те мәдениеттегі адам баласы болмысының жаңа түріне ауыса бастады. Яғни, ХХІ ғасырда мәдениет өмірдің барлық салаларында болып жатқан адам баласы болмысының «эпицентріне» көше бастады.

Мәдениеттер сұхбаты кезінде әр ұлттық мәдениет өз өзгешілігін сақтап қалу мәселесі туындайтыны белгілі – бұл заңдылықты құбылыс. Мұндай құбылыс өзгемен сұхбаттасуға ынта-жігері бар және өз табиғатын жоғалтқысы келмейтін «жаны тірі» мәдениетке тән.

Диалектика тұрғысынан дамитын әрбір процесс тәрізді мәдениет феномені тұрақты және дамитын (жаңашылдық) белгілерге ие. Мәдениеттің тұрақты белгісі – бұл мәдени дәстүр. Яғни, осы мәдени дәстүр арқылы тарихта адамзат тәжірибелері жиналады және ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Және әрбір жаңа ұрпақ ата-бабалары жинақтап қалдырып кеткен тәжірибелерге өз іс-әрекеттерінде сүйеніп осы тәжірибе, үлгі-өнегелердің, маңыздылығын арттыра түседі.

Дәстүрді қадірлеп ұстанатын қоғамда мәдениетті игеру кезінде осы мәдениеттің үлгілері қайта жаңғыртылады, тіпті, қандай да бір өзгерістерді енгізсе де, тек дәстүр шеңберіне сай қасиеттерді енгізеді. Дәстүр негізінде мәдениет өз қызметін атқарады. Дәстүрдің маңыздылығы, тіпті, шығармашылық маңыздылығынан да жоғары, сонда, шығармашылық дегеніміз адам баласының өзін мәдениет субъектісі ретінде қалыптастыруы болып табылады, ал мәдениеттің өзі – материалды және идеалды объектілерге толы әрекеттердің дайын және стереотипті бағдарламалар жинағы. Стереотипті бағдарламалар – бұл салт-дәстүрлер, рәсімдер және т.б. Бағдарламалардағы өзгерістердің өзі өте баяу жүреді. Осылай алғашқы қауымдық қоғамда және дәстүрлі мәдениеттің соңғы кезеңдерінде болады.

Бұндай тұрақты мәдени дәстүр белгілі бір жағдайларда адамдар тобының өмір сүруі үшін

қажет. Ал, егер қандай да бір қоғам гипертрофиялық (шамадан тыс жоғарылату) дәстүрліктен бас тартып, мәдениеттің динамикалық түрлерін ары қарай дамытса, онда адамдар мәдени дәстүрлерден мүлдем бас тарта алады деген сөз емес. Ешбір жеке адам, халық және мемлекет мәдениеті дәстүрсіз өмір сүре алмайды.

Мәдени дәстүр тарихи естелік ретінде мәдениеттің өмір сүру шарты ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің дамуына ықпал жасайтын жағдай. Жаңа заман мәдениетін диалектика жолымен теріске немесе жоққа шығара отырып, «ескі» мәдениеттің жақсы деген қасиеттерін сараптап, зерттеп өз бойына сіңіреді. Бұл процесс – қалыпты процесс, яғни мәдениет саласында әрекет ететін және аса маңызды мәнге ие дамудың жалпы заңы болып табылады.

Мәдениеттегі дәстүрлер және мәдени мұраларға деген қарым-қатынас мәдениеттің тек сақталуына ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттің ары қарай дамуына да септігін тигізеді, яғни «ескіні» ескере отырып, жаңа мәдениетті шығармашылық әрекет барысында қалыптастыру. Дегенмен, шығармашылық процестің өзі шығармашылық әрекет субъектісі арқылы жүзеге асады. Бірақ, тағы бір айтар жайт – барлық новаторлық (жаңашылдық) дүние мәдениет шығармашылығы емес. Әрбір мәдениет шығармасы ерекшелік немесе өзгешелікпен тығыз байланысты. Әрбір мәдени құндылықтар бір-бірін қайталамайды (көркем шығармалар, әрбір мәдени жаңалық, т.б.). Әлемге мәлім болған мәдени дүниені әр түрлі пішінде шығару – бұл мәдениетті пайымдау нәтижесі емес, керісінше, тарату болып табылады. Бірақ мұның өзі де қажет, өйткені қоғамдағы мәдениеттің қызмет ету процесіне адамдарды әрекет етуге араластырады. Ал мәдениет шығармашылығы адам баласының мәдениетті пайымдау әрекетінің тарихи даму процесінің құрамында міндетті түрде жаңаның болуын талап етеді, сөйтіп, ол инновацияның қайнар көзі болып табылады. Жаңа дүниенің барлығы мәдениет құбылысы емес және мәдени процестің құрамындағы барлық жаңалықтар мәдениеттің гуманистік күштеріне жауап беретін және алдыңғы қатарлы болып табылмайды. Мәдениетте прогрессивті және реакциялық (жауап қайтару) үрдістер бар. Мәдениет дамуы – қарама-қайшылықты процесс, мұнда белгілі бір тарихи кезеңнің әлеуметтік таптық, ұлттық мүдделерінің қарама-қарсылығы көрінеді. Мәдениетте алдыңғы қатарлы және прогрессивті нышанды бекіту үшін күресу керек.

Әрбір ұлт мәдениетінде жалпы адамзаттық ұнамдылық принциптеріне негізделген консервативті дәстүрлер еркін жеке тұлғалық рухани ізденіспен бірлесіп, үйлесімділікті құраса, осы мәдениеттің қайталанбас ерекшеліктері сақталады. Ұлт мәдениеті оқшауланып өмір сүруі тиіс емес, оған сұхбат және жалғастық қажет. Мәдениет сұхбаты көлденеңнен (бұл жерде, яғни бір уақыттық кеңістікте сұхбат, өзара ықпал ету, өзара ену процестері жүреді) де, тігінен (өткен уақыт осы шаққа және болашақ уақытқа тәжірибе, сабақ ретінде қызмет етеді) де жүреді.

Өзгеріс мәдениеттің бөлінбес ерекшелігі болып есептелінеді және оның бойында мәдени құбылыстардың ішкі «трансформациялық» өзгерістер (белгілі бір уақыт аралығында олардың өзгеруі) мен сыртқы өзгерістер (өзара әрекет ету, кеңістікте орын ауыстыру, т.б.) болады. Осыған байланысты мәдениеттің біртіндеп жүретін қозғалыс және бір күйден екінші бір күйге ауысу процестері жүреді.

Сыртқы өзгерістер бар мәдени қалыптардың кеңеюі арқылы және сапасы жағынан жаңарған мәдени қалыптардың пайда болуымен көрінеді. Осы арқылы өзгеріс мәдениетте мәдениет динамикасы «темпте» және «ритмде» көрінетін белсенділік пен баяулау түрінде жүреді.

Қорытынды

Мәдени өзгеріс, процесс мәдени тәжірибенің әр түрлі элементтерінен туындайды, бекітіледі және таратылады. Бұл элементтердің мәні, ықпалы және дәрежесі көбінесе олардың пайда болу қайнар көздеріне байланысты. Мәдени антропологияда мәдени динамиканың келесі қайнар көздерін атап көрсетуге болады: инновация, мәдени мұраға бет бұру, қабылдап алушылық, мәдени диффузия.

Инновация деп адамдар өміріндегі жағдайларды, ойлау жүйесінің немесе дүниені қабылдаудың жаңа түрін қалыптастыруға бағытталған кейіптердің, рәміздердің, әдеп-ғұрып ережелерінің, іс-әрекеттердің жаңа түрлерін шығару және қалыптастыру процесінің нәтижесін айтуға болады.

Жаңашылдықтың пайда болу себептерінің бірі – белгілі бір жеке адамдардың немесе топтардың басқарушы позицияны алып отырған мәдени құндылықтарды, тиянақтаушы ережелерді, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, әдеп ережелерін қабылдамауы, осының салдарынан өзінің жеке мәдени және әлеуметтік институттарын ішкі рухани әлеміне бейімдеп, қалыптастырады.

Ал бұның өзі инновациялар дәстүрлі мәдениеттерде және қазіргі уақыт (модерндік) мәдениеттерінде пайда болады дегенді білдіреді. Бұқаралық деңгейде мәдени инновацияның тудырушылары көп жағдайларда белгілі бір қоғамға гетероген болып табылатын басқа бір әлеуметтік-мәдени ортаның немесе басқа бір мемлекеттің өкілдері болады.

Қандай да бір инновацияның шығу тарихы мәдени шынайылықта немесе тіршілік етіп отырған мәдени әрекетте абыройлы орынға ие бола алмаған қоғамның белгілі бір өкілдері осы новациялардың тасымалдаушылары болып табылады.

Мәдениеттегі инновациялық үрдістің себебі – өндірістік құрал-жабдықтар әр бір-екі жыл сайын өзгеріп отырады. Бұған (яғни, өзгеріске) күш беретін – өндірістің және қоғамның барлық іс-әрекеттерінде ақпараттың кең көлемділігі. Ал өндірістің жаңаруы мен тиімділігінің жоғарылауына адам баласы, оның білімі, тәжірибесі, қабілеті, шығармашылық мүмкіндіктері өз ықпалын тигізеді.

Осыған байланысты қоғамдық ағза тез қарқынды трансформацияға ұшырайды.

Инновациялық пен дәстүрлілік өндіріс, ғылым, техника, мәдениет, экономика, өнер, т.б. дамуында өзара байланысқан жүйелер болып табылады. Мәдениеттанудың кең контекстінде дәстүрді қандай да бір дамудың қажетті шарты деп қарастыру қажет. Дәстүрін, өзінің тарихи ескерткішін жоғалтқан қоғам деградацияға ұшырайды. Өйткені ұрпақтар арасындағы байланыс үзіледі және үлкен әлеуметтік ортада маргинализация процесі, сонымен қатар, басқа да деструктивті процестер жүреді. Екінші жағынан, қоғам өзгермей өмір сүре алмайды. Сонымен, жалғастықтың жалпы мәдени принципінде инновациялық пен дәстүрліктің бірлігі әлеуметтік прогрестің маңызды алғышарты болып табылады. Динамикалық түрде өзгеретін бірлікте келесі тізбек қатарына, әдеттегі, қазіргі (қазіргі ғылым, қазіргі техника, қазіргі экономика, қазіргі саясат және т.б.) деп атайтын мәдениеттің элементтері кіреді.

Инновациялық мәдениеттің негізгі мақсаты – ескі (өткен шақ, «классика»), қазіргі (осы шақ, «модерн») және жаңа (болашақ, «футур») арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыру және оны сақтау. Инновациялық қабылдау ескі, қазіргі және жаңадан алатыны тең көлемді болмағандықтан, кей кездері, ескінің бөлінуіне, қазіргінің мобильденуіне және жаңаның экспансиясына түрткі болады. Әрбір ұлт, халық,

қоғам, жеке адам мәдениеті өзгешелігін осы үштіктің өзара тәуелділігі қамтамасыз етеді.

Америкалық философ және әлеуметтанушы Р. Мертонның пікірі бойынша, мәдениет құрамында тұрақты және өзгермелі қасиеттер бар. Мәдениеттің тұрақтылығын және инерттілігін қамтамасыз ететін – бұл дәстүр. Дәстүр – бұл ұрпақтан ұрпаққа өзгермей, сол қалпында беріліп отыратын мәдени мұра (идеялар, құндылықтар, әдет-ғұрып, рәсімдер, т.б.) элементтері [11, 176 б.]. Дәстүр мәдениеттің барлық формаларында бар, мысалы, ғылыми дәстүр, діни дәстүр, ұлттық дәстүр, еңбек дәстүрі, ұнамдылық дәстүрі және т.б. Осы дәстүрлердің арқасында жас буын ештеңені де ойлап таппай, адамзат тәжірибесі арқылы қол жеткізген, уақыт илегінен өткен же-

тістіктерді игеріп, оларды ары қарай позитивті түрде дамытуы қажет.

Қорытындылай келе, дәстүрлер жүйесі қоғамдық организмнің тұтастығын, тұрақтылығын, табандылығын бейнелейді. Ол жүйеге дәрекілікпен араласудың қажеті жоқ, өйтпеген жағдайда бұл жүйенің үйлесімділігін бұзып, мәдениеттің маңызды механизмдерін зақымдайды, сөйтіп, жүйені ауруға ұшыратады.

Мәдениет жаңармай өмір сүре алмайды. Өзгеріс және шығармашылық қоғам дамуының екінші бір жағы болып табылады. Жаңашылдық (инновация) мәдениеттің жаңару тәсілі. Дәстүрлік пен жаңашылдықтың бірлігі әрбір мәдениеттің әмбебапты мінездемесін қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

- 1 Тайлор Э. Первобытная культура. – М., 1969. – 765 б.
- 2 Бердяев Н.А. Смысл истории. – М., 2002. – 169 б.
- 3 Кокалып З. Түрікшілдіктің негіздері. – Алматы: Мерей, 2000. – 128 б.
- 4 Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті // Мәдениет – Ұлттың бол-мысы: Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 1998. – 212 б.
- 5 Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 369 б.
- 6 Тимофеев Т.Т. Парадигмы глобализации // Диллемы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. – М.: «Вариант», 2002. – С.35-36.
- 7 Шумпетер Й.А. Экономикалық даму теориясы. – Австрия, 1911. – 579 б.
- 8 Белло У. Глобализация и цивилизации // Диллемы глобализации. Социумы и цивилизации: иллюзии и риски. – М.: Вариант, 2002. – С.33-349.
- 9 Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М.: Наука, 1977. – 703 с.
- 10 Черняк Е.Б. Цивилиография. – М.: Международное отношения, 1996. – 384 с.
- 11 Грушевицкая Т.Г. Инкультурация и социализация Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.

References

1. Taylor E. Pervobytnaiakultura. – M., 1969. – 765 b.
2. Berdiyev N.A. Smylisturii. – M., 2002. – 169 b.
3. Kokalyp Z. Turikshildiktin negizderi. – Almaty: Merai, 2000. – 128 b.
4. S. Akatai. Kazaktyn ulttyk mentaliteti // Madeniet – Ulttyn bolmysy: Gylymi makalalar jinagy. – Almaty: 1998. – 212 b.
5. M.K. Kozybaev. Orkeniet jane ult. – Almaty: Sozdik, 2001. – 369 b.
6. Timofeev T.T. Paradigmy globalizatsii // Dellemy globalizatsii. Sosium I sivilizatsii I riski. – M.: «Variant», 2002. – S. 35-36.
7. I.A. Shumpeter. Ekonomikalykdamuteoriasy// Avstriyi: 1911. – 579 b.
8. Bello U. Globalizatsiyi I sivilizatsii // Dellemy globalizatsii. Sosium I sivilizatsii I riski. – M.: «Variant», 2002. – S. 33-349.
9. Gerder I.G. Idei k filosofii istorii chelovechestva. – M.: Nauka, 1977. – 703 s.
10. Chernyik E.B. Sibiliografiyi. – M.: Mejdunarodnootnosheniye, 1996. – 384 s.
11. Grushebiskaiyi T.G. Inkulturatsiyi I sosializatsiyi Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.

Gabitov T., Sariyeva A.

Comparative review of the kazakh and mongolian historical forms of image of women

During research of gender issue raises in the philosophical and cultural theoretical approach. Image of women in Kazakh culture and world perception is studied thoroughly from archetype analysis approach. In order to reveal contemporary Kazakh women symbolic signs and historical impacts it is analyzed Mongolian mythology, pre-Turkic and the ancient Kazakhs religious believes and further traditional Kazakh philosophy. In Kazakh traditional culture a woman was highly evaluated in a society as a person who give a birth, preserver of family's harmony, the one who educate coming generation, and the one who wishes all the good to all universe. By coming back to historical cultural pre-conditions of contemporary condition of Kazakh women we wanted revive traditional philosophical cultural sources in order to solve gender issue problems in current times. In order to find peculiar way, there should be made harmony between traditional world perception and contemporary spiritual directions.

Key words: symbol, feminism, love, Umai, beauty, gender, freedom, gentility, family, generation.

Ғабитов Т., Сариева А.

Ел бейнесінің қазақ және моңғол тарихи формаларының салыстырмалы талдауы

Әрине, отанына деген сүйіспеншілігі жоғары адамдар мен ғалымдар аудиториясы, кәсіпкерлер және тағы басқалары байқауға белсене қатысты. Әр қайсысы әртүрлі ұсыныстарын жасады. Біріншіден, «ұлттық бренд» дегеніміз не? деген сұрақ туындайды. Әрине бренд деген сөз сонау орта ғасырдан келе жатқан ұғым. «Бренд» сөзі ағылшын тілінен енген, «марка», «таңба» деп аударылады. «Бренд» сөзінің нақты анықтамасы жоқ. Қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда «бренд» сөзін «имидж», «бейне» сөздерімен байланыстырылады. Ал «брендинг» сөзі ХХІ ғасырда кеңінен қолданылып жүрген ұғымдардың бірі. Бренддинг – ол тауардың немесе қызметтің имиджін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралардың кешені. Қысқаша айтқанда, бренддинг – ол брендті басқару. Бренддингтің мақсаты брендтің нақты, анық бейнесін жасау және қарым-қатынас, байланыс бағыттарын қалыптастыру. Бренддингтің міндеті нарықты зерттеу, өнімді жайғастыру, (brand name) атын жасау, визуалды жүйелендіру мен вербалды сәйкестендіру, бренд идеясын бейнелейтін және тасымалдайтын сәйкестендіруші және коммуникациялық тасымалдаушыларды қолдану жұмыстарын атқарады.

ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап территория және сол территориядағы орналасқан құбылыстар мен заттар, табиғи процестер территорияның сұранысын қалыптастыратын құралдарға айналып отыр.

«Территорияны брендiлеу» ұғымы алғаш рет 1993 жылы Дональд Хайдердiң, Филипп Котлердiң, Ирвинг Рейннiң «Маркетинг территорий» атты кiтабында қолданылды. Бұл мамандардың айтуы бойынша «қазiргi заманда адамдар тұтынушы, ал территория – тауар» (Philip Kotler, 1999 : 63). Осы кезден бастап елдi, аймақты, қаланы және жекелеген территорияларды кәсiби жылжыту, танымал ету мәселесi басталады. Бұл елдiң, аймақтың, қаланың әлеуметтiк, экономикалық дамуы үшiн өте қолайлы iске айналды.

Осыған орай, американдық саясаткер, қоғам қайраткерi Саймон Анхольт 2002 жылы қолданысқа «Орын брендингi (Брендинг места)» ұғымын енгiздi. С. Анхольт бойынша территориялық брендинг жылжыту және алмасу актi болып саналады, бiрақ оны өзiндiк мақсат ретiнде ғана қарастырмау керек, оны елдiң немесе қаланың имиджiн және абыройын қалыптастырудың мүмкiндiгi ретiнде қарастыру керек (Anholt, S. 2009 : 106). Мақаланың мақсаты елдiң имиджiн жасауда, мәдени брендингтi қалыптастырудағы мұражайлардың рөлiн анықтау.

«Брендингтiң мәні тереңде, яғни қолда бар құралдардың барлығын қолдана отырып аймақ туралы әсер қалыптастыру. Осыған байланысты территорияны дамытудың парадигмалары өзгередi. Ескi модельдер жаңа заманның талаптарына жауап бермейдi. Аймақ әлеуметтiк-экономикалық қатынастың субъектiсiне айналады» (Якубова Т.Н. 2014: 484-488).

Халықтың орналасқан территориясы мен сол территорияда орналасқан материалды және рухани құндылықтар, тарихи-мәдени мұралар брендiлеу үрдiсiндегi суббрендтер болып табылады.

Қазақ даласындағы «киелi жердiң» ерекшелiктерi және мәдени практикалар

Белгiлi бiр территорияны немесе орынды қандай құбылыс қасиеттi етедi және брендке айналдырады? Steve Brie, Jenny Dagers және David Torevell қалалық кеңiстiктердi зерттеу барысында адамдардың шоғырланған жерлерiне барған. Үшеуiнiң бақылауы бойынша адамдар көбiнесе монастырлардың, шiркеулердiң қасына белгiлi бiр мерекелерде немесе басқа бiр рәсiмдердi орындауға жиi жиналады.

«Monasteries are self-evidently different from exhibition spaces. But any monastery shares with this exhibition the conscious aim of building a physical environment which mediates a series of meanings, a cultural framework which speaks both of the interior values and of the interpersonal

perspectives of the individuals who inhabit it. In the case of a monastery, this local culture, as we might term it, stands in contrast to culture which prevails in the society around it. In the Seeing Salvation exhibition, gallery visitors were invited to sojourn within such an alternative culture of a shorter or longer time, and the letters they wrote to the curator reflect the varying results of their stay»(Steve Brie 2009a : 10).

Steve Brie бойынша монастырь ерекше мәдениеттi қалыптастыратын орын. Сакралды кеңiстiктi iздеу жемiсi. Монастырь христиан халқы үшiн қасиеттi жер, бұл көрме кеңiстiгiнен әлде қайда өзгеше, кейбiр адамдар бұл жерге зиярет ету үшiн келiп жатса, екiншiлерi бұл жерге турист ретiнде өзге мәдениеттiң құндылығымен танысуға келедi. Ендеше киелi орындар тек құлшылық ету орны ғана емес, ол территорияны айқындайтын және мәдениеттiң ерекшелiгiн көрсететiн құндылық болып саналады.

Steve Brie, Jenny Dagers және David Torevell киелi орындарға барудың екi қырын көрсетедi: «Two aspects of this exhibition and the visitors responses to it strike me as important here: one is fact this was an event taking place in public, in a shared space where many individuals were able to participate together in an encounter with their environment, and with one another; the second is that is exhibition invited its visitors to enter the realm of the creative imagination, of symbolic memory and archetypal pattern. This was a public space where, as Mac Greger puts it, universal questions engage the intelligence of the heart, so that our “interior spaces” and the exterior space we inhabit achieve a degree of congruence»(Steve Brie 2009b : 10). Бiрiншiден, бұл белгiлi бiр құбылыстар өткiзiлетiн қоғамдық кеңiстiк ретiнде қарастырылса, ал екiншiден, адамдардың шығармашылық елесiн, символикалық және архетиптiк бейнесiн қалыптастыратын кеңiстiк ретiнде айқындалады.

Зерттеулерге сүйенетiн болсақ, «киелi жерлердi» үш категорияға бөлiп қарастыруға болады: бiрiншiсi – әртүрлi дiнмен байланысты адамдармен жасалған «қасиеттi орындар»; екiншiсi – табиғат факторларымен пайда болған – емдiк сулар, емдiк балшықтар, дольмендер және тағы басқалары. Үшiншi категориясы екi категорияның араласуынан пайда болған «киелi жерлер».

Қазақстан территориясында орналасқан киелi жерлер осы категорияларға сәйкес келедi.

2004 жылы Қазақстан Республикасының Президентi Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттiк

бағдарламасы аясында қазақтың тарихи-мәдени ескерткіштерін жаңғырту, дамыту істері жүзеге асырылды. Осы бағдарлама аясында мемлекеттік, әлемдік маңыздылығы бар киелі орындар мен киелі жерлер анықталып, қалпына келтірілген болатын. Мемлекеттік тұрғыда бекітілген киелі орындарға – Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Айша бибі кесенесі, Арыстанбаб кесенесі және т.с.с көптеген мазарлар мен кесенелер, мемориалды кешендер жатады.

Киелі жерлерге зиярет ету ғылыми тұрғыда «діни туризм» немесе «сакралды туризм» деп аталады. Қазақстанның төрт бұрышында да киелі жерлер мен қасиетті орындар көп. бірақ халық арасында үлкен сұранысқа ие болған ол – Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі киелі орындар. Өрқайсысына жеке тоқталып кетейін.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан мекені – кіші қажылық мекеніне айналды. Түркістанның тарихы өте бай. Ол Қазақ хандығының бірінші астанасы. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолының сауда орталығы мен округі болған. Қаланың ескі аты – Яссы. Бірақ қазір Түркістан қазақ даласының киелі аймағына айналды. Адамдар бұл мекенге рухани азық алу үшін, сауығу үшін, жан азабынан арылу үшін келеді.

Шын мәнінде Түркістанға баратын адамдар тобын екіге бөлуге болады: біріншісі – зиярет етушілер, олар Арыстанбаб, Қожа Ахмет Яссауи, Гаухар ана кесенелеріне табыну үшін; Бесік төбеге зиярет ету (*аңыз бойынша Бесік төбе құрсақ көтере алмай жүрген әйелдерге аналық қуаныш сыйлайды екен*); Қасиетті Құдықтан су алуға (*халықтың айтуы бойынша бұл Құдық ниеті түзу, жүрегі таза адамдарға ғана су береді екен*) барса, ал екінші топ адамдар тарихи ескерткіштерді көруге, тарихи мұраларды өз қолымен ұстауға, киелі орындармен, кесенелермен, ескерткіштермен байланысты аңыз-әңгімелерді тыңдауға, ата-баба ескерткіштеріне құрмет көрсетуге және рухани теңдік табуға барады.

Арыстан баб кесенесі. XX ғасыр басындағы сәулет ескерткіші, көне Отырар жеріндегі сәулет өнері ескерткіші. Арыстан баб Қазақ даласына мұсылман дінін таратушы Қожа Ахмет Яссауидің ұстазы болған. Кесене қабірдің басына салынған. Кесене дәлізханадан, мешіттен, құжыраханадан, азан шақыратын мұнарадан, т.с.с. жеке бөлмелерден құралған. Халық арасында «Арыстан бабта түне, Қожа Ахметтен тіле» деген сөз бар. Бұл сөздің дәлелі, Түркістан өңіріне зиярет етуге келген адамдар міндетті түрде Арыстанбаба кесенесінде түнеуге қалған.

Арыстан баба кесенесінің маңында құдық бар. Ол құдықтан тұзды су шығады. Сол тұзды судың емдік қасиеті зор деседі.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Орта Азия мен Қазақстандағы теңдессіз тарихи жәдігер. Бұл ғажайып сәулет өнерінің туындысы өз бойына ертеден келе жатқан жергілікті және Шығыс мұсылман құрылыс тәжірибесін жинақтаған бірегей ғимарат. Бұл ғажайып ғимарат Әулиелердің Сұлтаны Құл Қожа Ахмет Яссауиге зор құрмет ретінде, оған деген халықтың шексіз сүйіспеншілігіне орай, Әмір Темірдің бұйрығымен 1397 жылы салына бастаған.

«Мәдинада – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, ...» деп Әзірет Сұлтан ұлықтаған халқымыздың даналық сөзі Хақ Расулдың сүннетін бекем тұтып, Ислам Ақиқатын паш еткен, хал ілімі мен хикмет дәстүрін орнықтырған Яссауи бабамыздың Пайғамбарымызбен рухани жалғастығын, бүкіл мұсылман әлемінің өркендеуіне тың серпіліс берген діни, рухани ықпалын айғақтайды.

Қ.А. Яссауи сәулет ғимараты айқын, дәл әрі үйлесімді жоспармен салынған. Деректерде Әмір Темір кесененің салынуына бұйрық беріп, әрі жобасын жасауға да тікелей қатысқан. Қожа Ахмет Ясауи сәулет ғимараты – аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс. Оның ені – 46,5 м, ұзындығы – 65 м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені – 50 метрге жуық, порталдық аркасы – 18,2 м және биіктігі – 37,5 м) және бірнеше күмбезі бар. Оның орталық бөлмесінің төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Қ.А. Яссауи кесенесі жамағатхана, қабірхана, мешіт, кітапхана, үлкен ақсарай, кіші ақсарай, асхана, құдықхана және бірнеше құжыра бөлмелерден тұратын, діни-ғұрыптық, діни-ағартушылық, тұрмыс-салттық қызмет түрлерін атқаруға арналған аса күрделі, аса зор кешенді құрылыс болуымен ерекшеленеді (<http://www.madenimura.kz/kk/yassauy>).

Кесененің ғылыми зерттеуі XIX ғасырдың соңында басталды. Ескерткіштің сызбаларын дайындау үшін Түркістан қаласына бірінші ғылыми экспедиция (1905 жыл) профессор Н.И. Веселовский бастаған Орта және Шығыс Азияны зерттеу үшін Орыс комитетінің экспедициясы болды. 1922 жылдан бастап бірнеше комиссия құрылысты техникалық зерттеу жұмыстарына қатысты. Ескерткіштің егжей-тегжейлі зерттеулері 1952-58 жылдары (Б.Н. Засыпкин, Т.Ш. Карумидзе, Л.Ю. Маньковская, К.А. Шахурин), сондай-ақ 1970-80 жж. Б.Т. Тұякбаева, А.Н. Проскорин) жасалды.

Қожа Ахмет Яссауи мешіті бүкіл дүние мұсылмандары үшін қасиетті орынға айналды. Бұл кесенеге үш рет бару Меккеге жасалатын қажылықпен теңестірілді. Өз масштабы жағынан Ахмет Яссауи кесенесі Самарқандтағы (Өзбекстан) Бибі ханым мешітіне тең. Бүгінгі күні Түркістан – Ясыға ортағасырлық сәулет өнерінің теңдесі жоқ жауһарын тамашалау үшін дүние жүзінен туристер мен қажыға барушылар келіп жатады (<http://culturemap.kz/kk/object/mavzoleiy-hodji-ahmeta-yasavi>).

Гаухар ана кесенесі. Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи кесенесінен алыс емес жерде орналасқан. Кесене «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының құрамына кіреді. Гаухар ана емшілік қасиеттері арқасында көптеген адамдарға көмек көрсеткен. Қызықты жағдай – кесене маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар орналасқан. Гаухар ана кесенесіне құрсақ көтере алмай жүрген келіншектер, әйелдер зиярет етеді, кесенеге қонып дұға қылады. Сонымен қатар кесененің ауласында жуынатын орындар бар. Емдік қасиеті бар суға әрбір әйел-келіншектер міндетті түрде душ қабылдауы тиіс.

2009 жылы іс-сапармен, яғни студенттерді Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне пәндік олимпиадаға апардым. Олимпиада аяқталғаннан кейін қонақтарды Түркістан қаласының тарихи-мәдени ескерткіштерімен таныстыру мақсатында мәдени тур ұйымдастырылды. Сол кезде Арыстан баб кесенесіне бардық, құран оқытып шыққаннан кейін, бір студент «бәріміздің арманымыз орындалатын шығар, ішейік» деп құдықтан су алып бәрімізге үлкен ожауға құйып алып бәрімізге ішкізді. Суды әрқайсысы әртүрлі қабылдады, әрине барлығы «өте ащы», «мынау – тұз ғой», «мынау – у ғой» – деп әртүрлі «комментарийлермен» қабылдап, бірақ бір-бір ұрттап ішті. Екінші сапар Қожа Ахмет Яссауи кесенесі болды. Ол жердің архитектурасын тамашаладық, жер астына түстік, ол жердегі әрбір бөлменің бүгінгі күнге дейін сақталғанына таң қалдық. Ескі моншаны да көрдік. Сол кезде зиярет етушілер аз болды. Келген адамдар ғимараттың архитектурасының әсемдігіне және қабырғалардағы жазуларға тамсана қарайтын. Экскурсия аяқталды деп қайтып бара жатқан кезде, мынау Гаухар ана кесенесі – Қожа Ахмет Яссауидің қызының кесенесі деп таныстырды. Менің ұсынысым бойынша тоқтап, ол жерге де кіріп құран оқытып шықтық. Сол кезде ішіндегі бір әйел су ішіндер, бұл судың емдік қасиеті

зор деді. Солай қраннан ағып тұрған судан бәріміз бір кеседен ішіп қайттық. Университетке қайтып оралып, комиссия мүшелерімен әңгімелесіп отырғанда, комиссия төрағасы Досай Кенжетай: «Құралай ханым Түркістан қалай екен, не көрдіңіз? не ұнады?» – деп сұрады. Мен барған жерлерімді баяндап айтып бердім. Сол кезде ол кісі маған «осы жерден қайтқан соң бірінші ұл туасың, екінші қыз туасың» – деп жорамал айтып қалжыңдады. Киелі жердің құдіреті ме, әлде төрағаның аузының салымы ма, 9 жыл отау құрып, құрсақ көтере алмай жүрген мен, екі айдан кейін құрсақ көтердім. Ол кісі айтқандай дүниеге ұл әкелдім.

Қазақ жеріндегі киелі орындардың бірі – Маңғыстау өңірі. Маңғыстау – Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік бағытындағы ірі аймақтарының бірі. «Ұйқыдағы ару» атанған бұл өлке еліміздің мұнайы мен газын беріп отырған қазына түбегі.

Маңғыстау өңірі туралы зерттеулерін көптеген ғалымдар жазған. Бірақ соның ішінде ерекше атап кететінім, Серікбол Қондыбайұлының «Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары» атты кітабы, ол «Маңғыстау» сөзінің этимологиясынан бастап Маңғыстау өңірінің тарихи-мәдени ландшафттарын зерттеген. Әсіресе осы өлкенің киелі орындарының мәнін мифологиялық көріністер арқылы түсініктемелер берген.

Мәселен, Серікбол Қондыбайұлының өзінің еңбегінде «Маңғыстау» сөзінің шығу тарихын 1985 жылы жарық көрген Е. Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер су аттары» (Қойшыбаев Е. 1985 : 43-44) сөздігіндегі Маңғыстау атауының шығу тегі туралы төрт болжамына сүйенеді. Біріншісі: өлке аты «мың» және «қыстау» тіркесінен шыққан. Екіншісі: ноғайдың «менк» деген тайпасының атынан ауысқан. Үшіншісі: көне түркі тіліндегі (түркмен тіліндегі) «ман» төрт жастағы қой сөзіне «қышлақ» жалғауы арқылы қалыптасса, төртіншісі: Е. Қойшыбаевтың өз болжамы «Маңғыштағ» «құбыжықтар тауы» дегенді білдіреді.

Серікбол бойынша Шығыс түркі (ұйғыр, салор, тува, алтай, шор, т.с.с.) және моңғол мифологиясында «маңғыш» (маңғыс, мангус) айдаһар, керемет құбыжықтар дегенді білдіреді. Түркілерде құбыжықтар жақсы және жаман қасиетке бірдей ие. Серікбол Е.Қойшыбаевтың тұжырымдамасын негізге ала отырып әртүрлі дәлелдер келтіреді. «Біріншіден, Маңғыстауда тұрған халық «дай, алан» жыланды, айдаһарды немесе басқа бір үрейлі мақұлықты қасиетті,

киелі (тотем) деп санауы ықтимал. Оның үсіне Маңғыстау облысында кездесетін Отман, Маната, Маңсуалмас, Манашы, Маңғар, Ақман, Қараман жер су аттарының болуы және олардың өз бойында мифтік аңыздық сипатын басқа топонимдерге қарағанда көбірек сақтауы аталған пікірге тоқтам жасауға мүмкіндік береді. Екіншіден, геологиялық уақыт бойына ғана емес, сонымен қатар VII–XV ғасырлар аралығында Маңғыстау климаты қазіргіге қарағанда өзгеше болған. Табиғат климатын ескеретін болсақ Маңғыстауда алып жыландардың, алып кесірткелердің, тіпті қазір жойылып кеткен аңдар мекендеген деп болжам жасауға болады. Қазақ халқының «адам көрмесе жылан қырық жылда айдаһарға айналады» деген сөзі негізсіз болмас. Үшіншіден, Қаратау жоталары (Таушық, Батыс және Шығыс Қаратаулары) солтүстік бастыстан оңтүстік шығысқа қарай созылып жатыр. Ақтау биігінен көз салып қарасақ сұрқай сары далада қарайып созылып жатқан таулар өте алып жыланға, айдаһарға ұқсайтынын байқау қиын шаруа емес» – дейді (Қондыбай С. 2008а : 10-11).

Сонымен, Серікбол Қондыбай бойынша «Маңғыстау» «айдаһартау» дегенді білдіреді.

Маңғыстау барлық адамдарға шын мәнінде өзінің 362 әулиелерімен танымал. Аймақ тұрғындары «362» деген санның өзін киелі ретінде қабылдайды: мысалы пәтер таңдаған кезде «362» деген санды таңдауға тырысады, авто көліктеріне «362» деген нөмірді тағады. Мұндай практика киелі орындардың, ата-баба аруақтарының үнемі қолдап жүреді деген сенімінен туындаған.

Бекет ата мешіті. Осы өңірдегі өзім барған екі киелі жер туралы айтып өтейін. Маңғыстауда ең маңызды киелі орын – Беке-ата мешіті. Сол аймақтың тұрғындарының айтуы бойынша Маңғыстау өңіріне келіп тұрып, Бекет-ата мешітіне бармай кетуге болмайды. Сол себепті, конференция аяқталысымен, екінші күні міндетті түрде Бекет-ата мешітіне бардық. Ол Маңғыстау облысының Оғланды жерінде тауда орналасқан. Бұл жердің құдіреттілігі мен қасиеттілігі тек табиғатының сұлулығымен ғана байланысты емес, Бекет-атаның жай адам еместігінде. Әбіш Кекілбаев жазып кеткендей «Ол – тірі кезінде қиянатқа жол бермес Әділеттіліктің, күпірлікке жол бермес Адалдықтың, қараулыққа жол бермес Шапағаттылықтың, қатыгездікке жол бермес Мейірімділіктің, арсыздыққа жол бермес Парасаттың асқан үлгісін танытып, үлкен-кішіні, алыс-жақынды, дос пен дұшпанды түгел мойындатқан Адам... Ол – тірісінде елдің жел

жақтағы панасы, ық жақтағы саясы бола білген Азамат. Жаудан елді арашалаған Батыр. Дауда әділетті арашалаған Қазі. Озбырлықтан обал мен сауапты арашалаған Пірәдар» (Қондыбай С. 2008b : 152).

Аңыз бойынша Бекет ата емші болған. Ол аурудан қиналған адамдарды емдеп жазған, адасқан, панасыз қалған адамдарға пана болған, балаға зәру болған отбасына сәби сыйлаған, адамдарға денсаулық пен өмірлік күш берген. Өзінің уағыз-өсиеттерінде адамдарды дұрыс жолға түсуді үйреткен, әділетті болып, қайырымдылық жасауға шақырған.

Мифологиялық аңыз-әңгімелер бойынша Бекет ата тауешкісінің пірі деп саналады. Сол себепті, Оғланды таулы аймағын, Бекет-ата мешітінің айналасында тауешкілерінің мүсіндері орналасқан және тауешкілер мекен етеді. Ол әртүрлі құстарға, аңдарға айнала алған.

Шопан ата жер асты мешіті. Сакралды практика бойынша Бекет ата мешітіне бармас бұрын Бекет атаның ұстазы болған Шопан ата мешітіне зиярет ету керек.

Шопан ата мешіті Маңғыстау облысының Сенек ауылында орналасқан. Шопан ата мешітінің Маңғыстау жерінде орналасуының өзі үлкен аңыз. Аңыз бойынша Қожа Ахмет Яссауи өзінің шәкірттерін оқу бітірген соң шақырып алып, «мына шаңырақтан барлығың жебе жібересіңдер, сол жебе қай жерге құлайды, сол жерде сопылық білімді жалғастырасыңдар және уағыз өсиет таратасыңдар» деген екен. Шопан атаның жебесі қазіргі мешіті орналасқан жерге түскен екен. Өзінің жебесін тапқан Шопан ата осы ауылдың Баян есімді байдың малшысы болады. Баян бай Шопанның өте ақылды екенін біліп, қызын сол кісіге тұрмысқа береді. Кейін ол осы жерге мешіт салады. Тағы бір аңыз бойынша Шопан ата таяғы түскен жерден су қайнары шыққан деседі. Қазіргі кездің өзінде мешіттің жанындағы құдық қасиетті деп саналады. Адамдар сол суды ішсе, барлық ауруларынан айығады және рухани тазарады деседі.

Сонымен қатар мешіттің төбесінде шаңырақ орналасқан, одан Шопан атаның таяғы шығып тұрады. Бұл таяқ әлемдерді байланыстыратын дәнекерші деп саналады. Зиярет етушілер немесе қажылық етушілер осы таяқты айналу арқылы өздерінің тілектерін Шопан атаның аруағына жібереді дейді. Шопан атаның таяғынан үлкен тал өсіп шықты деседі. Қазіргі кезде бұл талға 800 жыл болды деген халық арасында әңгіме бар.

Әрбір киелі жер мен қасиетті орындар туралы аңыз-әңгімелер, сол аймақтың танымалдылығын

қалыптастыруда маңызды орын алады. Аймақты тартымды етеді.

Қазақстан территориясындағы киелі орындар Республикалық бақылауда. Зиярет ету тәртібі мен ережелері жазылған және зиярет етушілер оны ұстануға тырысады.

Сонымен «киелі жер» табиғи құбылыс па? Әлде адамдардың ойдан шығарған практикасы ма? Киелі жердің қалыптасуы туралы әртүрлі пікірлер бар.

Киелі жерлердің қалыптасуы туралы тарих ғылымдарының докторы, қазақстандық шығыстанушы А.Қ. Муминов өзінің «Родословное древо Мухтара Ауезова» атты еңбегінде жақсы түсіндіріп өткен. Кітабында қожа әулетінің мәдени әлемі мен Мұхтар Әуезовтің байланысын сипаттай отырып, қазақ даласындағы киелі жерлер мен орындардың маңыздылығын ерекше атап өткен. Әшірбек Құрбанұлының айтуы бойынша қожа әулетінің мәдени әлемінің басым бөлігін киелі орындар (мазарлар, қадам-жайлар, зираттар, киелі жер, муккадас джай) алып жатыр (Муминов А.К. 2011b : 120 б). Киелі орындардың көлемі мемлекеттік деңгейде немесе белгілі бір аймақтың негізінде өлшенеді. Маңғыстау өңірінде 362 киелі орын бар. Олар бұл 362 санды Құранның аяттарын оқығанда қолданады және күнделікті тұрмыста да қолданып жүреді. Муминов айтып кеткендей кең көлемде танымал киелі орындар «мұсылмандардың рухани басқармасымен» ресми тіркеуге алынған және олар аймаққа, өлкеге қажылыққа келушілердің арқасында үлкен көлемде қаржы әкелетін табыс көзі болып табылады. Муминов өз кітабында киелі орындардың типологиясына жасаумен айналысқан кеңес дәуірінің этнографы Г.П. Снесаревті ерекше атап өтеді. Г.П. Снесарев қасиеттілер, киелілер туралы аңыз-әңгімелерді зерттей отырып, негізгі төрт типін бөліп көрсетеді: 1) бейнесі анықталмаған киелілер және олардың өз есімдері мен қарапайым тұрағы болмағандар; 2) библиялық-құрандық кейіпкерлер, бұған ерте ислам тарихының тұлғалары жатады; 3) ортағасыр сопылары – ерте кездегі, жалпы танымал және жергілікті; 4) мазарлары инерциялы түрде табыну объектісіне айналған жергілікті билік өкілдері. Иемденген киелі орындарына байланысты тағы бір топтамасын ұсынады: 1) ежелгі батырлар; 2) пайғамбарлар, Құрандағы кейіпкерлер; 3) шиит-қайсаниттер; 4) Мұхаммед пайғамбардың ізбасарлары; 5) шииттік имамдар; 6) сопылар; 7) ру тотемдері; 8) киелілердің «жаңа ұрпақтары». Мазарлар танымалдылығына және әйгілігіне байланыс-

ты бірнеше топқа бөлінеді: 1) барлық Орталық Азияға танымал; 2) бір өлкеге немесе толық бір аймаққа танымал; 3) шектеулі жерге ғана танымал (Муминов А.К. 2011c : 121-122).

Муминов айтып кеткендей киелі орындардың танымалдылығы бірінші орында сакралды аңыз-әңгімелерге байланысты. Сонымен қатар киелі орындар қарапайым адамдар арасында өзінің емдік қасиетімен, сиқырымен, құпиясымен танымал болып жатады. Барлық мұсылман әлемінде үлкен қажылық – ол Меккеге бару. Бұл барлық мұсылмандардың киелі орны. Сондай-ақ, қазіргі кезде «кіші қажылық» деген ұғым кездеседі. Ол жергілікті, аймақтық, өңірдегі киелі орындарға барып сыйыну, зиярат ету. Көп жағдайда бұл емделу, тазалану үшін жасалады. Қазіргі кезде қарапайым адамдар арасында киелі орындарға барудың үлкен бір себебіне айналған мәселе – ол ұрпақ тілеу. Сәби сүйе алмай жүрген отбасылар өздерінің әулетімен байланысты арғы ата-бабаларының немесе сол әдеттен шыққан ұлы тұлғалардың мазарларына, кесенелеріне барып тілектерін айтып, бата жасап, құрбандық шалып жатады. Ел танымайтын өз ата-бабасының мазарына барып тағзым ету. Р. Отто айтып кеткендей нумизондық сезімдердің кешені. Сол арқылы сол мазар немесе зират діни іс-әрекеттің негізінде танымал бола басталады және құдіреттілігі анықтала бастайды.

«Киелі орындардың тағы бір құдіреттілігі – олар өздерін қорғай алады» – дейді Ә.Қ. Муминов (Муминов А.К. 2011d : 124). Шынымен де, қарапайым адамдардың ішінде ауыздан ауызға тарап жүрген әңгімелерге сенетін болсақ, киелі орындарды ешқашан ешкім қирата алмайды. Адамдардың айтуы бойынша киелі орындардың иелері хауан, аруақ немесе жын түрінде көрініп, өз орнын қорғап тұрады.

Муминовтің кітабында айтылғандай, бірнеше киелі орындар бірігіп бір үлкен территорияны құрайды. Оңтүстік Қазақстан киелі орындар санынан, және олардың танымалдылығымен, құдіреттілігімен ерекше орынға ие. Сакралды аймақтарға Түркістан, Тараз, Жаңа-Қорған, Баб-Ата, Созақ және Отырар жатады. Бұл аймақтар «кіші қажылыққа» келушілердің көлемімен анықталады.

Киелі орындар қатарына Жезқазған өңірін де жатқызуға болады. Біріншіден, Ұлытау аймағы. Ол Асан-қайғы жырлаған «Жер ұйық». Қазақ даласының ұлы данасы Асан Қайғы халқына қолайлы жер іздеу мақсатында желмаясына мініп, қазақ даласын аралап шыққан. Әрбір жүрген жері мен басқан тауын ол киелі, қасиетті деп

санаған. Халыққа жайлы жер іздеген Асан-қайғы Ұлытау аймағын ең қолайлы киелі жер деп атап кеткен. Сонымен қатар тарихтан белгілі Ұлытау қазақ хандарының бас қосқан мекені. Екіншіден, Жезқазған өңірі көптеген қасиетті адамдардың мазарлары орналасқан жер – Алаша Хан кесенесі, Жошы хан кесенесі, Домбауыл кесенесі өздерінің құдіреттілігімен және зәулім архитектуралық құрылысымен танымал.

Қазақ жеріндегі киелі орындарды зерттеуші тағы бір ғалым, қазақстандық мәдени антрополог Ұлан Биғожин өзінің зерттеу жұмыстарында Ван дер Вираның «Діни ұлтшылдық» еңбегін негізге ала отырып, ұлтты құрудың негізгі элементі ретінде дінді қарастырады. Биғожиннің айтуы бойынша мемлекет сопылық мазарларды дәстүрлі исламның органикалық бөлігі ретінде қарастырады. Сонымен қатар ұлттық бірегейлікті құрастырушы құрал ретінде де қарастырады. «Қазақтардың діни наным сенімі ата-баба культіне негізделеді. Қазақтардың діни көзқарасының маңызды бөлігі – киелі орындар» – деп санайды

Ұ. Биғожин (Ұлан Биғожин, <http://caa-network.org/archives/5947c>).

Қорыта айтқанда, Қазақстанда киелі орындарға қызығушылықтың артуының себебі: біріншіден, дәстүрлі емес діни ағымдар өкілдерінің кіші қажылық негізінде киелі орындарға барып зиярат ету. Екіншіден, қазақтың ертеден келе жатқан наным-сеніміндегі ата-баба культінің маңызды орын алуы. Үшіншіден, әртүрлі аурулардың таралуына байланысты адамдардың ем іздеп баруы.

Орталық Азияға қызығушылық танытушы еуропалық, америкалық ғалымдар көп. Әсіресе егемендігін алған Қазақстан, өзінің жаңа тарихын қалыптастырып жатқан Қазақстан барлық ғалымдар үшін үлкен зерттеу объектісіне айналып отыр. Қазақ жері көшпелі және отырықшы мәдениетті біріктірген жер. Үлкен тарихи оқиғаларды басынан кешірген жер. Сакралды аңыз-әңгімелердің негізінде, осындай киелі орындарымыздың арқасында еліміздің танымалдылығы арта береді.

Әдебиеттер

- 1 Anholt S. Places: Identity, Image and Reputation / S. Anholt.- Palgrave Macmillan, 2009. – 256 p
- 2 Қазақстан Республикасының Ұлттық брендін анықтау жөніндегі байқау// <http://mic.gov.kz/kk/competition>
- 3 Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі.– Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
- 4 Қондыбай С. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 288 б.
- 5 Қ.А. Яссауи кесенесі XIV-XV ғасыр// <http://www.madenimura.kz/kk/yassayu>
- 6 Қожа Ахмет Яссауи кесенесі// <http://culturemap.kz/kk/object/mavzoleiy-hodji-ahmeta-yasavi>
- 7 Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. / Пер. с англ., нем., фр.; сост. и общ. ред. А.Н. Красникова. – М.: Канон+, 1998. – 432 с. – (Ис-тория философии в памятниках).
- 8 Муминов А.К. Родословное древо Мухтара Ауэзова / А.К. Муминов, при участии А. Ш. Нурмановой и С. Саттарова/ Сост. указ. У.А. Утепбергеновой; под ред. С.Н. Абашина. – Алматы: Жибек жолы, 2011. – 304 с.
- 9 Новая философская энциклопедия: в 4 т. / Ин-т философии РАН; Нац. обществ.-науч. фонд; Предс. научно-ред. совета В.С. Степин. – 2-е изд., испр. и допол. – М.: Мысль, 2010.- 480 с.
- 10 Otto, R. (Das Heilige. Über das Irrationale in der Idee des Göttlichen und sein Verhältnis zum Rationalen, 1917) /пер. А.М. Руткевича – СПб: Изд-во Санкт-Петербургского ун-та, 2008. – 272 с.
- 11 Philip Kotler, Christer Asplund, Irving Rein, Donald Haider. Marketing Places Europe: How to attract investments, industries, residents and visitors to cities, communities, regions and nations in Europe, 1999 – 314
- 12 Roger W. Stump. The Geography of Religion: Faith, Place, and Space. New York: Rowan & Littlefield, 2008. – P. 441
- 13 Steve Brie, Jenny Daggers and David Torevell. Sacred Space Interdisciplinary Perspectives within Contemporary Contexts. Cambridge Scholars Publishing, 2009 – P.206
- 14 Ұлан Биғожин. В Казахстане сейчас идет бум святых мест./ <http://caa-network.org/archives/5947>
- 15 Якубова Т.Н. Территориальный брендинг как инструмент развития региона // Молодой ученый. – 2014. – №21. – С. 484-488.

References

- 1 Anholt S. Places: Identity, Image and Reputation / S. Anholt.- Palgrave Macmillan, 2009. – 256 p
- 2 Kazakhstan RespublikasynynUltykbrendinanyktauzhonindegibaikau//<http://mic.gov.kz/kk/competition>
- 3 Koishybaev E. Kazakhstannynzher-suattarysozdigi. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b.
- 4 Kondybai S. Mahgystaugeografijasy. Mangystau men Usturtinkielioryndary. – Almaty: “Arys” baspasy, 2008. – 288 b.
- 5 K.A.IassauikesenesiXIV-XVgasyr. //<http://www.madenimura.kz/kk/yassayu>
- 6 Kozha Ahmet Iassauikesenesi. //<http://culturemap.kz/kk/object/mavzoleiy-hodji-ahmeta-yasavi>

- 7 Mistika. Religija. Nauka. Klassikimirovogoreligiovedenija. Antologija./Per.sangl., fr.Sost.iobsh. Red.A.N.Krasnikova. – M.: Kanon+, 1998. – 432 s.
- 8 Muminov A.K. Rodoslovnoedrevo Muhtara Auezova./A.K.Muminov, priuchasti A.Sh.Nurmanovoi I S.Satterova. Sost.ukaz. U.A.Utepbergenovoi; Pod red.S.N.Abashina. – Almaty: Zhibekzholy, 2011. – 304 s.
- 9 Novaja filosofskaja enciklopedija: v 4t./In-t filosofi RAN; Nac.obshestv.-nauch.fond; Pred.nauchno-red.soveta V.S.Stepina. – 2-oe izd., ispr.i dopol. – M.: Mysl, 2010. – 480 s.
- 10 Otto, R. (Das Heilige. Über das Irrationale in der Idee des Göttlichen und sein Verhältnis zum Rationalen, 1917) /Пер. Руткевича А. М. – СПб: Изд-во Санкт-Петербургского ун-та, 2008. – 272 с.
- 11 Philip Kotler, Christer Asplund, Irving Rein, Donald Haider. Marketing Places Europe: How to attract investments, industries, residents and visitors to cities, communities, regions and nations in Europe, 1999 – 314
- 12 Roger W. Stump. The Geography of Religion: Faith, Place, and Space. New York: Rowan & Littlefield, 2008. – P. 441
- 13 Steve Brie, Jenny Dagers and David Torevell. Sacred Space Interdisciplinary Perspectives within Contemporary Contexts. Cambridge Scholars Publishing, 2009 – P.206
- 14 Ulan Bigozhin. V Kazakhstaneseichasidet bum svjatyhmest./ <http://caa-network.org/archives/5947>
- 15 Jakubova T.N. Territoriaknyibrendingkak instrument razvitijaregiona. // Molodojcheyi. – 2014. – №21. – S.484-488

Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет.

Шоқан Уәлиханов.

Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз.

Сенека

Ештеңе туралы сұрамайтын адам ештеңе үйренбейді.

Т. Фуллер

Дүйсенбаева А.К.,
Рысбекова Г.Е.,
Шағырбаев А.Д.

**Тәкфир жамағатының
ерекшеліктері және негізгі
ұстанымдары**

Мақалада қарастырылып отырған Тәкфир жамағатының ерекшеліктері және негізгі ұстанымдары мәселесі Ислам әлеміндегі бүлік туғызушы тағы бір ағымның шынайы бет-бейнесімен толықтай танысуға мүмкіндік береді. Мақаланың негізгі мақсаты мен ғылыми зерттеу бағыты, радикалды, экстремистік мәселелердің алдын алу шарасы ретінде қарастырылады. Мақалада талдау, синтездеу және салыстыру әдістері қолданылған. Сонымен қатар герменевтикалық және функционалды-құрылымдық талдау әдіснамалары пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде Тәкфир ағымының дәстүрлі ислам құндылықтарына жат ағым екендігі және дүниетанымдық ұстанымдарының радикалды болып табылатындығы талданды. Жалпы Тәкфир ағымына тыйым салынып, Қазақстанда таралуына бөгет қойылғанымен, бұл ағым идеологиясының нақты зиянды тұстарын қоғамға әлі де болса түсіндіру ақпараттары аздық етеді. Осы мақала жалпы дінтанушылар немесе діни ағымдарға қызығушылық танытатын адамдарға, студенттер мен оқушыларға лекция, семинарларда қолдануға болатын материал болып табылады. Жалпы жұмысты студенттер мен жастар арасында радикализм мен шектен шығулардың алдын алу үшін пайдалануға болады.

Түйін сөздер: Ислам, Тәкфир жамағаты, радикализм, экстремизмнің алдын -алу мәселелері.

Duissenbayeva A.K.,
Rysbekova G.Y.,
Shagirbaev A.D.

**Characteristics and main
principles of takfir followers**

This article which describes “Characteristics And Main Principles Of Takfir Followers” allows to know more about (introduce with) true face of one more extremistic directions in Islamic World. Core aim of article and direction (purpose) of scientific investigation is a prevention of extremistic and terroristic problems. The article is based on analyzez, synthes, comparison. Along with it based on methodics of hermeneutics and functional-structural analyzez. During the researches there was analyzed that the stream of Takfir is apart from traditional Islamic values ideologic principles are radical. In general stream of Takfir is banned and forbidden to be propaganded in Kazakhstan, but still there is lack of information for explaining about dangerousparts ofit’s ideology and negative influence to society. This article is usable for religious scholars or for people who are interested in Islamic studies, can be used as a lecture for students and schoolchildren, or a material for seminars. The article can be used to prevent the radicalism and externalism among the students and the youth.

Key words: Islam, Takfir Jamagat, Radicalism, Problems of Prevention of Extremism.

Дүйсенбаева А.К.,
Рысбекова Г.Е.,
Шағирбаев А.Д.

**Особенности и основные
принципы такфирского
жамагата**

В данной статье рассматривается проблема особенностей такфирского жамагата, их основные принципы приверженности. Раскрываемая тематика данной статьи дает дополнительную возможность взглянуть на истинную суть данного течения и раскрыть специфику крамольной политики данного жамагата в исламском мире. Основная цель данной статьи, приотворяя сущность такфирского жамагата, предложить меры профилактики радикализма и экстремизма. В данной статье использованы такие виды методов исследования, как синтез, компаративистика и функционально-структурные методы анализа. В ходе исследования было выявлено, что такфирскому течению чужды традиционные исламские ценности, и их мировоззренческие взгляды содержат радикальные элементы.

Данная статья сможет послужить в качестве материала к лекциям и семинарам религиоведов и тем, кто интересуется религиозными течениями, студентам и ученикам. В общей сложности данная работа может послужить как пособие для профилактики предотвращения радикализма среди студентов и молодежи.

Ключевые слова: Ислам, такфирский жамагат, радикализм, проблемы профилактики экстремизма.

**ТӘКФИР
ЖАМАҒАТЫНЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ЖӘНЕ НЕГІЗГІ
ҰСТАНЫМДАРЫ**

Кіріспе

Тәкфир және Хижра жамағаты ағымның ілімін талдау барысында байқалғаны, оның ұстанушылары үлкенді-кішілі күнә жасағандарды, Алла заңдарына бағынбаған басшылар мен олардың азаматтарын діннен безгендер деп санаулары. Кәпірлер қатарына олардың іліміне қарсы келгендер мен өз қатарларына қосылмағандарды да жатқызады. Сондай-ақ тәкфиршілер мешіттерге бармайды және қоғамнан тұтастай оқшауланды уағыздайды. Ислам ойшылдарының айтуы бойынша Тәкфиршілер ағымның басты қателігі олардың іс-әрекеттері мен өз беттерінше діни пәтуа шығаруларында және басқа адамдар туралы ой тұжырым жасау түрінде көрінеді. Бұл мәселе бойынша мұсылман ғұламалары исламға төзімділік пен орта жолдың тән екендігін бірауыздан қадап айтқан. Адамдарды діннен безген деп айыптау үшін мұсылман ғалымдары «Ислам адамның сыртқы көрінісіне, іс-қимылына қарай үкім береді, олардың ішкі жан дүниесінің тереңіне түспейді» деп айтады.

Қазақстанда кеңінен таралған ханафи мазһабының негізін қалаған Имам Ағзам Әбу Ханифаның тәкфир мәселесіне қатысты көзқарасын осы жерде айта кетсек: адамдар өз сөздеріне құлшылық түріне және діни нышан саналатын сыртқы киім үлгісіне қарап күпірлікпен айыпталады. Мумин (сенуші) екенін айта тұра тәңірлік сипаттарды жоққа шығарған немесе жаратылғандарға ұқсатқан, тағдырға сенбеген, Құранда анық етіп көрсетілген үкімдерді қабылдамаған, күнә жасауды дұрыс деп тапқан және Құранның бір әрпін де болса жоққа шығарған адам кәпір деп аталады. Алайда Құранды түсіндірмелеу (тафсир) немесе жорамалдау арқылы үкімдер шығарған, пайғамбарға қатысты хадистерге сүйенген кейбір ақида (сенім) негіздерін қабылдамаған адам күпірлікпен айыпталмайды.

Тәкфиршілердің үгіт насихаттарындағы әдіс-тәсілдері басқа ағымдарға қарағанда ерекше. Біріншіден, олар өздеріне ұнамайтын, идеологияларына қарсы келген белгілі бір адамға «тәкфирді» қолданады. Мемлекеттік органдарға қарсы олардың жүргізіп отырған әлеуметтік экономикалық және саяси бағыттағы саясаттарын, қоғамның ұлттық-мәдени құндылықтарын жоққа шығарып, өздерінің үлгісін ұсынады. Бұл

ағымның мүшелері саналы түрде сыртқы әлеммен қақтығысқа барып, барынша оқшаулана түседі және осылайша өз іштеріндегі бірлікті нығайтуды көздейді.

Екіншіден, олар дінді сақтап қалу үшін «хижра» (көшу) жасауды ұсынады. Алайда діни тұрғыдан Қазақстанның қазіргі жағдайында хижра жасауға негіз жоқ. Өйткені Қазақстанда мұсылмандарды діни белгілеріне қарай қудалаушылық және заң бойынша жазалау орын алмаған. Бұл жағдайда экстремистер үшін хижраның баламасы ретінде ел аумағынан тыс жердегі әскери жихадқа қатысу хижра болып саналады. Экстремистер бұл әрекеттерін заңдастыру үшін діни негіздемесін өте шебер жасағандығы байқалады. Барлық мұсылманның санасында хижра деген ұғым маңызды орынға ие. Ол 622 жылы Мұхаммед пайғамбардың дін жолындағы мәжбүрлі қоныс аударуы болып табылатын Меккеден Мәдинаға хижра жасауымен байланысты. Осылайша тәкфиршілер ағымы қоғамды дінсіздікпен айыптау және ортадан оқшаулануларын, өз айналасына шынайы сенушілерді ертіп, нағыз мұсылман қоғамын құру үшін Меккеден Мәдинаға көшкен Мұхаммед пайғамбардың іс-әрекетімен түсіндіреді. Осы жәйт тәкфиршілер ағымы идеологиясының ең үшқары тұсы болып табылады. Сондықтан да олар хижраға, яғни қоныс аударуға идеалды қоғам құру тұрғысынан үлкен мән береді.

Тәкфиршілердің ислам мемлекетін құру межелері кезең кезеңімен орындалады. Бірінші кезең діни үгіт насихат жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Екінші кезең жоғарыда айтқанымыздай хижра жасау арқылы болады. Бұл кезең барысында ұйым мұсылман қоғамын құру және қару қолдануға дайындық жасау бағытында жұмыс жасайды. Осы кезде ұйым мүшелері толықтай «мұсылмандық емес» дәстүрлерден, киіну үлгісі және әртүрлі әшекейлерден бас тартып, мемлекеттік орындардағы қызметтерін тастауы және қоғамнан оқшауланып көшулері керек. Үшінші кезең ұйымның жасырын, оқшау өмір салтын тастап исламдық қоғам құру үшін ашық түрде шығуымен сипатталады. Осы жерден әрекет ете отырып тәкфиршілер ағымының негізгі міндеті қарулы жихадты жариялау болып табылады. Ұйымның сыртқы жауы ретінде Израил, ал ішкі жауы мысыр қоғамы саналады. Мысыр, тәкфиршілердің ойынша опасыз, сатқын ел және «дарул харб» (соғыс үйі) болып есептеледі. Бұл ағым заңсыз діни білім беруді насихаттайды. Олар нағыз діни білімді өздерінің арнайы үйірмелерінде үйрену мүмкін екендігін

алға тартады. Жұма намазын және мешіттердегі жамағатпен оқылатын намаздарды тәрк етуге шақырады. Өйткені бүкіл мешіттер зиян келтіретін орталықтар. Олардың имамдарының барлығы діннен безген кәпірлер. Әлемдегі жоғарыда айтқан төрт мешітті ғана мойындайды. Тәкфиршілер ағымының басты ерекшелігі – айқын иерархиялық құрылымының болмауында. Алайда кейбір белгілері олардың әрекеттерінің белгілі бір орталықтан басқарылатындығынан хабар береді. Ол бір-бірімен байланысы жоқ әлемнің әртүрлі аймақтарында орналасқан жекелеген топтардан тұратын құрылымды бейнелейді [1].

Негізгі бөлім

Тәкфир жамағатының мүшелерінің ерекшеліктері негізгі ұстанымдары мен пікірлерінде радикалды сипаттардың көрініс беруі. Өз ілімдерінің көзқарасын қорғауда, талқылауда фанатиктік табынушылықтың сипатын байқауға болады. Өз сенімдерінде болмағандарды және пікірлерін қолдамағандарды кәпір деп айыптау, ұйым идеологияларын таратуда және қорғауда, ілімдерінің қоғамда ықпалын арттыру үшін батыл шараларды қолдануды рұқсат деп есептейді, күш қолдану, заңсыз әрекеттерге бару, қылмыстық сипаттағы шараларды іске асыруды қолдайды. Ұйым мүшелерінің қоғамнан оқшаулануы, исламдық діни ғибадат орындарына көпшілікпен бірге бармауы, ілім басшылары тарапынан ұйым мүшелерінің үнемі физиологиялық және идеологиялық дайындықта жүруі жоғарыдағы мәліметтерді дәлелдейді.

Қазақстандағы тәкфир жамағатының идеологиясын таратушылардың бірі – Халил, шын есімі – Әбдужаппаров Әбдухалил Әбдухамитұлы. Кейіннен араб елдеріне қоныс аударды деген мәліметтер бар. Туылған жері оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы. Халық арасында іліміне ергендердің арасында біршама бүлік-тік идеяларын тартқан Халилдің шәкірттері, ұстаздарының айтуы бойынша намаз оқымаған мұсылмандарды кәпір деп есептейді.

Намаз оқымаған «кәпір» деп есептеген адамдарды, өздерінен төмен деп есептейді, кәпір адамдардың құқықтарын таптау не болмаса залал келтіруді заң бұзушылық деп қабылдамайды. Зайырлы мемлекеттің заңдарын сыйламайды, ұстанымдарына қарсы шығуды, халықты мемлекетке қарсы үгіттеуді дұрыс деп таниды. Мақсаттарына жету жолында түрлі қылмыстық әрекетке бару ұйым мүшелері арасында кең таралған. Мешіт дін қызметкерлері мен

имамдарға дінсіз мемлекет тағайындаған деген айып тағып, имамдарды тыңдаудан, мешіттерге барудан бас тартады.

Аталған ағымға қатысты Қазақстан Мұсылман Діни Басқармасы ресми түрде пәтуа жариялады, онда: «Мейірімді, рахымды Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаһ Тағалаға тән және пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с.), оның отбасына, сахабаларына Аллаһ Тағаланың рахметі болсын!

Тәкфир және һижрат жамағаты өздерін ғана мұсылман, ал қалғандарды кәпір санайды. Сондықтан, жамағаттың аты да өзіне сай такфир, яғни жамағаттан басқаларды кәпір дейтіндер және һижрат, яғни басқалармен араласпайтындар деп аталады. Бұл сепаратистік ұйым. Жамағаттың алғашқы идеялогиясы Мысыр түрмелерінде өріс алып, соңынан бас бостандыққа шыққан мүшелерінің ой-пікірлері қисынға келтірілді, тұжырымдалды. Солтүстік Мысырда және сол елдің университет студенттері арасында олардың избасарлары көбейді. Тәкфир және һижрат жамағаты деп даңқы шыққан мұсылмандар жамағатының принципі мен ой-пікірлері Мысыр түрмелерінде, әсіресе 1965 жылы жалпы тұтқынға түскен мұсылмандардың ішінен Мысыр президенті Жамал Әбднәсірдің бұйрығымен Сайд Құтб пен оның пікірлес бауырлары өлім жазасына тартылғандарынан соң қисындап мазмұндалған. Түрмелердегі дінді ұстанған мұсылмандар қатты азап тартты. Сол азапқа шыдамай қайтыс болғандар да болды. Осындай үрейлі жағдайда мұсылмандардың ашу-ызасынан туындаған ынта-жігерлері артып, тәкфир идеялогиясы пайда болып, жүзеге келген діни көзқарасты қабылдап қолдайтын адамдар да табыла қалды. Басым көбі қоғамның жас бозбалалары еді. 1967 жылы Мысыр ұлттық қауіпсіздік комитеті қамаудағы дағуатшы мұсылмандардан мемлекет президенті Жамал Әбднәсірға бағынуға, оның саясатын қолдауға шақырды. Тұтқындар бұл талапты түрліше қабылдап, төмендегі топтарға бөлінді: Мұсылмандардың бір тобы қызметтеріне қайта оралу мақсатында тәубеге келіп, президентті және оның саясатын қолдауға асықты. Олар ислами әрекетке адасып кіріп қалған бір топ жұмысшылар мен дағуаттан үлкен пайданы көздеп қосылған саясаткерлер болатын. Қамаудағы дағуатшылар тобының бірі мемлекеттің талабына қарсылық көрсетпейтін әрі оны қолдамайтын, орта позицияны ұстанатын мұсылмандар. Жастардан құрылған дағуатшылардың азшылығы мемлекеттің саяси бағытын қабыл алмады, ал президентін

кәпір деп жариялады. Олардың мәлімдемесі бойынша, зайырлы мемлекет құрғысы келген президентті қолдаған өздерінің діндес бауырларын да ислам дінінен қайтқан опасыз сатқын, өздерінен басқа қоғамдағы басшыларына мойынсұнған әрі сүйенген барша жұртты кәпір санады. Жамағатқа қосылмағандардың намазы да, оразасы қабыл емес. Бұл жамағаттың принципіне негіз салған кісі шайх Али Исмаил болатын.

Діни сенім мен көзқарастары: Жамағаттың негізгі құрамы тәкфир, яғни кәпірге шығару, кәпір деп санау ұғымы. Үлкен күнәларды істеген, бастан аяғына дейін күнәға батқан адам кәпір. Оның тәубесі қабыл болмайды. Сондай-ақ, Алланың түсірген шарифатымен үкім шығармайтын басшылар мен сол үкімді разылықпен қабылдайтын жұрт кәпір. Бұларды кәпір демейтін дін ғалымдары да кәпір. Тәкфир жамағатының пікірін қабыл алмаған немесе қабыл алып, жамағатқа қосылмаған және сол жамағаттың имамдарына ермеген әрбір адам кәпір. Ал, кімде-кім жамағатқа кіріп, сосын шықса, ол адам діннен қайтқан сатқын есептеледі. Оны өлтіруге де болады. Кейбір ислам жамағаты тәкфир жамағатының дағуатын қолдамаса, ол жамағаттың басшысы діннен қайтқан кәпір саналады. Олар: «Кімде-кім имамдардың немесе сахабалардың сөзін дәлел ретінде қолданса немесе қияс, маслахат ал-мурсала, истихсан және сол сияқты дәлел-құжаттармен (яғни төрт мазһабтың бірі бойынша) мәселе шешсе, ол әрі мүшрик, әрі кәпір саналады», – дейді. Олар: «Һижраттың төртінші ғасырынан кейін күпір және жаһилият дәуірі басталды. Өйткені, мұсылман адам әрбір үкімнің дәлелін білмейді, діни ғамалдарда біреуге еруден басқа шамасы жоқ», – дейді.

Тәкфир жамағаты принциптерінің екінші негізгі құрамы *һижрат*. Һижраттың сөздік мағынасы тәрк ету, көшу, қоныс аудару, үзілу. Олардың қолдануы бойынша, һижрат – бұл надан елден, қоғамнан өзін алып қашу, олармен әрқандай қарым-қатынасты үзу. Өзінен басқа барша адамдарды надан, жәһил деп білу. Бұл жерде мекен үзілісі мен ой-сана үзілісі назарға алынған. Қоғам мен мекен Расулуллаһ (с.а.с.) пен сахабалардың кезіндегідей болуы керек, – дейді.

Олар: «Кәзіргі кезде идеялогиялық күрес қажет. Ол тек тәкфир жамағатының бағдарламасы арқылы жүргізілу шарт. Ислам дінінің күші, мұсылмандардың жігері жетерлі болмағандықтан жиһад соғысын тоқтата тұру керек», – дейді. Олар: «Ислам тарихының мұ-

сылмандарға ешқандай мәнділігі жоқ. Ең жақсы тарих Құран кәрімде келген тарихи оқиғалар. Ислам ғұламаларының сөздері, тәфсир және ақид кітаптарының бірде-бір құндылығы жоқ. Өйткені, ол ғұламалардың бәрі діннен қайтқан сатқындар», деп айтады. Жамағат: «Құран мен хадистерге ғана сүйенеміз», дегенімен, сөздерінен таяды. Өйткені, Құран мен хадис үкімдеріне сәйкес келсе, оны дәлел ретінде алады. Ал, үйлеспесе, айлакерлік жолына түсе қалады. Олар: «Жамағат баршаны сауатсыздыққа, білімсіздікке шақырады, оқуларды тастауға үгіттейді. Өйткені, институт пен университеттерді, мешіттер сияқты, шайтанның мекендері, деп санайды», – дейді. Олар: «Жұма намазы мен жамағат намаздары қасиетті төрт мешіттен басқа мешіттерде оқылмайды. Дүниедегі төрт мешіттен (Мекке мен Мединедегі мешіттер, Құба мен Ақса мешіттері) басқа барша мешіттер зиянды саналады. Сол мешіттерде намазды өткізетін имам тәкфир жамағатынан болса ғана намазхандардың намаздары дұрыс болады», – дейді.

Өздерінің әмірі Шүкри Мұстафаны осы үмбеттің көптен бері күткен имам Мәһдисы, деп санайды. Оның күш-жігерімен ислам дінін барша діндерге үстем етеміз, деп ойлайды. Қазіргі заман қаруларымен мемлекеттер ортасында алып барылатын соғыс нәтижесінде дүние экономикасы мен саясаты тәртіп шегінен шығады екен. Соң тәкфир жамағатының дәстүрі басталады, адамдар көне қарулармен (қылыш, найза, садақ т.б.) соғысты жалғастырады екен. Тәкфир жамағаты өздерін имаматтық (басқару), ижтиһад (үкім шығару қабілетіне ие болу) дәрежесіне жетік, деп есептейді. Тәкфир жамағатының мүшесі мархұм Әбдрахман Әбу ал-Хайрдың «Мұсылмандар жамағатының зікірі» атты кітабы жамағаттың қадірлі де қасиетті кітабы боп саналады. Мұсылмандарды кәпірге шығару мәселесі баяғыдан, яғни сонау хауариждер дәуірінен келе жатыр. Хауариждердің ғылыми және практикалық еңбектері бірнеше ұрпаққа жетіп келген. Біздің заманымызға келіп сол діни көзқарастардың қайта оянуына ислам қоғамдарындағы бұзықтық пен құдайсыздықтың өріс алғаны, ислам әрекеттеріне қарсы соғыс жүргізіліп, түрмеге түскен дағуатшылардың қатал тәртіп пен ащы азап көрулері себеп шығар.

Тәкфир жамағаты діннің ақиқатын білмейді, дәлел-құжаттарды түсінуге зер салмайды, харам үкімдерінде нормадан шығады, діни көзқарастары тұрақсыз, тарихты, саясатты, өмір мен барлықты және әһл сунна уал жамағат

бағдарламасын түсінгісі келмейді. Тәкфир мұсылмандардың арасына іріткі салып, олардың бірлік-ынтымағын кетіреді, үлкен дау-жанжал шығарады, мемлекеттің саяси-экономикалық бағдарламасының нығаюына бөгет салады, әрқандай террорлық актке дайын тұрады, халықтың дінге деген ықыласын сөндіреді, т.б. зияндарды келтіреді» – делінген [2].

2009 жылғы негізгі ұлыстар үлесі ресми санақ мәліметтері: қазақтар – 63,1%, орыстар – 23,7%, өзбектер – 2,8%, украиндықтар – 2,1%, ұйғырлар – 1,4%, татарлар – 1,3%, немістер – 1,1% және басқа ұлыстар – 4,5 %. Қазақтардың саны 1999 – 2009 жылдар аралығында 26% (немесе 2,1 млн адамға), тиісінше, өзбектер – 23% (87 мыңға), ұйғырлар – 6% (13 мыңға) өсті. Ал немістердің саны – 50%-ға (175 мыңға), украиндықтар – 39%-ға (214 мыңға), татарлар – 18%-ға (46 мыңға), орыстар – 15%-ға (683 мыңға) адам саны күрт төмендеп кетті). Нәтижесінде дін мен мемлекет арасында өзіндік қарым-қатынас моделі қалыптасты, ол халықтың руханилығының маңызды бөлігі және конфессионалды-мәдениет факторларының идентификация негізі болды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани-мәдениеттік құбылыстар бұрынсоңды болмағандай көтеріліп кетті. Осындай үрдістердің бірі – ұлттық мәдениет және дәстүрлі діннің қарқындалуы, елдегі діни деңгейдің көтерілуі [3].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында, тәуелсіздік жағдайында, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформация байқалуда, мұның қажеттілігі уақыт талабы болып отыр. Түрлі өмірге қажетті сфералардың пайда болуымен рухани құндылықтарды түрлі идеологиялық теориялардағы концептуалдық ережелердің де қайта қарастыру үрдісі, бірге жүріп жатқандығы байқалады [4].

«Итизал» сөзі араб тілінде «бір нәрседен алыстау және бір нәрседен айрылу» деген мағынаны береді. «Мутазила» осы етістіктен туындаған сөз болып табылады. Мутазила сөзі ең алғаш рет Хз. Алидің халифалық кезеңіндегі қақтығыстар кезінде еш бір топқа бағынбаған, бейтарап қалуды жөн көрген мұсылмандар үшін қолданылған. Осыған орай кейбір тарихшылар Мутазила сөзінің, Жамал соғысында Хз. Али мен Хз. Айша арасындағы қақтығыста тарапсыз қалғандарға, Хз. Али мен Муауия арасындағы соғысқа қатыспағандарға және Нахриуан соғысында Хз. Алиден амандық тілеп одан айрылғандарға қолданылғандығын айтады. Алайда Мутазила есімінің жоғарыда атап өткен оқиғаларға байланысты қолданылуы мен мұсылмандық дүниетанымға терең із қалдырған Мутазилиттік мазхабпен теңеу мүмкін емес (Sabine 2008: 17).

Деректерде «Мутазила» сөзі шектен шығушылықтан алыс болу дегенді білдіретін болғандықтан Мутазилиттер өздеріне осы есімді бергендігі тілге тиек етіледі. «Итизал» сөзі құран аяттарында оң мағынада қолданылған (Кәһф сүресі, 16; Мариям

сүресі, 48). Мутазилииттер бұл есімді шын мәнінде құраннан шығарылғанын, аяттардағы «итизал» сөзінің хақ пен шындықтан алыстау мағынасында емес, теріс жолдан алыстау мағынасында қолданылғанын айтады (Öztürk 2008: 34).

Мутазилииттердің ортаға шығуына байланысты деректердегі риуаяттарда Хасан Басридің мәжілісінде үлкен күнә жасаған адамның үкімі сұралады. Оның шәкірті Уасыл б. Ата ұстазынан бұрын сұралған сұраққа «әл-мәнзилу бәйнал манзилатайн» деп жауап бергенде Хасан Басри «Уасыл бізден айрылды» деп оның бұл ісіне қарсылық танытады. Уасыл осы мәжілістен шығып өзі жеке ілім орталығын ашады (Anthony Robert Byrd, 2007). Мұсылмандырдың дүниетанымына екі жүз жыл бойы ықпал еткен, әһли сүннет ойшылдарының ортаға шығуына аз болса да үлесі болған Мутазила мазхабының ортаға шығуын «Уасыл бізден айрылды» деген сөзбен шектеу, немесе осы сөзге негіздеу қанағаттанарлық тұжырым болмаса керек. Хасан Басри мен Уасыл б. Ата арасындағы пікірталасқа қатысты кейбір риуаяттарда Уасыл б. Ата туралы сөз етілмеген. Мысалы, Ибн Кутейбенің «Маариф» атты еңбегінде Хасан Басридің мәжілісіне айрылған кісілер Амр б. Убейд және оның достары деген дерек кездеседі (Ozervarli 2012: 10).

Біздің ойымызша Мутазилииттердің ортаға шығуына себеп болған негізгі фактор бұл Әмәуи салтанатының басқару жүйесі болып табылады. Мутазилииттер, жәбр идеологиясын мәжбүрлеп қабылдатуға тырысқан Әмәуи билігіне қарсы, адамның еркіндігі мен бостандығын алға тартып қарсылық білдірген (Akoğlu 2006: 34).

Мутазилииттер тарихта Басра және Бағдат Мутазилииттері болып екіге бөлінген. Басра және Бағдат мутазилииттерінің өз ішінде ортақ көзқарас болмаған. Олардың араларындағы ортақ ерекшелік сол кездегі саяси көзқарастары болатын. Бағдат мутазилииттері мемлекеттің орталығында орналасқаннан кейін мемлекет басшыларымен қарым-қатынастарын күшейтіп саясатпен тығыз байланыста болған. Басра мутазилииттері болса, орталықтан алыста өмір сүргендіктен саясаттан алыс әрі еркін ойлауға және ресми билікті сынға алу мүмкіндігіне ие еді. Мутазилииттер мұсылмандар арасында аударма әрекеттері басталмай тұрып-ақ, философиялық терминдерді кеңінен қолданған (Алау Әділбаев 2013: 41).

Мутазила мазхабының негізін салушылар Басра мутазилииттері болып табылады. Бұлардың өкілдері арасында Уасыл б. Ата, Амр б. Убейд,

Муаммер б. Аббас, Ибрахим б. Сеййар ән-Наззам, Әбу Хузейл әл-Аллаф, Әбу Бекір әл-Асам, Амр б. Бахр әл-Жахиздерді атап өтуге болады.

Басрадан көшіп келген Бишр б. Мутамир басшылығында Бағдат мутазилииттері құрылады. Бұл топтың негізгі өкілдерінің арасында Аббаси уәзірлігінде қызмет атқарған Ахмет б. Әбу Дуат, сондай-ақ Сумаме б. Әшраф, Жафар б. Мубашшир, Жафар б. Харб, әл-Хаят, әл-Кабилерді атап өтуге болады (Beagman 2000: 114).

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеу жұмысын талдауда ислам теологиясында маңызды орынға ие болған Мутазилииттердің ортаға шығуына байланысты жазылған зерттеулер негізге алынды. Тақырыпқа қатысты классикалық және қазіргі таңдағы орныққан тұжырымдарға сүйене отырып, тарихи-ғылыми, діни-философиялық ойлардың озық тұстары пайдаланылды. Зерттеу барысында компаративистикалық және герменевтикалық әдіс басшылыққа алынып талдау, жинақтау және қорыту, жүйелілік әдістері де қолданылды.

Дереккөздерге шолу. Мутазилииттер ислам тарихында кәлам ілімінің негізін салушы ретінде айтылады. Олар пайда болған кезеңде, әсіресе таухид және әділеттілік мәселелерін жүйелі түрде қолға алып құран мен хадистегі сенімге қатысты негіздерді алғаш рет рационалистік әдіспен түсіндіруге тырысқан. Хижри 3 ғасырда мутазилииттердің дамыған кезеңі болды. Әлеуметтік және саяси шарттардың өзгеруі нәтижесінде және биліктегі басшылардың назарын өздеріне қаратқан мутазилииттер, Мамун, Мутасым және Уасық билігі кезеңінде алтын дәуірін басынан өткерді. Дәл осы кезеңдерде «құран жаратылған» деген көзқарасты ұстанып ресми мазхаб болып қалыптасты. Өздерінің көзқарастарына қарсы келгендерге саяси қысым көрсетті. Ислам тарихшылары бұл дәуірге «мин-хе» кезеңі деп атаған. Әсіресе халифа Мамун кезеңінде мутазилииттер манихеизм және сабиилік сияқты гностикалық сипатқа ие әртүрлі дін мен діни ағымдарға қарсы мұсылмандық сенімін қоғап шығуы, бұл мазхабтың интеллектуалдық ортада қабылдануына өз әсерін тигізді. Аббаси халифасы Мутауаккилдің сүнниттік сенім жүйесін ұстануы, мутазилииттердің әлсіреуіне себеп болды (Mustafa Shah 2007: 434).

Мутазила ғалымдары ислам ілімдеріне қатысты көптеген еңбек жазған, бірақ бұлар күнімізге дейін жетіп келмеген. Мутазилииттер сүнниттік бағыттағы тарихшылар тарапынан қатты сынға ұшыраған. Олардың жазған еңбектерінің

бізге дейін жетіп келмеуінің негізгі себептерінің бірі осыған байланысты болуы да ықтимал. Сондай-ақ, Бағдат қаласының монғолдардың шабуылына ұшырауы, соғыстар мен табиғи апаттардың болуы сияқты факторларды да бұның жанында айтып өткеніміз жөн.

Мутазилииттердің көптеген атакты муфассирлері тарихтан белгілі. Олардың арасынан Әбу Бәкір әл-Асам, Әбу Али әл-Жуббаи, Әбул Қасым Абдулла б. Әл-Белхи, Әбу Муслим Мухаммед б. Бахр әл-Исфехани, әл-Қади Абдулжеббар б. Ахмет әл-Хамедани, Әбул Қасым Мамхмут б. Омар әз-Замахшари сияқты муфассирлерді атап өтуге болады (Josef van Ess 2004: 18).

Тақырыпқа қатысты зерттелген жұмыстарға шолу жасайтын болсақ, түрік және араб тілінде жазылған зерттеуші ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады. Солардың ішінде ең атақтылары Мустафа Өзтүрік, Кемал Ышык, Саим Йепрем, Мухаррем Ақоглы сияқты ғалымдардың еңбектерін айтуға болады. Мутазилииттердің сенім жүйесі және олардың ерекшеліктеріне байланысты ағылшын тілінде жазылған еңбектер де баршылық. Петер Адамсон, В.Ват және Сабине Шмидке сияқты ғалымдардың мақалаларын айтуға болады.

Негізгі бөлім

Мутазилииттердің негізгі принциптері мен құран тәпсіріндегі ұстанымы

Мутазила бағытындағы муфассирлер өздерінің сенімдері сен көзқарастарын жазған еңбектерінде көрсетіп нақылдан көбірек ақылға жүгінген. Мутазилииттердің тәпсірін оқыған кісі бұл тәпсірлердің танзиһ (пәктеу) және қалау еркіндігіне негізделгенін байқауға болады. Олардың сенім жүйесінде бес негізгі принцип бар. Олар таухид, әділет, әл-уад уәл уайд, әл-манзила бәйнал манзилатайн, әл-амру бил маруф уә наһйу анил мункар. Мутазилииттердің осы негізгі бес принципі тәпсірлеріне де енген (Lee A. Koeliker 2011: 35).

Тафсир тарихында мутазилииттер сүнниттік ғалымдар тарапынан қатты сынға алынған. Олар мутазилииттерді адасқан бидғат иелері ретінде танытқан. Олардың бірі әл-Бағдади болып табылады. Ол мутазилииттерді жиырма екі топқа бөліп олардың ішінен жиырмасы бидғат иелері екендігін, Хабития және Химария топтары болса күпірлікке түскендіктерін тілге тиек етеді. Мутазилииттерді сынға алған сүнниттік ғалымдардың қатарында Әбул Хасан әл-Малати, Бағдадидің шәкірті әл-Исфериани, Әбул Хасан

әл-Ашари, Ибн Кутейбе, Ибн Теймия және оның шәкірті, сенімдік мәселелерді салафтық бағыт тұрғысынан қарастырып, мутазилииттерге қатты соққы берген Ибн Жәузия болып табылады (Sagkaaya 2009: 136). Сонымен қатар кейбір сүнниттік муфассирлер мутазилииттердің көзқарастары туралы сөз қозғалғанда оларды кемсітетін немесе айыптайтын еш бір сөз қолданбай, тек қана олардың көзқарастарын берумен шектеледі. Бұған мысал ретінде Шехристани және Фахреддин Рази сынды ғалымдарды атап өтуге болады (Richard 2003: 64).

Мутазилииттер жазған еңбектерінде бес принциптерін қорғап бұл сенімді тарату үшін бар күшін салады. Олар тәпсірлерінде мұқем аяттардан көбірек мутешабих аяттарды қолданады. Өз идеологиясын қорғауда араб тілі әдебиеті мен грамматикасынан кеңінен пайдаланған. Мутазилииттер осы бес принципке сай келген аяттардың сыртқы мағынасын қабылдап тәуіл жасамайды. Алайда принциптеріне қарама-қайшы аяттарға ақыл мен қисынды түрде тәуіл жасауға тырысқан. Тәпсірде аяттардың сөздік мағынасын негізге алып, нузул себептері мен ишари мағыналарына аса назар аудармайды. Олардың ойынша құран тәпсірінде аяттардың сыртқы мағынасы негізге алынады. Нузул себептері мен ишари мағыналарын екінші орынға қояды (Kırca 1997: 138).

Мутазилииттер Алланың сипаттарына байланысты мутешабих аяттардың тәуіл жасалуын міндетті деп санайды. Бұл жолды таухид деп атайды. Сондықтан да мутазилииттер Алланың зат және сипаттарымен байланысты мутешабих деп қабылданған аяттардағы сипаттарды Алланың сипаттары емес екендігін тілге тиек етеді. Өйткені олардың ойынша Алланың сипаттары адамның сипаттарына ұқсамайды. Егер осындай ұқсату жасалса Алла мен құлдың арасында ұқсастық пайда болады. Олар Аллаға тән зати сипаттардың тәуіл жасалуын құптайды (Adamson 2003: 56).

Мутазилииттер бойынша «Алланың арышқа истиуа ету» дегені, оның аршты орап алуы немесе өз билігіне алуы дегенді білдіреді. «Қолдарыммен жараттым» (Сад сүресі, 79) деген аяттағы қол, күш-құат мағынасында, «Жоқ, оның екі қолы да ашық» (Маида сүресі, 64) деген жердегі қол сөзі, нығмет мағынасында қолданылған. «Алла көктер мен жердің нұры» (Нұр сүресі, 35) аятын жер және көк иелеріне тура жолды көрсетуші деп тәуіл жасайды. Мутазилииттер «Адамның Аллаға қарсы шыққаным үшін менің жағдайым қандай өкінішті» (Зүмәр сүресі, 56) аятындағы «жәнб»

сөзінің мойынсұну мағынасында, «*Аспандар оның құдіретімен бұралған күйде болады*» (Зүмәр сүресі, 67) мағынасындағы аятта кездесетін «ямин» сөзінің де құдірет мағынасында қолданылғанын тілге тиек етеді. «*Көз алдымызда бағылуың үшін өз тарапымынан махаббат салдым*» (Таха сүресі, 39) аятындағы «айн» сөзінің ілім мағынасында деп тәуіл жасаған мутазилииттер, «*одан басқа барлық нәрсе жоқ болады*» (Қасас сүресі, 88) аятындағы «уәжһ» сөзі зат және нәпсі мағынасында екендігін алға тартыды (Işık 1976: 67).

Мутазилииттер бойынша құранды дұрыс түсіну аяттарды таухид, әділет, әл-уад уәл уайд, әл-манзила бәйнал манзилатайн, әл-амру бил маруф уә наһйу анил мункар аясында түсіндірме жасау керек екендігін тілге тиек етеді (Dumlu 1998: 113). Ендігі кезекте мутазилииттердің осы бес принципіне жеке-жеке тоқталып олардың құран аяттарын тәуіл жасау әдісіне орын берейік.

1. Таухид.

Бұл принцип мутазила мазхабының негізгі сенім жүйесін құрайды. Алла тағаланың қияметте көрінбейтіндігін, оның сипаттары затынан басқа нәрсе емес екендігін, құран Алла тағала үшін махлұқ (жаратылған) екендігін айтуы осы таухид сеніміне негізделеді. Мутазилииттердің аса көңіл бөлген мәселесі осы принцип болып табылады. Олар Алланың затынан басқа сипаттардың болуын, сондай-ақ бұл сипаттардың мәңгі екендігін қатаң түрде жоққа шығарған. Олардың ойынша Алла ілімімен емес затымен алим болып табылады. Олар Алланың бірлігі сеніміне сәйкес келмейтін кезкелген мұхкем немесе мутешабих аяттарды ақылмен тәуіл жасайды (Öztürk 2003: 83-107). Олардың ойынша таухид дегеніміз, Алла тағаланы оның заты әрі сипаттары тұрғысынан жалғыз деп есептеу дегенді білдіреді.

Негізінде ислам философтары және кәламшылары арасында Алланың кемел сипаттармен сипатталуы мәселесінде еш қандай талас-тартыс жоқ. Алайда, Алланың затымен сипаттары арасындағы байланыс мәселесінде пікірталас орын алған. Мутазилииттер де осы мәселені таухид сенімі аясында Алланы жаратылғандардың сипаттарынан пәктеу мақсатында түсіндіруге тырысқан. Алланың мәні және Алла тарапынан жаратылған болмыстың мәні арасындағы әртүрлі ұқсастықтарды мутазилииттер жою керектігін айтады. Мутазилииттер «*Оған ұқсас еш нәрсе жоқ*» (Шура сүресі, 11) деген аяттың мағынасы ашық әрі мұхкем екендігін айта отырып, Алланың жаратылғандардың

сипаттарымен сипаттауға болмайтындығын тілге тиек етеді. Мутазилииттердің ойынша сипат жаратылған (хадис) болады, немесе қадим болады. Алла алим, ираде, хаят, семи, басар сияқты затына қосымша сипаттармен сипатталмайды. Алла алим, қадир болып табылады, бірақ затына қосымша сипаттары жоқ. Бұл дегені Алла іліммен алим емес, құдіретімен қадир емес (Cerrahoğlu 2009: 237-238). Негізінде сунниттік сенім жүйесі және Матуриди тағылымы бойынша қияметте Алла тағаланы көруге болады. Алайда, Мутазилииттер Алла тағаланы әртүрлі антропоморфтік сипаттардан тазарту керектігін айтады. Олардың ойынша Алланың адамдар тарапынан көрілуін айту оның денесі бар дегенді білдіреді. Алайда Алла дене емес, белгі де емес. Мутазилииттер Алланы көруге байланысты мәселеде өздерінің көзқарастарын құаттайтын аяттарды мұхкем, қарсыластарының бұған дәлел көрсеткен аяттарын мутешабих деп санап оларды тәуіл жасаған (Başaran 2011: 52). Мутазилииттердің Алланы көру мәселесіндегі құраннан келтірген дәлелдерінің бірі Ағраф сүресінің 143 аятындағы «*Раббым маған өзіңді көрсет, сені көрейін*» аяты болып табылады. Олар бұл аятты былайша түсіндіреді: «Раббым маған өзің туралы әртүрлі күдік пен күмәннен арылғанға дейін, өзің туралы нақты білімге ие болғанға дейін маған өзінді таныстыр. Осылайша мен сені көзбен көрген сияқты болайын». Мутазилииттер Алланы көрумен байланысты кәлам іліміндегі «ғайыпты шахитке қияс ету» әдісін қолдану арқылы рационалды дәлелдерді келтіреді. Олардың ойынша діннің негізі рационалдылыққа және интеллектуалды аргументтерге негізделеді.

2. Әділеттілік

Мутазилииттер Алла тағаланың құлдары үшін әділ екендігін, құлдардың күші жетпейтін міндеттерді жүктеп істеуге мәжбүрлемейтіндігін айтады. Сонымен қатар адамда қалау еркіндігі бар. Адам еркін, өзінің ісін өзі жасайды. Алла тағала туылғаннан бері құлдарына бір нәрсені жасап жасамау күшін берген. Егер де адам қандай да бір нәрсені жасау еркіндігіне ие болмаса, адамдардың істеген жақсы немесе жаман амалдарының қарсылығында жазалануы дұрыс болмайды. Егер де Алла адамдарды белгілі бір істі жасауға мәжбүрлеген болса, бұның нәтижесінде Алла адамды азаптауы зұлымдық болып табылады. Алайда Алла кезкелген зұлымдықтан пәк (Khalili 2016: 41).

Мутазилииттер әділеттілік принципімен Алла үшін қолдануға мүмкін емес, күпірлікті қалау,

қалағанына сый-сияпат беріп, қалағанын адастыру және т.б аяттардың сыртқы мағынасына мән берілмеу керектігін тілге тиек етеді. Өйткені Алла тағала бұндай істерден пәк. Мысалы, «*Алла, ол мысалменен көптегенді адастырып, әрі онымен көптегенді оңғарады*» (Бақара сүресі, 26) мағынасындағы аяттың сыртқы мағынасын алу дұрыс емес екендігін, адамдарды адастыруды Алла үшін қолдануға болмайтынын айтады.

3. *Әл-Уад уәл уаид*

Алла тағаланың әділеттілігі бойынша құл өзінің қалуымен жақсы немесе жаман амал жасаса оның қарсылығында сый-сияпат немесе азап көруі табиғи жайт. Мутазилиттердің көзқарасы бойынша үлкен күнә жасаған адам тәубе етпей өлетін болса, Алла тағаланың оны кешіруі дұрыс емес. Өйткені Алла тағала үлкен күнә істеген адамды жазалайтынын уәде берген. Егер оны жазаламайтын болса уәдесін бұзған болады. Алла тағала бұндай істерден пәк (Rezvan 1999: 43).

4. *Әл-Мәнлила бәйнал манзилатайн*

Мутазилиттер үлкен күнә істеген адамның кәпір де мүмін де емес екендігін, оның тозақта болатынын, бірақ оның азабы кәпірдің азабына қарағанда жеңілдеу болатынын тілге тиек етеді (Razi 2016: 20). Бұл көзқарас айтылған кезеңдерде үлкен күнә істеген адамның ақыреттегі жағдайына байланысты үш түрлі көзқарастары бар еді. Харижиттер бойынша үлкен күнә істеген адам иманын жоғалтқанын, тәубе етпей өлсе мәңгі тозақта болатынына сенген. Муржия ағымы бойынша үлкен күнә істеген адамның ақыреттегі жағдайын Аллаға тапсырса, Хасан Басри үлкен күнә істеген кісінің мұнафиқ екендігін алға тартқан.

5. *Әл-амру бил маруф уә наһйу анил мункар*

Жақсылыққа шақыру және жамандықтан тыю бұл тек қана мутазилиттерге ғана тән емес, бүкіл ислам ағымдарына тән ерекшелік. Мутазилиттердің бұл жердегі өзгешелігі төмендегідей: Жақсылықты әмір ету және жамандықтан тыю жүрепкен болады. Жүрек жеткіліксіз болса тілмен жасалады. Бұлар да жеткіліксіз болса қолмен, қол да жеткіліксіз болса қылышпен жүзеге асырылады. Бұған дәлел ретінде Хужурат сүресінің 9 аятын дәлел ретінде көрсетеді. «*Егер мүміндерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырыңдар; Егер екі жақтан бірі, екіншісіне өктемдік жасаса, бас тартқан жақпен Алланың әміріне қайтқандарына дейін соғысыңдар. Егер қайтса, араларын әділдікпен жарастырыңдар, туралық істеңдер. Расында Алла туралық істеушілерді жақсы көреді*» Сол себептен мутазилиттер Аббаси кезеңінде өздерінің

тінің тәуіл және көзқарастарын басқаларға күшпен қабыл етіруге тырысқан (Şener 2011).

Ғалымдардың пайымдауы бойынша мутазилиттер таухид принципімен сүнниттермен, екінші, үшінші және төртінші принциптері бойынша жәбрия мазхыбымен пікір айырмашылықтары бар екендігін тілге тиек етеді. Алайда, әһли сүннет пен мұтазилиттердің ақылды қолдану әдісінің арасында үлкен айырмашылық бар. Мұтазилиттер сенімге байланысты аяттар мен хадистерді қате түсініп, тәшбихке ұрынған және ақылды мүлдем жоққа шығарған ағымдарға қарсы шыққандықтан, ақылға шектен тыс сүйенген. Тіпті, олардың ойынша негізгі төреші ақыл болып есептеледі. Оларға классикалық әдіспен төтеп беру біршама қиындық тудырды. Осы себепті, «әһли сүннет» сенімін қорғау мақсатында жаңа әдіс тауып, иман негіздерін түсіндіруде аят пен хадиске қоса, ақылға да орын беруге қажеттілік тудырды. Матуриди мен Ашари мектептері осы негізде қалыптасты.

Мутазилиттердің көптеген атақты муфассирлері болды. Бұлардың арасында Әбу Бәкір әл-Асам (ө.286/850), Әбу Али әл-Жуббаи (ө.303/915), Әбул Қасым Абдуллах б. Ахмет әл Белхи (ө. 314/931), Әбу Муслим Мухаммед б. Бахр әл Исфехани (ө. 322/934), әл-Кади Абдул Жеббар б. Ахмед әл Хамедани (ө. 415/1024), Әбул Қасым Махмуд б. Омар «Земахшари (ө. 538/1143).

Захабидің пайымдауынша бізге дейін жетіп келген Мутазилиттік бағытта жазылған тәпсірлер мыналар:

1. Кады Абдулжеббар «Тәнзилул Құран анил Матаани»

2. Әбул Қасым Мухаммед б. Ибрахим Муса әл Казым б. Жафер әс Садық б Мухаммед әл-Бакыр «Гуарул Феваид ва Дуарул Галаид»

3. Замахшари «Кашшаф» Кады Абдулжеббар әл-Хамадани Мутазила махзхабының атақты ғалымдарынан. Фикхта Шафи мазхабында, сенімдік тақырыптарда Мутазила көзқарасын қолдайды. «Тәнзихул құран» толық құран тәпсірі емес. Ол құран аяттарын басынан соңына дейін тәпсір жасамаған. Мутазила принциптеріне сай келетін аяттарды тәпсірлеген. Ол, Ағраф сүресі 178 аятын Мутазиланың хидаят және адасушылық түсінігіне сай түсіндірсе, шайтанды адамға әсер ететін жасырын күш деп тәуіл жасайды. Оның ойынша Алла құлдардың іс-әрекеттерін жаратпайды. Әнфал сүресінің 17 аятын «*Оларды сендер өлтірмедіңдер, Алла өлтірді*» түсіндірген кезде былай дейді: Хз. Пайғамбар Бәдір соғысында оқ атқан. Оқ атқандығы үшін Алла оны өлген адамға жеткізді. Алла оқты өлген адамға

жеткізгендігі үшін, өлтіру ісі оған негізделген. Әйтпесе оқты атқан Хз. Пайғамбар болып табылады (Çalıřkan 2003: 96).

Кады Әбдулжеббар Әнфал сүресінің 2-3 және 4 аяттарын тәпсір еткенде мазхабының әл манзил бәйнәл манзилатайн көзқарасын тәпсірінде түсіндірген. Осы аяттардың барлығы иманның, сөз және амалдан тұратындығына ишарат ететінін айтады. Егер де бір мумин, құлшылықтарын толық орындамаса шынайы мумин бола алмайды. Егер де ол кісі бір күнә істейтін болса ол мүсылманшылықтан шығады және нәтижеде ол екі мәнзил арасында қалады. Мутазила да харижиттер сияқты иманға амалды да жатқызады. Сол себептен де Кады Әбдулжеббардың пікірінше иман, сөз және амалдан тұрады. Замахшаридің көзқарасы бойынша да иманға амал жатады. Оның ойынша шынайы иман (сахих иман) хаққа сену, оны тілімен айту және амалмен оны іске асыру болып табылады. Кімде кім сенімнен бас тартса, тілімен айтқанымен немесе амалымен көрсеткенімен ол мұнапық болып табылады. Кімде кім тілімен айтудан бастартса ол кісі кәпір, ал амалды тәрік етсе ол кісі пасық болып табылады. Өйткені иман дегеніміз сенім, мойындау және амалдан тұрады (Ержан 2013: 39).

Замахшаридің тәпсір, хадис, лұғат әсіресе балағат тақырыптарында теңдессіз орны бар. Замахшариге дейін дираятты екінші орынға қойылса, Замахшари дираятты алғашқы орынға шығарды. Құранның баян және балағат жағынан мұғжиза екендігін көрсетіп дәлелдеп берген. Ол кісі фикхта ханафи мазхабында болып, Кады Әбдулжеббар сияқты сенімде Мутазила мазхабында еді. Сондықтан да өзінің сенімдік мазхабының жасырын және ашық аудармашысы болған және оның тәпсірі мутазила тәпсірі болып танылған. «Кашшаф» атты тәпсірі құранның балағатын (шешендігін) көрсететін баға жетпес құнды еңбек. Өйткені құранның шешендігін көрсетуге тырысқан әрбір муфассир міндетті түрде Кашшафтан пайдаланған және одан әсерленген. Ол балағат тақырыбында құранның мұғжизалығын өзінен бұрынғылардың көрсете алмаған қырларын ашып көрсетіп берген. Бұдан кейінгі муфассирлер осы мәселеде Замахшари сияқты табысты бола алмаған (Иззетов 2013: 51-54).

Замахшари, тәпсірінде мутазилиттік түсінікті лұғат, мысалдама және ауыспалы мағыналармен түсіндірген, олардың сыртқы немесе ауыспалы мағыналарына қарай құран аяттарын тәпсірлеген. Мысалға, араб мақал-мәтелінде: «Әнә ила фуланин назирун ма яснау би» сөзі бар. Бұл, мен біреудің маған жасайтын көмегіне қарап отыр-

мын (күтіп отырмын) дегенді білдіреді. Осы сөйлемдегі «назирун» сөзін негізге ала отырып, Қияма сүресіндегі «Ила Раббуһа назиратун» (Ол күні беттер Рабтарына қарайды) аятындағы «назиратун» сөзін тәуіл етеді және аяттағы қараудың көру мағынасында емес, бір нәрсенің болуын күту мағынасында екендігін алға тартады (Әбдірасілқызы 2014: 135). Сондықтан да, аяттың мағынасы Алланы көру емес, Алладан бір нәрсені күту мағынасында екендігін айтады. Бұл түсіндірме әрине мутазилиттердің сенімдегі принциптеріне сай келіп тұр. Өйткені олардың пікірінше Алланы көру деген кезде оған зат немесе бағыт мағынасын Алла үшін қолдануға тура келеді. Олардың ойынша Ақыретте Алланы көру мүмкін емес (Аммара 1998: 109).

Алайда әр мазхабтық топ өздерінің қойған принциптеріне тәуелді болса да, кей бір тақырыптарда өздерінің принциптерінен ауытқуыларын да байқауға болады. Мысалға Замахшари Мутазила сеніміне үтір нүктесіне дейін толық мойынсұнбаған. Кейбір тақырыптарды өзінің түсінігіне сай тәуіл жасап отырған. Мысалға, Алланы көру мәселесінде Мутазилиттер Алланы көру мүмкін емес десе, Замахшари жоғарыда айтқанымыздай Алладан бір нәрсе күту деп түсіндірген (Demirci 1996: 140-141).

Қорытынды

Мутазилиттер хижри 2-3 ғасырларда мүсылман қоғамында маңызды рол ойнады. Олар сол кезде кең таралған манихеизм және сабиилік сияқты гностикалық сипатқа ие әртүрлі дін мен діни ағымдарға қарсы мүсылмандық сенімді қорғап қалу мақсатында күрескен алғашқы теологиялық мектептің бірі. Осы тұрғыдан олардың бұл еңбегі бағалануға әбден лайық. Тіпті сүнниттік теологиялық мектептің бар болуына аз болса да мутазилиттердің үлесі бар. Алайда сүнниттерде, мутазилиттерге болған теріс көзқарас қалыптасқан. Бұның себебі, алғашқы мазхабтар тарихына қатысты жазылған еңбектерде мутазилиттерді еретик ағым ретінде көрсетілуінде болуы мүмкін.

Мутазилиттер Басра және Бағдат болып екіге бөлінген. Араларында пікір айырмашылықтары болса да бес принципті барлығы толығымен қабылдайды. Олар мутешабах аяттарды осы бес принцип негізінде тәуіл жасаған. Сенімге қатысты мәселелерде өздерінің идеологиясын негізге алып, аяттарды өз мүдделері үшін қолдана түсіндірген. Сондықтан да олардың бұл әрекеттері сүнниттер тарапынан қатты сынға алынды.

Әдебиеттер

- 1 Watt.W.M (1985) *Islamic Philosophy And Theology*, – Edinburg, 1985.
- 2 Sabine Schmidtke (2008) *Theological Rationalism in the Medieval World of Islam*, Al-Ushur al wusta, 20.1, April 2008. P. 17.
- 3 Öztürk M (2008) *Kur'an'ın Mutezili Yorumu Ebu Müslim el-İsfehani Örneği*. – Ankara: Ankara Okulu Yayınları, 2008.
- 4 Anthony Robert Byrd (2007) *Euro-American 'Ulama? Mu'tazilism, (Post)Modernity, and Minority Islam*, *Religious Studies Theses*, 11-27-2007, ScholarWorks @ Georgia State University, p. 25.
- 5 M. Sait Ozervarli (2011) “Abu 'L-Hudhayl Al-Allaf” *Encyclopedia of Islam and the Muslim World*, p. 10
- 6 Akoğlu M (2006) *Minhe Sürecinde Mu'tezile*. – İstanbul, 2006.
- 7 Pj. Bearman, th. Bianquis, c. E. Bosworth, e. Van donzel and w. P. Heinrichs (2000) *The Encyclopaedia Of Islam*, Volume X, Leiden Brill 2000, P. 114.
- 8 Mustafa Shah (2007) *Trajectories in the Development of Islamic Theological Thought: the Synthesis of KalAm*, *Religion Compass* 1/4 (2007): 430–454, 10.1111/j.1749-8171.2007.00026.x P. 434
- 9 Josef van Ess (2006) *The Flowering of Muslim Theology*, Harward University Press, Cambridge 2006, p. 9
- 10 Lee A. Koelliker (2011) *The Mihna: Ma'mun's Inquisition for Supremacy*, *History Research*, ISSN 2159-550X December 2011, Vol. 1, No. 1, p. 35
- 11 Sarıkaya M.S (2009) *İslam Düşünce Tarihinde Mezhepler*. – İstanbul, 2009.
- 12 Richard C. Martin and Mark R. Woodward with Dwi S. Atmaja (2003) *Defenders of Reason in Islam, one world*, Oxford, P. 64.
- 13 Kırca C (1997) *Kur'an ve Bilim*. – İstanbul: Marifet Yayınları, 1997.
- 14 Peter Adamson (2003) *Al-Kindi and the Mu'tazila: Divine attributes, creation and freedom*, *Arabic Sciences and Philosophy*, vol. 13. Cambridge University Press, p. 56
- 15 Işık K (1976) *Mu'tezilenin Doğuşu ve Kelamî görüşleri*. – Ankara, 1976.
- 16 Dumlu Ö (1998) *Kur'an Tefsirinde Yöntem*. – İzmir: Anadolu Yayınları, 1998.
- 17 Öztürk M (2003) *Mutezile ve Tefsir//Marife dergisi*, № 3, 2003, s. 83-107.
- 18 Cerrahoğlu İ (2009) *Tefsir Tarihi*. – Ankara, 2009.
- 19 Başaran Y.R (2011) *The Idea Of Subjective Faith In al-Maturidi's Theology//Journal of Islamic Research* 2011, p. 52.
- 20 Emad Khalili (2016) *Sects in Islam: Sunnis and Shias*, *International Academic Journal of Humanities* Vol. 3, No. 4, 2016, pp. 41
- 21 Rezvan, E.A (1999) *The Quran And Its World. The Triumph of Diversity: Muslim Exegesis*, *Manuscripta Oricantalia*, Vol. 5, No 2. June 1999. St-Petersburg, p. 43.
- 22 Naseem Razi (2016) *Interpretation Of Statutes: A Critical Analysis In Perspective Of Islamic Jurisprudence*, *International Journal of science basic and applied research*, Volume 24, 2016, p. 20.
- 23 Алау Әділбаев (2013) *Ханафи Мәзһабы*, Алматы 2013.
- 24 Orhan Şener (2011) *Critique of Philosophy: Mutazili Theologian Ibn Malahimi of Khawarizm's Refutation of Philosophy*, *İlahiyat Studies A journal of Islamic and Religious studies*, p. 266.
- 25 İsmail Çalışkan (2013) *Siyasal Tefsirin Oluşum Süreci*, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2003
- 26 Ержан Қ (2013) *Ислам ақидасы*, Алматы 2013
- 27 Иззетов Р.Ф (2013) *Методы комментирования Корана*, Казанский исламский уни-верситет, Казань 2013
- 28 Әбдірасілқызы А (2014) *Матуриди ақидасының қазақ дүниетанымындағы орны// Орталық Азиядағы исламның ролі, Халықаралық конференция материалдары*, Астана 2014
- 29 Muhammed Ammara (1998) *Mutezile ve İnsanın Özgürlüğü Sorunu*, Ekin Yayınları, İstanbul 1998
- 30 Muhsin Demirci (1996) *Kur'an'ın Muteşabihleri Üzerine*, Birleşik Yayınları, İstanbul 1996

References

- 1 Watt.W.M (1985) *Islamic Philosophy And Theology*, – Edinburg, 1985.
- 2 Sabine Schmidtke (2008) *Theological Rationalism in the Medieval World of Islam*, Al-Ushur al wusta, 20.1, April 2008. P. 17.
- 3 Öztürk M (2008) *Kur'an'ın Mutezili Yorumu Ebu Müslim el-İsfehani Örneği*. – Ankara: Ankara Okulu Yayınları, 2008.
- 4 Anthony Robert Byrd (2007) *Euro-American 'Ulama? Mu'tazilism, (Post)Modernity, and Minority Islam*, *Religious Studies Theses*, 11-27-2007, ScholarWorks @ Georgia State University, p. 25.
- 5 M. Sait Ozervarli (2011) “Abu 'L-Hudhayl Al-Allaf” *Encyclopedia of Islam and the Muslim World*, p. 10
- 6 Akoğlu M (2006) *Minhe Sürecinde Mu'tezile*. – İstanbul, 2006.
- 7 Pj. Bearman, th. Bianquis, c. E. Bosworth, e. Van donzel and w. P. Heinrichs (2000) *The Encyclopaedia Of Islam*, Volume X, Leiden Brill 2000, P. 114.
- 8 Mustafa Shah (2007) *Trajectories in the Development of Islamic Theological Thought: the Synthesis of KalAm*, *Religion Compass* 1/4 (2007): 430–454, 10.1111/j.1749-8171.2007.00026.x P. 434
- 9 Josef van Ess (2006) *The Flowering of Muslim Theology*, Harward University Press, Cambridge 2006, p. 9
- 10 Lee A. Koelliker (2011) *The Mihna: Ma'mun's Inquisition for Supremacy*, *History Research*, ISSN 2159-550X December 2011, Vol. 1, No. 1, p. 35

- 11 Sarıkaya M.S (2009) İslam Düşünce Tarihinde Mezhepler. – İstanbul, 2009.
- 12 Richard C. Martin and Mark R. Woodward with Dwi S. Atmaja (2003) Defenders of Reason in Islam, one world , Oxford, P. 64.
- 13 Kırca C (1997) Kur'an ve Bilim. – İstanbul: Marifet Yayınları, 1997.
- 14 Peter Adamson (2003) Al-Kındi and the Mu'tazila: Divine attributes, creation and freedom, Arabic Sciences and Philosophy, vol. 13. Cambridge University Press, p. 56
- 15 Işık K (1976) Mu'tezilenin Doğuşu ve Kelamî görüşleri. – Ankara, 1976.
- 16 Dumlu Ö (1998) Kur'an Tefsirinde Yöntem. – İzmir: Anadolu Yayınları, 1998.
- 17 Öztürk M (2003) Mutezile ve Tefsir//Marife dergisi, № 3, 2003, s. 83-107.
- 18 Cerrahoğlu İ (2009) Tefsir Tarihi. – Ankara, 2009.
- 19 Başaran Y.R (2011) The Idea Of Subjective Faith In al-Maturidi's Theology//Journal of Islamic Research 2011, p. 52.
- 20 Emad Khalili (2016) Sects in Islam: Sunnis and Shias, International Academic Journal of Humanities Vol. 3, No. 4, 2016, pp. 41
- 21 Rezvan, E.A (1999) The Quran And Its World. The Triumph of Diversity: Muslim Exegesis, Manuscripta Orientalia, Vol. 5, No 2. June 1999. St-Petersburg, p. 43.
- 22 Naseem Razi (2016) Interpretation Of Statutes: A Critical Analysis In Perspective Of Islamic Jurisprudence, International Journal of science basic and applied research, Volume 24, 2016, p. 20.
- 23 Alau Adilbaev, Hanafi Mazhaby, Almaty 2013
- 24 Orhan Şener (2011) Critique of Philosophy: Mutazili Theologian Ibn Malahimi of Khawarizm's Refutation of Philosophy, İlahiyat Studies A journal of Islamic and Religious studies, p. 266.
- 25 İsmail Çalışkan (2013) Siyasal Tefsirin Oluşum Süreci, Ankara Okulu Yayınları, Ankara 2003
- 26 Erzhan K, İslam akidasy, Almaty 2013
- 27 İzzetov R.F., Metody kommentirovaniya Korana, Kazanskij islamskij universitet, Kazan' 2013
- 28 Abdirasilkizi A, Maturidi akidasynin kazak dunietanymyndagi orny// Ortalyk Aziadagi islamnin roli, Halykaralyk konferencia materialdary, Astana 2014
- 29 Muhammed Ammara (1998) Mutezile ve İnsanın Özgürlüğü Sorunu, Ekin Yayınları, İstanbul 1998
- 30 Muhsin Demirci (1996) Kur'an'ın Müteşabihleri Üzerine, Birleşik Yayınları, İstanbul 1996

Өткен күн, кеше, Тарих
Келер күн, Ертең – Сыр
Ал бүгінгі күн – үлкен сый

Қорқыт ата

Жолдубаева А.К.,
Кулумжанов Н.Е.,
Котошева К.К.

**Сакральность пространства:
кочевой опыт**

Феномен пространства как важнейшая категория культуры кочевников обладает особой сакральностью, так как она выражает мировоззренческие мотивы, культурные нормы и ценности. В данной статье была поставлена задача раскрыть сакральность пространства в жизни кочевников, которая является квинтэссенцией их духовного мира. Пространство в данном исследовании рассматривается как категория, выражаемая в реальных фактах и имеющая величину. Специфика мифологического пространства есть специфика мифологии вообще как раннего этапа развития человеческого сознания. Картина мира кочевников имеет ярко выраженный космоцентрический характер. Основу космологической мифологии составляет описание главного параметра вселенной – пространства – как основного условия существования человеческой жизни. Поэтому в этой статье предпринята попытка интерпретации модели космоса, являющегося инструментом понимания культуры кочевников, и, в частности, феномена пространства. Представление пространства у кочевников обладает особой емкостью, так как в нем воедино слились религиозные, экологические, культурные и экономические нормы и ценности. Пространство относится к двум характеристикам физического и духовного бытия человека. Пространственный континуум кочевников выступает одним из ключевых аспектов, позволяющих осмыслить феномен кочевой культуры.

Ключевые слова: сакральность пространства, модель космоса, шанырак, порог.

Joldubaeva A.K.,
Kulumzhanov N.Ye.,
Kotozheva K.K.

**Sacred space: nomadic
experience**

The phenomenon of space as the most important category of nomadic culture has a special sacred character, as it expresses ideological motives, cultural norms and values. In this article, the task was set in order to reveal the sacredness of the category of space in the life of nomads, which is the quintessence of their spiritual world. The space- in this study is viewed as a category that is expressed in real facts having a value. Space is a category that is discussed in almost every methodological study but still represents a problem towards the real world. The specificity of the mythological space is the specificity of mythology in general as an early stage in the development of human consciousness. The basis of cosmological mythology is the description of the main parameter of the universe – space – as the basic condition for the existence of human life. Therefore, in this article, an attempt is made to interpret the cosmos model which is an instrument for understanding the culture of nomads and in particular, the phenomenon of space. Representation of space at nomads has special reservoir as in its religious, ecological, cultural, economic specifics of the relevant cultural standards and values. The space belongs to two characteristics of physical and spiritual lives of the person, and the set of space phenomena.

Key words: sacred space, model of the universe, shanyrak, threshold.

Жолдубаева А.К.,
Кулумжанов Н.Е.,
Котошева К.К.

**Кеңістіктің сакралдылығы:
көшпенділердің тәжірибесі**

Кеңістік феномені көшпелілер мәдениетінің маңызды категориясы ретінде айрықша сакралдылыққа ие, өйткені ол дүниетанымдық мотив, мәдени нормалар мен құндылықтарды білдіреді. Мақаланың зерттеу мақсаты: көшпелілер өміріндегі олардың рухани әлемінің квинтэссенциясы болып табылатын кеңістік категориясының сакралдылық мәнін ашу. Аталмыш зерттеуде кеңістік белгілі көлем иеленген, нақтылы фактілер арқылы көрінетін категория ретінде қарастырылады. Мифологиялық кеңістіктің спецификалық ерекшелігі деп жалпы адамзат санасының ерте даму сатысына тән мифологиялық ерекшелікті айтсақ болады. Космологиялық мифологияның негізін ғаламдық кеңістіктің жалпы адамзат тіршілік ету жағдайының басты өлшемі ретіндегі сипаттамасы құрайды. Сондықтан бұл мақалада көшпелілер мәдениетін, атап айтқанда кеңістік феноменін түсінудің құралы болып табылатын ғарыш моделіне түсіндірме беруге талпыныс жасалынады. Көшпелілердің кеңістік түсінігі туралы олардың діни, экологиялық, мәдени, экономикалық нормалары мен құндылықтарында көруге болады. Кеңістік адамның табиғаты бойынша ғарыштан берілген ерекше санаттағы тәндік және рухани болмысына жатады.

Түйін сөздер: кеңістіктің сакралдылығы, ғарыш моделі, шанырак, босаға.

САКРАЛЬНОСТЬ ПРОСТРАНСТВА: КОЧЕВОЙ ОПЫТ

Исследование культуры кочевников, их места в истории человечества в современных условиях приобретает все большую актуальность. Кочевой образ жизни оказал существенное влияние на материальную культуру, духовные ценности и культурные стереотипы, менталитет и психологию местного населения.

Культура кочевников понимается как широкое пространственное явление, которое включает в себя временной аспект, охватывающий историю и предысторию этого феномена. Ядро культуры определяется устойчивыми чертами миропонимания и миропредставления, представляя существование целостности стиля на протяжении многих веков. Сложность и многогранность жизни кочевника отражена в причинно-следственных связях пространственного движения.

Независимость Казахстана способствовала значительному росту интереса казахстанской общественности к истокам своей культуры, и закономерным следствием этого стало принятие государственной программы «Культурное наследие», в рамках которой осуществляется многоцелевое исследование разнообразных аспектов истории и культуры нашей страны.

Актуальность темы статьи заключается в сохранении преемственности отношения к сакральности пространства в культуре кочевников и их потомков, то есть современных казахов. Феномен кочевничества в современности испытывает своего рода ренессанс, что подтверждается многочисленными исследованиями. Духовный опыт кочевников, обладающий общечеловеческой значимостью и ценностью, важен для сохранения духовного пространства национальной культуры. Можно говорить об уникальности феномена кочевья, который не потерялся в истории, и в этом заключается огромный потенциал, огромная сила феномена кочевничества. Номадолог Н.Т. Жуковская в своих работах доказала, что кочевники имели и имеют свою историю и культуру. В работах Н.Н. Крадина и Г.Д. Гачева кочевая культура выступает как своеобразное и маргинальное явление в истории человечества. Философское осмысление кочевой культуры как особого типа в мировой культуре было проведено М.С. Каганом. Вся культура кочевни-

ков была направлена на поддержание гармонического равновесия с природой, подчинение космическим ритмам. Предки современных казахов оставили в наследство потомкам важные для нашей современности установки из универсальных заповедей-законов Космоса-Тэнгри: «Не переступи круг чужой воли!», «Созидай!», «Давай миру больше, чем потребляй!». Сохранение и передача этих сакральных знаний необходимо нашему молодому государству, чтобы сохранить эту невидимую духовную нить, перекликающуюся с идеями «Мәңгілік ел».

Стержнем социальных отношений кочевников и базовой ценностью мировоззрения являлось родственно-родовое начало, выступавшее основополагающим принципом самоидентификации индивида и с общиной, с территорией как продолжением своего природного бытия. Отсюда следует, что степная культура имела древние традиции и глубокие корни.

Феномен пространства – важнейшая категория культуры, образующая основную систему координат, в рамках которой возникают, функционируют, развиваются мифология, религия, искусство, наука.

В данной статье раскрывается смысл сакральности категории пространства в жизни кочевников.

Культура тюрков появилась на почве древних культурных традиций широкого круга народов Евразии. Эти традиции характеризовались дуалистическим мировоззрением, которое делило весь мир на половины – правую, т.е. мужскую, небесную, главную, верхнюю, белую, восточную и т.д., и левую, женскую, подземную, младшую, нижнюю, черную, западную и т.д. [1, с. 52].

Необходимо отметить, что специфика мифологического пространства и времени есть специфика мифологии вообще как раннего этапа развития человеческого сознания. Поэтому в этой статье предпринята попытка интерпретации модели космоса, являющегося инструментом понимания культуры кочевников, и, в частности, феномена пространства. В основе традиционного мировоззрения кочевников лежит модель социума и космоса, созданного в результате первотворения. В момент первотворения из первозданного хаоса разворачивается структурированный космос. Высшей сакральностью отмечены те точки пространства и времени, где и когда произошло рождение и создание мира [2]. Центром последнего выступает точка соединения миров, точка, находящаяся в

середине космоса, через которую проходит мировая ось.

Кочевые народы освоили огромные пространства, характеризующиеся разнообразием ландшафтов (горные, лесостепные, полупустыни, пустыни), благодаря которым складывались мифологические, этнические, символические образы пространств, формировался механизм постижения и освоения территорий [3]. Собственно, отчет времени начинается с определенного времени года и в мифо-ритуале его связывают с точкой, из которой появляется все сущее. В подтверждение сказанному приведем пример о временной точке в традиционном мировоззрении хунну: «В первой луне нового года старейшины в небольшом числе съезжаются в храм Шаньюевой орде» [4]. Через точку соединения миров, находящейся в середине космоса, проходит мировая ось в различных ее вариантах, как, например, Мировое дерево и др.

В мифологии тюрков-кочевников отражена трехчастность мира. В одном из мифов о сотворении мира говорится: «Когда вверху было сотворено голубое небо, а внизу бурая земля, между ними были сотворены сыны человеческие» [4].

Еще одна легенда как свидетельство существования вышесказанной модели: «На небе есть жители – люди. Они опоясываются под горлом, мы живем в середине на земле и носим пояс на середине тела, люди же подземные, у которых также свое солнце, луна и звезды, носят пояс на ногах» [5]. Верхний мир – небо представлен абсолютным воплощением верха, т.е. семантическими дихотомиями верха и низа [6]. Небо как сакральное пространство в миропонимании кочевников играло важнейшую роль. «По милости неба, ратники были здоровы, кони в силе...», – приводим строки из письма Шаньюя, которые подтверждают вышесказанное [6]. Верхний мир, ассоциируемый с небом, был наделен положительными качествами. Согласно этногенетическому мифу тюрков, Огуз-каган был женат на девушках, одна из которых спустилась с неба.

Срединный мир – земля, считается вторым уровнем вертикального космоса, т.е. серединой между верхом и низом. Пограничное положение земного мира делало его центром космоса, где соответственно проводили ритуалы, гарантирующие сохранность этого порядка. Надо отметить, что земля является местом обитания и проживания людей, и поэтому наиболее доступна для освоения и познания. Согласно традиции, погибшего в бою воина-кочевника должны похоронить в родной земле, или при погребении

должна быть использована хотя бы горсть земли с родных мест. Отсюда следует, что земля, используемая в ритуале погребения, является священной, замкнутой в условных, сакрализованных границах, и рассматривается как место обитания людей, где перемещение в иную зону обязательно оказывается передвижением вверх или вниз [7]. нижний мир как мир подводный, подземный является противоположностью верхнего мира и, соответственно, характеризуется недостаточно полно, понятно и в связи с этим многие ответы связаны с похоронно-погребальными обрядами и ритуалами. Также необходимо подчеркнуть, что в этот мир уходят после завершения земного пути.

Низ как воплощение подземного мира в традиционном мировоззрении кочевников является дихотомией верхнему миру. Многие ученые-номадологи, рассматривая три уровня космоса, связывают с нижним миром мир предков, мир аруахов. Это прослеживается и в мифологических концепциях как трехмерное измерение пространства.

Все три мира имели образное отражение в виде неких моделей, как и ранее мы отмечали: Мировая гора, Мировое дерево, Мировая река.

Мировое дерево, так же и как гора, выступает в роли сакрального места в обряде принесения клятвы у древних кочевников. Жизненное пространство кочевника организует дерево – сакральный центр кочевья, достигающее небес, корнями, уходящее в нижний мир духов. Мировое дерево помещается в сакральном центре мира и занимает вертикальное положение. Как центр вселенной дерево выступает в обряде выбора хана у тюрков. При членении мирового дерева по вертикали выделяются нижняя (корни), средняя (ствол) и верхняя (крона) части. Они представляются как три зоны мироздания [8]. В генеалогическом преломлении в образе дерева представляется связь: предки – нынешнее поколение – потомки.

Одним из самых распространенных вариантов Мирового дерева является гора. Обычно эти две модели взаимно дополняют друг друга.

Поклонение горе, дереву показывает, что речь идет о сакральных объектах, наделенных высоким семиотическим статусом.

Поскольку гора является центром космоса, где совершился акт творения, люди сознательно привязывали к ней наиболее значимые в истории народа события.

У кочевников могло быть несколько священных гор. У горы Ордабасы, расположенной

на западе от Шымкента, согласно приведенным данным А.И. Левшиным, проходило избрание Абулхаира главным военачальником всего казахского ополчения [9]. Почитание гор древними кочевниками связано, прежде всего, с тем, что они, максимально приблизившись к верху, соприкасались с высшим, сакральным.

Модель мира, помимо вертикального трехчастного строения, имела и горизонтальную структуру. В частности, в традиции гуннов было принято маркировать стороны света различными цветами, например, конница у гуннов на восточной стороне имела серых лошадей, на западной – белых, на северной – вороных, на южных – рыжих [10].

Одним и важнейших обрядов, сопровождающих человека с момента его рождения и до смерти, является инициация как движение человека в пространстве времени или переход кочевника из одного статуса в другой. Обряд инициации, сопровождающий человека всю его жизнь, выступает некой сакральной цепью бесконечных перерождений человека: рождение, смерть и новое рождение. Рождение как переход из одного мира в другой: верхнего в средний, а смерть человека – переход из среднего в нижний [11]. Казахи как носители древней культуры кочевников сохранили отражение пространственно-временного феномена предков в современной лексике, и потому они никогда не скажут об умершем человеке, что он прекратил свое существование. Об умершем говорят: «дүние салды, бақиға көшті, қайтыс болды», что означает «перешел в иной мир, возвратился туда, откуда пришел, ушел в вечность». Порог как особое сакральное пространство было той границей, которая разделяет миры. Видимо, поэтому люди, близкие к иным мирам, занимали места у самого входа – босага [12]. Переход в иной мир маркируется датами 3, 7, 9, 40, 100 дней, 1 год со дня смерти. Интересно, что и те же даты возникают при переходе границы в наш мир, когда ребенок растет. И сегодня в нашем обществе присутствуют определенные похоронные обряды, связанные с указанными сакральными числами.

Поскольку процесс рождения представляется как переход в иной мир, сопутствующая ей родильная обрядность понимается так же, как сакральное действие, иницирующее переход. Так как такое действие связано с пересечением границы миров, то в нем неслучаен мотив порога, где, естественно, связываются пограничные статусы – старость и детство, отразившиеся и в ритуале рассаживания [13]. Обряд, оформ-

ляющий переход в новую жизнь, назывался «тұсаукесу», и он символизировал переход из состояния статичности к состоянию динамики, к тем первым шагам, которые делаются в этом мире. А сами обрядовые нити – белая и черная: как символы преграды и назидания, как диалектика жизни.

Существовал и другой обряд, связанный с ребенком, который только начинал ходить. Ребенка проводили под ногами старой женщины из рода канлы, что должно было обеспечить ему счастливую жизнь [14]. Вышеуказанный ырым-поверье как добрая примета-знак имеет место у казахов по сей день. У турков существовал обычай, когда новорожденного протаскивают сквозь отверстие в волчьей шкуре, в той части, где была пасть. Это свидетельство обычая оберега и открытия счастливой дороги. Необходимо отметить, что древние тюрки в качестве предка почитали волка. Тотем волка – символ поклонения, защиты, покоя.

Таким образом, вышеописанные обряды символизируют измерение пространства как перехода из одного мира в другой.

Во всех обрядах жизненного цикла присутствует процесс «одевания». Детали и оформление одежды невесты схожи с похоронными. В частности, лицо невесты закрывают, и это обязательный обряд-инициации. На пути невесты устраивают преграды. Только переступив порог нового дома, получив благословение старейшины, можно было открыть ее лицо, тем самым «оживив» невесту. После всего этого она окончательно переходит из одного мира в другой. И переход в иной мир связан с утратой прежнего состояния.

Обратимся к некоторым аспектам и объектам традиционной культуры тюрков, которые также могут быть вписаны в систему ценностей, сложившуюся в еще «мифологические» времена, где проявляются пространственно-временные представления. Прежде всего, это юрта и связанный с нею комплекс понятий.

О жилище-юрте древних кочевников написано очень много и в самых разнообразных аспектах: юрта как основа всей кочевой архитектуры (Даажаев, 1974; Пюрвеев, 1975), юрта как один из типов кочевого жилища, включая типологию юрт (Вайнштейн, 1976; Егоров, Жуковская, 1979), юрта как «семейная территория» и хозяйственная единица (Humphrey, 1974; Цэрэнханд, 1971), юрта как модель вселенной в представлении монгольского кочевника (Wasilewski, 1976) [15:14]. Основная идея вышеуказанных ученых

сводится к тому, что юрта – это модель вселенной, микромир кочевника; она ориентирована по сторонам света, имеет центральную ось, проходящую через очаг и дымовое отверстие; делится на семантические секторы: правый-левый, северный-южный, верхний-нижний, почетный-непочетный, мужской-женский.

Здесь, на наш взгляд, может стать подспорьем для разработки собственного проекта интересный опыт Национального центра передового опыта в области исламских исследований (НЦПОИИ) Мельбурнского университета (Melbourne University's National Centre of Excellence for Islamic Studies) [14]. Показательно, что создание инициативы «Национальный консультативный форум имамов» (National Imams Consultative Forum) принадлежит представителям академического сообщества, которые получили поддержку от Австралийского национального совета имамов (Australian National Imams Council) и Австралийского мультикультурного фонда (Australian Multicultural Foundation). Главной целью форума является предоставление возможности для совместной работы имамов, ученых-исследователей и государственных чиновников в достижении понимания вопросов общественной безопасности, радикализации общества и экстремизма [15].

Но основными реципиентами являются имамы, лидеры мусульманских общин по всей стране. Благодаря различным семинарам и тренингам, которые организуют и проводят преподаватели и профессора Центра Мельбурнского университета, религиозные руководители знакомятся с экспертными данными по психологии, СМИ, законодательству, международным отношениям, интернет-коммуникации и многим другим современным дисциплинам. Именно благодаря этому форуму имамы смогли встретиться с такими разнообразными спикерами, как Генеральный директор идеологического управления безопасности Саудовской Аравии, генерал Службы безопасности Австралии, бывший лидер индонезийской группировки террористической организации «Джамаат аль-исламия», заместитель национального координатора по программе предотвращения радикализации в Великобритании «Превент».

Такие встречи значительно расширяют представление служителей ислама по тем вопросам, которые оказывают непосредственное влияние на мусульман и их формат ислама сегодня. Получив необходимые знания, имамы могут стать эффективными участниками процесса по погашению радикализации, так и профилактики возникновения салафитско-джихадистских настроений среди верующих.

Получаемые на встречах такого уровня знания дают мусульманским руководителям в руки дополнительные инструменты для распознавания радикальных настроений и управления ими [22].

Необходимо отметить, что Национальный форум подготовил и выпустил материалы, которые развенчивают ключевые идеологические послы глобального джихадистского движения и его рекрутеров [15], включая признания самих бывших джихадистов [16]. Это потребовало серьезной академической и теологической работы, поскольку освещаемые вопросы касаются различных религиозных постановлений (фатва), правил обращения с немусульманами, идей халифата, джихада, гражданского и религиозного законодательства и т.д. Двадцать ведущих имамов Австралии поставили свои подписи под данными материалами, тем самым подтвердив их легитимность и достоверность для мусульман.

Таким образом, совместные действия светских и религиозных институтов принесли существенные плоды в вопросе противостояния террористической угрозе. Давая доступ к необходимым интеллектуальным ресурсам, австралийские власти, академическое и религиозное сообщество расширили возможности мусульманских лидеров решать проблемы, которые возникли вследствие деятельности экстремистов.

Важно отметить этический аспект этой помощи, которая предоставляется таким образом, что сохраняется авторитет и религиозная независимость имамов-участников встреч. К ним относятся именно, как к равноправным участникам процесса построения коллективной безопасности.

Выводы

Сегодня, когда ключевым вопросом в идеологии глобального джихадистского движения является спор о природе ислама, необходимо разрабатывать комплексный подход к борьбе с угрозой экстремизма. Находясь в полосе

относительного спокойствия, Казахстан, тем не менее, является актором глобальных процессов, на плечи которого возложена также задача по решению вопросов коллективной безопасности, связанных с действиями террористических группировок.

Осознавая тот факт, что терроризм как явление является сложным и многоуровневым явлением, тем не менее, нельзя оставлять без внимания вопрос о связи между религией и терроризмом [10]. Если не выносить его на открытое, профессиональное и экспертное обсуждение, то может возобладать мнение групп, негативно настроенных в отношении ислама, что только усилит угрозу террористической опасности и приведет к неоправданным репрессиям [11].

На наш взгляд, одним из кардинальных решений данной проблемы может стать создание интеллектуальных площадок, которые объединят действия религиозных лидеров, представителей научной элиты и заинтересованных госслужб. Например, для Алматы этот вопрос может быть решен силами представителей ДУМК, Института повышения квалификации имамов, профессорско-преподавательского состава КазНУ и аппарата акима. Когда речь заходит о противостоянии идеологии [7], академическое сообщество не может ограничиваться только обсуждением тренда или феномена. Его задача – заниматься разработкой контридеологии, разъяснительной и просветительской работой, чтобы научить отличать подделку от оригинала.

Вопросы коллективной безопасности сегодня действительно должны стать совместным делом представителей различных сфер общественной деятельности и различного мировоззрения, будь-то религиозное, научное или политическое. Глобальный мир бросает глобальные вызовы, решать которые в одиночку не под силу сегодня никому. Совместная работа – не выражение слабости, а показатель осознанности серьезности и комплексности проблемы, а также готовности учиться у других тому, что может пригодиться самим в дальнейшем.

Литература

- 1 КИСИ представил 10 наиболее важных событий в Центральной Азии в 2017 году [Электронный ресурс]. URL: <http://kisi.kz/ru/categories/articles/posts/kisi-predstavil-10-naibolee-vazhnyh-sobytij-v-central-noj-a> (дата обращения 30.01.2017).
- 2 Меделканов М. 1 января 2017 года начинается официальное вступление Казахстана в непостоянные члены Совбеза ООН. 24 Хабар [Электронный ресурс]. URL: <http://24.kz/ru/vybor-redaktsii/item/156539-ofitsialnoe-vstuplenie-v-nepostoyannye> (дата обращения 30.01.2017).

- 3 «Министр: Салафизм не является приемлемым для Казахстана». Информационное агентство ТенгриНьюс [Электронный источник]. URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/ministr-salafizm-ne-yavlyaetsya-priemlyim-dlya-kazahstana-304119/ (дата обращения 02.02.2017).
- 4 Музыкаина Е.В. Между линейностью и плюрализмом: фокус исламско-го мировоззрения – Тула: ЗХГЭИ, 2015. – С. 126-127.
- 5 «Салафиты Казахстана как движущая сила рекрутов для джамаатов ИГИЛ на ближнем Востоке», части 1-5 [Электронный источник]. URL: <http://antiterrortoday.com/ru/ekslyuziv/9990-salafity-kazakhstan-kak-dvizhushchaya-sila-rukutov-dlya-dzhamaatov-igil-na-blizhnem-vostoke> (дата обращения 02.02.2017)
- 6 Brachman J. M. (2010). *Global jihadism: Theory and practice*. London: Routledge. 212 p.
- 7 Emerson M. O., & Hartman D. (2006). *The Rise of Religious Fundamentalism*. *Annual Review Of Sociology*, vol. 32, pp. 127-144.
- 8 Esposito J.L. (2009) *The Oxford Encyclopedia of the Islamic World*. New York, N.Y.: Oxford University Press, v. 5, pp. 25-35.
- 9 *Global Terrorism Index 2016: Measuring and Understanding the Impact of Terrorism (2016)* [Sydney]: Institute for Economics and Peace. 108 p. URL: <http://economicsandpeace.org/wp-content/uploads/2016/11/Global-Terrorism-Index-2016.2.pdf>
- 10 Graeme S. (October 2005), *Profiling the Suicide Terrorist*, *INTERSEC*, vol. 15, No. 10, pp. 295 – 297.
- 11 Greer T., Berman M., Varan V., Bobrycki L., & Watson S. (2005). *We Are a Religious People; We Are a Vengeful People*. *Journal for the Scientific Study of Religion*, vol. 44 (1), pp. 45-57.
- 12 Habermas J. (2008) *Secularism's Crisis of Faith: Notes on Post-Secular Society*. *New perspectives quarterly*, vol. 25, pp. 17-29.
- 13 International Crisis Group, (2016). *Exploiting disorder: Al-Qaeda and the Islamic State*, <https://www.crisisgroup.org/global/exploiting-disorder-al-qaeda-and-islamic-state>
- 14 National Centre of Excellence for Islamic Studies Australia (2016) 'National Imams Consultative Forum', University of Melbourne, http://nceis.unimelb.edu.au/about/projects/national_imams_consultative_forum (accessed 01.02.2017).
- 15 National Centre of Excellence for Islamic Studies Australia (2016) 'An Australian Muslim perspective on some key contemporary concerns', University of Melbourne, http://nceis.unimelb.edu.au/__data/assets/pdf_file/0011/1467362/NICF-Statements.pdf (accessed 01.02.2017).
- 16 National Centre of Excellence for Islamic Studies Australia (2016) 'Works and statements by former extremists', University of Melbourne, http://nceis.unimelb.edu.au/about/projects/national_imams_consultative_forum/works_and_statements_by_former_extremists (accessed 01 September 2016).
- 17 Policy Address to the Security Council of the United Nations by His Excellency Mr Nursultan Nazarbayev, President of the Republic of Kazakhstan, <http://www.kazakhstanunsc.com/wp-content/uploads/2014/02/Policy-Address-to-the-UNSC-by-President-Nazarbayev-100117-English-FINAL-TEXT.pdf>
- 18 Pew Research Center (July 22, 2016) 'Muslims and Islam: Key findings in the U.S. and around the world', Pew Research Center, <http://www.pewresearch.org/fact-tank/2016/07/22/muslims-and-islam-key-findings-in-the-u-s-and-around-the-world/> (accessed 02.09.2016).
- 19 Rugman, A. M., & Collinson, S. (2009). *International business*. Harlow, England: Prentice Hall Financial Times, p. 173.
- 20 Tibi B. (2012) *Islamism and Islam*. New Haven: Yale University Press, 368 p.
- 21 Tibi B. (2015), *Changing Islamism: From Jihadism to Institutional Islamism, a Moderation? Soundings: An Interdisciplinary Journal*, vol. 98, No. 2, pp. 146-162.
- 22 Victoria Police Counter Terrorism Command's Specialist Intelligence Team (2016) *Community Driven Prevention: The Victorian Security Environment*. [Sydney]: Institute for Economics and Peace, p. 78.
- 23 Whinter Ch. (2016) *Fishing and Ultraviolence*. BBC News, <http://www.bbc.co.uk/news/resources/idt-88492697-b674-4c69-8426-3edd17b7daed> (accessed 02.09.2016).
- 24 Wiktorowicz Q. (January 01, 2006). *Anatomy of the Salafi Movement*. *Studies in Conflict and Terrorism*, 29, 3, 207-239.
- 25 Wright J. D. (2015). *A Social Identity and Social Power Perspective on Terrorism*. *Journal of Terrorism Research*, vol.6, no.3, p. 76.

References

- 1 KISI predstavil 10 naibolee vaznyh sobytij v central'noj azii v 2017 godu [KISR has Presented 10 the Most Important Event for Central Aisa in Year 2017], <http://kisi.kz/ru/categories/articles/posts/kisi-predstavil-10-naibolee-vaznyh-sobytij-v-central-noj-a> (accessed 30.01.2017).
- 2 Medelkanov M. 1 yanvarya 2017 goda nachinaetsya ofitsialnoe vstuplenije Kazakhstana v chleny Sovbeza OON [January 1, 2017 is the Beginning of the Official Membership for Kazakhstan in the UN Security Council]. 24 Khabar. URL: <http://24.kz/ru/vybor-redaktsii/item/156539-ofitsialnoe-vstuplenie-v-nepostoyannye> (accessed 30.01.2017).
- 3 «Ministr: salafizm ne yavlyaetsya priemlyim dlya kazahstana» [Minister: Salafism is not Acceptable for Kazakhstan]. *Tengrinews_KZ*. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/ministr-salafizm-ne-yavlyaetsya-priemlyim-dlya-kazahstana-304119/ (accessed 02.02.2017).
- 4 Muzykina Y.V. (2015) *Mezhdju linejnist'yu b pluralizmom: focus islamskogo mirovozzreniya* [Between Linear and Plural: Islamic Worldview Focus]. Tula: ZASI, s. 126-127.

- 5 «Salafity Kazakhstana kak dvizhushchaya sila rekrutov dlya dzhamaatov igil na blizhnem vostoке» [Salafis of Kazakhstan are the Driving Forces of ISIS Jamaats' Recruiters in the Middle East], Part 1-5 (2016), <http://antiterrortoday.com/ru/eksklyuziv/9990-salafity-kazakhstana-kak-dvizhushchaya-sila-rekrutov-dlya-dzhamaatov-igil-na-blizhnem-vostoке> (accessed 02.02.2017)
- 6 Brachman J. M. (2010). *Global jihadism: Theory and practice*. London: Routledge. 212 p.
- 7 Emerson M. O., & Hartman D. (2006). The Rise of Religious Fundamentalism. *Annual Review Of Sociology*, vol. 32, pp. 127-144.
- 8 Esposito J.L. (2009) *The Oxford Encyclopedia of the Islamic World*. New York, N.Y.: Oxford University Press, v. 5, pp. 25-35.
- 9 *Global Terrorism Index 2016: Measuring and Understanding the Impact of Terrorism (2016)* [Sydney]: Institute for Economics and Peace. 108 p. URL: <http://economicsandpeace.org/wp-content/uploads/2016/11/Global-Terrorism-Index-2016.2.pdf>
- 10 Graeme S. (October 2005), Profiling the Suicide Terrorist, *INTERSEC*, vol. 15, No. 10, pp. 295 – 297.
- 11 Greer T., Berman M., Varan V., Bobrycki L., & Watson S. (2005). We Are a Religious People; We Are a Vengeful People. *Journal for the Scientific Study of Religion*, vol. 44 (1), pp. 45-57.
- 12 Habermas J. (2008) *Secularism's Crisis of Faith: Notes on Post-Secular Society*. *New perspectives quarterly*, vol. 25, pp. 17-29.
- 13 International Crisis Group, (2016). *Exploiting disorder: Al-Qaeda and the Islamic State*, <https://www.crisisgroup.org/global/exploiting-disorder-al-qaeda-and-islamic-state>
- 14 National Centre of Excellence for Islamic Studies Australia (2016) 'National Imams Consultative Forum', University of Melbourne, http://nceis.unimelb.edu.au/about/projects/national_imams_consultative_forum (accessed 01.02.2017).
- 15 National Centre of Excellence for Islamic Studies Australia (2016) 'An Australian Muslim perspective on some key contemporary concerns', University of Melbourne, http://nceis.unimelb.edu.au/_data/assets/pdf_file/0011/1467362/NICF-Statements.pdf, (accessed 01.02.2017).
- 16 National Centre of Excellence for Islamic Studies Australia (2016) 'Works and statements by former extremists', University of Melbourne, http://nceis.unimelb.edu.au/about/projects/national_imams_consultative_forum/works_and_statements_by_former_extremists, (accessed 01 September 2016).
- 17 Policy Address to the Security Council of the United Nations by His Excellency Mr Nursultan Nazarbayev, President of the Republic of Kazakhstan, <http://www.kazakhstanunsc.com/wp-content/uploads/2014/02/Policy-Address-to-the-UNSC-by-President-Nazarbayev-100117-English-FINAL-TEXT.pdf>
- 18 Pew Research Center (July 22, 2016) 'Muslims and Islam: Key findings in the U.S. and around the world', Pew Research Center, <http://www.pewresearch.org/fact-tank/2016/07/22/muslims-and-islam-key-findings-in-the-u-s-and-around-the-world/> (accessed 02.09.2016).
- 19 Rugman, A. M., & Collinson, S. (2009). *International business*. Harlow, England: Prentice Hall Financial Times, p. 173.
- 20 Tibi B. (2012) *Islamism and Islam*. New Haven: Yale University Press, 368 p.
- 21 Tibi B. (2015), Changing Islamism: From Jihadism to Institutional Islamism, a Moderation? *Soundings: An Interdisciplinary Journal*, vol. 98, No. 2, pp. 146-162.
- 22 Victoria Police Counter Terrorism Command's Specialist Intelligence Team (2016) *Community Driven Prevention: The Victorian Security Environment*. [Sydney]: Institute for Economics and Peace, p. 78.
- 23 Whinter Ch. (2016) Fishing and Ultraviolence. *BBC News*, <http://www.bbc.co.uk/news/resources/idt-88492697-b674-4c69-8426-3edd17b7daed> (accessed 02.09.2016).
- 24 Wiktorowicz Q. (January 01, 2006). Anatomy of the Salafi Movement. *Studies in Conflict and Terrorism*, 29, 3, 207-239.
- 25 Wright J. D. (2015). A Social Identity and Social Power Perspective on Terrorism. *Journal of Terrorism Research*, vol.6, no.3, p. 76.

4-бөлім
ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМЫ

Раздел 4
ЗАРУБЕЖНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ

Section 4
FOREIGN PUBLICATIONS

Сұңғатұлы К., Мұсатаев С.Ш.
**Абайдың заңгерлігі мен құқық-
тық-саяси идеялары**

Абайдың құқықтық-саяси көзқарастары да прогрессивтік бағытта болды. Ол қазақ халқының би-шешендерінің игі дәстүрін жаңғырта отырып, жер, жесір, мал дауларын шешкен, әділ төрелік айтып, заңгерлік қызмет те атқарған. өзіне дейінгі билер мұрасын саралай келе, құқықтық-саяси идеяларын тұжырымдаған. Ғылыми-зерттеудің мақсаты – Абайдың құқықтық-саяси идеяларына ретроспективтік талдау жасау, қазақтардың дәстүрлі билер соты институты мен Ресей империясының жүргізген сот реформаларының ерекшеліктері қарастыру. Негізгі идея мен зерттеу бағыты – патшалық Ресей қазақтарды отарлау саясатын барынша игеріп тұрған уақытта өмір сүрген Абай өз заманында замандастарының, соңынан ерген шәкірттерінің құқықтық-саяси сауаттылық алуындағы, мәдениет пен саясат жолындағы рухани ұстазына айналып, кейіннен олардың ұлт ісінде айрықша серпілуіне ықпал еткені талданады. Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы – Абайдың құқықтық-саясиларында орасан зор саяси-құқықтық тәжірибе жинақталған, ұлы ғұламаның саясат, билік, заң, бостандық, құқық сияқты өзекті мәселелерге қатысты көзқарастары мен идеялары құнды. Зерттеудің әдіснамалары тарихилық пен ретроспективалық талдауға негізделген. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары: Абайдың рухани мұрасын танып-білу қазіргі саяси және құқықтық ғылымдарға, саяси теория мен қоғам өміріне игі ықпал етеді; Абай тек философ, ақын ғана емес қоғам қайраткері, әділ би, өз заманының заңгері де болған.

Түйін сөздер: Абайдың құқықтық идеялары, саяси көзқарастары, сот реформасы, отарлық саясат.

Songhati K., Mussataev S.
**Law-related activities and
political and legal ideas of Abay**

Political and legal views of Abai was progressive. He tried to modernize the good traditions of the beys, a unique judicial institution of the Kazakh people, he employed, allowed all kinds of domestic disputes, carried out legal activities. Studying the rich heritage of beys, Abay makes his findings, will form its own political and legal ideas. The aim of the research work – conduct a retrospective analysis of political and legal ideas of Abai, to consider features of the traditional socio-legal Institute of the Kazakh court of biys and judicial reform of the Russian Empire. The main directions and ideas for research – this paper analyzes the influence of the legal ideas of Abai on improving the political and legal literacy of his contemporaries and followers, logisim spiritual guide of his people in tough colonial policy of tsarist Russia. Scientific and practical significance of the work in the political and legal ideas of Abai accumulated a rich tradition of Kazakh biys, especially valuable views and ideas of the great thinker about politics, power, law, freedom, law. Research methodology: historical method and retrospective analysis.

Key words: legal ideas of Abai, political views, suganya reform, colonial policy.

Сунгатулы К., Мусатаев С.Ш.
**Правоведческая деятельность
и политико-правовые
идеи Абая**

Политико-правовые взгляды Абая были прогрессивными. Он старался модернизировать добрые традиции биев, уникальный судебный институт казахского народа, сам практиковал, разрешал разные бытовые споры, осуществлял правоведческую деятельность. Изучая богатое наследие биев, Абай делает свои выводы, формируя собственные политико-правовые идеи. Цель научно-исследовательской работы – проведение ретроспективного анализа политико-правовых идей Абая, рассмотрение особенностей традиционного социально-правового института казахов – суда биев и судебной реформы Российской империи. Основные направления и идеи научного исследования – в работе анализируется влияние правовых идей Абая на повышение политико-правовой грамотности своих современников и последователей, служивших духовным наставником своего народа в условиях жесткой колониальной политики царской России. Научная и практическая значимость работы – в политико-правовых идеях Абая накоплены богатая традиция казахских биев, особенно ценны взгляды и идеи великого мыслителя о политике, власти, законе, свободе, праве. Методология исследования – историзм и ретроспективный анализ.

Ключевые слова: правовые идеи Абая, политические взгляды, судные реформы, колониальная политика.

АБАЙДЫҢ ЗАҢҒЕРЛІГІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ-САЯСИ ИДЕЯЛАРЫ

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі күмән туғызбайды, өйткені Абайтануға түрлі саланың ғалымдары атсалысып, оның рухани мұрасы жан-жақты зерттеліп келеді. Абай атамыз өрелі өлеңдерімен ұлы ақын деп танылса, әсем әндерімен керемет сазгер, ал қара сөздері арқылы кемеңгер ойшыл, дана философ ретінде кең танымал. Алайда, абайтану тек әдебиет, көркемөнер, фәлсафашылардың ғана зерттеу саласы емес, Абайдың мұрасы – қазсаң тағы да асыл қазына шығатын алтын кеніш, ашылмай жатқан әлі талай қатпар-қырлары мен сырлары бар, қайталанбас біртуар тұлға екендігі анық. Осы тұрғыдан алғанда Абайдың құқықтық-саяси көзқарастарын зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы зор. Сондықтан, жоғарыда көрсетілген өзекті мәселелер осы зерттеу тақырыбын таңдауымызға әсер етті.

Зерттеудің нысаны – Қазақстанның құқықтық-саяси ойының даму тарихы.

Зерттеудің пәні қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың құқықтық идеяларын, ұлт мүддесі үшін күрескен қайраткерлігі мен заңгерлік қызметі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Жұмыстың негізгі мақсаты – Абайдың заңгерлігі мен құқықтық-саяси идеяларын ретроспективалық талдау. Бұдан төмендегідей зерттеу міндеттері туындады:

- дәстүрлі қазақ қоғамындағы демократиялық ұстанымдар мен азаматтық-құқықтық қатынастар мәселесін зерттеу;
- қазақ халқының тарихындағы билер соты мен құқық мәселесінің алатын орнын анықтау;
- Абайдың өзіне дейінгі билер сотының игі дәстүрлерін жаңғыртуын саралалау;
- Абайдың құқықтық идеяларының мән-мағынасын ашу;
- Абайдың би ретіндегі заңгерлік қызметін талдау.

Негізгі бөлім

Абайды тек ұлы ақын деп тану орынды болса да, жеткіліксіз. Бұл туралы белгілі абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы былай дейді: «Абай мұрасын танытудағы қуатты құралдың бірі – «Абай» энциклопедиясы ойшыл, хәкім Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында басылым көрді. Бірақ шынын айтсақ, бұл энциклопедия асығыс, жылдам, тез даярланумен бірге ақын мұрасын ғылыми тұрғыдан өз деңгейінде таныта алмады, себебі кеңестік тоталитарлық идеология оның өрісін тарылтты. Әдебиет пен өнерге, ғылымға таптық, партиялық принципті орынсыз тықпалап қақпайлай берудің қажет еместігін Қытай компартия жетекшілері өз тәжірибесінен көріп сезінуі себепті Дын Шау Пин: «әдебиет пен көркем өнер саясатқа тәуелді деген сөз бұдан былай айтылмауы керек. өйткені бұл ұран әдебиет пен көркем өнерге қисынсыз килігудің оп-онай теориялық негізі болып шыға келді. Бұл тектес ұрандардың әдебиет пен өнерге пайдасынан зияны көп екені өмірдің өзі көрсетіп берген жоқ па?» деп өте сындарлы пікір білдіруі өмір ағысынан туындап отырған шындық екенін көріп сезінудеміз. Абай мұрасының шығысқа қатысын «Абай» энциклопедиясында жан-жақты ашып көрсетуге мүмкіндік берілмеді. Абайдың орыс әдебиеті мен европалық мәдениеті шамадан тыс мадақталып, назар осы тарапқа молырақ аударылды. Ал, Абайдың дүниетанымы жайлы мәселелер қала, қалама материалистік, атеистік таным тұрғысынан баяндалып, насихатталды» [1].

Абай мектебі – тек ақындық мектеп қана емес, даналықтың, ұлтшылдықтың ұлы өнегесі [2]. Қазіргі таңда Абайдың рухани мұрасын түрлі ғылым салалары жан-жақты зерттеп, жаңа қырларын ашуда. Сонымен қатар, А.К. Машакова шетелдік зерттеушілердің де Абайдың шығармашылығына қатты қызығушылық танытып отырғанын көрсетеді [3]. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терең ойын тек ой-арманы етіп қалдырмаған. Ізгі идеялар үшін күрескен. Чехиялық лингвист, түріктанушы Людек Гржебичек Абай шығармашылығын зерттей келе «Абайдың поэтикалық шығармаларында қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігі бейнеленген» деп жоғары баға берген [4]. Пакистандық ғалым Халид Икбал Ясира «Абай – тарихи кезеңнің мақтанышы» деген мақаласында Абай Құнанбаев пен пакистандық данышпан ақын Мухаммад Икбалдың шығармаларын салысты-

рып, екеуіндегі ортақ үндестік – ұлттық ояну, жаңғыру, даму мәселелеріне кедергі келтіретін шенеуніктердің жемқорлығы, рулық қырқысу, сауатсыздық, надандық, адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы сияқты қоғамдық дерттермен күресу деп көрсеткен [5].

Абай шешендік, билік жолы оның халықтық сана-болымысты биіктетудегі негізгі құралы саналған немесе заңгерлік жолына түсіп, заң арқылы ел-жұртының мүддесін қорғауға тырысқан. Демек, Абай – тұтас тұлға, оның би атауы, кескен үкімдері, шешкен даулары – саяси тұлғаның, қоғам қайраткерінің күрделі болмысының тағы бір қыры. Ол ұлы дала заңын үлкен қоғамдық күш деп санаған. Бұл туралы отыз жетінші сөзінде Абай: «...Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» – деп [6], заң-құқықтың орны мен рөлін аса жоғары бағалайды. Абайдың кара сөздеріндегі құқықтық-саяси идеяларға талдау жасай келе, оның ақын, философ қана емес, шешендік өнерімен танылған би, өз заманының заңгері болған қайраткер, қазақтың ұлы билерінің соңғы буыны екенін көреміз.

Шежіреге жүгінсек, Абайдың арғы атасы Ырғызбай да, атасы өскенбай да беделді би болса, әкесі Құнанбай би әрі аға сұлтан болғаны белгілі. Яғни, билік ісі оның әулетінде атадан балаға жалғасқан дәстүр болатын. Ауыз әдебиетінде әділдік іздеп, кісіде кеткен құнын ала алмаған даугердің «мойын басы былқылдап, Ырғызбай жүрді араға» деген сөзі текке айтылмаса керек. Академик С. Сартаев билер заманын суреттегенде, ол заманның адамдарын «Сөз құдіретін өте жоғары бағалап, сөзге тоқтаған» деп көрсетеді [7]. Ал «кісің адал болса, өскенбайға бар, арам болса Ералыға бар» деген мәтелмен Құнанбайдың қарадан шығып аға сұлтан болғандығы бәрімізге аян. Абай, міне, осындай әулетте, өтірік арыз-дау өршіген ортада өсіп, тәрбиеленген. Ендеше оның би болмауы мүмкін бе? өз дәуірі Абайды дара да дана би етіп қалыптасуына қосымша ықпал еткен. Қысқасы, Абайдың бұрынғы ел камын ойлаған әділдіктің арқауы болған, ұлы билердің мұрагері, соңғы өкілдерінің бірі болғандығын «Абай», «Абай жолы» романдарын оқыған адам оңай байқай алады. «Билікке келгенде Абайдай әділ, таза, дұрыстығы күшті» биді Тобықты ішінде бұрынғы заманда көрген жоқ деп айта аламын» – дейді замандастарының бірі Көкбай [8]. Ал 1909 жылы Петербургте жарық көрген Құнанбайдың балалары даярлаған Абай өлеңдерінің басы-

лымында: «20 жасында Абай халық ортасында Мөңкедей бас шешен болды» қазақтың ескі заманы болса, бұрынғы қазақтың атақты биі болмағы анық еді» деп жазылған [9].

Қысқасы, «Абайға жүгініске барсақ, билігіне құлдық» деу сол кездегі әділдік бітім іздегендердің арманы болыпты. Ал біздің Абайдың би және билік-бітімдерін талдаудағы мақсатымыз: бидің қазақ тарихындағы ерекше сот құқығы мен әділеттілік құқықты бір бойына жинаған бірегей тұлға екендігін әрі олардың қазақ заңдарының авторы да, атқарушысы да, құқықтық мәдениетті қалыптастырушысы да, және өз заманының заңгерлері екендігін саралау болып табылады. Абай бір кездері жалған арыз себебінен 1877-1878 жылдың қысында 28 жасында Семейге шақыртылып, 12 үлкен іспен тергеліп, 3-4 ай қаладан шыға алмай жатады. Бұл оқиға Абайға қатты әсер етеді. «Айыпкер» болған Абай амалсыздан өзін-өзі ақтауына тура келіп, заң-түзім жағындағы білімін тереңдетудің зәрулігін сезінеді, сонымен орыстың адовакат, тілмәштарымен кезігіп, әңгімелесіп, заң-закондерден сусындап, өз-өзіне адвокаттықтан алғашқы заңгерлік жолына түсе бастайды. Қоңыр Көкше еліне болыс болып тұрғанда Ұзақбай Бөрібаевтың арыздары да Абайды көп тергеуге ұшыратады, бірақ, Абай мұның бәрінен де өзінің мол заңдық білімімен, пәктігімен, заңгерлік ақыл-парасатымен арыздарды тойтарып отырған.

Абай өз өмірінде екі рет болыс (қоңыр Көкше еліне), екі рет (Қарамола сиезі мен Көктұма сиезінде) төбеби болған. Төбеби мәртебесін алу қазақ ортасында Абайдың сан қырлы Саңлақ би көзі көреген, көкірегі дана хакім деңгейіне көтерілгендігінің бір көрінісі. Ол біріншіден, өз сөзінде айтқандай, «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есімханның ескі жолдары» мен әз Тәуке-нің «Жеті жарғысын» жақсы біліп, ел билеуде заманға қарай заңы болуды дәріптеген, ел билеуге салуда қоғамның даму динамикасымен жарастыра, қабыстыра отырып, шындыққа жүгініп, заманның талабы бойынша қайсысы ескі, жаңа заманға үйлеспейтін мазмұндарды өзгертіп, заң-түзімді үздіксіз кемелдендіріп отыруды уағыздаған алғабасар заң-құқықтық идеясы мен артық және қымбат. Сондықтан, Абай объективтік тұрғыда қазақ халқының идеологы, жарқын болашақтың жаршысы болды деп айтуға толық негіз бар [10].

Екіншіден, Қарамола сиезі және Абай ру мен руды ақылдастыратын, неше алуан ұлы-кіші дауларды шешетін, тұрмыстықтан бастап

қылмыстыққа дейінгі аралықтығы түйін-түйнектерді жазатын, дау-жанжал түрлеріне қарай заң-ереже тудырып, орамды әділ билік жасалатын қазақ заң тарихында маңызды орны мен рөлі бар мәжіліс-сиез болатын. Мұндай съездерді қазақ «шербешінай сиез» (төтенше съезд) деп атаған (орысша – чрезвычайный съезд). Міне, осындай съездердің бірі Қарамола сиезі болатын. 1885 жылы мамыр айында Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің генерал-губернаторы В.С. Цеклинскийдің басқаруымен Семей губерниясына қарайтын бес уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезд өтті. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу тапсырылды. Абай бастаған комиссия үш күн, үш түнде патша өкіметінің халықты қанауға, зорлық-зомбылыққа негізделген заңына ұқсамайтын, барлығы 93 баптан тұратын «Қарамола» ережесін жасап шықты. Қарамола мекені Шар өзенінің жағасында болғандықтан бұл ереженің «Шар ережелер» деген екінші атауы да бар («Чарское положение») [11]. Бұл ереже қазақ ішіндегі мәселелерді реттей алды. Жалпы қазақта Қарамола ережесі секілді 40-50-ге жуық ереже қолданылған. Бірақ ішіндегі ең көлемдісі, ең мазмұндысы Қарамола ережесі болған. Заң ғылымының кандидаты Қазыбек Дауталиевтің пікірінше, өз заманында Абай 70 шақты билік айтқан және оның үкім-кесімдері кейінгіге жол болған. Бұл – бізге белгілісі ғана. Абай шешкен ең атышулы даулар ел аузында қалған. Мысалы, «Шынын айтқан шығынсыз құтылады» деген Абайдың билігі бар. Жоқтықтан, амалсыздықтан ұрлыққа баратын ұрылар, байлардың қолшоқпары болған ұрылар деген екі түрлі ұрылардың барын білетін Абай оларға әрқалай жаза кескен. Абай жоқтықтан ұрлық жасағандарға кешіріммен қарап, жеңіл жаза белгілеген, тіпті өз малын, інісі Оспанның малын ұрлағандарды «енді ұрлығыңды тый, ел қатарына қосыл» деп алдына мал салып берген. Абай бай-манаптың ұрыларына қатаң жаза қолданған. Жалпы қазақта мал ұрлығына қатты жаза беретінін ескерсек, Абай дәстүрлі үкім-кесімге өзгеріс енгізген [12].

Бұрынғы жол бойынша ақы иелері алатын малды төлеуге ұрының өз мүлкі жетпегенде, ағайын-туысы төлейді екен, Абай енді «ағайыны емес, ұрыға ат майын беруші, сүйеуші бай-жуан төлейтін болсын» деп бекітеді. Абайдың заңгерлігіндегі тағы бір ерекшелік – ол ұрлық қылмысына қатты қарсы шыққан әрі жалпы ұры дегенге аса қатал, қатты болған. Абайдың ұрлықты

тиюдағы өнегелі әрекеттері халық жадында көп сақталған. Мысалы, Абайдың Жігітек руындағы Қорамжан деген кедей кісіден: «Бір нәрсе сұрайын: маған ұрлығыңды берші» деп өтінуінен, Қорамжанның ұрлықты қойып, Абай ауылына көшіп келуі, Мұсабек деген Жігітек ұрысының адам болуына Абай көп көмек еткендігі, осылай бұрын ұры болғанның талайы Абайдың тәрбиесінен кейін кісі болғаны мәлім. Сондықтан да бір ұрының өлеңіндегі:

Күнту болыс болғанда жортқаным-ай,
Кедей менен найманды тортқаным-ай.
Қазы менен қартаны кертіп шайнап,
Абай болыс болғанда қорыққаным-ай! –

дейтін жыр жолдары растай түскендей [13].

Абайдан бұрын ері өлген жесір әйелді алатын әменгері жоқ болса, күйеуінің ағайыны өзге біреуге сатып беруге болады екен. Абай: «бұл әділет емес, ол әйел баста бір сатылған, жасау мүлкімен кеп, алғашқы қалыңмал орайын төлеткен. Енді екі сатылмақ – зорлық, алатын әменгері болмаса, еркі өзінде, ол әйел – азат болуы керек» деген белгілемені заң-ережеге енгізеді. Мұнда демократиялық сипаттағы көптеген жаңалықтар бар, әсіресе, әйел теңдігі, әйел бостандығы жайында сол кезде ешбір ресми заңда жоқ, жаңа әрі озық қағидалар алынады, жер дауы, жесір дауы, мал дауы, мұрагерлік, барымта, ұрлық туралы да катал да әділ ережелер қабылданады [14]. Сөйтіп, Абай қазақтың ескі заңдық жарғы-жолын өзгерту туралы көптен ойлаған көкейкесті армандарының бірі іске асқандай болады. Бұл заң сол жылы Семей губернаторының бұйрығымен Қазан қаласында басылып шығады. Алдымен орысша, кейін араб әрпімен басылған. Неке заңына қатысты ереженің 42-бабында «күйеуі қыздан 25 жас үлкен болса, күйеуі кедей болып, қалыңға мал бере алмаса, әйел неке бұзып, еркіндік алады» – деп белгіленген. Бұл заңдық белгілемелер кейін Абай өлеңдерінен де үндестік тапқан. Абайдың 1896 жылы жазған «бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлеңінде қазақ әйелінің еріксіздік, күндік күйін арнаулы тақырып етіп, олар көретін қорлық пен зорлықты тілге тиек етеді, әрі бірінші рет үйшілік, тұрмыстық негізінде, зорлықпен құрылған отбасына шабуыл жасайды, масқара салттарды мазақ етеді, соның ішінде некеленудегі жас белгілемесі жайында: «кімдекім үлкен болса екі мүшел, мал беріп алғанымен, қатын емес» – деуі жоғарыдағы айтылған «күйеу қыздан 25 жас үлкен болса ажырасуға мүмкіндік беретін тармақпен рухани байланыста. Ал жесір

дауына мысал ретінде Тобықты Базылдың қызы Қадиша атастырылған Жығыты Оразбайдың туысы Есболатқа риза болмай, Абыралыдан келген Қаракесек Олжабаймен көңіл қосып, қашпақшы болғанда қолға түсіп, кісенделгенде олардың ауыр халіне ара түсіп, Оразбайдың көңіліне қарамай, аңдушы жігіттерді айыпты етіп, оларға азаттық алып берген ерлікке барабар еңбегін атасақ та жеткілікті сияқты.

Қарамола ережесінің 2-бабында орнықтырылған норма Абайдың Қара сөзінде айтылған «би екеу болса, дау төртеу болады» қағидасына негізделген. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дауды көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Ол туралы ұлы Абай өзінің үшінші қара сөзінде: «...Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы Қасым ханның «Қасқа жолын», Есім ханның «Ескі жолын», әз Тәуке ханның «Күл төбенің басында күнде кеңес» болғандағы «Жеті жарғысын» білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпенен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына тартымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ. Бұрынғы қазақ жайын білетін жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады», – деп. Оның мәнісі – тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтпін би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере болғандықтан түссе, әйтпесе түспесе, ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні екі билікке таңдап алып, үстіне біреуді төбе билікке сайлап алып, біте берсе, егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді», – деуі көп нәрсені аңғартады [6, 14].

Міне, үш кісіні биге сайлау ой-пікірі, әрине батыс буржуазиясының (әкімшілік, әділдік, заң шығару) құқығын үшке бөлу идеясының жай көшірмесі емес, қайта қазақ халқының сан ғасырлық ел билеу тәжірибесінің Абай санасындағы жасампаздықпен көрініс табуы еді. Абаймен Қарамолада бірге болған Мұсыралы ақсақалдың есінде қалған әңгіме бойынша, Абай Қарамола сиезіне жазған заңында арнап ұрлық қылмысы мен неке еркіндігіне саятын екі ереже айт-ады. Әрі бұл екі тармақты Абай өзі қолданған, өзі қостырған тың, жаңа норма екені де анық. Қазақ қоғамын саяси басқару мен сот жүйесін модернизациялаудың жемісті болуы – саяси реформалардың бұрынғы қалыптасқан саяси

дәстүрлермен, қоғамдық құндылықтармен сабақтасуына тығыз байланысты екендігін Абай көрегендікпен ашып көрсетеді. Қазір Қазақстан құқықтық мемлекет құру жолына түскенде сот судьяларын өмір бойына тағайындау өзекті.

Абайдың үшінші Қара сөзінде халықты заң арқылы басқаруды қабат дәріптеген, қоғамға зиянды мінез-құлық, іс-әрекеттермен күресу үшін әділ заң мен үйлесімді биліктің қажеттілігін жете түсінген. Абай халықты заң арқылы басқару дегеніміз – халық мүддесін заң арқылы қорғау деп ұғынған. Болыс болатын адам сөзсіз орысша білетін білімді кісі болуы керек деген ойымен де келісуге болады. Ресей патшасының отарлау саясаты қазақ сахарасында талай өзгерістер енгізді, солардың бірі билердің үкімет тарапынан (халық ішінен емес) сайлануы болды, әрі олардың көбін жергілікті әкімшіліктердің қолшоқпарына айналдырды. Асылы, билер үкімет тарапынан емес, қайта дәстүр бойынша ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген шешендігімен, қаракылды қақ жарған әділдігімен халық арасынан сайлануы керек еді [15]. Демек, кез келген адам би бола бермейді. «Би болмас белін жалпақ бұғанменен, қара көк хан-патшадан туғанменен» – деген халық даналығын, қатаң қағиданы Абай барынша жақтаған.

1867-1868 жылдары қабылданған ақ патшаның «Уақытша Ережелері» қазақ билерінің мәртебесін жойып, олардың орнына мемлекеттік шенеунік санатына қосылған халық сотының судьяларын үш жыл мерзімге сайлауды енгізді. Халық судьясы болып сайланған адам ғана би атағына ие болып, сайлау мерзімі аяқталғанда тоқтатылатын тәртіп күшіне енді. Бірақ та халық соты құрамына билер емес, шешендік қабілеті жоқ, әділеттілікті пайдакүнемдікпен өлшейтін, отаршыл аппаратпен сыбайлас парақорлар кіре бастады. Отарлық саясат көздеген мақсатына жетті: халық арасындағы танымал тәжірибелі би-шешендер ел басқарудан тайдырылды, бедел мен біліктілік орнына білімсіздік пен жағымпаздық келді [16]. Шен-шекпен мен лауазым үшін әділеттілікті сатқан қазақ бюрократиясы қалыптасты. Туа біткен табиғи дарынымен, шыншыл да шешен билер қазақ қоғамынан келмеске кетті. Ұлттық салт-санамызға кері әсерін тигізген бұл сыңаржақ реформа шешендік өнерді тоқыратты, құқықтық-саяси және рухани-мәдени салаларды дағдарысқа ұшыратты.

Уақытша ережеге сәйкес өткізілетін старшындар мен болыс сайлаулары кезінде қазақ халқының іші жік-жікке бөлініп, билік үшін саяси тартысқа түсетін күйге жетеді. Осындай

талас-тартыс кезінде елден береке кетіп, қиян-кескі жауласу мен барымта жасаудың ақыры кісі өліміне дейін жетіп отырған. Абай өзінің Үшінші қара сөзінде: «...Үш жылға болыс сайланады. әуелгі жылы: «Сені біз сайламадық па?» – деп елдің бұлданғанымен күні өтеді. Екінші жылы кандидаттықпен алысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап, тағы болыс болып қаларға мүмкін болар ма екен деп күні өтеді», – деген саяси көзқарастары арқылы сайланбалы билік түрінің сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын олқы тұстарын дәл көрсетеді [6, 13].

Жиырма екінші сөзінде ол: «...Болыс пен биді құрметтейін десең құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ», – деп кесіп айтады [17]. Бұл бір жағынан, ел билеуші адамның адамгершілік және ұйымдастырушылық қабілеттері жоғары, жауапкершілік сезімі күшті тұлға болуы керек деген сөз. Яғни билік – адамдар қауымындағы игі жақсыларға құдіретті күшті Құдай тарапынан берілетін қасиет.

Абайдың заңдық идеялары мен құқықтық көзқарастарын біз Абай жазған «Қарамола заң-ережесі мен Абайдың қарасөздері мен кейбір өлеңдерімен айтқан биліктерінен айқын көре аламыз. «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысын», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген өлеңдерінде болыстықтың өзі де «қорлық», «иттікке» апаратын жол деп, қазақ ортасындағы әкімшілік сайлау процедурасына реформа жасап, білімді, білікті адамдардан болыс сайлау сынды демократиялық лебі бар жарқын ойды ортаға қояды [18].

Абай 3-сөзінде: қазақ сахарасын билейтін болыстар, тергеуші билер, соттар туралы сөйлейді, әрі қайшылық ауыртпалық көбейтіп отырған патшалық аппараттар жөнінде де ой қозғайды. Абайдың бұл пікірі А. Герценнің «Былое и думы» еңбегінде (өткен күндермен ойлар) жазылған соттар турасындағы пікіріне өте дәл келеді. Герцен Россиядағы параны құрту үшін халықтың көз алдында әшкере тергеу болатын болсын және бұрынғы третей соты (аралық сот) қайтадан заңға кірсін деп жазған болатын. Абайдың ойында да билік, тергеу халықтың қамына жақын болсын, жұртшылыққа залалды, жаманшылық атаулары орынды жазасын алатын болсын деген заңгерлердің заңды талабы жатыр. Бұл жерде Абайдың ойы Шоқан Уәлихановтың пікірімен сарындас, мән-мазмұны жағынан үйлесімді келеді. Екеуі де ендігі билер ауыспайтын, өмірлік би болып сайлануын жөн көреді. Бірақ қазіргі билердің

бұрынғы билерден мәндік айырмашылығы бар екенін толық аңғара алмаған. Бейне Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Бұрынғы әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәрі еді, бұрынғы арам билердің қолында дәрі түгілі, у болып жұғып тұр» деген жағдайға жақсы талдау жасай алмағандығын да жасыра алмаймыз [19].

Бұдан сырт «адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» уағыздайтын Абайдың Л.Е. Макавецкийдің 1886 жылы жарық көрген қазақтың әдет-ғұрып заңдарына арналған кітабына тікелей қатысы болғандығы, оның Абаймен сырлас, дос болғаны көпке аян. Абай өзінің тиісті қолжазбаларын оған берген, кітапты бәлкім соның атымен шығарғысы келгенде шығар, қысықасы, бұл кітапқа Абайдың көмегі мен әсері мол болғаны анық, әрі Абайдың көптеген заңдық идеялары осы кітапқа сіңіп кеткендігі де шындық. Ел ішінде Абайдың 50-ден астам билігі сақталған, мұның ішінде «Құн төлету», «Жер дауы», «Найман төлеу» сынды Абайдың үш би-

лігі халық арасында кең таралғанын атап өтуге болады [20].

Қорыта айтар болсақ, Абай «ескінің соңы емес», қайта атайын деп келе жатқан жаңа таңның, жаңалықтың жаршысы, ту ұстаушысы болып еді. Жаңа заңгерлердің басы, бұрынғы билердің жалғасы еді [21]. Зерттеушілеріміз абайтандағы осы бір ақтандақ сала қазір барынша зерттеліп, Абайдың заңдық идеяларын, құқықтық көзқарастарын енді жүйелі зерделеуде. Сондықтан, Абайды қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы деп қана қарамай, ұлтымыздың әйгілі заңгері, ұлы билердің соңы әрі қазақ заңының білгірі және реформаторы деп айтуымызға толық болады.

Бұл мақала Іле педагогикалық университеті «Қазақ заң мәдениеті» зерттеу бағдарламасы (нысан нөмірі: XJEDU080113B03) мен «Қытай оралмандарының Қазақстандағы хал-күйі» зерттеу бағдарламасының (нысан нөмірі: 2014 XJNCCDR04) кезеңдік зерттеу нәтижесі.

Әдебиеттер

- 1 Мырзахметұлы М. Абайтану XXI ғасыр көгінде // Ақиқат. – 2015. – №4. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=6310>
- 2 Қазы Қ. Абайдың айналасы – ақындық мектеп қана емес, қайраткерліктің, ұлтшылдық-тың ұлы өнегесі // Алаш айнасы. 2011 жылғы 10 тамыз. – Б. 3.
- 3 Mashakova A.K. Creative writings of Abay in foreign literary studies // News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. Volume 3, Number 307 (2016), 324 – 328
- 4 Hrbecsek L. Euphony in Abay Kunanbaev's Poetry // Asian and African Studies. – 1965. – № 1. – P. 123-130.
- 5 Khalid Iqbal Yasir. Abay – the pride of the era // Selected Poems by Abay. – Islamabad: Pakistan Academy of Literature, 1995. – P. 9-11.
- 6 Абай. Қарасөздер. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 272 б. – 78-б.
- 7 Сартаев С.С. Казахский суд биев и его цивилизационное значение // Наука и жизнь Казахстана. – 2009. – № 4. – С. 17.
- 8 Кәкітай Ысқақұлы. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі // <http://abaialemi.kz/kz/post/view?id=112> (қаралған уақыты 02.02.2017).
- 9 Зиманов С. Абай ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы // <http://abai-inst.kz/?p=1832> (қаралған уақыты 02.02.2017).
- 10 Мұсатаев С.Ш. Қазақстанның саяси ойы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б. 289.
- 11 Udartsev Sergey. Abay Kunanbayev: the thinker, the judge and the legislator // <http://abai-inst.kz/rus/?p=294>
- 12 Сағидоллаұлы Қ. «Болыс болдым, мінеки» немесе Абайдың билікке көзқарасы // Алаш айнасы. 2011 жылғы 10 тамыз. – Б. 1.
- 13 әуезов М. Абайдың өмірбаяны // <http://abai-inst.kz/pdf/m.ueezov.pdf>
- 14 Mazhitova Z.S Abai Kunanbaev and the judge of biys in Kazakh society (historiography of the issue) // Economic Development of Germany and Russia// European Applied Studies modern approaches in scientific researches, 2nd International scientific conference. ORT Publishing. Stuttgart. 2013. С. 106–108.
- 15 Төрөкұлұлы Н. Қазақтың 100 би-шешені. – Алматы, 1995. – 340 б.
- 16 Mazhitova Z.S Place and Role of the Biy Council and People's Assembly in the Traditional Kazakh Society of the XVIII – XIX Centuries (Following the Data of the Pre-Revolutionary Russian Historiography) // Asian Social Science; Vol. 10, No. 20; 2014. С. 129–136.
- 17 Abai Kunanbaev “Book of words” – (31-40) // <http://www.abay.nabrk.kz/index.php?page=content&id=174>
- 18 Мұсатаев С.Ш. Абай және қазақ қоғамы // Саясат. – № 6(107). – 2004. – 49-52 бб.
- 19 Байтұрсынов А. Жаңанизам. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – Б. 14.
- 20 Абайдың үш билігі // <http://nukte.ucoz.kz/load/9-1-0-27> (қаралған уақыты 01.02.2017).
- 21 Iskakov K. Life of Abai (Ibragim) Kunanbaev // <http://abai-inst.kz/eng/?p=59>

References

- 1 Mirzahmetov M. Abaitanu XXI gasir koginden // Akikat. 2015. № 4. <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=6310>
- 2 KaziK. Abaiding ainalasi – akindik mektep kana emes, kairatkerlikting, ultshildikting uli onegesi // Alash ainasi. 2011 zhil 10 tamiz. –P. 3.
- 3 Mashakova A.K. Creative writings of Abay in foreign literary studies // News of the National academy of sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human sciences. Volume 3, Number 307 (2016), 324 – 328
- 4 Hrijbecsek L. Euphony in Abay Kunanbaev's Poetry // Asian and African Studies. – 1965. – № 1. – P. 123-130.
- 5 Khalid Iqbal Yasir. Abay – the pride of the era // Selected Poems by Abay. – Islamabad: Pakistan Academy of Literature, 1995. – P. 9-11.
- 6 Abai. Kara sozder. Poemalar. – Almaty: EI, 1993. – 272 p.
- 7 SartaeV.S. Kazakhski sud byiev I ego civilizatsionnoe znachenie // Nauka I zhizn. 2009. № 4. –P. 17.
- 8 Kakitai Iskakuli. Abai (Ibrahim) Kunanbaiulining omiri // <http://abaialemi.kz/kz/post/view?id=112>.
- 9 Zimanov S. Abai uli bilerding songisi zhane oning bitim-bilikteri turali // <http://abai-inst.kz/?p=1832>.
- 10 Musataev S.S. Kazakhstanning sajasi oyi. –Almaty: Kazakh universtety, 2014. –P. 289.
- 11 Udartsev Sergey. Abay Kunanbayev: the thinker, the judge and the legislator // <http://abai-inst.kz/rus/?p=294>
- 12 Sagidollauli K. «Bolis boldim, mineki» nemese Abaiding bilikke kozkarasi // Alash ainasi. 2011 zhil 10 tamiz. –P. 1.
- 13 Auezov M. Abaidingomirbajani // <http://abai-inst.kz/pdf/m.auezov.pdf>
- 14 Mazhitova Z.S Abai Kunanbaev and the judge of biys in Kazakh society (historiography of the issue) // Economic Development of Germany and Russia// European Applied Studies modern approaches in scientific researches, 2nd International scientific conference. ORT Publishing. Stuttgart. 2013. C. 106–108.
- 15 Torekululi N. Kazakhting 100 bi-shesheni. – Almaty, 1995. – 340 p.
- 16 Mazhitova Z.S Place and Role of the Biy Council and People's Assembly in the Traditional Kazakh Society of the XVIII – XIX Centuries (Following the Data of the Pre-Revolutionary Russian Historiography) // Asian Social Science; Vol. 10, No. 20; 2014. C. 129–136.
- 17 Abai Kunanbaev “Book of words” – (31-40) // <http://www.abay.nabrk.kz/index.php?page=content&id=174>
- 18 Musataev S.S. Abai zhane qazaq koqami // Sajarat. -№ 6(107). -2004. -49-52 p.
- 19 Baitursinov A. Zhana nizam. –Almaty: Zhetyzhargi, 1996. –P. 14.
- 20 Abaiding ush biligi // <http://nukte.ucoz.kz/load/9-1-0-27>
- 21 Iskakov K. Life of Abai (Ibragim) Kunanbaev // <http://abai-inst.kz/eng/?p=59>

5-бөлім
ҒЫЛЫМИ ӨМІР

Раздел 5
НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

Section 5
SCIENTIFIC LIFE

Карабаева А.Г.,
Исмагамбетова З.Н.

К вопросу о социокультурных факторах формирования интеллектуальной нации (аналитический обзор монографии Ж.Ж. Молдабекова «Интеллектуальная нация: стратегический курс и культурно-национальные факторы становления»)

